**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

# КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР ТАРИХЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ (1920-1991 жж.)

ҰЖЫМДЫҚ МОНОГРАФИЯ

Алматы 2023

**ӘОЖ 94(035.3)**
**ҚБЖ 63.3**
**К 30**

Ұжымдық монография Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен AP09259347 «Кеңестік Қазақстан: әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихының тағылымы (1920-1991 жж.)» жобасы аясында жарияланды.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі (2023 ж. 11 қазан №8 хаттама) ұсынысымен баспаға ұсынылды.

**Рецензенттер:**
Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қапаева А.Т.
Тарих ғылымдарының докторы Құдайбергенова А.И.

**К30 Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихының тағылымы** (1920-1991 жж.). Ұжымдық монография/ Қ.С. Алдажұманов, М.Ш. Қалыбекова, Г.К. Көкебаева, О.М. Қоңыратбаев, С.М. Борбасов, Е.И. Стамшалов, С.Қ. Шілдебай, А. Қали. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2023. – 320 б.

**ISBN 978-601-7342-84-5**

Ұжымдық монографияда бүгінгі таңға дейін отандық және шетелдік тарихнамада жете қарастырылмаған, Қазақстанда кеңестік кезеңде орын алған әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың тарихын архивтерден жинақталған деректерге негізделген нарративтік материалды талдау арқылы кешенді зерттеу нәтижелері берілген, қақтығыстардың тууына әсер еткен алғышарттар сипатталған.

Монография гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғалымдар мен мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, докоранттарға, сонымен қатар көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 94(035.3)**
**ҚБЖ 63.3**

**ISBN 978-601-7342-84-5**

© ҚР ҒжЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2023
© «Литера-М» ЖШС, 2023

## МАЗМҰНЫ

**КІРІСПЕ .....4**

**І-ТАРАУ. Әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихын зерттеудің теориялық және методологиялық негіздері.** А.Н. Қали

1.1. Тақырыптың теориялық аспектілері .....7

1.2. Әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихын зерттеу бағыттары .....20

**ІІ-ТАРАУ. XX ғ. 20-40 жж. әлеуметтік және этникалық қақтығыстар**

2.1. 1916-1924 жылдары Сырдария облысында орын алған әлеуметтік және этникалық қақтығыстар. О.М. Қоңыратбаев .....44

2.2. 1928 жылғы Жетісудағы Аралтөбе көтерілісі. Е.И. Стамшалов.... 69

2.3. Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты жағдайында халық наразылығының пісіп жетілуі. Е.И. Стамшалов.....94

2.4. Саяси-шаруашылық науқандар барысындағы ұлтаралық қақтығыс көріністері (1928-1932 ж.) Е.И. Стамшалов .....113

2.5. Шаруалар көтерілістері. Қ.С. Алдажұманов.....131

**ІІІ-ТАРАУ. Қазақстандағы 1950-1980-жылдардағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстар сипатындағы оқиғалар мен көтерілістер**

3.1. ІІ дүние жүзілік соғыс жылдарындағы әлеуметтік наразылықтар. М.Ч. Қалыбекова .....172

3.2. 1950 - жылдардағы этникалық қақтығыстар. М.Ч. Қалыбекова 197

3.3. 1957 жылғы Жетіқара оқиғасы. Қ.С. Алдажұманов .....223

3.4. 1959 жылғы Теміртау қаласындағы жас жұмысшылар көтерілісі. Қ.С. Алдажұманов .....228

3.5. 1967 жылғы Шымкент көтерілісі. Г.К. Көкебаева, С.Қ. Шілдебай, Е.И. Стамшалов.....234

**ҚОРЫТЫНДЫ** Борбасов С.М.....255

**ҚОСЫМША .....258**

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ .....319**

# КІРІСПЕ

Этносаралық қатынастар күрделеніп, ұлт мәселесінің маңызы күшейген қазіргі қоғамда Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихының тағылымын (1920-1991 жж.) тарихи зерттеу мәселесі зерттеушілердің назарын өзіне аудартуда. Себебі тақырыптың ғылыми негіздемесі өзекті және Қазақстан тарихының «ақ таңдақ» беттерін зерделеуге қатысты субъективті себептерге байланысты ғылыми зерттеу өрісінің шетінде тұрған мәселенің тарихын объективті түрде қайтадан қарап, талдау міндеттері тұр. Себебі тақырыптың рухани жаңғыру, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін орасан зор маңызы бар. Қазақстан қоғамы мен ғылымын дамытудың маңызды міндеті болып табылады. Қоғамның, әсіресе, этникалық топтардың рухани құндылықтарын талдау үшін зәру мәселе, халықтарды Қазақстанға жаппай күштеп көшіру республика халқының ұлттық құрылымы қалыптасуында орасан зор ықпал етті. Бұрынғы КСРО-ның әртүрлі жерлерінен қоныс аудару тасқыны Қазақстан халқының санын көбейтіп, жергілікті емес халық тобының үлес салмағын өсірді. Қазақстан халықтары, саяси қуғын-сүргіннен үлкен шығынға ұшырады. Ұлттық саясаттың деформациялануы, қайшылықты саяси-экономикалық және ұлттық- этникалық факторлар республикада әлеуметтік шиеленістің пайда болуына ықпал етті. Әлеуметтік шиеленістердің өршу себептеріне депортацияланған халықтардың наразылығын тудырған заңнамалық актілер, әлеуметтік-тұрмыстық құрылымның мүшкіл хәлі халықты азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етудің нашарлауы және т.б. факторлар болды. Әлеуметтік наразылықтар шешілмей этникалық қақтығыстарға ұласты. Осылайша, зорлық-зомбылық, әлеуметтік эксперименттер, азаматтардың құқықтарының аяққа тапталуы, ұлттық саясаттағы ауытқуларға әкелді. Халықтың тұрмыстық ерекшеліктерін, әдет-ғұрыптарын, байырғы тұрғындардың дәстүрлі шаруашылық формасын, өмір-салтын ескеруден бас тарту, ішкі қайшылықтарды күшейтті. Әртүрлі халықтар мен ұлттардың өкілдерін Қазақстанға депортациялау, тың игеру кезеңіндегі тәртіпсіздіктер, бюрократия және билік құрылымдарындағы сыбайлас жемқорлық кеңестік қоғамдағы моральдық-психологиялық ахуалды нашарлатты. Осындай құбылыстар әлеуметтік және этносаралық қақтығыстардың пайда болуына себеп болды. Кеңестік биліктің осы оқиғалар туралы ақпаратты мұқият жасыруы, олардың тарихын зерттеуге қатаң тыйым салуы қазіргі

уақытта қазақстандық  тарихнамада осы мәселе бойынша кешенді зерттеулердің жоқтығына әкелді. Тіпті XX ғасырдың 30- жылдарынағы жаппай шаруалар көтерілістері халықтың қатты аштық пен эпидемиядан қырылуы елді билікке қарсы көтерілістерге шығуына мәжбүр етті. Большевиктер билігі оларды бандиттік-басмаштық қарсылықтар ретінде көрсетті. XX ғасырдың 50-90 жылдардағы ірі оқиғалар тарих ғылымына да, көптеген зерттеушілерге де белгісіз болып қалады. Қазақстан Кеңес Одағының басқа ешбір аймағында болмаған жазықсыз халықтарды жаппай көшіруге байланысты туындаған ауыртпалықтарды көтерді.

Кеңестік большевиктік идеология халықтар достығын уағыздай отыра көптеген саны аз халықтар мен этникалық топтарды аяусыз репрессиялады. Оларды сенімсіз халықтар деп бағалады. Билік нұсқауымен архивтерден сол кездегі қуғын-сүргін туралы көптеген құжаттар алынып тасталып, құпияландырылды. Бүгінде алынған ақпарат барлық «ақ таңдақтарды» жоюды қамтамасыз етпейді. Сондықтан, бұл проблема бүгінге дейін саясиландырылған тақырып болып қалып келеді.

Саяси кеңістікте әртүрлі саяси күштер тарихи қайшылықты оқиғалар мен фактілерді қолданбалы құралы ретінде жиі пайдаланады. Тарихи шындықты ашу мақсатында КСРО-дағы жаппай этникалық қуғын-сүргін тарихы мен тоталитарлық режимнің қылмыстарының ауқымын тереңірек зерттеу керек. Әлеуметтік және этносаралық шиеленіс ошақтарын анықтау және алдын алдын алу тәжірибесін жетілдіру аясында көпұлтты Қазақстан үшін өте өзекті. Ұсынылып отырған ұжымдық монографиядағы тұжырымдардың идеологоиялық-тәрбиелік және тарихи-патриоттық маңызы бар. Қазіргі қазақстандық қоғам үшін осындай қақтығыстар мен шиеленістердің туындау себептері мен зиянды салдарын анықтау ауадай керек. Этносаралық қайшылықтардан қазақ жерінде бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін тарихи сабақтар алу – маңызды міндет. Кеңестік кезеңдегі әлеуметтік және этникалық қақтығыстарды зерттеу, күрделі тарихи тәжірибенің маңызды сабақтарын тұжырымдау қазіргі заман үшін, әлеуметтік келісім, қазақстандық бірегейлену, азаматтық бейбітшілік пен қоғамдық келісімді нығайту үшін үлкен маңызға ие.

Кезеңдік жағынан ауқымды, ішкі табиғаты күрделі тарихи оқиғалар мен құбылыстар туралы ұжымдық монография тарауларына арқау болған тақырып бойынша  жеке тараулар мәтіндерінің мазмұны мен сапасына сол тараулар мен параграфтың авторы жеке жауапты екенін ескерте кеткенді жөн санаймыз.

Ұжымдық монография тиісті тарауларының авторлары ұсынған 19 архив құжаттары ғылыми зерттеудің қосымша бөліміне топтастырылды. Редакциялық алқа архив құжаттарын компьютерде теруге көмегі үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының дүниежүзілік тарих және сыртқы байланыстар бөлімі қызметкері А.Е. Үшкірбаеваға, Алматы облыстық мемлекеттік архиві қызметкері Ф.Қ. Қаржауоваға алғыс білдіреді.

# I ТАРАУ. Әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихын зерттеудің теориялық және методологиялық негіздері

*А.Н. Қали*

## 1.1 Тақырыптың теориялық аспектілері

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, халықтар мен ұлттар арасындағы қарым-қатынастар көбінесе шиеленісті және үздіксіз жалғасып отырады әрі салдары салмақты келеді. XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстар кезінде белгілі бір ұлттар мен ұлыстар аяусыз жойылды немесе ауыр қысымға ұшырады. Тарихи араздық ұлттық санаға әсер етпей қоймайды. Оның тамыры сонау тереңде немесе кейбір халықтар үшін онша алыс емес өткенге барып тірелетін ұлттық наным-сенім, өзара түсініспеушілік, жеке тұлғалар арасындағы араздық әлі де бар. Ұлтаралық араздықтың туындаудың басты себептерінің бірі – ұлттық мәселелерді шешудің бұрынғы кеңестік әдіс-тәсілінің күші сарқылғаны, ұлттық алауыздық, араздық, өзара сенімсіздік, әдетте, ұлттық саясатта жылдар бойы жинақталған қателіктер мен өрескел қателердің салдары екені бүгінде белгілі.

Ұлттық сананың жоғарылауы және ұлттық теңдіктің азғантай бұзылуына төзбеушілік заманымыздың рухани атмосферасына тереңінен еніп кеткен. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ұлттық мәселе шешілгендей көрінетін жерлерде пайда болуы кездейсоқтық емес.

Кеңестіктоталитарлықжүйетұсындағы20-30-шы,тіпті90-жылдардың басындағы этносаралық ішкі қақтығыстар әлеуетінің қарқынды өсуі әлемді таң қалдырды. Былай қарағанда бейбіт тең құқықты мызғымас одақ шапанында 45 жыл бойы ядролық сын-қатерлерге тосқауыл қоюға ден қойған және бұл бағытта даусыз нәтижелерге қол жеткізген туысқан халықтар қауымдастығы жаңа жаһандық қауіп-қатерге барабар жауап беруге дайын емес болып шықты.

Ұлттық қауіпсіздік туралы қамқорлық – адамдардың, ұлттардың, мемлекеттердің қызметінің негізгі мақсаттарының бірі. Дегенмен, соңғы уақытқа дейін В. И. Дальдің түсіндірме сөздігіндегідей қауіпсіздік «қауіпсіздіктің, амандықтың, сенімділіктің болмауы» [1] деп түсіндірілді. Кеңестік энциклопедияда ұлттық қауіпсіздік халықаралық қауіпсіздік, сыртқы жаулардан қорғану деп қарастырылғаны белгілі.

Біздің ойымызша, ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің сыртқы және ішкі салаларын, оның ішінде материалдық қана емес, рухани аспектілерін

де қамтиды. Мысалға, 1941-1945 жылдардағы фашистік Германияны талқандаудың негізгі факторлары кеңес халқының барынша күш-жігері, олардың табандылығы мен бірлігі, идеяға деген сенімі болды.

Ұлттық қауіпсіздік - бұл жеке адамды, қоғамды және мемлекетті қауіп-қатерлерден қорғау ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның, оның аумақтық тұтастығының, инфрақұрылымдарының нығаюы мен дамуы үшін жағдай жасау, азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету. Ұлттық қауіпсіздік әртүрлі құрамдас бөліктерді қамтиды: қоғамның экономикалық, экологиялық, саяси, әлеуметтік құрылымы. Осыған байланысты ол әртүрлі ғылымдардың зерттеу пәні болып табылады. Бірақ ұлттық қауіпсіздік пен ұлтаралық қақтығыстарды зерттеуде басымдылық саясаттануға тиесілі екенін баса айтуымыз қажет.

Этносаралық қақтығыстардың туындауының тікелей себебі – этносаралық қатынастар субъектілерінің (ұлттық-мемлекеттік құрылымдар, ұлттар, ұлыстар, ұлттық топтар) алшақтығы мен мүдделерінің соқтығысуы. Мұндай қарама-қайшылықтар дәйексіз және дер кезінде шешілмесе, қақтығыс туындайды. Қақтығыстардың дамуының қуатты катализаторы – ұлттық мүдделерді саясиландыру, ұлттық және мемлекеттің тоғысуы. Саяси мүдделердің ұлттық қақтығыстарға тоғысуы арандатып, шиеленісудің ең жоғарғы сатысына жетіп, ұлттық антагонизмге айналуы сөзсіз. Этносаралық қақтығыс – ұлттық қауымдастықтар арасындағы өзара талап-арыздардың, күшеюге бейім, қарулы қақтығыстарға дейінгі текетірестің жағдайымен сипатталатын қатынастардың ашық соғыстардың бір түрі.

Әрбір этникалық, ұлттық қақтығыстардың артында адам тағдырларының трагедиясы, халықтар драмасы және одан кем емес қауіптілігі, ескі реніштерді, қорлауды, әділетсіздіктерді, егер олар жойылмаса немесе тоқтатылмаса, ұрпақ жадында жатталып қалу мен күндердің күнінде қайта тұтанудың сөзсіздігі жатыр. Дәл кезінде тиісті құқықтық бағасын алмаған, тиісті қоғамдық айыптау мен жаза таппағаннан кейін оларды әділетсіз әрекеттермен қарапайым істерді шешуге итермелеуі мүмкін.

Бұған көптеген мысалдар келтіруге болады, соның ішінде қазақ тарихында көне заманнан бері арнайы тоқталатын қақтығыстар баршылық. Айта кету керек, ғылыми әдебиеттерде ұлтаралық қақтығыстың жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Кейбір авторлар этникалық топтар арасындағы кез келген қайшылықты қақтығыс деп санау керек деп есептейді. Ал оған қарсы кейбір сарапшылар ұлтаралық қақтығыстар жай ғана елес немесе амальгама деп есептейді, оның жұқа

қабатының астында қарапайым әлеуметтік мүдделер мен талаптар жасырынған – экономикалық топтардың, саяси күштер мен қылмыстық бірлестіктердің мүдделері жатқанын айтады.

Қазіргі әлемде ұлтаралық қақтығыстар жиі кездеседі. Ослодағы Стокгольм халықаралық бейбітшілікті зерттеу институтының мәліметі бойынша, 1990 жылдардың ортасындағы барлық зорлық-зомбылық қақтығыстардың үштен екісі ұлтаралық болды. Кешегі мызғымас Кеңес Одағындада Коммунистік партияның ыдырауы да өткір ұлтаралық қайшылықтар мен қақтығыстармен қатар жүргендігі тарихи ақиқат.

Сондықтан республикада орын алған ұлтаралық қайшылықтар мен қақтығыстар тарихын зерделеу мен оған тарихнамалық талдау жасаудың маңызы өте зор. Өйткені Қазақстандағы ұлтаралық қайшылықтар мен қақтығыстардың тамыры кеңістік билік кезеңімен сабақтасып, ортақ қазандықта пісіп-жетіліп келе жатқан өте күрделі мәселе. Ресейлік этносаясаттанушылардың көпшілігі этносаралық қақтығыстарды түсінуге функционалдық көзқараспен қарайды. Мысалға, зерттеуші В.А. Тишков этносаралық қақтығысты «тараптар немесе тараптардың бірі этникалық айырмашылықтар негізінде жұмылдыратын, әрекет ететін немесе зардап шегетін азаматтық, саяси немесе қарулы қақтығыстың» кез келген нысаны деп анықтайды [2]. Оның пайымдауынша, басқа анықтама беру мүмкін емес, өйткені этникалық қақтығысты оның «таза түрінде» оқшаулауға келмейді, өйткені олар табиғатта жоқ деп түсіндіреді. Ресейлік ғалымдар Л.М. Дробижева, А.Г. Здравомыслов, Р.Г. Абдулатипов және басқалардың еңбектері ұлтаралық қақтығыстардың себептерін қарастыруға арналған [3].

Ашығын айтқанда, өткен XX ғасырдың 80-жылдарына дейін КСРО-да ұлтаралық қақтығыстар туралы жазуға салынды және ештеңе айтылмады. Бұл елде ұлттық мәселе түпкілікті шешілді деп есептелді. Ал ашық ұлтаралық үлкен қақтығыстар болмағанын мойындауымыз керек. Күнделікті деңгейде ұлтаралық антипатия мен шиеленіс орын алып, соның негізінде қылмыстар жасалды. Дегенмен, соңғысы ешқашан жеке есепке алынбаған немесе бақыланбағандығы анық.

Тарихи тұрғыда басқа халықтар өмір сүрген ерікті түрде бөлінген аумақтардағы ұлттық-мемлекеттік және ұлттық-әкімшілік құрылымдардың (одақтық республика, автономиялық республика, ұлттық облыс, ұлттық округ) тең емес төрт деңгейі бар елді жалған федерализациялау және автономияландыру әрекеттері КСРО-дағы ұлттық мәселелерді өте баяу біртіндеп барып жарылатын бомбаның астында тіршілік етуге мәжбүрлеген еді.

Кейіннен ұлттық құрылымдардың шекарасын ерікті түрде өзгерту және байтақ аумақтарды тарихи-этникалық ерекшеліктерін ескермей бір республикадан екінші республикаға көшіру, тұтас халықтарды туған жерінен еріксіз күшпен депортациялау және басқа ұлттар арасында шашырата орналастыру, халықтарды саяси себептермен жаппай көшірумен, үлкен құрылыс жобаларымен, тың жерлерді игерумен және басқа үрдістермен байланысты орасан зор көші-қон ағындарымен ұлан ғасыр аумақта мекендеген КСРО халықтарын бір-бірімен жөн-жосықсыз араластырды.

Қатаң тәртіппен орталықтандырылған және іс жүзінде біртұтас Кеңес мемлекетінің тұтастығын ескере отырып, ұлтаралық қатынастар көп алаңдаушылық тудырмады. Бір жағынан, кез келген ұлттың адамы өзін бүкіл федералдық кеңістіктің азаматы ретінде таныса, екінші жағынан, партиялық және мемлекеттік құрылымдар халықтарды интернационализм шеңберінде берік ұстады. Тіпті одақтық және автономиялық республикалардағы кейбір басшылардың жекелеген ұлтшылдық мәлімдемелері аяусыз басып тасталынды.

80-ші жылдардың соңына қарай белең ала бастаған қайта құру, жариялылық және ұлттық-территориялық құрылымдардың егемендігінің басталуы барысында одақтық «құрсаулардың» әлсіреуі коммунистік режимнің, оның ұлт саясатының көптеген келеңсіз әрекеттерін әшкереледі және ұлтаралық шиеленістерді тудырды. Көптеген одақтық және автономиялық республикалардағы билік пен меншікке ұмтылған, бір түннің ішінде халық қаһарманына айналған ұлтшылдық пиғылдағы топтар ұлттық қасіреттерді одақтық органдардың әрекетімен, қанаушы интернационализммен түсіндіруге асықты. Және бұл жерде біраз шындық бар еді. Алайда, кез келген бұқаралық ауытқулар сияқты, ұлтаралық қатынастарда да шектен шығулар үстемдік ете бастады.

Ендігі жерде билікте ұлтаралық қақтығыстарды күшпен тежеу мүмкін болмады, ал халықтарда күшті орталықтың қатысуынсыз дербес өркениетті шешімдер тәжірибесі болмады. Ұлтшыл экстремистердің көмегінсіз емес, нағыз интернационалдық көмекті әп-сәтте ұмытқан олардың көпшілігі өздерінің саяси сауатсыздығының кесірінен орталықты және басқа ұлттарды «қамтамасыз ететін» өздері екенін сезе бастады.

Біраз уақыттан кейін көптеген республикалар Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда «егемендіктерін жұтып қойғандар» бірте-бірте өздерінің қиыншылықтарының шынайы себептерін түсіне бастайды, қайта құрудың басында ұлтшылдық эйфория үстемдік етті. КСРО-

ның ыдырауы көптеген одақтық және автономиялық республикаларда жаппай этникалық қақтығыстарды тудырды; бұрынғы «мызғымас туысқан республикалар» аумағы этникалық апат аймағына айналды.

Бұрынғы кеңестік Одақ территориясында қалыптасқан елдердегі қақтығыстар жағдайы көптеген себептерге байланысты туындады: 1) саяси - биліктің орталықтандырылуы мен унитаризмі, халықтарды қуғын-сүргінге ұшырату мен жаулап алу, 2) экономикалық (экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, кедейшілік), 3) әлеуметтік-психологиялық (этносаралық) қарым-қатынастағы кедергілер, ұлттық өзін-өзі бекітудің жағымсыз формалары, ашық ұлтшылдық, ұлттық көшбасшылардың амбициясы, 4) аумақтық және т.б. Ұлтаралық қақтығыстар мен араздықтар көп жағдайда себептер мен шарттар кешенінің нәтижелі құрамдас бөлігі ретінде дами бастады. Қақтығыс объективті және көбінесе субъективті түрде бір немесе топтар өзін қандай да бір дәрежеде қолайсыз, ренжіген, назардан тыс қалдырған кезде, көптеген мәселелердің шешімін тек ұлттық өзін-өзі бекітуден көргенде туындағанына көптеп мысалдар келтіруге болады. Мысалы, бір мемлекеттің ішінде ұлтаралық қақтығыс туындаса, бұрынғы КСРО аумағында қалыптасқан елдердің ащы тәжірибесіне сүйенсек, ресми биліктің мінез-құлқының екі нұсқасы бар. Бірінші, билік тепе-теңдікті сақтай отырып, шиеленістен жоғары болып, туындаған қақтығысты қолайлы күштермен және құралдармен сөндіруге тырысады. Бұл Солтүстік Осетия мен ингуштар арасындағы қақтығыс кезінде.

Екіншіден, биліктің өзі қақтығысқа тартылып, елдің аумақтық тұтастығын сақтауды жақтайды немесе титулды халық жағында, Әзірбайжанда әзірбайжандар мен армяндар арасындағы қақтығыста, Грузияда екі ел арасындағы қақтығыстарда байқалды. Грузиндер мен оңтүстік осетиндер, грузиндер мен абхаздар арасында немесе Молдовада молдовандар мен орыстілді халық арасында (Молдова мен Приднестровье) қақтығыстарда билік араласты. Сондай-ақ Шешенстандағы жағдайға Ресей билігі киліккені белгілі.

Саяси нұсқалардан басқа этносоциологтар қақтығыстарға әкелетін қайшылықтардың негізі ретінде әлеуметтік-құрылымдық өзгерістер үлгісін алға тартады [4]. Олардың пайымдауынша, ұлтаралық шиеленіс халықтардың модернизациясы мен интеллектуалдануымен байланысты үрдістерге негізделгендіктен, ұлттар арасындағы бәсекелестіктің күшеюіне әкеледі.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының аяғында көптеген халықтар көп құрылымды зиялы қауым өкілдерін қалыптастырып қана қойған жоқ

(яғни, әкімшілік және білім беру саласымен айналысатындардан басқа, негізінен 30-60-шы жылдардағыдай, оларда ғылыми, көркем және шығармашылық және өнеркәсіптік интеллигенция), сонымен қатар жаңа құндылықтар мен идеялар пайда болды. Зиялылар арасында өзін-өзі басқару және тәуелсіздік алу туралы ұстанымдар туындады. Мұндай идеялар мен құндылықтар осында көмектесу ниетімен келген, сондықтан өздерінің мәртебесін жергілікті халықтан жоғары деп сезінген республиканың орыс халқының «үлкен аға» рөлімен сәйкес келмеді.

Зерттеушілер этносаралық қақтығыстардың негізгі сарыны мен себептерін оқшаулаудың күрделілігіне қарамастан, түбегейлі ұлттық экстремизмнің дүниетанымы – ұлттық артықшылықтың идеологиясы мен тәжірибесі, яғни таратып айтқанда, басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін, дінін, әдет-ғұрпын жоққа шығару, менсінбей қараумен байланыстырады. Ұлттық экстремизм, әдетте, объективті қарама-қайшылықтарды, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, рухани сипаттағы қиындықтарды, тарихтың «ақтаңдақтарын», ұлттық-мемлекеттік құрылымның жетілмегендігін, азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құқықтық жағынан қорғалмағандығынан, кадр саясатының шешілмегендігінен туындайды деп санайды. Осылардың салдарынан халықтардың қаарм-қатынасында сәйкессіздік туады. Әрбір ұлт өзінің артықшылығын насихаттап, өзгелермен тең құқылы болуды, дәстүрі мен салтының, ділі мен тілінің дамуына жағдай жасалуды талап етеді.

Алайда, оған саясат араласқан кезде асқан саяси шеберлікпен қыздырылған ұлттық сезімдер нақты бар проблемаларға астасады. Содан кейін барлық ұлттық экстремизмнің саяси хамелеонизм және «жемқорлық» сияқты әмбебап механизмі іске қосылады. Ұлттық элиталардың ең ұтымды идеологиялық ағымдармен және ашық қылмыскерлермен, сыбайлас жемқорлық топтарымен, оның ішінде ресми билік құрылымдарымен байланыстары күшейеді. Тіпті ұлттық мүдделерден алшақ «жоспарлармен» коалицияға кіру мүмкіндігі де туындай бастайды. Кейбір жағдайларда этносаралық қақтығыстың белгілі бір кезеңінде ұлттық экстремизм «ұлттық» бірлік, әлеуметтік жүйемен күресу және үкімет шешімдерін құрсаулау үшін уақытша этносаралық одақ сипатына ие болуы да мүмкін.

Этносаралық қақтығыстардың серпілісі белгілі бір аймақтың ерекшеліктеріне оралатын жалпы және өте нақты, «ситуациялық» себептер болуы мүмкін.

Осылайша, қандай да бір теорияға негізделген ұлтаралық қақтығыстардың себептерін түсіну мүмкін емес, өйткені, біріншіден, әрбір шиеленістердің өзіндік ерекшеліктері бар, екіншіден, олардың себеп-салдарлық негіздері қақтығыстардың шиеленісуі кезінде, әсіресе, олар ұзаққа созылған жағдайда өзгеруі мүмкін.

Қазақстан мен көршілес елдердегі этникалық қақтығыстарды талдай отырып, қақтығыстардың пайда болуы мен өршуінің тарихи себептерін анықтау қажет. Оларға халықтардың (одақтық, автономиялық республикалар, автономиялық облыстар, округтер) әкімшілік-саяси иерархиясының әділетсіздігі, ұлттық құрылымдардың шекарасын ерікті түрде өзгерту, халықтарды депортациялау жатады.

Зорлық-зомбылық нәтижесінде әлеуметтік және экономикалық теңсіздік, еңбек нарығындағы бәсекелестік, жер және тұрғын үй мәселесі ұлтаралық қақтығыстарға айналғанда, әлеуметтік қайта құрулардың теңгерімсіздігін ескеру қажет. 1980-жылдардың соңы – 1990-жылдардың басындағы – Ферғана, Душанбе, Ош – және басқа да осыған ұқсас оқиғалардың қақтығыс-бүліктерінің сипаты осындай. Көбінесе «шабуылға ұшыраған» этникалық қауымдастық «құтқарушы» ретінде әрекет еткендігін ескеруіміз керек.

Қоғамдағы ескі және жаңа саяси элиталар арасындағы күреспен қатар жүретін демократияландыруға көшу көпэтносты қоғамда күрестің «этносаяси реңкке ие болуына» әкелген детонаторға айналды. Этносаяси қақтығыстардың шиеленісуіне мемлекетті нақты федерацияға айналдырудағы дәрменсіз, дәйекті емес қадамдар, республикалардағы ыдырау үрдістерін күшпен тоқтату әрекеті (1989 жылғы Тбилиси оқиғасы, 1990 жылғы Баку оқиғасы, 1991 жылғы Вильнюс оқиғалары) себеп болды.

Кейбір қақтығыстар КСР Одағының ыдырауының салдары болып табылады, бұл кезде бұрынғы автономиялар немесе оны алғысы келетіндер бөлінген республикаларда «саяси және аумақтық мұрадағы өз үлесі үшін» (Абхазия, Оңтүстік Осетия - Грузия, Гагаузия және Приднестровье – Молдовада, Қарабақ – Әзірбайжанда).

Этносаралық қақтығыстар күтпеген жерден туындамайды, ұзақ уақыт бойы пісіп-жетіледі. Олардың пайда болу себептері әртүрлі. Олардың комбинациясы әрбір нақты жағдайда ерекше. Алайда этникалық қақтығыс туындауы үшін, әдетте, үш фактордың болуы қажет.

Бірінші фактор ұлттың өзін-өзі тану деңгейімен байланысты, ол адекватты, төмен бағалануы немесе асыра бағалануы мүмкін. Соңғы екі деңгей этноцентристік ұмтылыстың пайда болуына ықпал етеді.

Екінші фактор – қоғамда ұлттық болмыстың барлық аспектілеріне қысым жасайтын әлеуметтік мәселелердің «сыни» салмағының болуы.

Үшінші фактор – билік үшін күресте алғашқы екі факторды пайдалануға қабілетті саяси күштердің болуы.

Этносаралық қақтығыстардың типологиясын белгілеудің маңызы зор. Бұл жағдайда жіктеу негізін келесідей анықтауға болады:

– көрініс салалары бойынша (әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тілдік, аумақтық-статустық, сепаратистік);

– мақсаттары бойынша (шынайы, шынайы емес);

– әскери күш қолдану көлемі бойынша (бейбіт, әскери күштерді ең аз қолдану арқылы);

– ауқымы бойынша (орталық пен республикалар, облысаралық және жергілікті билік органдары арасында);

–деңгейі жағынан (жергілікті және байырғы емес ұлттар топтары арасындағы, жеке деңгейдегі микро жанжалдар).

Зерттеушілер Э.А. Паин мен А.А. Попов алғашқылардың бірі болып ұлтаралық қақтығыстарды типке жіктеді. Олар стереотиптердің қақтығыстарын, яғни этникалық топтар қарама-қайшылықтардың себептерін әлі нақты түсінбеуі мүмкін, бірақ қарсыласқа қатысты олар «достықсыз көрші», «қалаусыз топ» деген жағымсыз имиджді жасайтын қақтығыстың кезеңін анықтады. Ғалымдар Армения-Әзербайжан қарым-қатынасын мысалға келтірді. Шынында да, әлеуметтанулық және этнографиялық далалық зерттеулер қақтығысқа дейін көп уақыт бұрын армяндар мен әзірбайжандардың өзара теріс стереотиптерін тіркеді.

Қақтығыстардың тағы бір түрін Е.А. Паин мен А.А. Попов идеялар қақтығысы деп атады. Мұндай қақтығыстардың (немесе олардың кезеңдерінің) тән белгілері белгілі бір талаптарды алдыға тарту болып табылады. Әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттілікке (Эстония, Литва, Грузия, Татарстан, КСРО-ның басқа республикалары), аумаққа (Армения, Әзірбайжан, Солтүстік Осетия, Ингушетия) «тарихи құқығы» дәлелденген.

Келіспеушіліктің үшінші түрі - әрекеттер конфликті. Бұл түрге митингілер, шерулер, пикеттер, тіпті ашық қақтығыстар жатады.

Этносаралық қақтығыстар әлеуметтік шиеленістің белгілі бір шекті шегіне жеткенін, қалыптасқан саяси-құқықтық институттардың объективті қайшылықтарды шеше алмайтынын көрсетеді. Э. Паиннің пікірінше, ұлтаралық қақтығыстардың үш түрін келтіруге болады, ол оны шартты түрде «қырым», «қарабақ» және «балтық» типіндегі қақтығыстар деп атайды [5].

Батыс сарапшылары этносаралық проблемалардың алуан түрлілігі мен көп қырлы сипатына сүйене отырып, этникалық қақтығыстарды жіктеудің негізгі критерийі ретінде зорлық-зомбылық деңгейін алуды ұсынады.

Ал Э. Паин ішкі этнотерриториялық қақтығыстарды қиындық дәрежесіне қарай бағалауды ұсынады:

1) бұрыннан бар ұлттық-аумақтық автономиялардың толық мемлекеттік егемендікке деген талаптарының нәтижесінде туындаған қақтығыстар;

2) этникалық қауымдастықтардың жаңа ұлттық-территориялық автономияларды жариялауы немесе олардың бұрынғылардың мәртебесін біржақты арттыруы нәтижесінде, бірақ осы автономиялардың негізінде тәуелсіз мемлекеттер құру туралы ресми талап-арызсыз туындаған қақтығыстар (көбінесе мұндай әрекеттер). Толық егемендікке ұмтылуды талап етудің алғышарттары осылар болып саналады. Сондықтан билік әдетте осы түрдегі әрекеттердің алдын алуға тырысады. Федерациялық мемлекетавтономияберугекеліседе,шағынхалықтарғатолықтәуелсіздік бермейді. Осы негізде Балқар ұлттық қозғалысы мен Кабардин-Балқар Республикасының хабардышыл билігі арасында, Қарашай-Черкестің әртүрлі этникалық қауымдастықтарының жетекшілері мен оның билігі арасында қақтығыстар орын алды [6].

3) даулы шекаралық аумақтарды бақылауға үміткер көрші этникалық топтар немесе республикалар арасындағы қақтығыстар (біз ең алдымен Дағыстанның көптеген этникалық қауымдастықтары арасындағы қақтығыстар туралы, сондай-ақ Солтүстік Осетия мен Ингушетия арасындағы Пригородный облысы бойынша дау туралы айтып отырмыз) [7].

Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңы – 90-жылдардың басындағы оқиғаларды бағалау негізінде ұлтаралық қақтығыстардың келесі түрлерін ажыратуға болады.

Бірінші типке психологиялық стереотиптердің қақтығыстары жатады. Қақтығыстың бұл түрі қозғалыстардың стихиялық және бақыланбайтын маңызды элементімен сипатталады. Әрбір дәйекті қақтығыстың пайда болу себебі әдетте қауесеттер немесе нақты оқиғаларды дұрыс емес түсіндіру болып табылады. Бұл ретте жасырын жанжалды арандатушылардың әрекеттері әдетте көлеңкеде қалады. Осыған мысал ретінде Сумгаиттегі (1988), Ферғанадағы (1989), Жаңа Өзендегі (1989) «оқиғалар» т.б. атауға болады.

Екінші түрі – идеологиялық тұжырымдамалардың (немесе доктриналардың) этносаралық қақтығыстары. Ол белгілі бір идеологиялық (теориялық, концептуалды) құрылымды қамтиды, оған «халық», «ұлт» атынан айтылған әр түрлі талаптар мен олардың негіздемесі (ұлт құндылығын тарихи негіздеу идеясы); («бірінің ұлтына» қатысты ақтаушы доктрина және негізінен екіншісін айыптайды) кіреді. Бұл және осыған ұқсас конструкциялардың ғылыми теорияларға еш қатысы жоқ.

Үшінші түрі - саяси институттардың (ұйымдардың) қақтығысымен байланысты. Қатысушылардың құрамындағы ұлттық саяси институттар (партиялар, саяси қозғалыстар, мемлекеттік органдар, қарулы топтар және т.б.), сондай-ақ іс жүзінде немесе тіпті ресми түрде қабылданған идеологиялар этносаралық қақтығыстарда күші мен ықпалы мен күші бар әлеуметтік құрылымдар ретінде әрекет етеді.

Саяси институттардың ұлтаралық қақтығысқа қатысуы оның сыртқы бейнесін ғана белгілейді. Бұлар келіссөздер арқылы жанжалдасқан тараптарды ымыраға келтіру уді дамыту арқылы оның әлсіреуінің басталуы мен тоқтатылуына алғышарттар жасайды.

Төртінші түрі этноәлеуметтік қозғалыстың стратегиялық мақсатын таңдаудан тұрады (автономисттік, сепаратистік, этногалитарлық, антииммигрант, мәдениеттің, діннің, тілдің және т.б. кейбір аспектілеріне қатысты).

Әлемдік тәжірибе, соның ішінде біздің қазақстандық тәжірибеміз көрсеткендей, ұлтаралық қақтығыстарды тек бейбіт жолмен шешуге болады. Мұндай әрекеттер Ресей Федерациясы тарапынан да жасалды. Атап айтқанда, Ресейде Татарстандағы күрделі конституциялық қақтығыс оны бейбіт жолмен шешуге болатындығын көрсетті. Нәтижесінде республикада 1992 жылы қабылданған Конституция оның тәуелсіздігін және федерацияға мүше болуын бекітті. Республика ол кезде Федералдық шартқа қол қоймаған еді.

Институционалдық қақтығыс элементтері Башқұртстанда да орын алды. Бұл республика өзіндік шарттармен федералдық шартқа қол қойды. Жанжал федералды орталықпен өкілеттіктерді бөлу туралы келісімге қол қойылғаннан кейін шешілді.

Тағы екі республикада – Саха (Якутия) мен Тувада конституция бойынша қақтығыстар болды. Оларда өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында федерация құрамында тәуелсіздік алуды көздеген ұлттық бірлестіктер, әсіресе якуттық бірлестіктер белсенділік танытты.

Қақтығысты әлсірету әдісі ең радикалды элементтерді немесе топтарды жоюға (мысалы, қоғам алдында беделін түсіруге) мүмкіндік беретін шаралар жүйесін пайдалана отырып, қақтығысқа қатысушы күштерді, ымыраға және келіссөздерге бейім күштерді шоғырландыру болып табылады. Әлемдік тәжірибеде қақтығысты үзу ең тиімді жол болып табылады. Қақтығысты жеңілдетудің бұл әдісі оны реттеудегі прагматикалық тәсілдердің әсерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде кикілжіңнің эмоционалдық көкжиегі өзгеріп, шиеленісудің қарқындылығы төмендейді.

Қақтығысты тоқтатуға бағытталған келіссөздер жүргізудің арнайы ережелері бар. Екі тарап мақсаттарына жету үшін әрқайсысы өз талаптарын қояды. Дегенмен олар прагматикалық сипатты болуы шарт. Бұл - әлемдік тәжірибеден орын алған құбылыс. Тараптар өмірлік қажеттіліктер туралы келісімдер жасауға дайын екендіктерін білдіреді. Бітім жасалды, қайтыс болғандап жерленеді, тұтқындар айырбасталады. Содан кейін олар ең өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелерге көшеді. Саяси, әсіресе, рәміздік маңызы бар мәселелер бір жеке шығарылып, бөлек шешіледі. Өз кезегінде оларды шешу мүмкін емес екені анықталса, онда олар кейінге қалдырылған шешімдер қатарына кіреді. Мұндай тактиканы әлем елдері жиі қолданады. Осыған ұқсас тәсілдер Приднестровьеде, Оңтүстік Осетияда сәтті пайдаланылды.

Жанжалды келіссөздер сатысына көшіруге көшбасшылардың ұстанымы кедергі болатын жағдайлар бар. Келіссөздер әр тарап тек өзі үшін ғана емес, серіктес үшін де қанағаттанарлық шешімдер табуға ұмтылатындай етіп жүргізілуі керек. Дау-дамай сарапшыларының пікірінше, «жеңді-жеңіл» қағидасын «жеңді-жеңіс» үлгісіне ауыстыру маңызды. Келіссөздер үдерісінің әрбір сатысы құжатталуы тиіс.

Келіссөздерге делдалдар мен медиаторлардың қатысуы пайдалы деп саналады. Ерекше қиын жағдайларда келісімдер халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен заңдастырылады. Қақтығыстарды шешу оңай емес. Ол бітімгерлердің білімін,біліктілігін, тәжірибесін, қажет жағдайда амал-айласын талап ететін күрделі үдеріс. Сондықтан да орасан зор мүмкіндіктерді пайдаланғанша қақтығыстарға әкелетін оқиғалардың алдын алу әлдеқайда маңызды. Этносоциологтар мен саясаттанушылар қақтығыстардың алдын алуда, оларды реттеу үдерісінде олардың туындау себептеріне, қозғаушы күштеріне ерекше назар аудару қажеттілігін баса көрсетеді. Әлеуметтанушылар мен саясаткерлер топтардың өзбетімен немесе «сценарий» әрекет етуін бағалайды, қабылданған шешімдерді және олардың салдарын бағалауда сарапшы ретінде қызмет етеді.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі, соның ішінде Ресейдегі этносаралық қақтығыстарды зерттеуде түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Оларды шешуде институционалдық және әрекет ету тәсілдерін өзара үйлестіру тиімді болып саналады [8]. Институционалдық тәсіл ұйымдар желісін, ішкі жанжалдардың алдын алу және шешу үшін арнайы инфрақұрылымды құруды көздейді. Ол ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейдегі институттарды қамтуы керек. Әрекет ету тәсілі этносаралық қақтығыстарды реттеуші ретінде ықпал етудің нақты шаралары мен құралдарының жиынтығынан тұрады. Олар тактикалық, жедел және стратегиялық шешімдерді қамтиды.

Тактикалық шешімдер қақтығыстар оның қатысушыларына күш қолдану арқылы реттеуге, оның ішінде экономикалық тұрғыдағы қысым жасауға немесе келіссөздер орнатуға бағытталған. Жедел шешімдер қақтығыстардың таралуын шектеуге («содырларды» қарусыздандыру, соғысушы тараптарды бөлу, өмірлік маңызды объектілерді қорғауды күшейту) немесе қақтығыстардың салдарын жоюға (босқындарды орналастыру, байланыстарды қалпына келтіру, бүлікті ұйымдастырушыларды жазалау және т.б.) бағытталған бір реттік әрекеттерден тұрады.

Стратегиялық шешімдер проблемаларды ауыртпалықсыз шешудің құқықтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік-психологиялық деңгейлерін алдын ала құру негізінде этносаралық қатынастардағы дағдарыстарды болдырмауға бағытталған.

Қорыта келгенде, XX ғасыр ұлтшылдық ғасыры деп аталды. 1920-1930 және 1990-шы жылдардың этникалық, конфессионалдық және мәдени сәйкестік мәселелерінің шиеленісуі – «этникалық парадокс» деп аталатын құбылыстың тудырғаны белгілі. Бұл қайшылық дүниежүзіндегі жаһандану үдерісінің ауқымында дамып келе жатқандығы жасырын емес. уақыт өткен сайын бір жағынан, әмбебаптандыру және жаһандану, екінші жағынан, халықтардың этникалық бірегейлігін сақтау үрдісі артып келеді. Осы екі ағымның өзара әрекеттесуі, кей жағдайда қарсы тұруы қазіргі заманның басты белгілерінің бірі екендігі даусыз.

Қазақстандағы кеңестік жүйе тұсындағы этносаралық қақтығыстардың тағылымы елде саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажеттілігін айқын көрсетеді. Әртүрлі халық өкілдерінің қауымдастықтықтары, мәдени орталықтары, тұтастай алғанда Қазақстан халықтарының ассамблеясы тұрақсыздықтың орын алуына жол бермеу бағытында қызмет етеді. Тәуелсіз елдің Ата Заңы, үкімет және билік тармақтары, саяси тұрақтылықты қатаң бақылауда ұстайды. Қоғам мен

мемлекет этносаралық шиеленісті азайту, қоғамдық қауіпсіздік пен азаматтық келісімге қол жеткізу үшін заманауи сын-қатерлер мен қауіп-қатерлерге сәйкес келетін тетіктерді қалыптастырады. Дегенмен, бұл қоғамның мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының өзара әрекеттесуін де қажет етеді.

Өзге ұлт өкілдері басым аймақтарда да радикалдану көрінісі анық байқалады. Ең әлеуметтік қауіпті қақтығыстар – бұл белгілі бір аумаққа білім алу немесе жұмысқа орналасу мақсатында келген, мәдениет пен мінез-құлық нормаларын тасымалдаушы болып табылатын жергілікті халық пен қоғамдастықтың өкілдері арасында туындайтын жанжалдар. Дәстүрлі мінез-құлық нормаларын құрметтемеу, осы халық топтары өкілдерінің оларды саналы немесе санасыз елемеу шиеленіс пен жанжалдың күшеюіне әкеледі. Өзге өңірлерден, басқа аумақтардан, мемлекеттерден келгендер жергілікті, қабылдаушы қауымдастыққа кіріктірілмейді, бірақ өздерін оқшаулап, өздерінің этникалық, аумақтық және басқа қауымдастықтарының өкілдеріне сүйеніп, өз өмірлерін бөлек жүргізеді. Экономикалық бәсекелестіктің күшеюі, жергілікті халық пен келген қауымдар арасында қаржылық немесе басқа игіліктерді бөлу үшін күрес те шиеленістің күшеюіне ықпал етеді. Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқарудың ықтимал немесе нақты шиеленіс жағдайларына жауапкершілікпен және принципті түрде әрекет етуге құлықсыздығы мен дайын еместігі, олардың алдын алу мен шешудің тиімді тетіктерінің жоқтығы жалғасып жатқан қарама-қайшылықтардың себептерінің бірі болып табылады.

Қазіргі жағдайда этносаяси процестерді басқару жүйесін жаңғырту қажет. Оның табысты болуының маңызды факторы – мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың өзара тығыз байланысы. Проблемаларды талдау, бар қауіптер мен сын-қатерлерді шешудің стратегияларын қалыптастыру, нақты бағдарламалар мен бастамаларды әзірлеу және жүзеге асыру кезінде этносаяси үдерістердің барлық субъектілерінің пікірлерін ескеру қажет. Бұл ретте аймақтық этномәдени ерекшеліктер мен ерекшеліктерді ескере отырып, проблемаларды шешу тетіктерін тұжырымдау маңызды.

Қазақстанның кез-келген шиеленісті бәсеңдету және жанжалды жағдайларды реттеуде айтарлықтай тәжірибесі бар. Оны мемлекеттік емес органдар мен жергілікті басқару құрылымдары да пайдалана алады. Экстремизм ошақтарының дер кезінде алдын алу мен анықтауға қоғамның әртүрлі құрылымдарының бірлескен және шоғырландырылған қатысу деңгейін арттыру аса маңызды. Азаматтық

келісім мен қоғамдық қауіпсіздікке қол жеткізудің біртұтас шарты ретінде елдегі мәдениетаралық және этносаралық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың нормалары мен стандарттарын қалыптастыру үшін биліктің, қоғамның, бизнестің барлық қолда бар ресурстарын пайдалану қажет. Сонымен бірге, этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтай отырып, халық арасында қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру маңызды.

Әлеуметтік жетістік пен түсіністікке қол жеткізу ұлтаралық шиеленісті жеңілдетудің және көптеген халықтар арасындағы сенімді қарым-қатынастарды нығайтудың ең сенімді жолы екенін тарихи шындық пен тәжірибе растайды.

Қорыта келгенде, осы және басқа да мәселелерді шеше отырып, біз Қазақстан халықтарының рухани құндылықтарының этносаяси үрдістерде үлкен мәнге ие екенін ұмытпауымыз керек, өйткені олар жалпыадамзаттық гуманистік дәстүрлерден тұрады. Олар руханият пен адамгершіліктің үлкен жүктерін көтереді. Оларда адамға, кез келген ұлтқа деген терең құрметтің бастаулары жатыр. Бүгінгі таңда ұлттық сананың жаңғыруы мен дамуы қарқынды жүріп жатқан кезде олардың рухани гуманистік мұрасын бүкіл елде достық пен ынтымақтастықты нығайтуға кеңінен пайдалану қажет.

## 1.2. Әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихын зерттеу бағыттары

Тарих ғылымында үстірт зерттелген мәселелердің бірі кеңестік кезеңдегі тоталитаризм салдарынан туындаған этносаралық қақтығыстар мен шиеленістер болып табылады. Кеңестік биліктің аса ауыр қылмысының бірі -халықтардың этноәлеуметтік және аумақтық тұтастығын күштеп бұзуға алып келген зорлап қоныс аудару үдерісі. Атамекенінен жат жерлерге жер аудару саяси депортацияға түскен халық өкілдері үшін қасіретті еді. Мұндай ұлт өкілдерінің жаңа тіршілік ортасына енуі және оған үйренісуі ұзақ уақыттарға созылды. Тұтастай халықтардың тағдырында өшпес із қалдырған бұл нәубет тарихының әлі де болса көптеген қырлары зерттеу нысанына айнала қоймады. толық зерттеле қойған жоқ.

Бұл Кеңес Одағындағы тоталитаризм тарихы бастапқы кезде батыс зерттеушілерінің жұмыстарында біршама шынайы түрде айтылды. «Тоталитаризм» термині ғылыми әдебиеттерде XX ғ. 30-шы жылдарының

соңында ғана қолданыла бастады. Батыстық әлеуметтік-философиялық ілімнің өзіндік классикасына айналған тоталитаризм тарихы туралы алғашқы жұмыстардың бірі – Ф.А. Хайектің «Дорога к рабству» атты еңбегі [9]. Автор социализмнің экономикалық негіздерін талдай келе, әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың екі балама тәсілінің – либерализм мен тоталитаризмнің (автор тоталитаризм ретінде социализмді түсінді) ерекшеліктерін зерттеді. 1950-1960-жылдары тоталитаризмнің мәні күштеу мен қысымға негізделген мемлекеттіктің жаңа нысаны және жалпы өзіндік белгілері бар, атап айтқанда, адам құқықтарын бұзу үдерісі батыс зерттеушілерінің жұмыстарында егжей-тегжейлі талданды [10]. XX ғ. 70-80 жж. Дж. Армстронг, У. Локер және т.б. бірқатар батыс ғалымдары тоталитаризмнің критерийлерін, оның өзіне тән негізгі сипаттарын анықтауға тырысты [11].

Р. Конквестің «Большой террор» деп аталатын еңбегінде КСРО тоталитарлық режим шындығының ашып көрсетілуі қуғын-сүргіннің ауқымы туралы пікірталастарға бастау болды. Алайда, автор негізінен эмигранттық баспасөзді пайдаланғандықтан, келтірілген деректер асыра көрсетілді. Р. Конквестің пікірінше, мұндай зерттеулерді батыс ғалымдары ғана жүргізе алуы мүмкін, өйткені Кеңес Одағында бұл проблеманы қозғауға тыйым салынған болатын [12]. Шын мәнінде Кеңестер елінде социалистік қоғам құру идеясы адамзат тарихында оң құбылыс ретінде түсіндірілді. Мұндай жағдайда тоталитаризм туралы айтудың өзі қисынсыз әрі қауіпті болатын. Кеңес тарихшылары Қазан революциясының жеңісін, большевиктік биліктің саяси, әлеуметтік-экономикалық қайта құруларын ресми идеология шеңберінде ғана қарастырды.

XX ғасырдың 80 ж. соңы – 90 ж. басында КСРО-да алғаш рет батыс зерттеушілері Р. Слассердің «Сталин в 1917 г.: Человек, оставшийся без революции» [13], Л. Беллади мен Т. Краустың «Сталин» [14] және т. б. еңбектері жарық көре бастады. Бұл еңбектер салмақты деректік базасымен және негізділігімен ерекшеленді. Мұнда авторлар батыстық және кеңестік дереккөздерді, құжаттарды, зерттеулерді, публицистикалық көркем шығармаларды кеңінен пайдаланған.

Ұлт зиялысы М. Шоқай «Түркістандықтар бас имейді» атты мақаласында 1920-1930-жылдардағы Қазақстандағы кеңестік аграрлық қайта құру шараларында көрініс берген ұлтаралық қақтығыстар мәселесіне алғаш назар аударған [15].

Отандық тарихнамада қарастырылып отырған мәселе бойынша тұңғыш зерттеулер жариялаған тарихшы-ғалым П. Г. Галузо болды. Ғалым

Оңтүстік Қазақстанның жауланuы, өлкедегі аграрлық қатынастардың ерекшелігі, патша үкіметінің қазақ жерлерін ішкі Ресейден қоныс аударып келген мұжықтар мен әскери қызметтегі казактарға тартып әпергені, жер телімдерінің көлемі, қоныс аударушыларды жоспарды түрде қаруландырғаны, отарлау саясатының қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын дағдарысқа ұшыратып, этносаралық қақтығыстарға жол ашқандығы туралы жан-жақты дәлелдеп жазды [16].

Тарихшы Ә. Тұрсынбаев Жетісудағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру туралы қарастырғанымен өлкедегі ұлтаралық қақтығыстар жөнінде ештеңе жаза алмады. Маркстік-лениндік методология мен таптық бағыттың құрсауында қалған ғалым оларды айналып өтті [17]. Дәл осындай бағытта ғалым Г. Ф. Дахшлейгердің зерттеуі жарық көрді. Автор 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасын және оның нәтижесінде қазақ шаруаларына айтарлық жерлердің қайтарылғандығын тарихи деректер негізінде баяндады. 1924 жылы құрылған Серафимов бастаған Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің Ерекше комиссиясының қорытындысында орыс шаруаларының «зорлық көріп отырғандығынан» Жетісудағы орыс және қазақ шаруаларының арасындағы жағдайдың шиеленескендігі ашып жазылған [18].

XX ғ. 20-жылдарындағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың шиеленісуі Орталық Азияны толық шарпыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басып-жаншу зардаптарынан орын алды. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс тұсындағы ұлтаралық қақтығыстардың шиеленісе түскендігін ресейлік және қазақстандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінен [19] көруге болады. Қазақстандық тарихнамада көтерілісшілер жасақтары мен патша үкіметінің жазалаушы әскері, қазақтар мен қоныс аударушы қаруланған мұжықтар арасындағы қақтығыстар туралы деректер мен мәліметтер құжаттар жинақтарынан көрініс тапқан [20].

Әлемді дүр сілкіндірген 1917 жылғы Ақпан революциясы, Уақытша үкіметтің әлеуметтік және ұлттық саясаты ұлт-азаттық көтерілістен кейін әбден тұралап, адам төзгісіз ауыр экономикалық, әлеуметтік және этносаралық қарым-қатынастарды одан әрі өршіте түсті [21].

Осынау ауыр жағдайдан шығу үшін қазақ зиялылары мен қоғамдық-саяси қайраткерлер, белсенділер уақытша үкімет тұсында басталған демократиялық өзгерістерді ұтымды пайдалану мақсатында түрлі саяси бірлестіктер құрып, қазақ халқын алапат әлеуметтік, экономикалық апаттан құтқарып қалу жолдарын іздестірді. Далалық өлкенің барлық

уездерінде қазақ комитеттері құрылып, ұйымдастыру мәселелерін қарастырған съездер шақырылды [22]. Оларда қазақ даласында орын алып отырған саяси, әлеуметтік, әсіресе этносаралық қарым-қатынас мәселелері кеңінен талқыланып, алдағы бірлесіп атқарылатын нақты іс-шаралар анықталды. Сөйтіп Қазақстан бойынша жалпы қазақ съездері, ал Түркістанда өлкелік съездер ұйымдастырылды. Жалпыұлттық съездерде ұлттық мемлекет идеясы көтерілгендігі туралы кеңестік және қазақстандық зерттеулерде жан-жақты зерделеніп, құжаттар жинақтарында сол алғашқы қадамдардың даму үрдісін анықтауға мүмкіндіктер жасалды [23]. Арпалысқа толы дәуірдің шынайы тарихы зерттелген еңбектерде Қоқан қаласында Түркістан автономиялық республикасының жариялануы қарастырылды [24]. Орынборда Алаш Орда үкіметінің құрылғандығына және Алаш автономиясын жариялау жолындағы күрес тарихына арналған зерттеулер тәуелсіздік жылдары жарық көрді. Қазақ автономиясын жариялау жолындағы Алаш қайраткерлерінің қызметін ашып көрсетуге белгілі ресейлік ғалым Д. А. Аманжоловаңың жетекшілігімен даярланған құжаттар жинағының маңызы зор [25].

Қазақстан мен Түркістанда кеңестер билігі орнағанымен, большевиктер мен оған қарсы тұрған саяси күштер арасында 1920 жылға дейін созылған азамат соғысы барысында ұлтаралық шиеленістер ушыға түскені белгілі [26]. Ұлт-азаттық көтерілісі, азаматтық қақтығыстар, іле-шала елді жайлаған аштық пен жұқпалы аурулардың өршуі қазақ халқының тартқан тауқыметін ауырлата түсті. Ол туралы нақты мәліметтерді әлі күнге жарияланбаған архив қорларынан ғана таба аламыз.

XX ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақ халқының басына төнген нәубет жылдар трагедиясы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жаңа көзқарастар тұрғысынан зерттеліп, «жабық» жатқан архив құжаттары ғылыми айналымға енгізіле бастады. Мұндай жаңа бағыттағы зерттеулер мен тың тұжырымдар жасауға ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1991 ж. 12 қарашасындағы қаулысымен құрылған құрамына М. Қ. Қозыбаев (төраға), Қ. С. Алдажұманов, М. Қ. Қойгелдиев, Т. О. Омарбеков және т. б. тарихшы, заңгер ғалымдар енген күштеп ұжымдастыру мен саяси қуғын-сүргінді зерделеу комиссиясының ықпалы мен қорытындысы ерекше серпіліс берді [27]. Комиссия қорытындысында геноцид деп бағалауға боларлық аштық пен күштеп ұжымдастыру зобалаңына себеп болған Қазақстан ОАК мен ҚАКСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1928 ж. 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы»,

1928 ж. 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай бай-феодалдарды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы», 1930 ж. ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулылары зерттеліп, саяси-тарихи бағасы берілді. Мұнда Жетісу өңіріндегі кеңестік күштеу саясаты туралы және «ең күшті қысым қазақ ауылдарына түскені» нақты ашық айтылды.

Осы комиссия құрамында жұмыс жасаған тарихшылар Ж. Әбілғожин мен Қ. Алдажұмановтың мақаласында 1930-жылдардағы қазақ шаруалары трагедиясына нақты баға беріліп, сол жылдардағы зобалаң салдары «этноцид» деп көрсетілді [28]. Архив құжаттарын зерделей келе маман-ғалымдар 1920-1930-шы жж. тарихи үдерісті тұтастай қарастыра келе күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландырудың жергілікті ұлт өкілдерінің орасан зор мөлшерде қырылып, аш тұрғындардың босқыншылыққа ұшырағандығы туралы тұжырым жасады. Нәубетке әкелген аграрлық өзгерістерді бір этносқа бағытталған қиянат есебінде бағалады.

Академик М. Қ. Қозыбаев және Ж. Б. Абылхожин, Қ. С. Алдажұмановтардың бірлескен зерттеуінде күштеп ұжымдастыру жылдарындағы Қазақстандағы астық дайындау науқаны барысында шаруаларды құдалау, кулактарды тап ретінде жоюдың зардаптары архив құжаттары негізінде талданған [29].

Ресей империясының отарлау саясаты тұсында орын алған этносаралық қақтығыстар шиеленісіп, кеңестік кезеңде жалғасын тапты. Сол үдерістің бастапқы салдарын табу мақсатында революцияға дейінгі Далалық өлке мен Түркістан [30], Сырдария [31], кеңестік кезеңдегі Түркістан мен Қазақстан тарихына арналған дербес зерттеулерде [32], ұжымдық еңбектерде мен құжаттар жинақтарында [33] қақтығыстар мен жанжалдар біршама көрініс тапты. Революцияға дейінгі Сырдария облысындағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың шиеленісу себептерін түсінуде зерттеуші С. Н. Малтусыновтың монографиясы және оның құрастыруымен жарық көрген құжаттар жинағы елеулі рөл атқарады [34].

Ресей тарих ғылымында XX ғ. 80-ші жылдары Кеңс Одағындағы қоғамды қайта құру мен демократияландыру және жариялылыққа байланысты баспасөз беттерінде сталинизмнің мәні туралы жарияланымдар көптеп басылды. Осы кезде жаппай қуғын-сүргіннің ауқымы туралы ақпарат беретін бірқатар жинақтар, мақалалар

мен монографиялар жарияланды. 1930-шы жылдардағы саясаттың әлеуметтік-экономикалық және теориялық негізі және сталинизмнің алғышарттары Д. Волкогонов, А. Ципко, Б. Курашвили [35] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды. Жарық көрген еңбектердің арасында Р. Медведевтің «Сталин и сталинизм: Исторические очерки» атты шығармасы ерекшеленді [36].

1980-жылдардың соңында қақтығыстар мен жанжалдарды зерттеуде үстірт қарастырылған әлеуметтік саясатты зерделеуге талпыныс жасалды. Осы бағытта бірқатар ғылыми мақалалар жарық көрді. Солардың алғашқысы П. Романов пен Е. Ярская-Смирнованың редакциялауымен шыққан ғылыми мақалалар жинағы болып табылады [37]. Жинақ авторлары әлеуметтік саясатты модернизация субъектілері ретінде қарапайым халықтың күнделікті өмірі арқылы қарастыруға тырысты. Зерттеу нысандары ретінде мемлекеттің тұрғын үй саясаты, идеологиясы, өнеркәсіп кәсіпорындарындағы еңбек және т.б. алынды. Бұл мәселелердің барлығы дерлік кеңестік жүйе тұсында ұлтаралық араздықтың басты көрсеткіші болғандығы ақиқат.

XX ғ. 20-30 жылдарындағы этносаралық қақтығыстар мен шиеленістер тарихнамасында арнайы қоныс аудару тарихын, мәжбүрлі қоныс аударушылардың құқықтық және өмір сүру жағдайларын шынайы қарастыратын зерттеулер ерекше назар аударуға лайық. Осыған байланысты Н.А. Земсковтың статистикалық материалдар бойынша дайындалған арнайы қоныс аударылғандардың динамикасын қадағалауға мүмкіндік беретін көлемді еңбегі үлкен қызығушылық тудырады. Арнайы қоныс аударушылардың қозғалысы туралы зерттеуші олардың санын, өлім-жітімді, қоныстану географиясын, жұмыс күшін пайдалануды, сондай-ақ жер аударылғандардың материалдық-тұрмыстық жағдайы тәрізді мәселелерді кең ауқымда, жан-жақты қарастырды [38].

1930 жылдардағы В. Б. Жиромскаяның әлеуметтік ахуалды демография ғылымының әдістерін қолдану арқылы зерттеді. Автор санақ деректеріне сүйене отырып, демографиялық көрсеткіштердің (өлім, туу, халық т.б.) өзгеруін талдады. Демографиялық ахуалдың КСРО-да осы кезеңде орын алған нақты әлеуметтік-экономикалық оқиғаларға (ашаршылық, эпидемиялар, иеліктен айырылғандардың қоныс аударуы, өндірістік жарақаттар және т.б.) тәуелділігін көрсетті [39].

Ресейлік тарихшы-ғалым Н.Ф. Бугайдың бай архив деректері негізінде жазылған мақалаларында 1930 жылдардағы депортация кеңінен қамтылған. Құпия қорлардағы құжаттарды пайдалана отырып, автор Ресейдің еуропалық бөлігінен поляктардың, немістердің, украиндардың

және т.б. халық өкілдерінің сондай-ақ Қиыр Шығыс аймағынан корейлердің күштеп қоныс аударуын зерттеді. Жарияланымдардағы материалдар күштеп қоныстандыру тарихын, оның барысы мен салдарын қадағалап отыруға мүмкіндік береді [40].

КСРО ыдырағаннан кейін тоталитаризмнің әртүрлі аспектілерін зерттеудің жаңа дәуірі басталды. Бұл тақырып Э. Баталов [41], Ю. Борисов, А. Голубев және т.б. [42] сияқты зерттеушілердің назарына ілікті.

Отандық тарихшылар КСРО-дағы саяси қуғын-сүргін нысандарының бірі ретіндегі «жаппай жер аудару» мәселесін арнайы зерделеді. Қазақстанға қоныс аударылған халық өкілдерінің тағдырына арналған бірқатар зерттеулер жарық көрді. Дегенмен «депортация» ұғымына анықтама беруде ортақ тұжырым қалыптаспаған. Мұның өзіндік себептері бар. Біріншіден, кеңестік кезеңінде депортацияны саяси қуғын-сүргіннің бір түрі ретінде зерттеуге тыйым салынған. Сондықтан ол «жабық» тақырыптардың бірінен саналды. Екіншіден, зерттеушілер үшін архив құжаттары қолжетімсіз еді. Үшіншіден, коммунистік идеологиялық 1920-1930-жылдардағы нәбеттің «өңін» айналдырып, қоғамға оның тек күнгей тұстарын ғана көрсетті. Сол себепті сыңаржақ, ешбір сынсыз, кемшіліксіз большевиктер билігін дәріптеген зерттеулер дүниеге келді. Шындығына келгенде депортация тақырыбының аясында астарында этносаралық қақтығыстардың тамыры жасырынып жатқан еді.

Қазіргі уақытта «этносаралық қақтығыстар» ұғымы турасында да әртүрлі көзқарастар орын алған. Кеңес үкіметі қақтығыстардың сипаты мен астарын, себептері мен салдарын жүйелі түрде түсіндіре алмады. Осы орайда түрлі мекемелер мен күштік құрылымдардың пікірлері әралуан. Этносаралық түсінбеушілікітер, қақтығыстар мен шиеленістер НКВД хабарламаларында, анықтамаларда, баяндамаларда, И. В. Сталинге, Халық Комиссары Л. П. Берияға, КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне және т.б. департаменттерінде жазылған хаттарда бірыңғай түсіндірілмеген. Керісінше, әрбір ұлтаралық кикілжіңдер мен қақтығысқа бару әрекеті арнайы түсіндірмеге ие болды. Олар «жергілікті халықпен араздық белгілері» немесе «ұлттық ерекшеліктерге негізделген контингентті қамтитын арнайы үкіметтік іс-шара» немесе «саяси белсенділіктің жоғарылау белгілері» ретінде қарастырылды.

Жалпы, осы айтылғандарға күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі шаруаларға қатысты қуғын-сүргін дәлел болады. Шаруаларды зорлап

отырықшыландыру тарихы бойынша архив құжаттарының іргелі жинақтары жарық көрді. КСРО-дағы күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі шаруаларға қарсы қуғын-сүргін мәселесіне арналған материалдарды алғашқы жариялаудың бастамасы ретінде «Трагедия советской деревни» атты жинақтың тарихнамалық маңызы зор [43]. Аталмыш жинақ кеңестік шаруалар тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі - қоныс аударуға арналған. Күштеп ұжымдастыру және кулактарды тап ретінде жоюдың салдарын ашып көрсетуге арналған жинақ - партия мен мемлекет басшылығының жоғарғы органдарының (Бүкілодақтық коммунистік партияның ОК, ОАК және Халық Комиссарлары Кеңесі) бұрын жасырын немесе құпия қорларында анықталған құжаттар негізінде әртүрлі ведомстволар мен ұйымдар, соның ішінде сот және жазалау органдары (ОГПУ, НКВД, Жоғарғы соттар мен прокуратуралар), Сталиннің және оның айналасындағылардың шаруаларға қарсы саясатын әшкерелеген тұңғыш еңбек. Сталиндік кеңестік жүйенің озбыр саясаты ақыр соңында миллиондаған шаруалар мен шаруа қожалықтарының күйреуіне әкеп соқтырды. Ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерінің жойылды. Көбінесе көтеріліске ұласқан шаруалардың жаппай қарсылығы салықтардың көбеюіне, күштеп ұжымдастыруға, соның барысында жергілікті халықтың шаруашылық ерекшеліктерін ескермеуге және кулактарды тап ретінде жоюға (декулакизацияға) байланысты туындады. КСРО-дағы күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі шаруаларға қарсы қуғын-сүргін, ауылдағы өткір саяси жағдай материалдары қамтылған Одақ деңгейіндегі бірінші жинағында қамтылды.

Тоталитаризм және оның зардаптарын зерттеуге Қазақстан ғалымдары да айтарлықтай үлес қосты. 1990 жылдардан бастап қарастырылып отырған мәселенің әртүрлі аспектілеріне М. Қ. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, Қ. С. Алдажұманов, М. К. Баймаханов, Т. О. Омарбеков, М. Қ. Қойгелдиев, С. Дильманов, және т.б. ғалымдардың еңбектері арналды. Тоталитаризмнің, қасіретті салдары ғылыми-теориялық конференцияларда, дөңгелек үстелдер мен семинарларда баяндалды. Осы тұрғыдан «Народ не безмолвствует» атты конференция материалдарының жинағы үлкен қызығушылық тудырды. Жинаққа «Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және саяси қуғын-сүргін» атты 1995 ж. ақпанда Алматыда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді. ТМД елдері ғалымдары бас қосқан жиын топтмасына 1994 ж. қарашада өткізілген алыс аудандарға жер аударылған шаруалардың балалары мен немерелерінің Түмен кездесуінде жасалынған тарихшылардың баяндамалары қоса кірігізілді.

Сонымен қатар Бас прокуратура өкілдерінің және Ұлттық қауіпсіздік комитеті, саяси қуғын-сүргін құрбандарының сөздері енгізілген [44].

Қазақстандық ғалымдар сталиндік жаңғырту кезіндегі ұлт тарихының «ақтаңдақтарын» зерттеуге белсене араласты. Халықтарды арнайы қоныстандыру және жер аудару мәселелері зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Қазіргі отандық тарих ғылымында 1930 жылдардағы ұжымдастыру, индустрияландыру, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін зардаптарын зерделеу өзекті болып саналады. Бұл мәселелер Қазақстандағы ұлтаралық мәселелермен қатар елімізге арнайы қоныс аударғандардың тарихына арналған басылымдарда кеңінен қамтылған [45]. Дегенмен, жалпы алғанда, республикалық деңгейдегі әлеуметтік саясат әлі толыққанды ғылыми даму объектісіне айнала қоймады. Сонымен бірге сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігінің тарихына және этносаралық қақтығыстарға қатысты іргелі ғылыми зерттеулер әлі пайда болған жоқ.

Алайда, осы проблемаға қатысты қызығушылықтың күшті болуына, Қазақстан аумағына халықтардың жер аударылуы туралы зерттеулер санының молдығына қарамастан, жер аударылған халық өкілдері орналастырылған аудандардың зорлап қоныс аударушылардың ұлттық және әлеуметтік құрамының өзгеруіне әсері, олардың еліміздің экономикалық әлеуметін көтерудегі рөлі мен орны (еңбек армиясы) жеткілікті түрде ашылмады деуге болады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңын қолданысқа енгізу туралы» Қаулысына сәйкес 1993 жылы шілде айында Президенттің өкімімен жаппай қуғын-сүргін мен адам құқықтарына қол сұғушылықты қолдануға негіз болған заңнамалық актілердің, өкіметтік және басқа да органдардың шешімдерінің, сондай-ақ ведомстволық актілердің құпиясын ашу бойынша ведомствоаралық комиссия құрылды. Бұл комиссияның қарауына саяси қуғын-сүргін бойынша 1925 жыл мен 1988 жыл аралығындағы құжаттар мен материалдарды ұсынды. Олардың арасында 1930-1950 жж. құжаттар, сондай-ақ арнайы қоныстандырылғандарды, атап айтқанда, Қазақстанға жер аударылған кәрістерді орналастыру, олардың шаруашылық жағдайы мен әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету туралы құжаттар болды. Бұл ақпарат негізінен Қазақстан КП(б) ОК бюросының (Ерекше сектордың) мәжілістерінің Хаттамаларында «аса құпия» деген грифпен сақталды. Мәселе қоныстандырылғандар, қоныстандыруды басқару және ауыл

шаруашылық және балық аулаушы колхоздарда шаруашылыққа жайластыру, арнайы қоныстандырылғандарды еңбекке орналастыру, нақты бір облысқа қоныстандыру үшін азық-түліктік ссуда беру, КазКСР ХКК жанындағы Экономикалық Кеңес қаулыларын бекіту туралы және т.б. болды. ҚазКСР ХКК және Қазақстанның КП(б) ОК қаулыларында «Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе және Гурьев облыстарының қоныстандырылғандардың шаруашылықтары үшін азық-түліктік ссуда жөнелту туралы», «1939 жылы қоныстандырылғандарды шаруашылықтарға орналастыру бойынша іс-шаралар туралы», «Қоныстандырылғандарды шаруашылыққа орналастыру туралы» және т.б. айтылды. Сондай-ақ, ҚазКСР облыстық комитеттердің қоныстандырылғандарды қабылдау және шаруашылыққа орналастыру туралы көптеген баянхаттары, 1941 ж. қоныстандырылғандарды шаруашылықтарға бөлу және еңбекпен қамту бойынша іс-шаралардың орындалу барысы туралы қоныстандыру бөлімінің баяндамалары және ашаршылық жайлаған далада (Голодная степь) суармалы жерлерді қайта игеру туралы материалдар табылды.

Еліміз егемендік алғаннан кейін қоғамда жұмыс жасаған арнайы комиссия аса маңызды өкіметтік қорлар – Халық комиссарлары кеңесінің (ХКК), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы және Министрлер Кеңесі құжаттарының құпиясын ашуға кірісті. Құпиясы ашылған құжаттар 1936-1955 жж. аралығын қамтиды. Тарихи деректер сипатталып отырған кезеңнің басына қарай тоталитарлық жүйенің адамдарға қарсы жаппай қылмыстық эксперименттер жасауда айтарлықтай тәжірибе жинақтағаны айтылды [46]. Бұған қоса тоталитаризмнің ауыр қылмыстарының бірі халықтардың этноәлеуметтік және территориялық тұтастығын күштеп бұза отырып жер аудару болғандығына баса назар аударылды. Жер аудару үдерісі жаңа ортаға алғаш рет енгізілген халықтардың тарихына, мәдениетіне және т.б. ұзаққа созылған келеңсіз салдар қалдырды.

Директивалар мен өкімдік құжаттар жер аудару саясатын жүзеге асырудың айқын бейнесін ашып көрсетеді. Ұжымдық монографияда КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының жарлықтары мен КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумы басшылыққа алатын хаттар, КСРО және ҚазКСР ХКК қаулылары зерттеліп, пайдаланылды. Мысалы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «КСРО НКВД лагерлері туралы» жарлығы; КСРО және ҚазКСР ХКК-нің қоныстандырылғандарға арналған колхоздардағы шаруашылық-мәдени және тұрмыстық жағдайы туралы, «Қарағандышахтақұрылыс», «Қазақкөмірбарлау» трестерінде,

Электр станциялары Халық комиссариаты, түрлі-түсті металл Халық комиссариаты және Құрылыс Халық комиссариаты кәсіпорындарында жұмысшыларды жұмысқа жұмылдыру туралы КСРО және ҚазКСР ХКК-нің қаулылары; облыстық атқарушы комитеттер Президиумының қоныстандырылғандарды тасымалдау, қоныстандырылған немістерді қосымша орналастыру туралы, ҚазКСР-іне әкелінген қоныстандырылған кәрістерді, ирандықтарды, курдтарды шаруашылыққа жайластыру бойынша кредит беру жоспары туралы қаулылары. Атап өтерлік жайт, арнайы қоныстандырылғандардың өмірлері туралы шындықты барынша нақты, егжей-тегжейлі ашатын фактілер мен мәліметтер жергілікті партиялық және кеңестік мекемелерден төменнен жоғары жіберілетін құпия хат-хабарларда сақталған.

Зерттеу нысанына айналып отырған тақырып бойынша соңғы жылдардағы Қазақстан тарихшыларының нәтижелі ізденістерінің отандық тарихнама үшін маңызы өте зор деп баға беруге болады. Қазақ халқының тағдыры таразы талайына түскен қасіретті кезеңі XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы күштеп ұжымдастыру мен елді жайлаған аштық нәубетті тек тәуелсіздік тұсында ғана зерделене бастағаны белгілі. Қазақстанда жүргізілген күштеп ұжымдастырудың көп зардаптарының қатарында дәстүрлі шаруашылығын сақтап қалуға ұмтылған, билікке қарсылық білдірген халық көтерілістерін айтуға болады. 1990 жылдардың басынан Қазақстан аумағындағы ауыл шаруашылығын модернизациялаудың кеңестік саясатына наразылық білдірген халық қарсылығының жаңа мазмұнды тарихнамасы қалыптасты.

Соңғы жылдардағы жазылған еңбектерде 1929-1931 жылдар кеңестік күштеу саясатына қарсылықтың айрықша белсенді болған кезі ретінде баға беріліп отыр. Тарихи зерттеулердегі берілген деректерге сүйенер болсақ Қазақстанда 372 шаруалар бас көтеруі болған [47].

Кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы өткен еліміздің түкпір-түкпірінде аяусыз жаншылған халық көтерілістері отандық тарихшылар тарапынан жете зерттеле бастады. Алғашқылардың қатарында тарихшы-ғалымдар М. Қ. Қозыбаев, Қ. С. Алдажұманов, Т. Омарбеков, Т. Алланиязовтың, А. Таукеновтердің еңбектерінде Қазақстандағы күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістері жалпы қарастырылды [48].

Осы ұжымдық еңбекте зерттеліп отырған этносаралық қақтығыстар тарихына тікелей қатысы бар мәліметтер белгілі тарихшылар Қ. С. Алдажұманов пен Т. О. Омарбековтың зерттеулері Қазақстанда ауыл шаруашылығын күштеп модернизациялау саясатына қарсы халық

көтерілістерін және олардың маңызын анықтаумен ерекшеленеді. Еңбектерде халық наразылықтары құнды, бұрын-соңды ғылыми айналымға түспеген архив құжаттары негізінде қарастырылған. Сондай-ақ, осы ғалымдар өңірлердегі шаруалар мен халық көтерілістерін тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан талдады. Мысалға Т. Омарбековтің зерттеулерінде Шұбар, Балқаш, Шоқпар, Сарқанд аудандарындағы көтерілістері, ал Қ. С. Алдажұмановтың еңбектерінде Алматы округіне қарасты Биен-Ақсу, Лепсі, Балқаш, Шоқпар аудандарындағы бас көтерулердің шығу себептері мен тарихы қарастырылған. Сонымен қатар соңғы автордың еңбектерінде Алматы округы шекара маңындағы аудандарынан Қытайға ауа көшуге бел буған халықтың ауыр жағдайы да зерделенген. Қызылағаштағы көтерілісшілердің жазалаушы отрядтпен қақтығысы біршама кең сипатталған [49].

1928-1934 жылдардағы қазақ ауылының қасіреті тағдыры «Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов» атты құжаттар жинағында дәстүрлі шаруашылық өміріндегі түбегейлі өзгерістер: күштеп ұжымдастыру, байларды, кулактарды, орта шаруаларды тап ретінде жою, күштеп қоныстандыру үрдістерін қамти отырып берілген. Ең қатаң әкімшілік шараларды жүргізе отырып, бұл қайта құрулар жаппай сатып алу науқандарымен (астық дайындау, мал сатып алу және т.б. мемлекеттік саясат халықтың сыртқа кетуіне (миграциясына), қарулы қақтығыстарға, көтерілістерге әкеліп соқтырды, олар ОГПУ құрған арнайы жасақтардың және Қызыл Армияның тұрақты бөлімшелерінің көмегімен басылды. Басылымда мемлекеттің азаматтарға қатысты күшейіп келе жатқан жазалау және репрессиялық саясаты туралы түсінік беретін Орталық мемлекеттік архив құжаттары топтастырылған.

Жинаққа енген құжаттар негізінде Жетісу губерниясында орын алған халық наразылығының басты себебі 1927 ж. құрғақшылық салдарынан егіннің шықпай қалуы болғандығы анық байқалады. Құрғақшылыққа байланысты астықтың өнім бермеуі, жекелеген аудандарда мал басы қырылып жұт болуынан аштықтың басталуына байланысты жергілікті халықтың әсіресе, шаруалардың ауылдық кеңестерден астық талап етуі, артық астық қоры бар кулак шаруашылықтарды басып алуы, астық қоймаларын талқандауға әрекет жасауынан өрши түскен еді [50].

Соңғы жылдарда жарық көрген еңбектердің ішінде М. Қойгелдиевтің зерттеуінде 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу мәселесіне орай орыс деревнясын «Кіші Октябрьден» арашалап отырған БК(б) П Қазақстан Өлкеком хатшысы Ф. Голощекинге қарсы шыққан С. Сәдуақасовтың

Жетісуда кеңес өкіметі «кулак-шаруалар өкіметі ретінде пайда болғаны» туралы тезисін келтірген [51]. М. Қойгелдиевтің бұл зерттеуі 1930-жылдар тарихи оқиғаларын жаңаша саралауымен құнды.

Профессор Қ. Алдажұмановтың 1931-1932 жж. аштық тақырына арналған мақаласындағы шетелдік тарихшылардың арасында «қырғи қабақ соғыс» ұғымын ұстанушылардың әлі де болса бар екенін көрсеткен [52].

Шындығында, қазіргі кезде геосаяси текетіреске (Батыс – Ресей, Батыс – Қытай) бейіл жаңа полистердің туындауы жағдайын ескергенде, тарихшының сөзін негізсіз деуге болмайды. Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде хронологиялық, тақырыптық тұрғыда «еркіндік» көзге ұрып тұр. Американдық зерттеуші С. Камерон өз зерттеуінде шетелдік әріптестерінің еңбектеріне тарихнамалық шолуында тарихшылардың методологиялық ұстанымдарына назар аударған. Оның көрсетуінше, француз ғалымы Изабель Огайон қазақ шаруаларының отырықшылыққа өтуін әлеуметтік тарих тұрғысынан зерттесе [53], итальяндық ғалым Николла Пьянчоланың осы тақырыпты зерттеуін керісінше экономикалық тарихқа негіздеген [54]. Ал неміс ғалымы Роберт Киндлердің зерттеуі әртүрлі топтардың қысымына баса назар аударған [55]. Американдық ғалым С. Камерон өз зерттеуінде қоршаған орта тарихы пәнімен байланыстырыла зерттеліп, аграрлық өзгерістерді өткен уақыттардағы тарихпен байланыста қарастырған. С. Камерон жалпы Қазақстандағы нәубет жылдар зардаптарымен қатар Жетісу өңіріндегі халық наразылықтарын, қытай-қазақ шекарасындағы босқыншылық пен Қаратал ауданындағы халықтың бас көтеруін және оның жаншылуын архив деректері негізінде баяндаған. Бұл еңбектің басқа зерттеулерден өзіндік ерекшелігі сол, автор ашаршылық себептерін XIX-XX ғасырда Ресей мен Украина шаруаларын қазақ жеріне жаппай қоныс аударта бастаған кезден іздейді. Осы үдеріс қазақтың дәстүрлі көшпелі өмір салтына әсер еткенін және кеңестік индустрияландыру мен ұжымдастыру көшпелілер мен олардың өмір сипатын 1930-жылдары ашаршылыққа алып келгендігін, халықтың идеология кәміл сенгендігін, сол жолда құрбан болғандарын дәлелдеуді көздейді. С. Камерон бұл трагедия қазақтардың ұлт ретіндегі болмысына қалай әсер еткеніне назар аударады. Қазақтар санының күрт азайып кетуі мәдениет, дәстүр мен тілдің де жойылып кете жаздауына да ықпал еткендігін айтады. С. Камеронның еңбегі өткеннің идеологиялық пердесі мен кеңестік саяси ахуал мейлінше жасырған ақиқатты ашуға деген ұмтылыс екені сөзсіз [56].

1920-30-шы жж. қазақтың қасіретті тағдыры - саяси репрессия салдарын жұмсартып көрсету мен Қазақстан, Украина және Кеңес Одағының басқа аумақтарындағы аштық апатына көз жұма қарау бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесі. Ұзақ жылдар бойы биліктегі идеологтар қазақ тарихын саяси конъюктураға бейімдей өзгерте жазып келгені ақиқат.

Жетісу жеріндегі халық көтерілістерінң жай-жапсары жеке зерттеу аясында қарастырылмағандықтан, мәселенің географиялық ауқымы, хронологиялық шегі, өңірлік ерекшеліктері, тарихи тұлғалары тиянақты зерттелген емес. Осылардың қатарында отандық тарих ғылымында зерттелмеген Жетісу губерниясы Талдықорған уезі Қоғалы болыстығына қарасты Аралтөбе көтерілісінің тарихын айтуымызға болады. Аралтөбе көтеріліс туралы құжаттар осы еңбекте алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Қазақстандағы, әсіресе Жетісудағы астық дайындау науқаны жән оның барысындағы ұлтаралық қарым-қатынастар туралы деректер қазақстандық құжаттық жинақтарда біршама берілген [57].

Жалпы кеңестік билік тұсындағы зерттеушілер үшін жетімсіз және жабық тақырыпқа айналған күштеп-ұжымдастыру жылдарындағы әлеуметтік қақтығыстардан хабар беретін мәліметтер Ресейде жарық көрген жинақтарда, яғни бұрын құпия саналған құжаттарды ғылыми айналымға шығаруымен құнды [58].

Осы кезеңнің тарихынан мол хабар беретін еңбек ретінде соңғы кезде жарық көрген «Ашаршылық. Голод. 1928-1934» деп аталатын 3 томдық құжаттар жинағын атауға болады [59].

Ғылыми айналымға енгізілген дерек көздерінің ауқымы айтарлықтай кеңейген сайын зерттеушілер қолданатын әдістер мен олардың сапасы да жаңара түсті. Әсіресе қоғамтанушы ғалымдар, олардың ішінде тарихшылар кеңестік шындықтың шынайы бейнесін қайта жасау тәсілі ретінде әлеуметтік тарихқа белсенді түрде жүгінуде. Себебі кеңестік жүйе әлеуметтік себептерден туған барлық қақтығыстарды барынша жабық ұстауға күш салды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі 1950-1960 жылдарда орын алған әлеуметтік қақтығыстардың ішінде жабық болып келген өзге бас көтерулер сияқты Теміртау толқуы да толық зерделенбей келеді. Ұлт саясатындағы бұрмалаушылықтар халық арасында, әсіресе, зиялылар мен жастар арасында түрлі наразылықтар туғызды. Кеңестік жүйе оларды барынша жасырып, бүркемеледі. Осылайша, Теміртаудағы толқу тәртіпсіздіктің салдары ретінде бағаланды. Жұмысшылардың өндірістегі, әсіресе әлеуметтік-тұрмыстық төзгісіз жағдайға байланысты

жасаған наразылығын басып-жаншу нәтижесінде Қарағанды металлургия зауыты құрылысшылары жазықсыз қудаланды. Бейбіт күндерде әскер күші қолданылып, мылтық атылды, адам өліміне жол берілді. Солтүстік Кавказдан әдейі әкелінген Дзержинский атындағы дивизия жауынгерлері зауыт жұмысшыларын оққа ұшырды.

Теміртау оқиғасы салдары туралы Н. Назарбаев: «Оның қанша адамды қырғанын әлі күнге дейін ешкім білмейді. Кісі өлімі өте көп болды, оның ішінде талай адам сотталды, атылды. Новочеркасскідегі болған оқиғаны жаңа-жаңа айтып жүр ғой. Сондықтан тоталитарлық жүйенің ол кездегі адамдарға түсірген зардабы өте көп болды. Ол кездегі көп мәселені біз білмейміз. Тек қана қарсы шықсаң, күшпен жаншып, күшпен құрту болды», - деп. жазды [60].

1963 жылы Мәскеуде оқитын қазақ жастарының бір тобы Б. Тайжанов, С. Ақатаев, М. Тәтімов, М. Әуезов бас болып «Жас тұлпар» атты ұйым құрды. Мақсаты – қазақ жастарының ұлттық санасын ояту. Мұндай ұйымдар кейінірек Ленинградта, Киевте, Алматыда, Одессада, Ригада, Павлодарда, Қарағандыда, Ақмолада, Семейде, Шымкентте және басқа жерлерде пайда болды.

1960-шы жылдардың екінші жартысында Шымкент көтерілісі де тиянақты зерттеуді және әділ бағасын күтуде. 1967 ж. 13-15 маусым күндері Шымкент қаласында халықтың милицияға қарсы шыққан көтеріліс - Л.И. Брежнев билігі кезіндегі ең ірі бүліктің бірі. Отандық тарихшылар алдында осы қақтығыстардың тарихы мен себептерін зерттеу, шетелдік, қазақстандық, соның ішінде аймақтық және әлеуетті құрылымдардың қорларынан архивтік деректердің үлкен тобын ғылыми айналымға енгізу міндеті тұр. Кеңестік кезеңде Қазақстанда орын алған әлеуметтік және этносаралық қақтығыстар тарихын зерттеу ісінде шешімін күткен методологиялық мәселелер де бар. 1967 ж. маусым айында Шымкентте бұрқ ете қалған наразылық сияқты әлеуметтік негіздегі жаппай тәртіпсіздіктің кеңестік билік тарапынан бағалануы, тарихи оқиғалардың халық жадындағы бейнесі, тарихнамасы, қақтығыстар тарихын зерттеу әдістемесі мен әдістерін саралау өзектілігі күн тәртібінде тұрған мәселе.

70 жылдық тарихы бар Кеңестік Қазақстанның шынайы келбетін ашатын әлі айналымға енгізілмеген архив құжаттары мен естеліктер өз зерттеушісін күтуде. Кеңестік әлеуметтік-экономикалық саясатқа қарсы бас көтерулердің бірі ретінде сипатталатын және екінші дүниеүзілік соғыстан кейін орын алған түрлі наразылықтар, шерулер мен бас көтерулер, көтерілістер тарихы кеңестік тарихнамада ақтаңдақ сипатында

қалып отыр. Қатысушылар мен олардың ұрпағының, жалпы халықтың жадындағы ауызекі әңгімеде болмаса, 1967 ж. Шымкент көтерілісі туралы арнайы зерттеу жоқтың қасы. Шетелдік тарихнамада ақпараттық сипатта ғана берілген. Өйткені кеңестік құпиялылық салдарынан бұл тақырып зерттелуге тиым салынды. Тәуелсіздік алғаннан кейін мерзімді баспасөз беттерінде Шымкент көтерілісі туралы там-тұмдап жазыла бастады. Олардың кейбірінде Шымкент көтерілісі жай аталып өтсе [61], енді бірінде дерек көздерге сілтеме жасалмай, бас көтерудің барысын үзік-үзік сипаттаумен шектелді [62]. Сондай-ақ бұл наразылық кеңестік кезеңдегі жаппай бас көтерулер бойынша тиянақты зерттеу жасаған тарихшы В. А. Козловтың еңбектерінде де аталып өтілді [63].

Қазақ халқы өзінің тарихында шет ел басқыншыларына, олардың зорлық-зомбылығына, патшалық отарлау мен кеңестік әлеуметтік-экономикалық теңсіздікке әрдайым қарсылық көрсетіп келді. Ондай наразылық тек әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, аумақтық тұтастық жолында да туындап отырды. Соның көрінісі - 1979 ж. Целиноград толқуы. 1979 ж. неміс автономиясын болдырмау үшін болған қозғалыс неміс халқына қарсы бағытталған жоқ. Ол - тоталитарлық жүйенің шешімімен келіспеген, оны қабылдамаған, мойындамаған қазақ жұршылығының орталыққа саяси талап қойған қыр көрсетуі. Бұл - Алаш жастарының ата-баба өсиетін қастерлеп, туған жердің тұтастығын, өскен елдің бірлік-ынтымағын сақтап қалу жолындағы елжандылық, отансүйгіштік қимыл-әрекеті [64]. Целиноградтағы 1979 ж. маусым айындағы өткен қарсылық толқуы кеңестік биліктің «бөліп ал да - билей бер» деген қағиданы басшылыққа алып, қазақ жерінде неміс автономиясын құру жөніндегі қаулысына ашық қарсылық көрсету акциясы ретінде қазақ тарихында өзінің лайықты орнын алуы тиіс және әлі де терең зерттелуі қажет.

Тарихнамалық талдауға алар нақтылы зерттеулердің тапшылығы осы 1950-90 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық себептерден туындаған ұлтаралық қақтығыстар тарихынан анық байқалады. Мысалға, қазақ жерінде неміс автономиясын құру жөніндегі Мәскеу шешіміне қарсылық акциясы болып өткендігі туралы хабар Батыс баспасөздерінде мерзімінде жарияланғанымен, КСРО-да ресми түрде тек қайта құру кезінде ғана назарға алынып, айтыла бастады. Ал 90-шы жылдардың басында Целиноград оқиғаларына байланысты В. Ауман, В. Чеботаревалар құрастырған КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының, КОКП ОК-нің құжаттары [65], газет-журналдарда естеліктер жарияланып, содан соң тоқсаныншы жылдардың ортасынан бастап кейбір ғалымдардың зерттеу еңбектері өмірге келе бастады [66].

Жапондық зерттеуші, Токио университетінің түлегі Сиро Ханьяның Целиноградтағы маусым қақтығысы туралы арнайы зерттеу мақаласы соның айғағы [67]. 1979 жылғы маусым оқиғасына байланысты компартияның 1987 ж. қаулысындағы пікір күні бүгінге дейін бірден-бір ресми баға болып отыр. Оны ешкім жоққа шығарған жоқ. 1979 жылғы маусым қозғалысында целиноградтықтар И. Сталин қайтыс кейінгі кезеңде Қазақстанда ұжымдық сипаттағы ашықтан ашық қарсылық акциясын өткізіп, ұлттық мүддені қорғады, өкімет алдына тұңғыш рет «таза» саяси талап қойды - Саяси бюро шешімін жоюды ұсынды.

Көріп отырғанымыздай, шексіз кеңестік биліктің әлеуметтік-экономикалық тегеуіріне қарамастан одақтық республикаларда әлсін-әлсін болсада үздіксіз қарсылықтар мен наразылықтар, толқулар бой көтеріп отырған. Және де олардың түпкі мақсаты мен себебі астарласып жатты. Одақтық республикаларда төтенше оқиғалардың орын алуына әлеуметтік жағдайдың шиеленісіп, тұрмыстық хал-ахуалдың нашарлауы себеп болып, наразылық білдірушілердің алға қойған мақсаттары негізінен сол мәселелерді реттеуге бағытталғаны шындық. Атап айтсақ, Теміртаудағы құрылыс нысанында әлеуметтік жағдайдың мүшкіл жағдайы (1959) құрылысшылардың наразылық толқуына ұласты, Новочеркасскіде (1962) жұмысшылар еңбек ақысын өсіру жөнінде экономикалық талап қойып, алаңға шықты, ал Шымкенттегі көтеріліс (1967) жергілікті милицияның озбырлық іс-әрекетін тоқтатуға бағытталды, бүлікшілерге әскер күші қолданылды, кісі өлімі болды. Алайда, бұлардың бәрінде де негізінен экономикалық, әлеуметтік ахуалға назар аудару мәселесі көтерілді. Олардың қай-қайсысында да, мысалға грузиндер (1956, 1978), месхеттік түріктер (1961, 1968), қырым татарлары (1956, 1966, 1978) бастаған шеру, Қызыл алаңдағы демонстрация (1968), Литвадағы ұлттық күрес (1972, 1975, 1977), теңізші әскерлердің бүлігі (1975) сияқты қарсылықтарға шыққандар партия мен үкіметтің бағыт-бағдарына қарсы келетін саяси мәселелер көтерген жоқ. Ал Қазақстанға келсек, Сталин өлгеннен кейінгі жылдары Кремльдің саяси шешіміне ашық түрде қарсылық көрсету тек Целиноградтағы Маусым (1979) және Алматыдағы Желтоқсан (1986) оқиғаларымен байланысты екенін атап өткен жөн.

Соңғы жылдардағы әлеуметтік саясатты зерттеудегі оң тенденцияларға қарамастан 1920-30 ж. этносаралық қақтығыстар мен шиеленістер тарихы әлі де зерттелетін тақырып, мәселе жеткілікті түрде зерттелмегенін мойындау керек. Әсіресе, Қазақстандағы аймақтық деңгейде. Бұл осы тақырыпты одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді .

Сонымен, қазіргі тарих ғылымындағы КСРО-дағы күштеп ұжымдастыру (1929-1933) және одан кейінгі соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру, тың игеру кезеңіндегі этносаралық қақтығыстар мен шиеленістер туралы мәселені салыстырмалы түрде қысқаша талдау барысында бірқатар қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, бұл мәселе бойынша посткеңестік басылымдарда 1920-1990 жылдары орын алған этносаралық қатығыстар толықтай ашылып, зерттелмеген. Екіншіден, кейбір зерттеулердің айтарлықтай көлемі жергілікті жерлердегі арнайы қоныс аударушылар мен жергілікті ұлт арасындағы қарым-қатынастарға ғана арналған. Бұл мәселе әсіресе ресейлік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде белсенді түрде қарастырылды. Үшіншіден, кеңестік кезеңдегі этносаралық қақтығыстар тақырыбының деректану аспектісі кеңінен талдауды қажет етеді. Атап айтқанда, бастапқы база әлі де біршама шектеулі деген қорытынды жасауға болады. Осы жерде біз басылымдардың көптігі мен алуан түрлілігіне қарамастан, бұл мәселені толығымен зерттелген деп санауға әлі де жеткілікті негіздер жоқ екенін айтуымыз керек.

## Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімі


1 Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. М., 1978. Т.1. С. 87.

2 Тишков В.А. Очерки теории и политики этничности в России. - М., 1997. - С. 480.

3 Дробижева Л.М. Русские в новых государствах. Изменение социальных ролей // Россия сегодня: трудные поиски свободы. – М., 1993; Здравомыслов А.Г. Социология конфликта: Россия на путях преодоления кризиса. – М.: Аспект-Пресс, 1995. – 320 с.; Абдулатипов Р.Г. Власть и совесть: Политики, люди и народы в лабиринтах смут. времени. – М.: Слав. диалог, 1994. – 284, [2] с.

4 Дружба народов. 1989. № 11; МЭПМО. 1991. № 4; Паин Э. Чечня и другие конфликты в России // Международная жизнь. – 1998. – № 3. – С. 91-92.

5 Паин Э. Чечня и другие конфликты в России // Международная жизнь. – 1998. – № 3. – С. 91-92.

6 Государственные акты Карачаевской республики. Карачаевск, 1990; Обращение к жителям Карачаево-Черкесска // День республики. – 1992. – 11 марта.

7 Паин Э. Чечня и другие конфликты в России // Международная жизнь. – 1998. – № 3. – С. 91-92.

8 Шевцов В.М. Межнациональные конфликты: механизм их разрешения. – М., 1994. – С. 44.

9 Хайек Ф. Дорога к рабству // Вопросы философии. – 1999. – № 10-12.

10 Баллестрем К.Г. Апории теории тоталитаризма // Вопросы философии. – 1992. – № 5. – С.16-28; Капелюшников Р.И. «Дорога к рабству» или «дорога к свободе»: полемика Ф.А. Хайека с тоталитаризмом // Вопросы философии. – 1990. – № 10. – С.99-112.

11 Армстронг Дж. Универсалии. Самоуверенное введение. Пер. с англ. С.С. Неретина. – М., 2011

12 Конвест Р. Большой террор // Нева. –1990. – № 1-10.

13 Слассер Р. Сталин в 1917 г.: Человек, оставшийся вне революции. – М.: Прогресс, 1989. – 320 с.

14 Белади Л., Краус Т. Сталин. – М.: Политиздат, 1989. – 320 с.

15 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. 4-том. – Алматы: Дайк-Пресс. 2013. – 273-б.

16 Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. / Под ред. д.и.н., проф. С.М. Дубровского. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 345 с., Галузо П.Г. Туркестан – колония (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 года). – М.: Издание КУТВ, 1929. – 164 с., Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии (Исторический очерк). – Ташкент, 1926. – 90 с.

17 Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья. – Алма-Ата: АН КазССР. – 1950. – с.

18 Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). – Алма-Ата,: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1965. – 535 с.

19 Рыскулов Т.Р. Восстание туземцев в Средней Азии в 1916 году. В двух частях. – Кзыл-Орда: Госиздат КазАССР, 1927. – 127 с.; Восстание 1916 года в Азиатской России: неизвестное об известном (К 100-летию Высочайшего повеления 25 июня 1916 г.). Сборник документов. / Ред. -сост. Т. В. Котюкова. – М.: ИВИ РАН, 2017. – 528 с.; Восстание 1916 года в Средней Азии в Казахстане. Сборник документов. Ред колл.: А.В. Пясковский (отв. ред) и др. – М.: АН СССР, 1960. – 795 с.;

20 Ковалев П.А. Тыловые рабочие Туркестана в годы первый мировой войны (1916 – май 1917 гг.). – Ташкент: Госиздат УзССР, 1957. – 187 с. и др.

21 Старцев В. И. Внутренняя политика Временного правительства. – Л.: Наука, 1980. – 258 с.

22 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көптомдық. Т.3. Орта Азия – Қазақстан: 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Елшежіре, 2007. – 352 с.; Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (Сборник документов и материалов). В 2-х томах. Том 1. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 423 б.; Том 2. – 247 б.

23 Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов. / Сост. : М.М. Козыбаева, З. Т. Садвакасова, Ф. Р. Лебаев. – Алматы: ТОО «Литер-М», 2018. – 432 с.

24 Агзамходжаев С. История Туркестанской Автономии. (Туркистон мухторияти) (Отв. ред. Д. А. Алимова). – Ташкент: Изд. -полигр. Объединение «Ташкент ислом университети», 2006. – 268 с.

25 Россия и Центральная Азия. Конец XIX – начало XX веке. Сборник документов и материалов / Отв ред. Д.А. Аманжолова. Сост.: Д.А. Аманжолова, Т.Т. Далаева, Г.С. Султангалиева. – М.: Новый хронограф, 2017. – 592 с.

26 Гражданская война в Казахстане. Летопись событий. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 392 с.

27 Қолдан жасалған қасірет, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындысы // Егемен Қазақстан. 1992. – 22 желтоқсан.

28 Алдажұманов Қ., Әбілғожин Ж. Этноцид / Егемен Қазақстан. – 1992. - 30 мамыр.

29 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата, 1992. – 36 с.

30 Абдурахимова Н.А., Рустамова Г. Колониальная система власти в Туркестане во второй половине XIX – первой четверти XX вв. – Ташкент: Университет, 1999. – 160 с.; Исхаков Ф. Национальная политика царизма в Туркестане (1867-1917). – Т.: Фан, 1997. – 204 с.; Бахтурина А.Ю. Окраины российской империи: государственное управление и национальная политика в годы Первой мировой войны (1914-1917 гг.). – М.: РОССПЭН, 2004. – 392 с.

31 Малтусынов С.Н. Аграрный вопрос в Казахстане и государственная дума России 1906-117 гг. (Социокультурный подход). – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 332 с.

32 Турсунов Х.Т. Национальная политика Коммунистической партии в Туркестане (1917-1924 гг.). – Т.: Узбекистан, 1971. – 367 с.

33 Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости / Коллектив авт.: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. – Ташкент: Шарк, 2000. – 672 с.

34 Аграрная история Казахстана (конец XIX – начало XX в.). Сб. док. и матер. / Автор-сост.: С.Н. Малтусынов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 1240 с.

35 Волкогонов Д. Триумф и трагедия. В 2-х кн. Кн.1. Ч.1. – М.: Изд-во АПН, 1989 – 338 с.; Ципко А. Методологические проблемы исследования социалистического образа жизни // ВФ. 1976. № 4; Социализм: жизнь общества и человека. – М., 1980. - 287 с.; Некоторые философские аспекты теории социализма; Курашвили Б. Историческая логика сталинизма. – М.: Былина, 1996. - 288 с.

36 Медведев Р.О. О Сталине и сталинизме. – М.: Прогресс, 1990. – 488 с.

37 Советская социальная политика 1920 — 1930-х годов: идеология и повседневность. / Под ред. П. Романова и Е. Ярской-Смирновой. – М.: ООО «Вариант», ЦСПГИ, 2007. – 432 с.

38 Земсков В.Н. Спецпоселенцы в СССР: 1930-1960. – М.: Наука, 2003. – 304 с.

39 Жиромская В.Б. Демографическая история России в 1930-е гг. Взгляд в неизвестное. – М.: РОССПЭН, 2001. – 280 с.

40 Бугай Н.Ф. 20 -40-е годы: депортация населения с территории Европейской России // Отечественная история. 1992. №4; Он же. О выселении корейцев из Дальневосточного края // Отечественная история. –1992. – №6; Он же. Выселение советских корейцев с Дальнего Востока // Вопр. истории. – 1994. – №5; Он же. Депортация населения в 1920-1930-е годы // Население России в XX веке. В 3-х т. – М.: РОССПЭН, 2000. Т.1. – С. 331-335; и др.

41 Баталов Э. Тоталитаризм живой и мертвый // Свободная мысль. –1994. – № 4. С.110-119.

42 Борисов Ю., Голубев А. Тоталитаризм и отечественная история // Свободная мысль. – 1994. – № 4. – С.110-119.

43 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927–1939: док. и материалы : в 5 т. Т. 1. Май 1927 – ноябрь 1929 / под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М., 1999; Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927–1939: док. и материалы: в 5 т. Т. 2. Ноябрь 1929 – декабрь 1930 / под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М., 2000; Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927–1939: док. и материалы: в 5 т. Т. 3. Конец 1930-1933 / под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М., 2001.

44 Народ не безмолвствует / Сост. Пономарев М. И. - Алматы: П. «Обелиск»: Простор, 1996. – 302 с.

45 История Казахстана: белые пятна. Алма-Ата: Казахстан, 1991; Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс-Казахстан, 1998; Забвению не подлежит. Материалы круглого стола, посвященного Дню памяти жертв политических репрессий. 30 мая 2002 г. Караганды: КарГУ, 2002; Памяти жертв политических репрессий. Материалы научно-практической конференции. 30 мая 2003. Караганды: Болашак-Баспа, 2004; Политическая история Казахстана: первая половина XX века. Материалы международной научно-практической конференции. 29 октября 2004 г. Алматы: Архив Президента республики Казахстан, 2005.

46 Материалы «круглых столов» и семинаров. – Алматы, 1996. – 158 с.

47 Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері. – Алматы: «Арыс», 2018. – 480 бет.

48 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. С. 66-92; Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. -Алматы: «Санат», 1994. - 272 б.; Сонықі. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы: «Санат», 1997. - 320 б.; Сонықі. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері. – Алматы: «Арыс», 2018. – 480 б.; Алланиязов Т. К. Крестьянские выступления 1929-1932 в Казахсстане: опыт и проблемы изучения. – Алматы: фонд «XXI век», 2002. -272 б.; Алланиязов Т. К., Таукенов А. С. Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1932 годы). – Алматы: ОО «ОЗТ-XXI век», 2009. – 424 с.

49 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. С. 83-86.

50 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов / Сост. А.С. Зулкашева (ответ.). – Алматы: Раритет, 2013. Т. 1. 1928 – апрель 1929. – С.43.

51 Қойгелдиев М. Қиянат анатомиясы. Сенің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану) Монография. Алматы: «Арыс баспасы, 2020. 138-б.

52 Алдажуманов К.С. Голод 1931-1933 годов в Казахстане: проблемы истории и методологии // «Қазақстан тарихы: инновациялықтұжырымдамалар мен дәуірлеу ғылыми танымның

басым бағыттары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция матераиалдары. Алматы қаласы, 18 сәуір 2013 жыл. – 96-б.

53 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945) (перевод с фр. А.Т. Ракишева; сост. Б. М. Сужиков). – Алматы: «Санат», 2009. – 365 с.

54 Niccolò Pianciola, Adilkhan Zharassov Elusive rebels: researching the uprisingson the eve of the great famine in Kazakhstan (1929-1931) / Niccolò Pianciola, Adilkhan Zharassov // Bulletin-history. kaznu. kz, Journal of history. 2020. – №2 (97). С. 30-43.

55 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане (Перевод с нем. Л.Ю. Пантиной). – Москва: Политическая энциклопедия, 2017. – С. 84

56 Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату, Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаевалар. Алматы, 2020, – 304 б.

57 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов /Сост. А.С.Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2013. Т.1. 1928- апрель 1929 -744; Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов / Сост. А.С.Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2018. Т.2. 1929-январь 1932 -744 с.

58 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927–1939. В 5 т. Т. 3. Конец 1930—1933. /Под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – 1008 с.

58 Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т. 1:1928-1929, – 920 с.; Т. 2.: 1930-1931, -1240 с.; Т. 3. 1932-1934. – 1028 с. / Жауапты редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Нұр-Сұлтан, Алматы: Атамұра, 2021.

59 Назарбаев Н.Ә. Халықтан жасыратын ештеңе жоқ // Егемен Қазақстан. – 1997. – 5 шілде.

60 Мартов А. Восстания в стране Советов // Тайны СССР. – 2019. - февраль (№4) . – с. 35.

61 Аубакиров Э. Чимкентский бунт. 1967 г. //Экспресс-К. , - 2010.-15 сентябрь (№ 4 (16876); Доброта Л. Жаркое лето 1967-го. [Электронный ресурс] - URL: https://kazpravda.kz/n/zharkoe-leto-1967-go/ (дата обращение: 21.09.23 г.);

62 Шематов Д. Чимкентски бунт 1967. – [Электронный ресурс] – URL: https://titus.kz/print.php?id=22255 (дата обращение: 21.09.23 г.).

63 Козлов В. А. Неизвестный СССР. Противостояние народа и власти 1953-1985 гг. -Москва: ОЛМА-ПРЕСС, 2006. – 448 с.; Козлов В. А.

Массовые беспорядки в СССР при Хрущеве и Брежневе (1953- начало 1985-х гг.). - Москва: РОСПСПЭН, 2009. – 543 с.

64 Кәкен А. КСРО кезіндегі қақтығыстар // https://abai.kz/post/7249. 2011. – 20 ақпан

65 История российских немцев в документах / О-во в поддержку немцев за рубежом [сост.: Ауман В. А., Чеботарева В. Г.]. – М.: Российский экономический журн., 1993. Т.1 История российских немцев в документах (1763-1992 гг.) / РАУ-корпорация, Междунар. ин-т гуманит. прогр.; [Составители Ауман В. А., Чеботарева В. Г.]. - М.: МИГУП, 1993. - 447 с.; Т. 2: Общественно-политическое движение за восстановление национальной государственности (1965-1992 гг.). 1994. - 509 с.

66 Немцы Казахстана: передвижная выставка; [ред. и сост. А. Айсфельд; пер. на нем. яз. А. Айсфельд]... Алматы, 2014 (текст парал. на рус.и нем. яз.).

67 Сиро Ханья. Целиноград, июнь 1979 г.: к вопросу о несостоявшейся Немецкой автономии в Казахстане // Acta Slavica Iaponica. – 2003. – 20. – С. 230-236. http://eprints. Iib.hokudai.ac.jp/dspace/handIe/2115/39425)

# II ТАРАУ. XX Ғ. 20-40 ЖЖ. ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР

## 2.1 1916-1924 жылдары Сырдария облысында орын алған әлеуметтік және этникалық қақтығыстар

*О.М. Қоңыратбаев*

Сырдария облысы революцияға дейін Ресей империясының Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында, сосын 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеуге дейін Түркістан АКСР-інің құрамында болды. 1924 жылы облыс Қазақ АКСР-нің құрамына өтті. Сырдария облысында (бүгінгі Қазақстанның Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, сондай-ақ көршілес Өзбекстанның Ташкент облысын қамтыған облыс) 1916-1924 жылдары орын алған әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тарихы күні бүгінге дейін отандық тарихнамада жеке зерттеу тақырыбы болған емес. Аталған облыстың тарихына қатысты жүргізілген зерттеулерде негізінен мәселенің саяси, экономикалық, демографиялық, әскери, мәдени қырлары қарастырылып, ал әлеуметтік және этникалық қақтығыстарды не үстіртін ғана шолып, не мүлдем орағытып өтуге тырысқан.

Революцияға дейінгі Сырдария қазақтары туралы ең алғашқы көлемді және мазмұнды зерттеу еңбегінің қатарында 1906-1908 жылдары Түркістан генерал-губернаторы болған Н.И. Городековтың [1] және онымен үндес басқа да авторлардың еңбектерін атап көрсетуге болады. Империялық дәуірдегі Түркістан [2], кеңестік дәуірдегі Түркістан мен Қазақстанның тарихына арналған жекелеген авторлық монографияларда [3], ұжымдық еңбектерде [4], құжаттар жинақтарында [5] біз қарастырып отырған мәселе бойынша біршама мәліметтер қамтылған.

Империялық кезең авторларының отарлық ұстанымдағы ойлары мен тұжырымдарынан бөлек, бұл еңбектерден біз қарастырып отырған әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың пайда болуының объективті шарттары туралы мәліметтер кездестіреміз. Оңтүстіктегі қазақ жерлерінің жаулануы, көшпелі халықтың ата қонысының империяның әскери, өнеркәсіптік, транспорттық, шекаралық, құрылыс және т. б. қажеттіліктері үшін күшпен тартып алынуы, қоныс аудару саясатының етек алуы, тұрғылықты халықтың шөл және шөлейт

жерлерге ығыстырлуы, осының салдарынан қазақтардың мал шаруашылығының дағдарысқа түсуі, жергілікті және келімсек халықтар арасында этникалық қақтығыстардың басталуы, бұл қақтығысты реттеу үшін патша әкімшілігінің жергілікті халықты ресейлік-империялық әкімшілік-құқық жүйесіне тартуға тырысқаны туралы мәліметтер аламыз.

Біз қарастырып отырған мәселе бойынша кеңес билігінің алғашқы жылдарында тың зерттеулерімен ерекшеленген тарихшы – П.Г. Галузо болды [6]. П. Г. Галузо Оңтүстік Қазақстанның жауланuы, өлкедегі аграрлық қатынастардың ерекшелігі, патша үкіметінің қазақ жерлерін ішкі Ресейден қоныс аударып келген мұжықтар мен әскери қызметтегі казактарға қандай тәсілдермен және қанша мөлшерде тартып әпергені, оларды жоспарды түрде қаруландырғаны, бұл саясаттың қазақ шаруашылығын дағдарысқа ұшыратып, этносаралық қақтығыстарға жол ашқандығы туралы жан-жақты дәлелдеп жазды.

Революцияға дейінгі Сырдария облысында әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың қаншалықты дәрежеде шиеленіскенін түсінуге зерттеуші С. Н. Малтусановтың монографиялық еңбегі [7] мен оның құрастыруымен жарық көрген құжаттар жинағының [8] үлкен көмегі бар.

Әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың шиеленісуіне Орталық Азияны толық шарпыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі қатты әсер етті. Көтеріліс кезінде қазақ жасақтары мен патша үкіметінің жазалаушы әскері, қазақтар мен қоныс аударушы қаруланған мұжықтар арасындағы болған қақтығыстар туралы мәліметтерді әр жылдары жарық көрген іргелі құжаттар жинақтары [9] мен зерттеу еңбектерінен [10] табуға болады. 1914 жылдан бері жүріп жатқан бірінші дүниежүзілік соғыстың алым-салығынан қатты кедейленген қазақтар үшін 1916 жылы жазда патша үкіметінің бұратана халқынан майданның қара жұмысына адам алу туралы шығарған жарлығы аса ауыр тиді. Қарусыз халық көтеріліске шығып, артынан қатты жазаланды. Халық басқыншылыққа ұшырады.

1917 жылғы Ақпан революциясы, Уақытша үкіметтің әлеуметтік және ұлттық саясаты онсыз да ауыр экономикалық, әлеуметтік және этносаралық қарым-қатынас жағдайын одан әрі өршітті [11]. Сол жылы қыс қарсыз, аязды болып, көшпелі қазақтардың мал шаруашылығына орасан зиян шекті.

Уақытша үкімет тұсында басталған демократиялық өзгерістерді ұтымды пайдалануға тырысқан қазақ зиялылары түрлі саяси

бірлестіктер құрып, қазақ халқын орын алып отырған әлеуметтік, экономикалық апаттан құтқарып қалу амалдарын жасай бастады. Барлық уездерде қазақ комитеттері құрылып, түрліше деңгейдегі съездер шақырылды [12]. Мұндай съездер Сырдария облысында да өтті. Аталған съездерде жергілікті жерлерде орын алып отырған саяси, әлеуметтік, әсіресе этносаралық қарым-қатынас мәселелері кең түрде талқыланды. Атқарылатын нақты іс-шаралар белгіленді. 1917 жылдың екінші жартысында Қазақстанда жалпы қазақ съездері, ал Түркістанда өлкелік съездер ұйымдастырылды. Жалпыұлттық съездерде ұлттық мемлекет идеясы көтерілді [13]. Сол жылы қарашада Қоқан қаласында Түркістан автономиялық республикасы жарияланды [14], ал Орынборда Алаш Орда үкіметі құрылды. Сол жылдарда болған процестерді ашып көрсетуге белгілі ғалым Д. А. Аманжолованың жетекшілігімен даярланған құжаттар жинағының берері мол [15].

Бірақ, 1917 жылы қазан айында Ресейде кеңестер саяси билікті күшпен тартып алды. Қазақстан мен Түркістанда кеңестер билігі орнады. Большевиктер мен оған қарсы тұрған саяси күштер арасында 1920 жылға дейін созылған аса қатігез азамат соғысы басталды [16]. Азамат соғысы жылдарында Сырдария қазақтарының тартқан тауқыметі туралы нақты мәліметтерді біз көп бөлігі әлі күнге жарияланбаған архив қорларынан ғана таба аламыз. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА), Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстық мемлекеттік архивтері (ЖОМА, ТОМА, ҚОМА), Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ӨР ОМА), Өзбекстан Республикасы Президенті Аппаратының архиві (ӨРПАА), Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА), Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві (РӘСТМА) және т.б. архив қорларында біз зерттеп отырған мәселе бойынша мол мәліметтер сақталған. Сондай-ақ, сол дәуірдегі мерзімді басылым беттерінде де құнды ақпараттар берілген.

Азамат соғысы жылдарында, басқа аймақтар сияқты, Сырдария қазақтарының да әлеуметтік жағдайы одан әрі асқына түскені айтпаса да белгілі. Бір жағынан, табиғи апат – жұт, екінші жағынан, саяси апат – азамат соғысы қатар келіп көшпелі, қарусыз қазақты қырғынға, босқыншылыққа ұшыратты. 1918 жылы Түркістанда сұрапыл аштық пен жұқпалы індет өршіді [17]. Сырдария қазақтары аштыққа алғашқылардың бірі болып ілікті. Тамақ табуға тырысқан қазақтар қолда бар дүниелерін арзан бағаға сатып, аман қалуға тырысты. Кенже балаларын сақтап қалуға тырысқан аш қазақтар ересек қыздарын қала базарларына апарып сата бастады.

Өлкедегі саяси билікті монополиялап алған орыс большевиктерінің қолында елді тығырықтан шығаратын нақты экономикалық бағдарлама болған жоқ. Кеңестердің оспадарсыз саясаты дағдарыстағы шаруашылықты одан әрі күйзелте түсті. Дағдарыс ең алдымен халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесінде айқын сезілді. Мысалы, XX ғасырдың басында Ресейдің мақта өсіретін отарына айналған Түркістан халқына өз астығы жетіспейтін. Астықтың көп бөлігі басқа аудандардан әкелінетін. 1915 жылы 12 млн. пұт астық сырттан жеткізілді [18]. 1917 жылы астық тапшылығы 46,5 мың пұт [19] болса, ал 1918 жылдың ортасында бұл көрсеткіш 60 млн. пұтқа жетті. 1917-1918 жылдары қатарынан екі жыл қайталанған қуаңшылық жағдайды одан әрі асқындыра түсті. Егістік көлемі күрт кеміді. 1915 жылы 3,5 млн. десятина [20] болған егіс көлемі 1916 жылы 3 млн. десятинаға дейін қысқарды, келесі 1917 жылы бұл мөлшер тағы да 400 мың десятинаға [21] құлдырады. Мақта егістігінің көлемі 1916 жылы 608 мың десятинадан 1918 жылы 80 мың десятинаға дейін кеміді [22]. Өлке тарихында бұрын-соңды осыншалық бүліншілік орын алмаған болатын. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін керекті күнделікті тұтыну заттары да үнемі еселеп қымбаттап отырды. 1914-ші жылмен салыстырғанда 1919 жылы ұн 20 есе, қант 25 есе, бір қорап сіріңке 350 есе, мата 100 есе қымбаттады [23].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде үлкен зардап шеккен мұсылмандар 1917 жылы басталған ашаршылыққа бірінші болып ілікті. 1918 жылы ашаршылық үдей түсті. Күн көрудің барлық көзінен айырылған халық баудай түсе бастады. Көшпелілер арасында өлім ересек тұрғындардың 30 пайызын қамтыса, ал кейбір аудандарда халықтың 75 пайызы қырылды [24].

Құрамына Түркістанның жергілікті халықтарының бірде-бір өкілі енгізілмеген Халық Комиссарлар Кеңесі мұсылмандар ортасындағы аштыққа немкеттілікпен қарады. Кеңес өкіметі Түркістанның мұсылман халықтарына ашығу мен аштан қырылудың «кең бостандығын» берді [25]. Кеңес үкіметінің азық-түлік бойынша 1918 жылдың күзіне дейін қабылдаған құжаттарында мәселенің ұлттық астары мүлдем ескерілмеді. Түркістанда азық-түлік саясаты Азық-түлік директориясы мен Азық-түлік халық комиссариаты арқылы іске асырылды. Бұл мекемелерде парақорлық пен азық-түлікті талан-таражға салу күнделікті құбылыс болатын. Мысалы, Азық-түлік халық комиссары Поваров 1918 жылы азық-түлікті талан-таражға салғаны үшін 5 жылға соталса

[26], ал келесі комиссар А. Казаков Түркістанның ашыққан халқы үшін Бұқарадан сатып алынған шәйді 3 млн. рубльге бұқаралық саудагерлерге қайта салып, ақшаны қымқырып кеткен деп айыпталынды [27]. Бірақ А. Казаков артынан Түрікатком төрағасы, яғни республика президенті болып сайланды.

Түркістандағы кеңестік билік мұсылмандарға екінші сортты халықтар ретінде қарады. Еуропалық революционерлер Түркістан мұсылмандарына қатысты экономикалық террор саясатын қолданды. Мысалы, 1917-1918 жылдардағы жұт пен қуаңшылықтан зардап шеккен Сырдария облысы Черняев уезі Байшұған болысының қазақтары 338 мың рубль жинастырып, Семей жәрмеңкесінен 2 450 қой, 21 жылқы және 5 түйе сатып алады. Түркістан қаласына жеткізілген малды жергілікті билік орындары тартып алып, Ташкент қалалық азық-түлік комитетінің қорына жібереді [28]. Түрікатком мүшелері 1918 жылы қыркүйекте Түркістан уезінің қазақтарынан 25 000 қой тартып алады [29]. М. Шоқай Түркістанда 1919 жылы 1914 жылғы 4,3 млн. жылқы мен сиырдың 3,7 млн. басы тартып алынғанын, 15 млн. бас қойдан не бәрі 2 млн. 116 мың тұяқ қалғанын, тартып алынған малдың 90 пайызы қазақтардікі екенін айтады [30].

Ашаршылыққа ұшыраған мұсылман халықтарының қасіретті жағдайын негізгі құрамы теміржолшылар мен келімсек мұжықтардан іріктелінген Қызыл армия бөлімдерінің сорақы іс-әрекеті асқындырып отырды. 1918 жылы қараша айында әскери комиссар К. Осипов басқарған бөлім бір жарым мың шаңырақтан тұратын халқы бар Созақ елді мекенін тонап, өртеді, барлық мүлікті қызыл әскер тиеп алып кетеді. Бұл мекеннің өлтірілген жергілікті тұрғындарының саны 1000 адамнан асып жығылды. Өліктер ит-құсқа жем болып өзен арналарында шашылып жатты [31]. Түркістанда отарлық саясаттың топырағынан нәр алған анархия орнады, орыс тұрғындары арасындағы әскери-тұтынушылық сипаттағы коммунизм үшін жергілікті түздік бұқара есебінен алғашқы қорлану [32] процесі жүргізілді.

Осындай ауыр кезеңде, Түркістанның мұсылман қайраткерлері қай саяси бағытты қолдауды білмей дағдарды, олардың бір бөлігі, әсіресе көзқарастары революцияға дейін либералдық-демократиялық бағытта қалыптасып үлгерген аға ұрпақ өкілдері кеңестік билікке қарсы күштерге қосылса, жастар жағы амалсыздан саяси билік пен әскери күшке ие болып отырған большевиктермен істесуге мәжбүр болады. Олар мұсылман жұртшылығын еуропалық коммунистер басқарып

отырған кеңестердің озбырлығынан қорғау, жаппай билік мекемелеріне өтіп, саясатқа ықпал ету тәсілін қабылдады. Сұрапыл ашаршылықтан қатты қырыла бастаған Түркістан мұсылмандарын құтқарып алудың жалғыз да тиімді жолы осы болатын. Бұл тәсілдің дұрыстығын жас қазақ қайраткері Т. Рысқұловтың басшылығымен 1918 жылы күзде құрылып, Түркістанның миллионнан аса мұсылмандарын өлім аузынан арашалап алған Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның тәжірибесі анық көрсетті.

1918 жылы көктемде кеңестер жағына шығып, Әулиеата уезіндегі ашаршылықты тоқтатқан Т. Рысқұлов сол жылы күзде Ташкент қаласында өткен Түркістан кеңестерінің VI съезінде Түрікатком құрамына еніп, республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалады. Комиссариаттың жұмысы қайта құрылып, негізгі күш мұсылмандар арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою ісін ұйымдастыруға, дәрігерлік көмекті дұрыс жолға қоюға жұмсалды. Комиссариаттың ашаршылыққа ұшырап, аурудан баудай түсіп жатқан жергілікті халықтың жағдайын жеңілдету мақсатында атқарған қызметі көптеген кедергілерге ұшырайды. Аштық жайлаған жерде оның салдары  ретінде тарайтын жұқпалы аурулармен күрес өз мақсатына жетпейтін. Бұл уақытта республикадағы аштардың саны 2 млн. адамға таяп қалған болатын, олардың негізгі бөлігін көшпелі халық құрады. Аштықпен күрес ісі тапсырылған комиссариаттың күш-қуаты мүлдем жеткіліксіз екені айқын болды. Сондықтан да, Т. Рысқұлов өзін комиссар қызметінен босатуды, Аштықпен күресетін Орталық Комиссия құрып, басшылыққа жіберуді өтінеді [33].

Түрікатком 1918 жылы 28 қарашада Аштықпен күресетін Орталық комиссия құру туралы № 91 бұйрық шығарады, онда Түркістанда ашаршылықтың кең тарап және ол негізінен мұсылман бұқарасын қамтып отырғаны, жергілікті халықтың тұрмысы мен экономикалық жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, шұғыл шаралар қолдану қажеттігі атап көрсетілді. Республиканың ашыққан халқына көмек беру ісі Азық-түлік, Жер шаруашылығы, Денсаулық сақтау, Қаржы, Темір жол, Халық шаруашылығының Орталық Кеңесі мен Отын ісін басқарушы өлкелік директория комиссарлары мен олардың өкілдеріне жүктелді. Осы саладағы барлық істерді жүйелендіру үшін Аштықпен күресетін Орталық Комиссия ұйымдастырылады. Комиссия төрағасы болып, өз қалауы бойынша комиссарлық қызметті тастап шыққан Түрікатком мүшесі Т.Рысқұлов тағайындалды [34].

Осылайша, Түркістанда азық-түлік мәселесіне қатынасы бар және аштықпен күресуге міндетті үш бірдей арнайы ұйым: Өлкелік Азық-түлік директориясы, Азық-түлік халық комиссариаты және Аштықпен күресетін Орталық Комиссия өмірге келеді. Бұл ұйымдардың алғашқылары Түркістандағы еуропалық қоныс аударушылардың мүддесі үшін жұмыс жасаса, соңғысы ашаршылыққа ұшырап, қырылып жатқан жергілікті халықтың мүддесі үшін күресті. Сонымен қатар, бұл аталған ұйымдардан басқа, негізгі мақсаты армия мен темір жолшыларды асырау болған, қолына шектеусіз құқықтар берілген арнайы азық-түлік ұйымдары да қызмет жасады.

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның жұмысы көптеген объективті қиыншылықтармен қатар, өзі тектес азық-түлік ісіне қатысы бар басқа ұйымдардың тарпынан жасалған қасақана іріткі салу әрекеттерінің салдарынан қиын жүрді. Жергілікті халықтарды аштықтан құтқару ісіне бұрын да құлық танытпаған бұл ұйымдар, енді Орталық Комиссияның құрылғанын сылтаурата бастады. Олардың бұл саясатын Т.Рысқұлов бірнеше рет сынға алып, аштықтың ауыртпалығы иығына түспегендердің әрекетсіздігін әшкереледі. Ол Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның ашаршылық әбден шегіне жеткен кезде ғана құрылғанын, ал аштарға адамдардың қалдығы деп қарамауды, тек сондай жағдайда ғана миллиондаған мұсылмандарды арашалап алуға болатындығын түсіндірумен болды [35]. Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның атқарып жатқан шараларына орталық және жергілікті атқару комитеттері ешқандай көмек көрсетпейтінін, оларды басқарып отырған революционерлердің шовинистік ауруға ұшырағанын ашына атап көрсетеді [36]. 1918 жылы 21 желтоқсанда Халық Комиссарлар Кеңесіне жіберген хатында ол Ходжент қалалық азық-түлік бөлімінің қатыгездігін сынға алады [37]. Бұл бөлім 1918 жылы ақпан-қыркүйек айларында ашыққан мұсылмандарға көмек көрсеткен едік деп Орталық Комиссиядан соның шығынын, яғни 341 445 рубльды қайтарып беруді талап еткен. Қоқан қаласында кәсіподақтардың жұмыссыз мүшелеріне азық-түлік ұлттық белгілеріне қарай таратылған: егер ол орыс болса 400 грамм нан 80 тиынға, ал мұсылмандар үшін 100 грамм нан 1 рубль 70 тиынға сатылған [38]. Орыс тұрғындарын азық-түлікпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету үшін түрліше аярлықтарға барған жергілікті азық-түлік бөлімдері асқынған шовинизмнің үлгісін көрсетті. Азық-түлік олардың арасында: бір жағынан, азық-түлік бөлімдері тарапынан, екінші жағынан, кәсіподақ ұйымдары арқылы таратылып, орыс тұрғындарының

екі есе үстеме азық-түлік алуы қамтамасыз етілген [39]. Барлық жерлерде Азық-түлік директория-сының бөлімдері құрылып, олардың қызметі қышлақтарды тонаудың үлгілі әдісіне айналды. Азық-түлік бөлімдерінің қолында ешқандай нақты деректер болмады. Халықтан алынатын салықтың мөлшерін әркім өзінше белгілейтін [40]. Мысалы, 1917-1918 жылдардағы үлкен құрбандықтарға ұшыраған Әулиеата халқына салынатын салықтың мөлшері 1917 жылы жүргізілген ауыл шаруашылығы санағы деректеріне сүйеніп белгіленген, ал бұл кезде халықтың бір бөлігі қырылып, қалғаны қайыршыланып үлгерген болатын. Уезд халқына салынатын 5 млн. сом үстеме салықтың жиналуы тұрғындарды ең соңғы күн көріс көзінен айыратын. 1918 жылы 25 қарашада өткен үкімет мәжілісі Орталық Комиссияның талап етуімен бұл салықты заңсыз деп жариялауға мәжбүр болады [41].

Түрікатком мен Халық Комиссарлар Кеңесі Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның талабынан кейін, комиссия қорына республикалық бюджеттен қаржы бөлуге мәжбүр болады [42]. Орталық Комиссияның ұйымдастырылуының өзі – дені дұрыс құбылыс емес еді, өйткені үкіметтің құрамында аштықпен күресуге міндетті экономикалық органдар бола тұра, мұсылман жастары аштықпен күресетін ерекше комиссия құруға мәжбүр болды. Комиссияға үстеме бағамен астық сатып алу үшін базарға жұмсалатын құнсызданған қағаз ақша бөлінді, тұрақты бағаға алудың мүмкіндігі жоқ еді, өйткені Азық-түлік директориясы тұрақты бағаға астық босатудан бас тартты [43]. Ал, бұл уақытта республика базарларында бағаның қымбаттаушылығы шегіне жеткен еді, мысалы, 1918 жылы 22 желтоқсанда оның көрсеткіші мынандай болды (1 кг есебімен алғанда): бидай – 120 рубль, 1-ші сортты бидай ұны – 230 рубль, күріш – 85 рубль, жүгері – 40 рубль, және жүгері ұны – 60 рубль [44].

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның облыстар мен уездерде, болыстар мен қалаларда жергілікті бөлімшелері ашылып, олардың басына сауатты мамандар отырғызылды [45]. Ал, комиссияның қызметіне қарсылық жасаған, іске жауапсыздықпен қараған қалалық, уездік комиссиялардың қызметкерлері орындарынан алынды [46]. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия істің шын барысымен жан-жақты, тиянақты таныса келе, аштықпен күресудің мүмкін болған барлық шараларының жоспарын жасайды. Комиссияның жұмысы мынандай бағыттарды қамтыды: республика көлемінде ашыққан халыққа жедел көмек ұйымдастыру үшін арнайы қоғамдық

тамақтандыру орындары мен жетім балалар үйлерін ашу, оларға дәрігерлік көмек ұйымдастыру; Азық-түлік директориясымен бірлесе отырып қоғамдық тамақтандыру орындарын етпен, нанмен және басқа да азық-түліктермен қамтамасыз ету; ұсақ таулары өнеркәсіп орындарын: тоқыма, етікшілік, аспаздық, жібек пілләсі, қағаз және қолөнер шаруашылықтарын жандандыру; отырықшы халықтың егіншілікпен шұғылдануы үшін мемлекеттік қордан жер үлесін беріп, егіншілер коммунасын ұйымдастыру және оларды ауыл шаруашылығы құрал-саймандарымен, тұқыммен жабдықтау; көшпелі халыққа мал шаруашылығын қалпына келтіруге мүмкіндіктер ашу; қоғамдық тамақтандыру орындарында әлдене бастаған аштардың еңбекке жарамдыларын экономикалық ұйымдардың көмегімен түрліше қоғамдық жұмыстарға: жолдар салу, суландыру жүйелерін қалпына келтіру, отын даярлау, құрылыстар жүргізу және т. б. жұмыстарға тарту [47].

Бекітілген жоспарды іске асыру үшін арпалыс күрес басталды. Комиссияның қатты көңіл бөлген мәселесі – жас ұрпақты аштықтан аман құтқарып қалу болды. Республиканың ашыққан, ауруға шалдыққан қорғансыз жетім балалары үшін мемлекеттің арнайы қамқорлығында болатын балалар үйлерін ашуды ұйымдастыру туралы ереже даярланды [48]. Республикадағы әрбір ірі елді мекендер мен қалаларда, қоғамдық тамақтандыру орындарында аш және ауру балалар үшін баспаналар босатып берілді. Мүмкін болған дәрігерлік көмек пен азық-түліктің бала асқазанына құнарлы бөлігі ең алдымен балалар үйіне жеткізіліп отырылды. Бұл үйлерге бөлінген азық-түлік пен дәрі-дәрмекті талан-таражға түсірушілерге қатаң жаза қолданылды. Қолда бар мақта мен жүннен тоқылған киім-кешектің тәуірі балаларға берілді. Комиссия бала өмірін арашалап қалу жолында жан аямай арпалысты, бұл мақсатқа кедергі келтіруші кез келген ұйымға қарсы ымырасыз күрес жарияланды. Мысалы, Түрікатком жанындағы Тұрмыстық баспана басқармасының 1919 жылғы 17 ақпандағы № 966-шы кепілдемесі бойынша, Ташкент қаласының Қашқар көшесіндегі № 8 үй жетім балаларды орналастыруы үшін Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға берілген болатын. Бірақ аталған үйге Закаспий майданының бөлімшесі орналасып алады. Республикасының әскери комиссариатына жолданған шағымның нәтиже бермеуі мәселені тікелей Түрікатком алдына қоюға мәжбүр етті [49].

Аштықпен күресетін Комиссия ашыққандарға азық-түлік жағынан көмектесумен қатар, бір мезгілде ауруларды емдеп, дәрігерлік көмек

беру ісін де ұйымдастырды. 1919 жылы 4 қаңтарда Денсаулық сақтау комиссариаты жанындағы дәрігерлік коллегия-ның мәжілісінде Т.Рысқұлов осы мәселе бойынша баяндама жасайды. Баяндама бойынша қаулы қабылдап, әрбір қоғамдық тамақтандыру орындарында жергілікті дәрігерлердің тұрақты жұмыс істеуі талап етілді. Ал, дәрігер жетіспейтін аудандарға комиссариат қарамағындағы және қалаларда шоғырланған ауруханалардың қызметкерлері жіберілді [50].

1919 жылы 12 ақпанда Аштықпен күресетін Орталық Комиссия Революциялық-әскери кеңеске темір жол бойындағы бекеттер мен елді мекендерде аштардың үлкен топтары шоғырланып қалғанын, олардың арасында жұқпалы аурулардың жаппай етек ала бастауына байланысты қатты алаңдаушылық білдіріп хат жолдайды. Тез арада бір дәрігерлік және екі емдеу пойыздарын жабдықтап, оларды темір жол бойымен аталған бекеттерге жөнелту үшін, республиканың Темір жолдар басқармасына ықпал етуді өтінеді. Т.Рысқұлов дәрігерлік пойыздың басшылығына Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның өкілетті өкілі С. Асфендиаровтың тағайындалатынын, оның қолына темір жолдар бойында кезекшілікте жүрген кез келген паровозды пайдалану құқығы берілетінін мәлімдейді [51]. Арнайы дәрігерлік пойыздың Ташкент-Қоқан-Өндіжан-Наманган және Ташкент-Черняев-Түркістан-Перовск-Қазалы бағыттарында қозғалу кестесі даярланды. Бұл пойыздарға темір жол бойындағы бекеттерге шоғырланып қалған аштарды жинап, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуден соң таяу маңдағы қоғамдық тамақтандыру орындарына жеткізу міндеті жүктелді. Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға бұл істе де Темір жолдар басқармасы қызметкерлерінің асқынған шовинизмі мен қойыртпақ бюрократизміне қарсы күресуге тура келді. Өйткені олар, барынша парасатты да қайырымды іске, яғни аштар мен ауруларды жинап, емдеуге бөлінген вагондарды пайдаланғаны үшін ақша төлеуді талап етіп отырып алады [52]. Ақша алу істің мағынасыз күрделенуі болып табылады, өйткені мемлекеттің кассасынан алынған, адамдарды аштықтан құтқару сияқты қасиетті іске бөлінген ақшаны қайтадан сол кассаға жіберу қажет болады. Мұншалықты дәрежедегі қатыгездікке жаны ауырған Т.Рысқұлов Уақытша Революциялық-әскери кеңеске хат жазып, Темір жолдар басқармасының бұл ісіне тыйым салғызды [53].

1919 жылы 2 қаңтарда Азық-түлік директориясының мәжілісінде Т.Рысқұлов аштыққа қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін артыру үшін Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның құзырына

кеңірек құқықтар берілуін талап етеді. Азық-түлік директориясының жүргізіп отырған саясаты айыпталынды. Мәжіліс қабылдаған қаулыда Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның талаптары толығымен ескерілді: а) Өлкелік Азық-түлік директориясы, делінген қаулыда, Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға қажетті азық-түліктің мүмкін болған мөлшерін бөлуге міндеттенеді; б) Азық-түлік директориясы Аштықпен күресетін Орталық Комиссия қорына астыққа айырбастап алуы үшін мүмкін болған тауар мөлшерін бөлуге міндеттенеді; в) Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға төтенше жағдайда Азық-түлік директориясынан азық-түліктердің 4 пұттық (тіркелген аш адам басына) бөлінуін талап ету құқығы беріледі; г) Азық-түлік директориясы Аштықпен күресетін Орталық Комиссия даярлаған азық-түліктерді қоғамдық тамақтандыру орындарына жеткізіп алу үшін көлік жағынан көмектесуге міндеттенеді; е) Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға азық-түлік қорын өз бетінше даярлау құқығы беріледі; ж) Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның саудагерлерге, байларға, ауқатты адамдарға азық-түлік салығын салуына Азық-түлік директориясы кедергі келтірмейді [54].

Республиканы жайлаған сұрапыл ашаршылыққа немқұрайды қарап отырған Азық-түлік директориясының саясатын үздіксіз әшкерелеп отырған Т. Рысқұлов 1919 жылы 31 қаңтарда Азық-түлік комиссарына хат жазып, Азық-түлік директориясының аярлығын бетіне басу үшін оның азық-түлік қоймаларының орналасқан жері мен олардағы азық-түлік қорының жалпы мөлшерін анықтауға көмек беруін өтінді [55]. Бірақ қанағаттанарлық мәлімет алынбады. Азық-түлік комиссариаты сыбайласы ретінде Азық-түлік директориясының құпиясын әшкерелеуге құлықсыздық танытады.

Республиканың түрліше комиссариаты мен кеңес мекемелерінің аштықпен күрес ісіне немқұрайлы қарағаны соншалық, Т.Рысқұловтың талап етуімен Революциялық-әскери кеңес 1919 жылы 3 ақпанда барлық облыстық, уездік, қалалық және аудандық кеңестерге арналған № 17 бұйрығын [56] жариялауға мәжбүр болады. Бұйрықта жергілікті кеңестердің республиканы жайлаған сұрапыл аштықпен күреске немқұрайлы қарап отырғаны ескертіліп, бұл бағыттағы жұмыстардың табысты жүргізілуі үшін төмендегі шаралардың орындалуы талап етілді: аштықпен күрес ісінің барлық дәрежедегі кеңестер үшін кезек күттірмейтін іс ретінде танылуы; азық-түлік қорының ұлттар арасында теңдей бөлінуі; азық-түлік бөлімдерінің қызметі ай сайын тексеру

комиссиялары арқылы қадағаланып, қорытындысының Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға үздіксіз мәлімделініп отырылуы; іске кесір келтіріп, қызмет бабында қылмысты болғандардың жауапкершілікке тартылуы; жоғарыда аталған талаптардың орындалу жауапкершілігінің кеңес төрағаларына тікелей жүктелетіндігі ескертілді. Бірақ, өкінішке орай, үлкен үміт артылған бұл бұйрықтың іс жүзіне асырыла қалатыны күмән тудырды. Өйткені, Түрікаткомның аталған бұйрықтан бірде кемдігі болмаған 1918 жылғы 28 қарашадағы № 91-ші [57] және 30 желтоқсандағы №116-шы [58] бұйрықтарынан нәтиже шыға қоймағаны барлығына да мәлім болатын. Ал, Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға қалыптасқан саяси ахуалда босаңдық таныту – құрып бітумен тең екені айқындалды да, еңсені басар, жігерді жасытар психологиялық жағдайда жүріп, өз құрамына жергілікті халықтың отаншыл жастарын топтастыру арқылы аштыққа қарсы күресті жандандыра түсті.

Бұқара халық қатты ашығып жатқан кезде тұрғындардың ауқатты бөлігі оны сезіне қоймады. Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның қолындағы құнсызданған қағаз ақшаға олар артық астығын сатудан бас тартады. Сондықтан да, Аштықпен күресетін Орталық Комиссия 1919 жылы қаңтар айында Түрікаткомнан тұрғындардың ауқатты бөліктеріндегі артық астықты 10 пайыздық салық салу жолымен тартып алу шарасын қолдануды талап етеді [59]. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия бұл талабын 1919 жылы 12 ақпанда өткен Революциялық-әскери кеңес пен Түрікаткомның біріккен мәжілісінде тағы да қайталайды. Ашаршылыққа ұшыраған халықтың пайдасына ауқатты адамдардан заттай салық алу туралы бұйрықтың жариялануы тиіс екенін атап көрсетті [60]. Бірақ бұл әділетті талапты Революциялық-әскери кеңес төрағасы А. Казаков қабылдатпай тастады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жеңіске ұшырағаннан кейін жазалаудан ығысып Қытайға ауған босқындардың туған жеріне оралуына Аштықпен күресетін Орталық Комиссия үлкен қолғабыс көрсетті. Босқындар – ашыққан, ауруға шалдыққан, барлық малы мен күнкөріс көзінен айырылған жүздеген мың адамдар тобы болатын. Олар үшін арнайы ауруханалар мен асханалар ашылды, дәрігерлік көмек көрсетілді. Еңбекке жарамдылары жұмысқа орналастырылып, шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін материалдық көмек көрсетілді.

Аштықпен күресетін Орталық Комиссия аштарды жұмысқа орналастыру мәселесімен де тығыз шұғылданды. Голодностепь,

Ташкент, Перовск, Әулиеата және Черняев уездеріндегі ескі суландыру жүйелерін жөндеуден өткізу және жаңадан салу жұмыстарына 1919 жылдың ақпан айынан бастап күнбе-күн 137 520 адамды тарту көзделді. Оларды тамақтандыру үшін 78 187 пұт ұн, 6 951 пұт күріш, 13 913 пұт ет және 1 849 пұт мейіз бөлінді. Атқарылар жұмыстың көлемі 15 812 000 рубль мөлшерінде белгіленді [61]. Халық шаруашылығы Орталық Кеңесінің 1919 жылы 7 ақпанда өткен мәжілісінде Т.Рысқұлов ашыққандар үшін кәсіптік шеберханалар ашудың барысы жайлы баяндама жасайды [62].

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның ерекше көңіл бөлген мәселесінің бірі – көктемгі егістікке даярлық барысы болды. 1919 жылы 18 ақпанда өткен Жер шаруашылығы комиссариаты жанындағы коллегия мәжілісінде Т.Рысқұлов көктемгі егіс туралы хабарлама жасады. 1919 жылғы көктемгі егіс науқаны кезінде ашаршылыққа ұшыраған халық үшін арнайы егілетін егіс алқабы: Сырдария облысы бойынша – 25 000 десятина, оның ішінде – Ташкент уезінде – 12 000 десятина, Черняев және Түркістан уездерінде – 6 000, Қазалы уезінде – 2 000, Әулиеата уезінде – 5 000, Самарқан облысы бойынша – 22 000, Ферғана облысы бойынша – 26 000, Жетісу облысы бойынша – 22 000, ал Закаспий облысын есептемей, жалпы алғанда республиканың барлық облыстары мен уездерінде 100 000 десятинаға дейін мөлшерленді. Аталған көлемдегі егістік алқабын өңдеу үшін көп көлемде ауыл шаруашылығы еңбек құралдары мен күш-көлік қажет болатын. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия 1919 жылдың наурыз-қазан айлары аралығында атқарылар ауыл шаруашылығы жұмыстарына жұмсалар қаржы мөлшері 303 580 000 рубль болатынын есептеп шығады [63]. Аштыққа ұшыраған үшін бөлінетін 100 000 десятина егіс алқабына: 100 мың пұт бидай, 80 мың пұт тары, 40 мың пұт жүгері және 190 мың пұт басқа да дәнді дақылдар егілетіні жоспарланды [64]. Коллегия Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның есебін [65] талқылай келе, егілетін 100 000 десятина егістік үшін 37 млн. рубль қаржы бөлу туралы қаулы қабылдайды. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия бұл қаржының аздығына наразылық білдіреді. Миллиондаған аштар үшін 2 млн. десятина егістік жер өңделіп, себілуі қажет болғанымен де, бірақ дәл қазір мұншалықты көлемдегі істі ұйымдастыруға уақыт тапшы, сондықтан да ағымдағы жылы республиканың 4 облысында не бәрі 100 000 десятина егістік көлемін өңдеп, егумен ғана шектелу жоспарланған [66]. Коллегия мүшелерінің пайымдауымен 1 десятина

егістік үшін жұмсалар шығын 3 700 рубльге, ал 1 пұт астықтың өзіндік құны 67 рубльге теңгерілді. 100 мың десятина егіс алқабынан алынар астық 5,5 млн. пұт болған жағдайда, әр аш адамға шаққанда 6 пұт астық алынады делінді [67]. Аштыққа ұшырағандардың жан басына келер 6 пұт астық, егер ол мүмкін болып, жоспарға сәйкес жинап алынған жағдайдың өзінде де, мәселені тіпті де шешпейтін, бұл көрсеткіш келер жылдың қысы тағы да аштарды құтқару жолындағы арпалыс күреспен өтуі қаупінен хабар беретін.

Келешекте қайталануы мүмкін қасіретті болдырмау мақсатында мұсылман қайраткерлері аштар үшін ұйымдастырылып жатқан егістік жұмыстарына бөлінер қаржыны көбейту үшін қажырлы күрес жүргізді. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия өз талабын Революциялық-әскери кеңес, Халық Комиссарлар Кеңесі және Халық шаруашылығы Орталық Кеңесі мәжілістерінде бірнеше дүркін қайталап қояды. 1919 жылы 11 наурызда Халық Комиссарлар Кеңесі көктемгі егістік үшін бөлінер қаржының мөлшерін 110 млн. сомға дейін өсіреді [68].

1919 жылы наурыз айында өткен Халық шаруашылығы Орталық Кеңесінің пленумы Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның ашаршылыққа ұшырағандардың көмегімен мемлекеттік астық егістігін ұйымдастыру мәселесі бойынша жасаған баяндамасын талқылай келе, мемлекеттік астық егістігі жұмыстарын ұйымдастыруды үш ұйымға: а) жарамды, суармалы егіс алқабын анықтап, техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге міндетті Жер шаруашылығы комиссариатына; б) тұқыммен қамтамасыз етуге міндетті өлкелік Азық-түлік директориясына; в) егістік аудандарын белгілеп, жұмыссыз аштардың арасынан жұмыс қолын іріктеуге міндетті Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға жүктелетіндігі туралы қаулы қабылдайды [69].

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның табандылығымен республиканың жоғарғы басқару ұйымдарына қабылдатқан осындай шешімдерге қарамай, кейбір жергілікті билік орындары мұндай маңызды іске немкеттілік танытқан. Мысалы, Әндіжан уездік кеңесінің жер шаруашылығы бөлімі аштыққа ұшырағандар үшін бөлінуі тиісті 6 000 десятина егіс алқабын беруден бас тартады. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия Жер шаруашылығы комиссариатына хат жазып, уездік кеңестің бұл ісі бірлескен қаулыға қайшы келетінін және одан бөлінуі тиісті егіс алқабын анықтап, қажетті мөлшерде еңбек құралдары мен тұқым босатуын талап ету қажеттігін ескертеді [70]. Ал, сол жылы

20 наурызда Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға жолдаған жеделхатында Перовск уездік атқару комитетінің төрағасы И. Гержод ашыққандар үшін егілуі тиіс 3 000 десятина егіс алқабы үшін жауап бермейтінін мәлімдеген [71].

Шовинистік биліктің қолдан ұйымдастырған кедергілерін жеңе отырып, Аштықпен күресетін Орталық Комиссия көктемгі егістік жұмыстарына үлкен көңіл бөлді, өйткені республикаға сырт аймақтардан жеткізілер астыққа сенім жоқ еді. Азық-түлік директориясы әзірлеген жоспар бойынша 1919 жылы республикада себілер астық егісінің көлемі 1 568 мың десятина болатыны, ал жиналар астық өнімінің мөлшері 35 млн. пұтқа жететіні атап көрсетілген [72]. Бұл республика халқына қажетті, жан басына 19-22 пұттан, барлығы 96 млн. пұт астықтың тек 40 пайызын ғана толтыра алатын, ал қажетті астықтың басым бөлігі, яғни 61 млн. пұт астық тағы да республикадағы басқа аймақтардан жеткізілуге тиіс еді [73].

1919 жылы наурызда, Түркістан кеңестерінің төтенше VII съезінде Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның төрт айлық қызметі талқыланды [74]. Түркістан халқының сұрапыл аштыққа ұшырап, қатты қырылуына монархиялы биліктің отарлық саясаты мен орыс революционерлерінің шовинистік саясаты басты себеп болғандығы ашық атап көрсетілді [75]. Кеңес үкіметінің азық-түлік саясатын іске асырушы Азық-түлік директориясының қатыгез саясаты сынға алынды [76]. Азық-түлік директориясы мен Азық-түлік комиссариатының атқаруға тиісті ісін Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның өз мойнына алуына тура келді. Съезде жасалған Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның баяндамасы делегаттар арасында өткір саяси пікірталас тудырды. Баяндама «мұсылман еңбекшілерінің үні» [77], ретінде бағаланды. Үлкен мүмкіндіктер мен күшке ие болып отырған Азық-түлік директориясы ашаршылыққа ұшыраған мұсылман халқына көмектесуге міндетті болатын. Бірақ бұл ұйымның әрекетсіздігі Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның қызметіне қол байлау болды. Республикасының ресми азық-түлік ұйымдары қалалардың еуропалық тұрғындары мен армияны асыраудан аспады, ал республиканың ашаршылыққа ұшырап, қырылып жатқан жергілікті халықтары осы мақсатты орындау үшін материалдық қанау объектісі ретінде танылған болатын. Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның жанкешті күресіне жеткілікті қолдау көрсетіліп, аштықпен күрес ісі республиканың барлық экономикалық органдарының қатысуымен

мемлекеттік тұрғыдан жүргізілгенде, жазықсыз отап болған жүздеген мың адамның өмірін арашалап қалуға толық мүмкіндіктер бар еді.

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның белсенді қызметінің арқасында Түркістанда 1200-дей қоғамдық тамақтандыру орындары мен асханалар ашылды. Қоғамдық тамақтандыру орындарында 1918 жылы күзде 3 млн. адам (қайыра тамақтандыруды есептегенде), 1919 жылдың 5 айы ішінде 32 млн. адам тамақтандырылды. Төніп тұрған ажал тырнағынан статистикалық деректердің мәліметінше тура 1 000 000-ға дейін адам құтқарылды [78].

1917-1919 жылдар аралығында Сырдария облысының Перовск уездінде ең сорақы жағдай орын алған болатын. Бұл төңкерістен кейін Перовск уездік кеңесінің төрағасы болған И. Гержодтың атымен тікелей байланысты. И. Гержод өзін «Перовск патшасы» деп жариялап, екі жылдай уезд қазақтарына адам айтқысыз залымдық пен озбырлық жасады. Азамат соғысы кезінде өзі де аса қатыгездігімен көзге түскен белгі революционер Г. Сафаров И. Гержодтың қылмыстарын естігенде қатты шошынып, былай деп жазған: «Перовскіде Гержод деген отырды. Одан тұтас бір халық – қазақтар үдере көшті. Бұл үдере көшу кезінде мыңдаған адам қырылды» [79].

Уезде қалыптасқан жағдай туралы шағымдар Сырдария облыстық кеңесі мен Түркістан басшыларына үнемі келіп жатқанымен, құрамында бірде-бір мұсылман өкілі болмаған республика басшылығы «Гержод қырғынын» тоқтатуға еш әрекет жасамады. Ташкентке жолданған сондай хаттардың бірі – перовскілік азаматтар Р. Балтабаев пен А. Миридвановтың 1918 жылы 20 мамырда Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесіне жолдаған шағым хаты болатын [80]. Хатпен Түркістан үкіметі 1918 жылы 11 маусымда танысқан, бірақ ешқандай шара қолданбаған, керісінше үкімет жанындағы Ақпарат бюросы Перовск уездінің жағдайы туралы 1918 жылы 11 шілдеде Түрікаткомға жолдаған № 76 хабарламасында «уездегі кеңес ұйымдарының қызметі тамаша өтіп жатыр» [81] мәлімдейді.

Алайда қырғынды мүлдем жасырып қалу мүмкін емес еді. Сырдария кеңесі төрағасының міндетін атқарушы облыстық комиссар Толкачев 1918 жылы 26 маусымда Түрікаткомға жолдаған «Перовск уездінің жағдайы» атты құпия мәлімдемесінде «уездің кейбір болыстарында қазақтардың төрт түлік малы 80 пайызға дейін қырылғандығын» [82] мойындауға мәжбүр болған. 1917 жылы алынған статистикалық деректердің мәліметі бойынша Перовск

уезінде барлығы 833 491 мал басы болған болса, ал 1918 жылдың соңында осыдан 100 000-ға жетпейтін мөлшері ғана қалған [83]. И. Гержод саясатынан бас сауғалап қашқан «ашыққан халық темір жол бойымен Ақтөбеге қарай жөңкіліп, онда түрлі аурулардан зардап шегіп, қырылды» [84]. 1918 жылы 7 маусымда И. Гержод Сарысу бойындағы қазақтардан 1600 түйені ер-тұрмандарымен тәркілеу туралы қаулы шығарады [85]. Үкіметтің астық монополиясы туралы № 160 қаулысы жарияланған кезде И. Гержод ол қаулының тек артық астығы бар орыс кулактарына ғана қатысы бар екендігіне қарамай-ақ, уездің астық екпейтін қазақтарынан астық салығын тапсыруды талап етеді. Көшпелілер бұйрықты орындау үшін қолдарындағы болмашы малды орыс кулактарына арзан бағаға айырбастап, астық салығын тапсыруға мәжбүр болады [86].

Ташкент қалалық партия ұйымының мүшесі С. Иоффе 1918 жылы 14 желтоқсанда Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары К. Успенскийге «Гержод қырғыны» бойынша мынадай мазмұндағы хат жолдаған: «Перовск қаласының 1918 жылғы қыркүйек айына дейінге тұрғыны ретінде мен Түрікаткомға Перовск кеңесінің, жекеше алғанда оның төрағасы Гержодтың озбырлығы туралы мәлімдеуді өзімнің парызым деп санаймын...Жеке өзі билеп-төстеп отырған адамдардың үстінен жүргізіп келген, көбіне-көп адамгершіліктен жұрдай қанішерлегі оның негізгі қасиеті болып табылады...Қазан төңкерісінен соң Гержод сахнаға шығып, алғашында Перовск кеңесінің мүшесі, ал қысқа мерзімнен соң оның төрағасы болып алды. Осы уақыттан бастап Перовскідегі өмір күрт өзгеріп, ал бұрынғы бейбіт қалашықтан нағыз қантөгістің орталығына айналды...Перовскіде тонаудан түк те айырмашылығы болмаған салық жинау басталды. Қолөнершілерге түнделетіп келіп, олардың бүкіл заттары мен бұйымдарын тартып алады. Перовск кеңесі тігіншілерімен, етекшілермен, колбаса өндірушілермен кескілескен тап күресін жүргізді. Өз көзімен көрген жолдастардың айтуынша, қазақ ауылдарында салық жинау мынадай сипатта өткен: Перовск кеңесі аттандырған шағын қарулы отрядтар ауыл тұрғындарын қырып-жойып, қазақтардың ең соңғы киіз, ең ақырғы пұт астығын тартып алады. Қарсыласқандарды не табанда атады, не өлімші етіп сабап кетеді. Қорытындысында Перовск уезінің қазақтары үдере ауып кетті...Гержод пен оның қарақшыларының қылмыстарын әшкерелемек болған аз-кем батыл адамдарды тұтқындап, түрмеге жауып тастады, ал қалғандарын қаладан қуып, бостырып жіберді...Кейбір жолдастардың,

мысалы Перовск кеңесінің ең алғашқы төрағасы болған, артынан Гержод түрмесінде 10 ай отырып, денсаулығы мығым адамнан өлексеге айналған Шилловтың айтуынша, Перовск түрмесіне қамалғандарды қорлап, адам айтқысыз айуандықпен сабайтын болған...Міне, Перовск халқына басында Гержод пен оның сыбайластары отырған кеңес өкіметі тұсында осылай өмір сүруге тура келіп тұр, олар халыққа қарсы жүргізген қатыгездектері мен тағылықтарын арқылы патша әкімдерінен де асып түсті» [87].

И. Гержод билеп-төстеген уездің демографиялық ахуалына көз салсақ, революциядан кейінгі екі жыл ішінде Сырдария облысында болып өткен саяси процестердің мәні ашыла түсері хақ. Мысалы, құрамына Перовск уезі кірген Сырдария облысында 1895 жылы 1 366 154 адам тұрған еді, 1910 жылы Түркістан Статистикалық комитеті – 1 506 314 тұрғынды есепке алады [88]. 1917 жылы жүргізілген ауыл шаруашылық санағында облыста 2 155 000 адам [89], ал 1918 жылы Азық-түлік директориясының есебінде 2 210 641 адам тіркелген [90]. Ал, Түркістан Статистикалық басқармасы өткізген 1920 жылғы халық санағында Сырдария облысының халқы 1 305 000 адамды құрайтыны анықталады. Облыс халқы революциядан соңғы 2-3 жыл ішінде өз құрамының 35-40 пайызын жоғалтып, 905 641 адамынан айырылды [91]. Демографиялық апатқа ұшыраған негізгі аудандар қазақ көшпелілері орналасқан Перовск, Қазалы, Түркістан, Черняев және Әулиеата уездері болды. Осы қырғынның басында тұрған И. Гержод сияқтылардың билігін Перовск қазақтары қарақшы билік деп санады [92].

Түркістанның орыс большевиктері үшін бұл кезде маңызды сала – ұлт мәселесі емес, отын мәселесі болатын. Отынға деген сұраныс Сырдария облысының Түркістан, Перовск, Қазалы уездерінде жиналатын сексеуіл есебінен өтеліп отырды. Сексеуіл өндірісі Перовск әуезінде де ең маңызды орынға шығады. Сексеуіл шаруашылығында еңбек ететіндердің дені жергілікті қазақтар болды. 1919 жылы жаз айларында Перовск уезінің сексеуіл шаруашылықтарында 4000-нан астам қазақтар жұмыс істеді [93]. Сексеуіл мәселесі үкіметтің 1919 жылы 20 маусымдағы мәжілісінде арнайы қаралады. Мәжілісте Перовск уезінде сексеуіл өндірісінің күрт нашарлап кеткенін, оған И. Гержодтың қазақтарға қатысты оспадарсыз саясатының себепші болып отырғаны айтылады. Бұрын уездегі 7 темір жол станциясында әр күні 30 вагоннан 200 вагонға дейін сексеуіл даярланатын болса, енді қазақтардың босып кетуіне байланысты бүкіл уезд бойынша күніне не

бары 25-40 вагон ғана сексеуіл даярланатын болған [94]. И. Гержодтың тәркілеу саясатынан қашқан қазақтар Ақтөбе, Торғай, Атбасар, Бұқара бағытында босып кеткені, сондықтан да жұмысшыларды ет тағамдарымен қамтамасыз ету мүмкін болмай қалғаны хабарланады. Отын директориясының бастығы жағдайды тұрақтандыру үшін И. Гержодты тұтқындау қажеттегін сұрайды [95]. Үкімет мүшесі Барский И. Гержодтың қылмыстары өздеріне жақсы мәлім екендегін, Ташкентке талай рет шақыртылғанын, бірақ оның үкімет бұйрығын құлағына да ілмегенін айтып шағымданады. И. Гержод мәселесімен Ішкі істер, Әділет комиссариаттары да айналысып ештеңе бітіре алмағандығы, И. Гержод өкілдердің мандаттарын жыртып, оларды Перовск түрмесіне қамап тастағандығы анықталады. Түркістан майданы Революциялық-әскери кеңесінің өкілі де И. Гержодты Ташкентке арнайы шақыртып келтіре алмағандығын айтып шағымданады [96]. И. Гержод саясатынан қырылған қазақтардың жағдайы емес, сексеуіл өндірісінің құлдырап кеткені жандарына батқан үкімет И. Гержодты орнынан алып, Ташкентке шақырту туралы қаулы қабылдайы [97]. Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы К. Сорокин 1919 жылғы 8 тамызда И. Гержодты тұтқындап, Ташкентке жеткізу туралы үкіметтің № 3994 бұйрығын жариялайды [97]. Үкімет төрағасының бұйрығымен танысқан И. Гержод комиссияны Перовскіден қуып жібереді.

1919 жылы жазда Т.Рысқұлов Мұсбюро құрып, нығайту жұмыстарын аяқтағаннан кейін, «Гержод ісін» шешу үшін, алдымен оны қолдап отырған билік басындағы өздерін «ескі коммунистерміз» деп есептейтін шовинистік топты талқандауды қолға алады. Мұсбюроның талап етумен 1919 жылы 18-19 қазанда «Гержод ісі» бойынша жаңа комиссия ұйымдастырылады. Комиссия төрағасы болып Мұсбюро мүшесі Ибрагимов тағайындалады [98]. Перовск уезін тексеруден өткізген комиссия төрағасы Ибрагимов 1919 жылы 31 қазанда Мұсбюроға жолдаған хатында былай деп атап көрсетеді: «Жәбір мен зорлық-зомбылық көрген қазақтардың жағдайы өте жаман. Олар қалаға келіп комиссияға шағымдана да алмайды, өйткені оларды Геродоттың адамдары ұстап алып, қуып жібереді. Оларды комиссия кеткен соң жазаға тартатындарын айтып қорқытып қойған. Көптеген кеселерге өтірік айыптар тағылып, жалған жалалар жабылған...И. Гержод Перовск ұйымын қорқытып, өзенің кінәлі емес екендіге туралы қаулы қабылдатып алыпты. Қалған материалдардың барлығын өртетіп жіберген...» [99].

1919 жылы 27 желтоқсанда И. Гержод пен сыбайластарының үстінен қылмысты іс ашып, И. Гержодты (Перовск атқару комитетінің

бұрынғы төрағасы) контрибуциялық ақшаны қымқырғаны, пара алғаны, қуғын-сүргін ұйымдастырғаны, заңсыз тәркілеу жүргізіп, алым-салық жинағаны, заңсыз тұтқындаулары, заңсыз атулары және жеке-дара билеп-төстегені үшін; Трефиловті (уездік партия комитетінің бұрынғы төрағасы) заңсыз тәрккілеулері, тәркілеген мүлікті қымқырғаны, қазақтарды сотсыз атқаны үшін; Архиповты (уездік төтенше комиссияның (ЧК) бұрынғы бастығы) заңсыз алым-салық жинағаны, қазақ қыздарын зорлағаны үшін; Дворцовты (аштықпен күресетін уездік комитеттің бұрынғы бастығы) тәркіленген матаны жымқырғаны, заңсыз тәркілегені, тұтқындарды азаптағаны үшін; Миреевті (атқару комитетінің бұрынғы іс басқарушысы) өз қарсыластарын паракор деп айыптап, түрмеге жабу үшін жалған құжаттар жасағаны және т.б. үшін; Никитинді (уездік халыққа білім беру бөлімінің бұрынғы меңгерушісі) мұғалімдер мен оқушыларды ұрып-соққаны, қызметкерлерді қуғындағаны, заңсыз тәркілегені, тәркіленген заттарды қымқырғаны үшін; Неймовичті (уездік әлеуметтік қорғау бөлімінің бұрынғы меңгерушісі) заңсыз тәркілегені, тәркіленген заттарды қымқырғаны үшін; Курдуковты (уездік милиция бөлімінің бұрынғы бастығы) заңсыз тінту жүргізгені, тұтқындарды ұрып-соғып қорлағаны, қазақтардан мал-мүлік тәркілегені, тәркіленген заттарды қымқырғаны үшін; Тәжбеновті (уездік атқару комитетінің бұрынғы мүшесі) түрліше арандатушы істерге қатынасқаны, заңсыз тұтқындағаны, мал-мүлікті тәркілегені үшін; Костенко (уездік төтенше комиссияның (ЧК) алғашқы төрағасы) қазақтардан мал-мүлік тәркілегені, тәркіленген заттарды қымқырғаны, адамдарды сотсыз атқаны үшін; Бердікожаевты (уездік атқару комитетінің бұрынғы мүшесі) заңсыз тәркілеген, мал барымталағаны, қазақ қыздарын зорлағаны, адамдарды заңсыз тұтқындағаны, сотсыз атқаны, тұтқындарды ұрып-соққаны үшін; Ворожейкинді (атқару комитетінің шаруашылық меңгерушісі) заңсыз тәркілегені, тәркіленген заттарды қымқырғаны үшін ревтрибуналдың сотына жіберді [100].

И. Гержод тұсында Перовск уезінде қаншалықты қылмыстар жасалғанын шамалау үшін жиналған құжаттар мен айыптау істеріне назар аударсақ та жеткілікті: комиссиясының 11 парақтан тұратын баяндамасы; атқару комитетінің бұрынғы төрағасы И. Гержод пен бұрынғы милиционер Мистиктің қызмет бабын өрескел пайдаланғаны туралы 95 парақтан тұратын айыптау ісі; Перовск уезінің бұрынғы қызмет адамдарының билік шегін өсіре пайдаланғаны бойынша ашылған, барлығы 456 парақтан тұратын 4 томдық айыптау ісі;

Перовск батальонының уақытша командирі Архиповтың 12 парақтан тұратын айыптау ісі; Перовскіде орын алған атулар бойынша ашылған 395 парақтан тұратын 2 томдық айыптау ісі; И. Гержодтың қорқытып тартып алулары мен өз ақшасын мемлекет күмісіне айырбастауы, сондай-ақ халықтың мал-мүлкін заңсыз тәркілеуі бойынша ашылған айыптау ісі; И. Гержодтың кеңес құжаттарын жоюы бойынша ашылған айыптау ісі; И. Гержодтың қылмыстары туралы Түркістан майданы Ерекше бөлімінің № 280 айыптау ісі. Тұтқындалып, Ташкентке жеткізілген И. Гержод сотта қылмыстық жазадан құтылып кетеді, өйткені куәге шақырылған Перовск қазақтары Ташкентке келмей қояды. Әр рудың ақсақалдары араға жүріп И. Гержодпен қызметтес болған өз адамдарымыз бірге сотталып кетпесін деген оймен куәгерлері Ташкентке жібертпей қойған болатын.

Жаңадан құрылған Перовск ревкомы 1919 жылдың 1 желтоқсаннан – 1920 жылдың 7 наурызға дейінге қызметі туралы Мұсбюроға жолдаған баяндамасында былай деп жазады: И. Гержод билігінде екі жыл болған Перовск атқару комитеті халыққа тажалдай көрініп, сұмдық қылмыстары арқылы аты жайылған. Билік басындағыларда адамгершіліктің жұрнағы да қалмаған. Атқару комитеті озбырлыққа қарсы шыққан кеселерді табан астында атып, не қуғын-сүргінге ұшыратып отырған...Мұнда кісі өмірі ойыншыққа айналып, атылған адамдардың құны мал дәрежесінде де саналмайтын болған...Мұсылмандар арасында кеңес үкіметі мен пролетариат революциясына жеккөрушілік сезімі жайлаған [101].

## Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1 Гродеков Н. И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Том первый. Юридический быТ.– Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина. – 1889. – 205 с.

2 Абдурахимова Н. А., Рустамова Г. Колониальная система власти в Туркестане во второй половине XIX – первой четверти XX вв. – Ташкент: Университет, 1999. – 160 с., Исхаков Ф. Национальная политика царизма в Туркестане (1867-1917). – Т.: Фан, 1997. – 204 с., Бахтурина А. Ю. Окраины российской империи: государственное управление и национальная политика в годы Первой мировой войны (1914-1917 гг.). – М.: РОССПЭН, 2004. – 392 с., Государственный строй Российской империи накануне крушения: Сборник законодательных актов / Сост.: О. И. Чистяков, Г. А. Кутьина. – М.: Изд-во МГУ, 1995. – 208 с.

3 Турсунов Х. Т.Национальная политика Коммунистической партии в Туркестане (1917-1924 гг.). – Т.: Узбекистан, 1971. – 367 с.

4 Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости / Коллектив авт.: Р. М. Абдуллаев, С. С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. – Ташкент: Шарк, 2000. – 672 с.

5 Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане. / Редколл. Т.Е. Елеуов, Х. Ш. Иноятов (отв. ред. и др.). Том I. Май 1918 г. – сентябрь 1919 г. (Сост.А. Г. Багрянцев, А.С. Елагин, И. А. Алимов и др.). – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. – 685 с., Том II. Сентябрь1919 г. – декабрь 1920 г. (Сост.А. Г. Багрянцев, А.С. Елагин, П. В. Агапов и др.). – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1964. – 724 с.

6 Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Под ред. доктора исторических наук, профессора С. М. Дубровского. – Алма-Ата: Наука, 1965. – 345 с., Галузо П.Г. Туркестан – колония (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 года). – М.: Издание КУТВ, 1929. – 164 с., Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии (Исторический очерк). – Ташкент, 1926. – 90 с.

7 Малтусынов С. Н. Аграрный вопрос в Казахстане и государственная дума России 1906-117 гг. (Социокультурный подход). – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 332 с.

8 Аграрная история Казахстана (конец XIX – начало XX в.). Сб. док. и мат-ов. / Автор-сост.: С. Н. Малтусанов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 1240 с.;

9 Рыскулов Т.Р. Восстание туземцев в Средней Азии в 1916 году. В двух частях. – Кзыл-Орда: Госиздат КазАССР, 1927. – 127 с.; Восстание 1916 года в Азиатской России: неизвестное об известном (К 100-летию Высочайшего повеления 25 июня 1916 г.). Сборник документов. / Ред. -сост.Т.В. Котюкова. – М.: ИВИ РАН, 2017. – 528 с.; Восстание 1916 года в Средней Азии в Казахстане. Сборник документов. Ред коллега: А.В. Пясковский (отв. ред) и др. – М.: АН СССР, 1960. – 795 с.; Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көптомдық. Т.3. Орта Азия – Қазақстан: 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 352 с.; Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (Сборник документов и материалов). В 2-х томах. Том 1. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 423 б.; Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (Сборник документов и материалов). В 2-х томах. Том 2. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 247 б.

10 Дневник Куропаткина. Предисловие М. Н. Покровского. – М.: Нижполиграф, 1923. – 138 с.; Ковалев П.А. Тыловые рабочие Туркестана

в годы первый мировой войны (1916 – май 1917 гг.). – Ташкент: Госиздат УзССР, 1957. – 187 с.

11 Старцев В. И. Внутренняя политика Временного правительства. – Л.: Наука, 1980. – 258 с.

12 Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көптомдық. Т.4. Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 352 б.

13 Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов. / Сост.: М.М. Козыбаева, З. Т. Садвакасова, Ф. Р. Лебаев. – Алматы: ТОО «Литер-М», 2018. – 432 с.

14 Агзамходжаев С. История Туркестанской Автономии. (Туркистон мухторияти) (Отв. ред. Д. А. Алимова). – Ташкент: Изд. -полигр. Объединение «Ташкент ислом университети», 2006. – 268 с.

15 Россия и Центральная Азия. Конец XIX – начало XX веке. Сборник документов и материалов / Отв ред. Д. А. Аманжолова. Сост.: Д.А. Аманжолова, Т.Т.Далаева, Г. С. Султангалиева. – М.: Новый хронограф, 2017. – 592 с.

16 Гражданская война в Казахстане. Летопись событий. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 392 с.

17 Рыскулов Т.Революция и коренное население Туркестана (Сборник главнейших статей, докладов, речей и тезисов). С предисловием автора. Часть I. 1917-1919. – Ташкент, Узгосиздат, 1925. – 218 с.: Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). – М.: Госиздат, 1921. – 149 с.

18 Сельскохозяйственный обзор Туркестанского края (Сырдарьинская, Самаркандская и Закаспийская области) за 1915 г. По данным текущей статистики. Вып. 1. – Ташкент, 1916. – С. 10-11.

19 Среднеазиатский экономический район: Очерки по экономике Средней Азии. – Ташкент, 1922. – С. 43.

20 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 366-іс, 95-п.

21 Семенюта В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление // Общественные науки в Узбекистане. – 1989. – №12. – С. 34.

22 Набиев Ф. Из истории ликвидации разрухи в сельском хозяйстве Туркестана (1918-1920 гг.) // Общественные науки в Узбекистане. – 1985. – №10. – С. 23.

23 Зиманов С. От освободительных идей к советской государственности в Бухаре и Хиве. – Алма-Ата, 1976. – С 137.

24 Зуев Д. Д. Ферганское басмачество (1918-1922). // Гражданская война. Том III. Материалы по истории ферганского басмачества и боевых операций в Бухаре. – М., 1924. – С. 32.

25 Наша газета. – 1918. – 31 июля. – № 156. – С. 2.

26 РӘСТМА. 17-қ., 65-т., 380-іс, 5-п.

27 Өзбекстан Республикасы Президенті Аппаратының архиві (ӨРПАА). 60-қ., 1-т., 60-іс, 43-арТ.п.

28 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 909-іс, 165-165-арТ.пп.

29 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 909-іс, 164-п.

30 Ақиқат (Алматы). – 1992. – № 1. – 19-б.

31 Четвертое совещание ЦК РКП (б) с ответственными работниками национальных республик и областей в Москве 9-12 июня 1923 г. Стенографический отчеТ.– М.: Бюро Секретариата ЦК РКП (б), 1923. – С. 103.

32 Сафаров Г. Колониальная революция. – С. 107.

33 Рыскулов Т.Революция и коренное население Туркестана (Сборник главнейших статей, докладов, речей и тезисов). С предисловием автора. Часть I. 1917-1919. – Ташкент, Узгосиздат, 1925. – С. 37.

34 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 171-іс, 118-120-пп.

35 Рыскулов Т.Революция и коренное население Туркестана. – С. 41-42.

36 Наша газета. –-1919. – 18 января. – № 12. – С. 3.

37 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 103-іс, 47-п.

38 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 11-іс, 43-п.

39 ӨРОМА. Р-31-қ., 1-т., 60-іс, 33-п.

40 Семенюта В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление // Общественные науки в Узбекистане. – 1989. – №12. – С. 34.

41 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 103-іс, 33-п.

42 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 33-п.

43 Рыскулов Т.Р. Избранные труды. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – С. 53.

44 ӨРОМА. Р-31-қ., 1-т., 3-іс, 119-п.

45 Наша газета. – 1919. – 2 февраля. – № 21.

46 Наша газета. – 1919. – 31 января. – № 19.

47 Рыскулов Т.Избранные труды. – С. 50-51.

48 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 11-іс, 165-п.

49 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 29-п.

50 ӨРОМА. Р-40-қ., 1-т., 16-іс, 11-арТ.п.
51 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 198-іс, 8-8 арТ.пп.
52 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 26-п.
53 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 25-25 арТ.пп.
54 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 113-іс, 86-86-арТ.пп.
55 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 10-10-арТ.пп.
56 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 184-іс, 70-70-арТ.пп.
57 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 171-іс, 118-120-пп.
58 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 173-іс, 29-п.
59 Наша газета. – 1919. – 18 января. – № 12. – С. 3.
60 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 144-іс, 46-арТ.п.
61 ӨРОМА. Р-29-қ., 3-т., 1340-іс, 1-п.
62 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 223-іс, 4-п.
63 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 13-п.
64 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 8-8 арТ.пп.
65 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 20-20-арТ.пп.
66 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 20-20-арТ.пп.
67 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 13-арТ.п.
68 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 5, 31-п. п.
69 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 197-іс, 15-п.
70 ӨРОМА. Р-29-қ., 3-т., 1340-іс, 56-п.
71 ӨРОМА. Р-29-қ., 3-т., 1340-іс, 14-п.
72 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 92-іс, 77-п.
73 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 92-іс, 77-п.
74 ӨРПАА. 60-қ., 1-т., 99-іс, 61-62-пп.
75 ӨРПАА. 60-қ., 1-т., 99-іс, 92-п.
76 ӨРПАА. 60-қ., 1-т., 99-іс, 62-п.
77 ӨРПАА. 60-қ., 1-т., 99-іс, 63-п.
78 Рыскулов Т.Революция и коренное население Туркестана. – С. XII.
79 Сафаров Г. Туркестан / Правда (Москва). – 1920. – 20 июня.
80 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 15-іс, 1-4 арТ.пп.
81 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т.,190-іс, 37-п.
82 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т.,190-іс, 15-17-пп.
83 ӨРОМА. Р-31-қ., 1-т., 3-іс, 73-арТ.п. -74-п.
84 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 273-іс, 246-п.
85 Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві (ҚОМА). Р-1-қ., 2-т., 15-іс, 1-п.
86 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 679-іс, 152-арТ.п.

87 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 679-іс, 40-арТ.п. – 41-арТ.п.
88 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 96-іс, 189-п.
89 История Узбекской ССР. Том 1. Книга II. – Ташкент, 1956. – С. 101.
90 ӨРОМА. Р-31-қ., 1-т., 3-іс, 3-п.
91 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 96-іс, 189-п.
92 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 909-іс, 247-п.
93 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 114-іс, 205-п.
94 ӨРПАА. 60-қ., 1-т., 111-іс, 15-п.
95 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 114-іс, 206-206-арТ.пп.
96 ӨРОМА. Р-25-қ., 1-т., 114-іс, 209-п.
97 ӨРОМА. Р-39-қ., 1-т., 130-іс, 14-п.
98 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 679-іс, 11-п.
99 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 679-іс, 11-п.
100 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 679-іс, 122-122-арТ.пп.
101 ӨРОМА. Р-17-қ., 1-т., 679-іс, 152-п.

## 2.2 1928 жылғы Жетісудағы Аралтөбе көтерілісі

*Е.И. Стамшалов*

Қазақстан тарихының ең бір қасіретті кезеңін құрайтын XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы күштеп ұжымдастыру мен аштық зобалаңын тәуелсіздік тұрғысында зерделеу отандық тарих ғылымы үшін маңызды. Қазақстанда жүргізілген күштеп ұжымдастырудың зардаптары ретінде оған қарсы халық көтерілістерінің тарихын айтуға болады. Жалпы Қазақстан аумағындағы ауыл шаруашылығын модернизациялаудың кеңестік саясатына халық қарсылығының тарихнамасы қалыптасты.

Тәуелсіздік жылдарында ғана күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістері жете зерттеле бастады. Зерттеушілер Т. Омарбеков, Қ. Алдажұманов, Т. Алланиязов, А. Таукеновтердің еңбектерінде Қазақстан-дағы күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістері жалпы қарастырылды [1]

Бұл еңбектердің ішінде Қ. С. Алдажұманов, Т. О. Омарбековтың зерттеулер-інде Жетісу өңіріндегі күштеп ауыл шаруашылығын модернизациялау саясатына қарсы халық көтерілістері туралы мағлұматтар ішінара берілген. Т. Омарбеков өз зерттеулерінде Шұбар,

Балқаш, Шоқпар, Сарқанд аудандарындағы көтерілістерге тоқталады. Қ. Алдажұмановтың еңбегінде Алматы округіне қарасты Биен-Ақсу, Лепсі, Балқаш, Шоқпар аудандарындағы бас көтерулер қамтылған. Бұған қоса ғалым Алматы округы Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекші қазақ, Биен-Ақсу, Сарқанд, Жаркент сияқты шекара маңындағы аудандарынан Қытайға көшпек болған халықтың ауыр хәлін баяндайды. Қызылағаштағы көтерілісшілердің жазалаушы отрядтпен қақтығысы біршама кең суреттеледі [2] Қарастырылып отырған кезеңдегі Жетісу өңіріндегі халық бас көтерулерінің жайы қамтылған соңғы зерттеулердің арасында американдық ғалым С. Камероннның еңбегі де бар [3].

Бұл зерттеушінің еңбегінде Қытай-қазақ шекарасындағы босқыншылыққа жеке тарау арналып, архив деректері негізінде Қаратал ауданындағы халық бас көтеруі және оның жаншылуы баяндалған [4]. Жетісу жеріндегі халық көтерілістерінң жай-жапсары жеке зерттеу аясында қарастырылмағандықтан, мәселенің географиялық ауқымы, хронологиялық шегі, өңірлік ерекшеліктері, тарихи тұлғалары тиянақты зерттелген емес. Осы бос кеңістікті толықтыру мақсатында төменде Жетісу өңіріндегі ауыл шаруашылығын кеңестік модернизациялауға қарсылық тарихының беймәлім тұстарына тоқталмақпыз.

Отандық тарих ғылымында зерттелмеген Жетісу губерниясы Талдықорған уезі Қоғалы болыстығына қарасты Аралтөбе поселкесіндегі көтеріліс тарихын жүйелеп жазу үшін Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚРОМА), Қазақстан Республикасы Президент архиві (бұдан әрі – ҚРПА), Алматы облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – АОМА) қорларында зерттеу жүргізілді. ҚРОМА-нің 5-қоры (Қазақстан АССР Орталық Атқару комитеті ), ҚРПА-нің 141-қоры (БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті), Алматы облыстық мемлекеттік архиві 84-қоры (Алматы округтік соты) бойынша Аралтөбе көтерілісіне қатысты бұған дейін жарық көрмеген мағлұматтар жинақталып, көтерілістің алғышарттары, барысы, салдары жүйеленді, ғылыми, сыни деректік талдау жасалды. Зерттеу жұмысының өзегін осы қорлардың «құпия» белгісімен зерттеушілер назарынан тыс қалып келген мемлекеттік және арнаулы органдары құжаттары, сотқа дейінгі тергеу және сот материалдары құрайды. Құпиялық себебімен Аралтөбе көтерілісі туралы ақпараттар өз уақытында мерзімді баспасөзінде жарияланбады.

Тарихи зерттеулерде 30-жылдардағы Қазақстандағы ауыл шаруашылығын күштеп өзгертуге бағытталған кеңестік саясатына

қарсы халық наразылығының ұлттық құрамы, басталған кезеңі туралы біртұтас пікір қалыптаспаған. Шындығында, кеңестік биліктің саясатына қарсылық жалпыхалықтық сипатта болды. Орыс шаруалары мен кулактары да қарсылық әрекеттерін жасады. Атап айтқанда, Семей округіне қарасты Өскемен және Зырьян аудандарында бұрынғы коммунист, қызыл партизан Толстоухов бастаған көтеріліс болды. Мұнда кеңестік өкіметке қарсы ұйым болып, арнайы съезд шақырылып, «Кеңес өкіметі жойылсын, ерікті еңбек жасасын!» деген ұран төңірегінде іс-қимылдар болды. Көтерілісшілер құрамы кулактар, ақ офицерлер, Сібірден келген жақтастардан тұрған [5]. Толстоухов бастаған көтеріліс кеңестік саясатқа тек қазақ шаруалары ғана қарсы болмағанын көрсетеді.

Тарихи зерттеулер 1929-1931 жылдар кеңестік күштеу саясатына қарсылықтың айрықша белсенді болған кезеңі ретінде қарастырады. Бұл аралықта Қазақстанда 372 шаруалар бас көтеруі болған [6].

Жетісу өңіріндегі халық наразылығы 1928 жылдың өзінде-ақ көрініс бере бастады. Тарихшылардың арасында демографиялық апатқа әкеп соққан ашаршылықтың мерзімі туралы пікір де бір арнада емес. Зерттеулердің басым бөлігінде ашаршылық 1929-1933 жылдар аралығында орын алды делінеді. Алайда, ашаршылық көріністері кейбір аймақтарда бұдан ертерек басталған. Тарихи зерттеулерде 1927-1928 жылдардағы Қазақстанның бірқатар аудандарында «Аққоян жұты» болып, халықтың аштыққа ұшырағаны жөнінде мәлімет бар [7].

1927 жылы Жетісу губерниясына қарасты кейбір егіншілікпен шұғылданатын уездерде құрғақшылық салдарынан егін шықпай қалды. 1928 жылдың 28 қаңтарында БК(б)П ОК хатшысына, БК(б) П Қазөлкелік комитеті хатшысына БК(б)П Жетісу губерниялық комитетінің хатшысы Манаевтың «өте құпия» белгісімен жолданған губерниядағы жағдай туралы жабық хатында «биылғы жылы губернияны құрғақшылыққа байланысты... стихиялық апат басқаны», астық алқаптарының шықпай қалып, жекелеген аудандарда мал басы қырылып жұт болғаны» хабарланған [8]. БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті жауапты хатшысы Голощекинге 1928 жылдың 24 сәуіріндегі ОГПУ Өкілетті өкілдігінің 1928 жылдың ақпан-сәуір аралығындағы КАССР бойынша саяси және экономикалық жағдайға қысқаша шолуында: «..Осындай тұрғындардың кедей шаруа бөлігінің төтенше ауыр жағдайын Жетісу губерниясының құрғақшылықтан зардап шеккен аудандарынан көреміз. Аштықтан Лепсі, Черкасск, Герасимовск болыстарының станицаларында – 2 адам, Байзерек мекенінде -1 адам,

өлген. Ал Лепсі станицасынан 20 отбасы, Тополовски станицасынан 70 отбасы және Сарқанд болыстығының Жамантеректі хуторлары шектен шыққан ашығу хәлінде тұр.» – делінген [9]. ОГПУ осы аштыққа байланысты жергілікті халықтың, әсіресе, шаруалардың кедей бөлігінде төтенше басыңқы көңіл-күй қалыптасқанын, Колпаковка селосында кедейлер ауылкеңеске барып дереу астық беруін талап етіп, өйтпеген жағдайда артық астық қоры бар кулак шаруашылықтарды басып аламыз деп қорқытқанын жазады. Ал Сарқанд станциасында шаруалар кулактардың астық қоймаларын талқандауға әрекет жасаған [10].

Осы 1928 жылы сәуір айында орын алған азық-түлік тапшылығы салдарынан Алматы округі Талдықорған уезіне қарасты Аралтөбе мекеніндегікөтерілістуралығылымиәдебиеттемағлұматжоқ.ҚРОрталық Мемлекеттік архивінің осы кезең бойынша құпиясыздандырылған құжаттарға зерттеушілердің қол жеткізуі бұл көтерілістің тарихына байланысты жаңа мағлұматтардың бетін ашты. Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Е. Ерназаровқа ҚССР Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма (ОГПУ) Қазақстандағы өкілетті өкілдігі 1928 жылдың 3-қыркүйегінде жолдаған баянхатында Аралтөбе бас көтеруі «азық-түлік жетіспеушілігінен туған наразылық» деп бағаланған [11].

Жетісу губерниясының жалпы жағдайы, оның ішінде астық дайындау науқанының жай күйі 1928 жылдың 29 қаңтарында БК(б)П өлкелік комитеті хатшысына жолданған Жетісу губерниясының жағдайы туралы «өте құпия» белгісі қойылған жабық хатында сөз болады. Бұл хатта 1927-1928 егін жылында құрғақшылықтың салдарынан губернияның жекелеген аудандарында жұт белгілері байқалғаны айтылады. Бұған қарамастан губерния басшылығы Казақ АССР саудахалкомынан Қазастықсауда бөлімінің губерния ішілік несиесін 1400 000 сомға көбейтуді, өңірге әкелінетін өнеркәсіп товарларын 30 вагон мануфактураға жеткізуді қолға алғаны баяндалған. 1928 жылдың 1-қаңтарына дейін дайындалуға тиіс астық жоспары 124 000 пұд болса, оның 114 000 пұды орындалды деген мәлімет беріледі. Бұл арада, әрине, губерния басшылығы ақталып отырғаны анық. Орталықтың жаңа нұсқауларына сай губернияішілік астық дайындау жоспары 50 %-ға, 200 000 пұдтың орнына 300 000 пұдқа көбейтілді. Жетісуда қалыптасып отырған ауыр экономикалық ахуал жағдайында губерния өкімет орындары екі оттың ортасында қалған еді. Қазселхоз мекемесінен сатып алынатын 110 000 пұд астық Қырғызстанның Фрунзе қаласынан жеткізілуге тиіс болатын. Жабық хатта осы жұмысқа байланысты кідіру болып тұрғаны

мойындалды. Сондай-ақ, аштық жайлаған Жаркент уезі үшін Қытайдан 50 000 пұд астық әкелу жоспары бір жағы қытай өкіметінің тоқтатуымен, екінші жағы Қорғас кедені бастығы Третьяковтың «есерлігінің» кесірінен сәтсіздікке ұшырағаны хабарланды [12]. Қырғызстаннан Жетісуға жеткізілуге тиіс астық мәселесінің жағдайы да жабық хатта талқыланған. Губком хатшысы Манаевтың айтуынша, 1927 жылдың 24 қыркүйегінде Қырғызстан ХКК-нен Жетісумен шекаралас Қарақол кантонынан 100 000 пұд астық дайындауға рұқсат сұралады. Жетісу губкомы жоғарғы өкіметтен Қырғыстан жағынан Фрунзедегі Қазақстан дайындаған барлық астықты Қарақолдан 20 000 пұд астыққа айырбастау ұсынылады. Қазақстан ХКК 15 000 пұд астық айырбас жасауға рұқсат береді. Қарақолдан алынуға тиіс астық жақын жер болғандықтан, Жаркент уезіндегі аштыққа ұшыраған халыққа жеткізілмек болады. Қырғызстан жағы бұдан еш ұтылмайтын еді. Керісінше 1 пұдқа – бір пұд айырбастау баға жағынан Қазақстанға тиімсіз болатын. Өйткені астық дайындаушылар Фрунзеден нанды Қарақолдағыға қарағанда қымбатқа сатып алған. Бұл айырбасқа мәміле жасалған соң Қырғыз АССР ХКК белгісіз себептермен алдымен бас тартып, артынан тек 8000 пұд астықты айырбастауға келіскен [13].

Жетісу облысының Талдықорған (бұрынғы Қапал) уезіне қарасты Қоғалы болыстығына қарайтын Аралтөбе поселкасында орын алған шаруалардың бас көтеруі губерния көлемінде дүрлігу туғызды. Әкімшілік басқару жағынан Қоғалы ауданына Царицин, Көксу, Аралтөбе (бұрынғы аты Попутное), Луговое, Круглое, Кривошеевка, Голубиновка елді мекендері кірді [14]. Е. Ерназаровқа ОГПУ Қазақстандағы өкілдігінің баяндамасымен бірге 38-беттен тұратын Аралтөбе көтерілісі туралы іс материалдары да жөнелтілген. Бұл құжаттар бойынша оқиғалардың өрбуі төмендегідей болған. 1927 жылы астық шықпай қалуының кесірінен аралтөбеліктер азық-түлік тапшылығын сезініп, осы жылдың күзінен бастап жергілікті өкімет орындарынан өздерін келер жылғы науқанға дейін азық-түлікпен, ұрықтық бидаймен қамтамасыз етуді сұрап өтініш жасайды. ОГПУ мағлұматына сәйкес, өтініш алғаш жекелеген адамдар тарапын басталып, ауылкеңеске 130 арыз түскен [15]. Аштық белгілері қатты біліне бастаған кезде жергілікті тұрғындар былтырғы картоп алқаптарын қазып, ондағы шіріген картопты қазып алып, қорек етуге мәжбүр болады. 1928 жылдың көктеміне қарай егін себу мезгілі жақындаған сайын халықтың жергілікті өкімет орындарына талабы

белсенді бола бастады. Осы жылдың наурыз-сәуір айларында БК(б)П өлкелік комитетінен Жетісу губерниясына өкіл болып келген Ф. Оликов өзінің 18-сәуірдегі баяндамасында Қоғалы ауданының қуаңшылықтан зардап шегіп отырғанын, бұған қоса ауданда жерге орналастыру жүргізілмегенін, әсіресе көршілес Чубаровка, Төменгі Херсоновка және Устиновкадан шығарылғандардың орнықпағанын атап көрсетеді. Ауданда өнім өндіру қарқыны түсіп, тұтыну көлемі артқан. Өкіл осы жағдайға қарамастан астық дайындау бойынша тиісті 17 000 пұдтың, 20 ақпанға дейін 12 000 пұды орындалғанын хабарлайды [16]. Ауылсоветке Аралтөбе тұрғындарының жиналып, өтініштерін айтуы 18 сәуірде басталған. Осы күні ауылкеңеске жиналған халық жиыны тәртіппен өтіп, хаттама толтырылады [17]. Онда: «Аралтөбе ауылы кедейлерінің жалпы жиналысы құрамына ауылдық ұйымдардың өкілдерін ала отырып, Аралтөбе Өзара көмек қоғамы Белоносов жолдастың төрағалығымен, кедейлер жағынан жолдас Литвиновтың, хатшы Егоренковтың, ВЛКСМ ячейкасы өкілі Куянцев жолдастың, ауылсоветтен Дученко, Белоносов, Тимошенконың, жалпы кедейлердің 41 (Тергеу материалдарында 56 адам [18]) өкілінің Аралтөбе поселкелік кеңесінің төрағасы Герасимовтың қатысуымен күн тәртібіндегі келесі мәселелерді талқылады: Күн тәртібінде: 1) Нан туралы, 2) Көктемгі егін себу туралы, 3) Әртүрлі», – делінген [19]. Бейбіт түрде басталған жиынның аясында 1927 жылғы егін шықпауының салдары, орын алып отырған аштық, жергілікті билік өкілдері арқылы жоғары орындарға жолданған өтініштердің жауапсыз қалуы талқыланады. Жиын соңында қатысушылар атынан жергілікті өкіметтен жоғары орындарға кедейлер өкілдерінің өтініш жолдауына рұқсат берілуін, Жетісу Губзу (жер басқармасы), Губком, Губатқаруком ұйымдарына өтініштердің жауапсыз қалуы себепті кедейлердің атынан жергілікті өкімет орындарының рұқсатымен ҚазОАК-не аштан өлмеу үшін бидайды халыққа беру туралы нұсқау беруін сұрап телеграф арқылы өтініш жолдауға шешім қабылданды. Сондай-ақ, қатысушылар көктемгі егіске шаруаларға ұрықтық астық берілуін де сұрады. Қаулыға сәйкес, әрбір кедей шаруаға 1 десятинадан кем емес егін салу мүмкіндігін жасау сұралды. Ертесі, 1928 жылдың 20 сәуірінде өткен жиналыста жиналғандар дәл 18 сәуірдегі күн тәртібін қайта талқылады. Алдыңғы жиналыстан бір айырмасы қатысушылар саны 123 адамға өскен еді. Халық жиынының № 2 хаттамасында «нан беру туралы өтінішті екінші рет жолдау керек...өйткені 130 аула халық осы күні бір фут та астығы жоқ жағдайда, оларға ешқандай астық

берілмей отырғаны, адамдардың бірнеше тәуліктен бері аш отырғаны.., бұл аштықтың кең ауқымда орын алмауы үшін жергілікті өкімет жедел түрде жоғарғы жақтан келесі жылғы өнімдерге дейін астық беруін сұрап өтініш жолдау талабы» баса көрсетіледі [20]. Екінші мәселе – көктемгі егіс бойынша жиын «биыл егін салынбаса келесі 1929 жылы аштық көлемі көбейіп, соның кесірінен тұрғындар мекенін тастап, нан табу, өзін құтқару мақсатында өз қоныстарын тастап, басқа аймақтарға көшу» қаупі ескертілді. Сол себептен шаруалардың 2 десятина, көпбалалы отбасылар 3 десятинадан егін салу керектігі айтылды. Аштық қыспағында қалған халық ауылкеңестен өз өтініштерін жоғарыға жіберген-жібермегенін, егер жіберген болса, квитанция түріндегі құжаттық дәлелдерді көрсетуді талап етеді. Алайда, ауылкеңес төрағасы мен БК(б)П бастауыш ұйымының өкілі Кирил Беляев тұрғындарға жауап беруден жалтарып, «Сендердің (жоғарыға) жеделхат берген-бермегенімізде шаруаларың болмасын, біз сендерге квитанцияларды көрсетпейміз» – дейді [21]. Оның қасында тұрған БК(б)П бастауыш ұйымының тағы бір мүшесі Дмитрий Гончаренко: «Сендер азаматтар емес, ақ партизансыңдар» – деп жауап қатады [22]. Қызды-қыздымен билік өкілдерінің бірі, БК(б)П мүшесі Кирил Беляев: «Сендерге нанның орнына мыс оқтар, жер-зираттар берсе, сұрауды ойға алмас едіңдер!» – дейді [23]. Аралтөбелік шаруалардың тамақтық және тұқымдық астығы жоқтарға көмек жасалуы керектігі туралы талабы аяқ астынан пайда болған жоқ. Тергеу мәліметтеріне сәйкес, Аралтөбеге жоғарыдан келген уәкілдер Ф. Оликов, Стеблевскийлер шаруаларға кулактардың қолындағы басы артық астықты қоймаға тапсыртуға шақырған. Уәкілдер бұл астықтың керек болған жағдайға кедейлерге үлестірілетініне сендіреді [24]. Қызылордадан келген өкіл Ф. Оликов өлкелік партия комитетіндегі баяндамасында аралтөбеліктердің жиналған астық сыртқа әкетілуінен қауіп қылып отырғанын тәпіштеп көрсеткен. «Қоғалы ауданында егіннің шықпай қалуына байланысты, – деп жазады өкіл – тұрғындар бұл (жиналған) астықтың ауданнан шығарылып әкетіліп, олар егін себу науқаны кезінде тұқымдық астықсыз қала ма деп қауіптенеді. Бұл мәселені астықтың орнында қалдырылуын қажет деп тапқан уездік органдар арқылы да, губерниялық органдар тарапынан да шешуге тура келді» [25]. Өкіл Ф. Оликов баяндамасында губерниялық, уездік билік органдары астықтың аудан көлемінде қалдырылуын жөн көргенін атап көрсеткен. Алайда, кейін бұл мәселеде органдар ұстанымы өзгергенін көреміз.

Байқалып отырғанындай, Аралтөбедегі жағдай бірте-бірте шиеленісе берді. Тұрғындардың келесі, 21 сәуір күнгі жиынына 300 адам қатысып, олардың 190-ы әйелдерді құрады. Жиналысқа кедейлермен қатар орташалар да қатысты. Жиынды Архип Литвинов басқарып, Иван Иванов мүше болып, Егоров хатшылық қылды [26]. Күн тәртібіне кедейлер аш, егіске ұрық жоқ жағдайда Аралтөбе аумағынан әкетілгелі жатқан «Жаңа өмір» тұтынушылар қоғамы дайындаған нан өнімдерінің жайы талқыланды. Жиналғандар қабылдаған қаулы бойынша «Жаңа өмір» тұтынушылар қоғамына тиесілі астықтан жоғары жақтың арнайы нұсқауын күтпестен тамақтыққа келесі астық жинауға дейін әрбір алушыға 3 айға 1 пұдтан, ал егін себу үшін астығы жоқтарға 2 десятинаға жетерлік ұрық беру, астық таратуды отбасы жан санына сай жүргізу шешілді. Кімге астық берілуге тиістігін айқындау үшін арнайы комиссия құрылып, оның құрамына Михаил Тюринов, Афанасий Попов, Александр Соболов және Афанасий Чемоданов сайланды [27]. Қаулыда мұндай шұғыл шараның қабылдану себебі ретінде бірнеше мәрте уезге, губернияға жазбаша түрде де, телеграф арқылы да өтініштерге ешқандай жауаптың болмағаны, егіс науқанының таяп қалғаны, егін себілмесе аштық болатыны баса көрсетілді. Шаруалар сондай-ақ, қаулыда: «Оның үстіне біз қазір жейтін наннан жұрдаймыз, аштан өлуіміз мүмкін» – деп көрсетті [28]. «Жаңа өмір» тұтынушылар қоғам төрағасына Аралтөбе шаруаларының 18,20,21 сәуір күнгі жиналыс қаулысына сәйкес аш адамдарға астық тарату үшін қоймалардың бірінің кілтін беруін талап еткен қатынас хат жөнелтілді. Оған Чемоданов пен Литвинов қол қойған. Астықты тарату жұмысына дереу кірісу шешілді. Иелігінде 1 ат, 1 сиыры барларға, жалпы көпшілікке астық несиеге беріліп, олар қарызды осы жылғы, егер астық шықпай жатса келер 1929 жылдың өнімінен беруге тиіс болды. Астықты кедейлерге тарату жөніндегі комиссия астық сақталатын қойма кілтін беруден бас тартқан Герасимовқа талап хат жазып, қойманы күшпен ашады. Комиссия астық таратып жатқанда қойма маңына Луговоеға астық әкетуге келген арбалар келеді. Жиналған көтерілісшілер Аралтөбеден ешқайда астық шығарылмайтынын айтып, кірешілерді қайтарады. Бұл жайында 29 сәуір 1928 жылы ОГПУ тергеуіндегі жауабында А. В. Чемодановтың жауабында айтылады. Астық таратылатын шаруалар тізімін Соболов пен Попов жасайды. Астық таратылып жатқан қойма маңындағы митингте Николай Тонких деген шаруа: «Егер жергілікті өкімет кедейлердің жағдайын түсінгісі келмей, (астықты) бермесе, онда өз бетімізше әрекет

етуге болады. Халық өкіметі өз бетінше жұмыс істей алады, бұл үшін ешнәрсе болмайды. Егер барлық қоғам істесе, өкімет келгенмен, ешнәрсе істей алмайды, барша халықты (түрмеге) отырғыза алмайды.» – деген [29]. А. Чемодановтың жауабында бұдан басқа да маңызды жәйттер бар. Ауылкеңес кеңсесінде астық таратылатын шаруалар тізімі жасалып жатқанда ауылкеңес мүшесі Лишанский және басқалар да қатысады. Көтерілісшілер жиналысы сайлаған комисия мүшесі А. Соболев ауылкеңес мүшелері мен комсомолдарға «тізім жасап, жұмыс жүргізуге кедергі келтіресіңдер» – деп кеңседен шығуын талап етеді. Кейін партия мүшесі Балаков пен комосомол Константин Беркутовтарды жиыннан шығарып жіберген. Олар кеткеннен кейін А. Соболев қалған комиссия мүшелеріне Лишанскилерді ауылкеңес мүшесі болған себепті шығарып жібергенін, азаматтардың қаулысымен сайланғандықтан, комиссия өз бетінше жұмыс істеуі керектігін айтқан. ОГПУ-ге берген жауабында А. Чемоданов та: «Жеке өз басым комиссияда айтқанымдай, халық сайлағандықтан, өзімді дербес үкіметтің мүшесі санадым,» – деп ағынан жарылады. Чемодановтың жауаптарында халық ауылкеңеске астық талап етіп жиналғанда Архип Литвинов: «Табанды түрде талап етіңдер, көтеріліңдер. Аштар бар Қоғалыда да, басқа поселкедегілер де солай істеуі керек» – дегені көрсетілген. Сондай-ақ, А. Литвинов Аралтөбеге келген қазақтарға да: «Біздің қоғам астықты таратып алып жатыр, сендер де қоғам болып ұйымдасып солай істеулерің керек» – деген. Ал қазақ болса, өзінің Көктерек ауылына барып, жұртқа түсіндіріп, солай істейтінін айтқан. А. Чемодановтың тергеуге берген жауабында Қоғалыға арыздану үшін барып қайтқан Василий Скворцовтың: «Қоғалыға Алматыдан астық әкетуге арбамен қырғыздар (қазақтар) келген екен, қоғалылықтар астық бермей оларды қуып жіберіпті, тіпті бір қырғызды атқан да екен. Ал жаркенттіктер (сол мақсатта) келген кезде таразыларын жасырып қойыпты.» – дегенін жеткізеді [30]. Жергілікті билікті Аралтөбедегі, жалпы губернияның ішкі өңірлеріндегі астықты бұлайша тасымалдауға қалыптасып отырған аштық мәжбүрлеген еді. Жаркент уездіне қарасты үш болыс ашығып отырғаны, Беркетмен болыстығында шаруалар ауқаттыларға шабуылдап, жаппай Қытайға қашу орын алғаны, екі партячейка хатшысы қашып кеткені жайлы жоғарыда айтылған губком хатшысы Манаевтың партияның жоғарғы органдарына жолдаған жабық хатында көрсетілген. Жабық хатта, сондай-ақ, «қазіргі сәтте губерниялық комитет бұйрығымен Талдықорған уезінен Жаркент уезіне 600 пуд (астық) тасымалданып жатыр, олардың 200 пуды жеткізілгені» хабарланған [31].

ОГПУ Қазақстандағы өкілетті өкілі Волленберг қол қойған Алматы округіндегі «Аралтөбе наразылығы» бойынша іске байланысты түсініктеме хатта жағдайдың бұлайша өрбуінің екі себебін көрсетеді: 1) Кулактар мен деревняның реакцияшыл пиғылдағы бөлігі кедейлердің мүшкіл хәлін пайдаланып, Кеңес өкіметі мен коммунистік партияның шараларын теріс түсіндіре отырып, өздерінің адамдары арқылы кедейлер арасында мемлекеттік қоймалардағы астықты басып алуға бағытталған жұмыс жүргізді. 2) Жергілікті өкімет орындарың әрекетсіздігі осы жағдайға алып келді [32]. Жалпы алғанда, ОГПУ мәліметтерінде жергілікті өкімет өкілдерінің әрекетіне сыни баға берілген. «Осылайша, астыққа байланысты мәселе одан әрі шиеленісіп, жергілікті өкімет орындары – ауылкеңес төрағасы, БК(б)П мүшесі Герасимов пісіп келе жатқан наразылықты шешу үшін қандай да бір шаралар қабылдаудың орнына сасып, өзін өзі қорғау мәселесімен айналысып кетті. Осы мақсатта өздерінің жабық жиналысында өз қауіпсіздігін сақтайтын жалған қаулы қабылдап, ал 22-ші сәуірден 23-іне қараған түнде селодан қашып кетті. Осылайша, құтырынған тобыр өзімен өзі қалып, астық толы мемлекеттік қойманы ашып, оны азаматтар арасында үлестіру түріндегі өзі ісін істеді.» – делінген баяндамада [33] ОГПУ мәліметтерін қалыптасқан жағдайды сипаттайтын шынайы ақпарат деп бағалауға болмайды. Өйткені, осы іс бойынша ОГПУ бар кінәні аудармақ болып отырған Аралтөбе ауылсовет төрағасы Герасимовты мүлде әрекетсіз болған деуге келмейді. Керісінше, Герасимов жоғарыға бірнеше хат жолдап, жағдайдың шиеленісіп бара жатқанын ескертіп отырған [34]. Атап айтқанда, губерниялық атқару комитетінің өкілі Румянцевке 21 сәуір күнгі жолдаған қатынас хатында Герасимов: «Астыққа байланысты түсінбестік туып тұр, азаматтар астықты (Алматыға) жеткізуден бас тартып, тамақтану мен егін себуге қажетті сұранысты қанағаттандыруды талап етуде, қоймаларды бұзбақ, ешқандай үгіт-насихатқа сенбейді. Сіздің қатысуыңыз міндетті боп тұр. 1000 пұд (Алматыға) жеткізу мүмкін емес.» -деп баяндайды. Өлкелік партия коммитеті өкілі Ф. Оликовтың иландыруымен астықты ауданда қалдыруға келіссе де, жеме жемге келгенде астықты шығаруға шешім болғаны көрінеді. Өйткені, Алматыға Аралтөбенің астығын жеткізу де жоғарғы өкімет орындарының тапсырмасымен жоспарлы түрде іске асырылып жатқан шараларға кіреді. Бұл кезде Алматыны нанмен қамтамасыз ету көлемі артқан болатын. Бұған Алматыдағы Түрксіб құрылысшылары, Алматыға астананы Қызылордадан көшіруге орай

келген жұмысшылар көлемі артуы және басқа да себептермен губерния орталығының нан қажеттілігі көлемі 458000 пудқа, маңайындағы ауылдарға керек тұқымдық астық көлемі 258 000 пуд, жалпы қажет астық 716 000 пудты құрады [35]. Жоғарыда көрсетілгендей, аштық құрсауындағы наразы тұрғындар жергілікті өкімет орындарынан жоғарғы органдарға қатынас хат жолдауды талап етіп қана қоймай, өздері де жеделхаттар жолдаған. Кедейлер жиналысы төралқасы атынан Қызылордаға, ҚазОАК-не жолданған жолданған жеделхат мазмұнының Герасимовтың жоғарыдағы қатынас хатымен ұқсастығы назар аудартады. Жеделхатта; «Талдықорған уезінің Аралтөбе мекенінде 1927 жылғы егін шықпай қалуының салдарынан халықтың жартысы астықсыз қалды. Уездің губернияға жолдаған тамақтық астық пен егіске тұқым беру туралы өтінішіне жауап жоқ. Аштық белең алып барады. Астық сатып алатын жер жоқ. 127 жанұяға тамаққа 1352 пуд, тұқымдыққа 6125 пұд астық керек. Кедейлер қауымы Сіздерден астық беру жағынан көмек сұрайды.» – делінген [36]. Көрініп тұрғанындай, тамақтыққа және тұқымдыққа қажетті астық көлеміне сұраныс мөлшері қатынас хат пен жеделхатта бірдей. Наразы шаруалардың өзі ауылкеңес тұрмақ, уезд тарапынан губернияға жолданған сұраныстың жауапсыз қалғанын ашық айтып отыр. Бұл жағдайлар бар жауапкершілікті жергілікті өімет орындарына артып, өздерін таза етіп көрсеткісі келетін ОГПУ мәліметтеріне сын көзбен қарау керектігін байқатады.

Аралтөбедегі өкімет өкілдері қашып кеткеннен кейін 24 сәуір күні наразы тұрғындар тағы жиналады. Жиналыс хаттамасында 9 ауылкеңес мүшесі, азаматтардан 120-әйел, 80-ер адам, барлығы 200 тұрғын қатысып отырғаны көрсетілген. Карп Мешинский төрағалық етіп, төрағаның жолдасы болып Мария Чернова, хатшылыққа Сошникова сайланады. Күн тәртібінде сол астық жайы, оны қалай тарату мәселесі қойылады. Жиын қаулысында: «жергілікті өкіметтің (өкілдерінің), ұйымдар өкілдерінің жоқ болуы, олардың қоймаларды жауып кету салдарынан кедейлер ұйымы астық беруді олар келгенше тоқтатуды, № 1, 2, 3 жиналыс хаттамалары мен қаулыларын орындай отырып, құлыптар мен мөрлерді бұзбай, заңдылықтың сақталуына» шешеді. ОГПУ баяндамасында Герасимовты «өз қауіпсіздігін сақтайтын жалған қаулы» қабылдады деп айыпталғаны жоғарыда айтылды. 24 сәуір күнгі жабық мәжілісте қабылданған бұл қаулы да, хаттама мазмұны да қызғылықты. Жабық жиналыстың №1 хаттама мазмұнында қатысушылар қатарында Аралтөбенің барлық ұйымдарының өкілдері көрсетілген. БК(б)П

мүшелерінен Куянцев, Герасимов, Белоносов, комсомол мүшелері Мария Шестерова, Феоктиста Шестокова, К. Взорова, К. Беркут, партияда жоқтар: Антон Афтинкин, Яков Цыцарев, төраға орынбасары Гаврила Беляева, мектеп меңгерушісі Взоров, тұтынушылар қоғамы басқарма мүшелері Федор Чадов, Иван Куянцев қатысты. Жиналғандар ұйымдар жиналысының Аралтөбедегі контрреволюциялық бас көтерулер туралы жалпы пікірлерді тыңдап, барлық партия мүшелері мен комсомолдар тыныштандыру және бұзылудан сақтау үшін халық арасына баруға тиіс деп тапты. Сонымен қатар бүлікшілердің ешқайсысына тиіспейтінін, олардың әрекетін кешірілетіні туралы жалған қаулы шығару арқылы халықты сабырға шақыру, өздерінің селода болуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ елді мекенде тыныштық орнату арқылы қоршаған селоларда, әсіресе жергілікті халықтың бас көтерулеріне жол бермеуге тоқтам жасады [37]. Аралтөбедегі жағдайдың бақылаудан шығып бара жатқаны Алматыдағы губерниялық өкімет орындарын мазасыздандырды. Аралтөбеге маңайлас жатқан Қоғалымен телеграф арқылы Алматыдан байланысқа шыққан арасында губерниялық атқару комитетінің өкілі Румянцев бар, Щаборин, Исмагилов, Горашенколар арасындағы әңгіме телефонограммасы бірқатар мағлұмат береді. Румянцевтер Алматыдан, жауап беруші Горащенко Қоғалыдан. Осы жеделхаттан үзіндіге назар аударайық: «Алматы: Не болып жатыр? Қоғалы: Аралтөбедегі бейбастық жалғасуда, қазіргі уақытта ауылкеңес жоқ, коммунистер қашып кеткен. Басқа ауылдардан жазбаша түрде бейбастықты тоқтатуды талап еттік. Жауап әзірге белгісіз. Аралтөбені қарулы қақтығыссыз алу мүмкін емес, басшыларын қолға түсіру үшін де Алматыдан біз сұрап отырған отряд қажет. Бұл туралы Сіздердің нұсқауларыңызды күтеміз, жағдай қазірге уезден астықты шығармау керектігін қуаттайды. Бұл Аралтөбедегі жағдайдың Луговое, Круглое, Қоғалы елді мекендерін де шарпығанын қосымша хабарлаймыз. Сондай-ақ, Қарабұлақ, бірінші кезекте Қаратал, Қапал тіпті Талдықорғанға да таралу қаупі бар...Алматы: Сұрақ: 1) Аралтөбеліктерді бақарып отырған кім ?; 2) Олардың ұрандары қандай ?; 3) Бағынғысы келмейтіндердің жалпы саны қанша?; 4) Аралтөбедегі жағдай басқа поселкаларды шарпыды деген нені білдіреді?; 5) Аралтөбеліктердің қарулары бар ма, болса қандай ?; 6) Аралтөбеліктердің қарулы қарсыласуы туралы болжам неге негізделген?»;

Аралтөбедегі шынайы жағдайды білу үшін қойылған бұл сұрақтардан губерния орталығы – Алматыдағы өкімет орындарының дүрлігуі байқалады.

Қойылған сұрақтар бойынша Қоғалыдан мынадай жауап берілген: «Ретімен жауап беремін: 1. (Көтерілістің) белсенді жетекшісі Владимир Первухин орташа шаруа. (Ол сәуірдің) 20-ы қоймаларды бұзуға шақырды, 21-і бұл іске асты. Осы сияқты белсенді қатысушылар шаруа Попов, орташа Афанасий Чемоданов, бұрынғы кулак қазір орта шаруалар Архип Литвинов, Игнатий Сотниковтар. Бұлар сияқты осылардың айтқанын орындайтын белсенді қатысушылар саны 100-ге тарта, қазіргі сәтте Чемоданов басқаратын астықты тарату комитеті құрылып, олардың қаулысына бағынатындарға (астық) таратылды. Толығырақ телефон арқылы Талдықорғаннан хабарлаймын.

2) Тамақтық және тұқымдық астық кедей бейнесін жамылған ауқаттыларға да берілуде, нанды өз поселкасынан тіпті көрші поселкеге де шығармау, жетекшілерін ұстап бермеу, бірлесіп жауап беру. 3) Халықтың үштен екі бөлігі, шамамаен 200-дей адам. 4) Әйелдерді пайдалана отырып Қоғалы мен Луговоеде астықты өз қолдарына тартып алуға әрекет жасалды. 5) Дробовик мылтықтар бар, саны белгісіз. 6) (Оған негіз) олардың қаулылары мен жергілікті өкімет (өкілдерін) ұру әрекеті» [38].

Губерниялық өкімет орындары тарапынан уезд орталығы Талдықорғанға астық жіберу мәселесі шешілгенін айтқанымен, нақты қалай шешілгенін хабарлауды кейінге қалдырады. Осы әңгімеде 24 сәуірде Аралтөбедегі және басқа да бас көтерілерді жою мақсатында құрамында Дроздов, Каряцкин және Степанов бар, тиісті өкілеттік берілген комиссия Алматыдан жолға шығатыны хабарланды. Қоғалыдағы жергілікті өкімет өкілі Горащенкоға комиссия келгенше қақтығыстың себептері мен бастамашыларын жіліктеген арнайы материал дайындау тапсырылды. Сөз соңында Қоғалыдағы уезден келген комиссия өкілі Аралтөбеге барып, наразы шаруалармен келісімге келуге тырысатынын, бірақ бұлардың отрядының саны аз екенін айтады. Губерниялық өкімет өкілдері: «Қалай болғанда да келісімге келуге тырысу керек. Өз қимылдарыңызда барынша сабырлылық сақтаңыздар. Керексіз күштеу әрекеттерін болдырмаңыздар. Қарулы күш қолданбау керек. Ол (күш қолдану) мәселені (баратын) комиссия шешеді.» – деп атап көрсетеді. Сонымен қатар губерниялық комиссия келгенше осы мәселеге орай құрылған 5 адамнан тұратын уездік комиссияның мұнда болуы қажеті бар-жоғын сұраған сұраққа губерниялық билік уездік комиссия мәселені шешуден жалтармай, жоғарыдан келетін комиссия жеткенше наразылықты

бейбіт келіссөздер арқылы жою және оның басқа елді мекендерге таралмауы үшін әрекетте болулары керегін тапсырады [39]. Жоғарыдағы губерниялық комиссия мәселесі Жетісу губкомының 23 сәуір күнгі № 8 жабық жиналысында талқыланған болатын. Губком бюросынің мүшелері Алманов, Таиров, Степанов, Шевченко, Айтхожин, Раздобреев, Филимонов, Смотряева қатысқан жабық мәжіліс Аралтөбедегі жағдайды егін себу науқаны бойынша өкілдің жеделхаты негізінде қарайды. Губком бюросы «(Аралтөбедегі) тәртіпсіздіктің туу себептерін анықтау және оны жою мақсатында» құрылған арнайы комиссия төрағалығына Степанов бекітілді [40]. «Қатаң құпия» белгісімен сақталған бұл мәжіліс хаттамасы, іс материалдары құпияланып, тарихшылардың назарынан тыс қалған. Өңірде және орталықта үлкен дүрлігу туғызған Аралтөбедегі оқиғалардың мән-жайын жергілікті өкімет орындарының өзара қатынас хаттарынан, шаруаларға қарсы қылмыстық іс материалдарынан ғана анықтау мүмкін болып тұр. Бұл материалдарды ОГПУ-дың Қазақстандағы өкілетті өкілдігі тергеу бөлімі жинаған. Негізінен көшірме түріндегі бұл құжаттардың түпнұсқаға сәйкестігін ОГПУ тергеу бөлімінің уәкілі Фильченков растаған. Аралтөбенің өзінің, уездік , губерниялық өкімет орындарының көтеріліске байланысты позициясын сол органдардың өзара хат алмасулары айқындайды. Уездік өкімет орындарының оқиғаға қатысты ұстанымын уезден келген комиссияның 22 сәуір күні Алматыға БК(б)П губком хатшысы, губерниялық атқару комитеті төрағасына, губерниялық прокурорға, ОГПУ-дің губерниялық бөліміне жолдаған «өте құпия, жедел» деп белгіленген хабарламасынан білуге болады. Хабарламаға Исмаилов, Омаров, Гораценко қол қойған. Онда: «Аралтөбедегі жағдай туралы ақпаратқа қосымша комиссия астықты ұйымдасқан түрде басып алу аштықтың салдарынан емес, тек қана село аумағынан астықтың шығарылуын болдырмау үшін істелгенін анықтады. Астық олардың (көтерілісшілердің) ұйымына бағынатындарға ғана, олардың арасында кулактар да бар, таратылып, керісінше оларға бағынбаған кедейлерге берілмеген. Контрреволюциялық комитет тарапынан күзетші қойылып, өкімет тарапынан біреулер келген жағдайда (шіркеу) қоңырауы соғылып, барлығы олармен кездесу үшін жиналады. Жиналғандардың ұрлыққа барып, жергілікті өкіметке күш көрсету фактілері бар. Ауылкеңес жойылған, партия мүшелері мен өкімет өкілдері қақтығыстан қорқып тығылған немесе Көксу поселкесіне кеткен. Қимылдар арқылы (олардың) Совет өкіметіне қарсы екені айқындалды, үгіттің пайдасы

жоқ. Қарулы күштер арқылы кіруден қазірше тартынып тұрмыз. Өйткені, көп мөлшердегі әйелдер өкімет өкілдері көріне қалған жағдайда тас, кір тасы және басқалармен қаруланып, оларды ұруға әрекеттенуде.» – делінген [41]. Уездік комиссия өз хабарлмасы соңында көтерілісті дереу жою үшін олардың бастаушыларын тек қана қарулы күшпен басып алу керектігін көрсетеді. Уездік комиссия көрші селолардың Аралтөбені қолдамайтынын да айтады [42]. Бұл хабарлама мазұнынан уездік комиссияның губерниялық басшыларды қарулы күш қолдануға итермелеп отырғаны байқалады. Сондай-ақ, Аралтөбе оқиғасының көрші селоларға әсері туралы ақпараттың жоғарыда келтірілген тікелей желідегі телеграф арқылы талқылауда айтылған мәліметтермен қайшы келетіні көзге ұрып тұр. Телеграф желісімен тіке байланыста Қоғалы мен Луговое селоларында астықты тартып алу үшін шабуылдар болғанын хабарлаған уездік комиссия құпия жеделхатта оған кереғар сөйлеп тұр. Аралтөбе көтерілісіне қатысушылардың көрші Қоғалы мен Луговое селоларына барып, ондағы шаруаларды астық қоймаларын басып алуға шақырғаны туралы ОГПУ мәліметтерінде де айтылған. 26 мамыр 1928 жылы КАССР халық комиссарлар кеңесі төрағасы Н. Нұрмақовқа нан дайындау науқаны бойынша кеңес өкіметіне қарсы бас көтерулерге қысқаша шолуда (№ 23726/2) Аралтөбе көтерілісіне де тоқталған. Мәліметте Аралтөбеде болған жағдай баяндала келіп:, «22 сәуір күні 30 адамнан тұратын Аралтөбеліктер Қоғалыға келіп, ондағыларды астықты (селодан) шығарып әкетуге жол бермеуге шақырды. Нәтижесінде Қоғалыдағы астық (қоймалары) басып алыны. Алайда астықты басып алуға қатысқан кедейлердің кулактарға нан үлестіруден бас тартқандығынан таратылған жоқ. Ал 24 сәуірде Луговое селосында осындай астық қоймаларын талқандауға әрекет жасалды. Баскөтеру мұнда ОГПУ әскері мен комиссияның келуімен тоқтатылды» – делінген [43]. Құжаттар Аралтөбе көтерілісінің әсері басқа елді мекендерге тарала бастағанын көрсетеді, губерниялық өкімет қарулы күш қолданудан бас тартуына уездік комиссияның өз жағдайы мүшкіл болатынынан қауіптенуі себеп болды деп шамалауға болады

Аралтөбедегі жергілікті өкімет өкілдерінің қашып кетуі көтерілісшілерді де бей-жай қалдырмады. Қоймадағы астықты ашыққан халыққа және көктемгі егіске тұқымға беру барысында уақытша комитет барынша заңдылықты сақтауға тырысады. Бұлай деуге Герасимов бастаған ауылкеңес өкілдері қашып кеткен соң көтерілісшілер көрші Көксу станицалық атқару комитетіне жолдаған

өтінішінен көруге болады. Өтініште көтерілісшілердің хаттамаларында көрсетілген Аралтөбедегі аянышты ахуал сиппаталып, шаруалардың ашығуы, егіс науқанына керекті тұқымның берілмеуі, жергілікті өкімет орындарының сөзбұйдаға салып мәселені шешпеуі салдарынан астықты тарату жұмысын өз қолдарына алғанын хабарлайды. Аяқ астынан ауылкеңес төрағасының кетіп қалуы жағдайында «істі реттеу» мақсатында Көксу станицалық атқару кеңесінен жәрдемдесуін сұрайды [44]. Аралтөбе көтерілісінің ұйымдасқан сипатын көрсететін бұл өтініш арқылы көтерілісшілер жетекшілері өз әрекеттеріне барынша заңдық сипат беру мақсатында көрші станица өкімет орындарын астық тарату шарасына араластыруды көздегені байқалады.

Аралтөбе көтерілісіне уездік өкімет орындарының саяси бағасы 23 сәуір күні көтерілісшілерге жолданған үндеуде көрініс тапқан. «Аралтөбе селосының азаматтарына!, – делінген үндеуде, – уездік комиссия мемлекет қазынанасын тонап, жаппай бей-берекеттік туғызып, жергілікті өкімет орындарына күштеп қарсыласу қимылдарын туғызған Аралтөбедегі өздігімен құрылған топтың әрекетін контрреволюциялық деп санайды. (Сіздерден) дереу арада Аралтөбедегі бей-берекеттікті тоқтатып, өздігінше құрып алған барлық комиссия атаулыны (өздігімен билік ету) таратуды, жергілікті мемлекеттік өкіметтің нұсқауларына бағынуды ұсынамыз.» Бұған қоса уездік комиссия көтерілісшілерден келіссөздер жүргізу үшін 3-6 адам көлеміндегі өкілетті өкілдерін ертесі 24 сәуір таңғы 8-ге Қоғалыдағы болыстық атқару комитетіне келуін талап етті [45]. Уездік комиссияның бұл әрекетін ОГПУ басшысы Н. Л. Волленберг өзінің Е. Ерназаровқа жолдаған баяндамасында «дөрекі түрдегі саяси қате» деп бағалайды. Чекистер басшысы уездік комиссия қорқып кетіп, жағдайды дабырайтып көрсетіп, көтерілісті контреволюциялық деп таныды және жіберілген үндеу-хат салынған конверттің сыртына «Уақытша үкімет комитетіне» - деп жазып қойды деп кінәлайды [46]. Уездік комиссиядан келген бұл хат көтерілісшілерді абдыратып тастағаны М. Егоренконың ОГПУ-ға берген жауабында баяндалған. Алдымен бұл конвертті ашу-ашпау керектігін талқылаған шаруалар, шіркеу қоңырауын соғып, халықты жинайды. Конвертті ашып, ондағы уездік комиссия талаптары көпшілікке оқылады. «Азаматтар бұл қағаздың ауылкеңес төрағасына емес, уақытша үкіметке бағытталғанына қарсылығын білдіріп, (жоғарыға) жалған арыз жөнелтілген екен деп у-шу болды.» – деп көрсетеді М. Л. Егоренко [47]. Аралтөбе шаруалары көтерілісінің ұйымдасқан сипатына ОГПУ да көз жұма алмады.

Оқиғадан кейін халық комиссарлар кеңесі төрағасы Н. Нұрмақовқа жолданған жоғарыда көрсетілген ОГПУ хатында Аралтөбеде көтерілген шаруалар кулактар В. Превухин мен А. Чемодановтың басшылығымен «Нан тарату комитетін» құрғанын баса көрсеткен [48]. ОГПУ тергеуінің мақсаты қалай да кінәлілерді табу болғанын жоғарыда үзінді келтірілген ҚазОАК төрағасы Е. Ерназаровқа жолданған Н. Л. Волленбергтің баяндамасы нақтылай түседі. ОГПУ баяндамасында жергілікті өкімет орындары шиеленісті шешіп, көтерілісті басуға әрекет жасамады деген тоқтам жасап оған дәлел ретінде екі факті келтіреді. Оның біріншісі, Герасимов уездік өкілетті уәкіл Румянцевке жағдайды тұрақтандыру үшін келуін сұрап жеделхат жолдайды. Ал Румянцев болса, келуден жалтарып, ауылсоветтің жеделхатын Қоғалы болыстық милиционеріне бағыттаған [49]. Екіншіден, ОГПУ уездік комиссияны жағдайды тым асыра сипаттап, көтерілісшілермен келіссөздерге барғанына кінәлі санайды.

Қоғалыдағы уездік комиссия Аралтөбе көтерілісінің жетекшілері туралы жан-жақты ақпарат жинайды. ОГПУ жүйесі бойынша түскен жедел әрі құпия жеделхаттардың бірінде Талдықорғаннан Жылқыбаев деген митинг ұйымдастырушы көтеріліс жетекшілері Михаил Попов, Владимир Первухин, Ефим Сошиков, Михаил Егоренколардың Түрксіб жұмысшылары екендігі туралы мәлімет барын хабарлайды. Аралтөбе көтерілісіндегі «Түрксіб ізі» туралы болжам негізсіз емес. Алайда, көтеріліс жетекшілері Түрксіб теміржолының Көксу бөлігінде қысқа мерзім жұмыс істеген [50]. Сондай-ақ, жеделхатта олардың өкімет өкілдерін өлтіруді ұсынғанын, оларды айдап салушы Иван Ананьин, Михаил Ивановтар шыдамдарының таусылғанын айтқан. Куянцев пен Скляровтарды қорқытқан. Араларындағы Кашкаров Жаңғызға кеткені, жолдағы бекеттерде оны ұстау шаралары ойластырылғаны айтылады [51].

Герасимов бастаған жергілікті өкімет орындары қашып кеткеннен кейін Аралтөбедегі жағдай қалай өрбіді? Уездік комиссияның талаптар қойған хатын алғаннан кейін көтерілісшілер сол күні, 23 сәуірде түскі сағат 13-те 5-ші мәрте жиналды. Жиналысқа жалпы саны 213 адам қатысады. Жиынға Соболев төрағалық жасап, Карп Анархин төрағаның жолдасы болып сайланады. Күн тәртібіне уездік комииссияның талап хаты талқыланады. Архивтегі ОГПУ іс қағаздарындағы уездік комиссияның талап хат көшірмесінде оған қол қойғандардың аты-жөні, лауазымы көрсетілмеген. Ал көтерілісшілердің № 5 жиналыс хаттамасында

олардың кім екені нақтыланған. Уездік комиссия төмендегі құрамда болған: уездік комиссияның төрағасы, уездік атқару комитетінің төрағасы Исмаилов, БК(б)П уездік комитетінің өкілі Шабарин, мемлекеттік прокурордың көмекшісі Омаров, ОГПУ уәкілі Гаращенко және әскери комиссар Ануфриевтер [52]. Жиналғандар уездік комиссияның талап хатында шаруалар наразылығын контреволюциялық деп сипаттағанына қарсы шығады [53]. Хаттама мазмұнында шаруалардың мүшкіл хәлі жанұшыра суреттелген. «Кедейлер барынша тырысып жергілікті және жоғары өкімет орындарына (жағдайды түсіндіруге) ұмтылды. Аштан өлмеу үшін шын сенімділікпен, шынайы түрде өз мұқтажын жоғары өкіметке тіке айтқысы келді» – делінген хаттамада. Алайда, жергілікті өкімет кедейлердің мұңын көзге ілмей, оларға жаулықпен қарағаны айтылады. Жиналыс уездік комиссияның талабымен өздерінің атынан өкіл қылып Ефим Сошнин, Владимир Первухин, Анисия Калугиналарды сайлап, олардың қолына алдыңғы 1-4 мәжілістердің хаттамаларын беріп, келіссөз жүргізуді тапсырады. Бұған қоса уездік комиссиядан Аралтөбедегі астық тарату жағдайын, шаруалардың шынайы хәлін білуге уәкіл жіберуін сұрайды [54]. Уездік комиссия «Уақытша үкімет» деп танығаң (сол үшін ОГПУ сынаған) Аралтөбе көтерілісі бас-аяғы 4-5 күнге созылды. Аштық құрсауындағы ауыл тұрғындарының әрекетінің ұйымдасқан сипаты автономия өкіметін қатты алаңдатты. Жоғарғы өкімет орындарының шаруалар өтініштеріне көңіл бөлмеуі, халықтың аянышты хәліне қарамай тұтынушылар қоғамы, кооператив жүйелері арқылы сол шаруалардан жиналған астықты Алматыға шығарып әкетуге тырысуы ашынған тұрғындарды батыл әрекетке итермелеген.

Көтерілісшілер аяғына дейін іске асырып үлгермеген бастамалардың бірі – коммунистер мен жергілікті өкімет өкілдерінің үйлерін тінту. ОГПУ анықтамасында бұл мәселе айтылмағанымен, тінтудің іске асырылғаны көтерілісшілердің тергеудегі жауаптарында көрсетілген. Көтеріліс басшыларының бірі В. С. Первухиннің 27 сәуір күні ОГПУ тергеушісіне берген жауабында тінту туралы былай дейді: «22 сәуір күні (ауылкеңес) төрағасы Герасимов поселкеден кетіп қалған соң... жиналыста Архип Литвинов пен Андрей Щеглов өз сөздерінде: «бізге қанша астық барын білу үшін өзіміздің өкіметтің (үйлерін) тінту керек.» – деді. Совет (ауылдық) қызметкерлерінің пәтерлерін тінту-тексеру жөніндегі комиссия құрамына Елена Сошникова, Сергей Литвинов, Графина Иванова, Андрей Баталов, Андрей Первухин, Вера Есютина сайланды...Содан кейін 6 адамнан тұратын топ тінтуге

кеттік.» [55] Жергілікті өкімет өкілдерінің үйлерін тінту жөніндегі комиссия алдымен БК(б)П мүшесі Борис Егоровтың үйіне барады. Одан кейін Василий Белоносов, Цицеров, Взоров үйлері тінтуге барады. . Тінту жөніндегі комиссияны мұғалім Взоров, Герасимовтың үйіне кіргізбей қояды. Андрей Первухинге Взоров бұл жасап жатқандарының дұрыс еместігін айтады. Оған А. Первухин тінтудің дұрыс-дұрыс еместігін талқыламайтынын, өзіне бұл жұмыс тапсырылғанын айтып жауап береді. Комиссия үйлерін тінтуге жол бергісі келмейтін өкімет өкілдерінен кіргізуге бас тартатынынын айтып, қолхат берулерін талап етеді. А. Первухин өздеріне жиналыс төралқасы (Соболев, Литвинов, Архиповтар) тінту кезінде үйлеріне кіргізбейтіндер шығып жатса, баса көктемей, үй иелерінен тұрғын жайға кіргізуден бас тартатынын көрсетіп қолхат жазғызып алып қайтуды тапсырғанын айтады [56]. ОГПУ тергеушілері коммунистердің үйлерін тінтумен қатар оларға қарулы күзет қою туралы көтерілісшілердің әрекетін анықтауға тырысқан. А. Первухиннен коммунистердің үйіне күзет қою туралы нақты кім ұсынғанын сұрайды. Первухин бұл ұсыныстыкім айтқанын білмейтінінін көрсеткен [57]. Көтерілісшілер өкілдері Қоғалыға кеткен сол 24-сәуір күні кешке Аралтөбеге Көксу станицалық атқару комитетінің төрағасы (аты-жөні көрсетілмеген) келіп, поселкедегі барлық ұйымдар өкілдерін жинап жиналыс өткізеді. Михаил Егоренковтың ОГПУ тергеуіндегі жауабына қарағанда, жиналғандар дұрыс істемеді деп, Аралтөбе кедейлерін айыптап, аштыққа байланысты ешқандай контрреволюциялық көтеріліс болған жоқ, түсініксіз жаппай талап ету ғана болды. Жоғарғы өкімет органдарынан кешірім сұралды [58].

25 сәуірде Аралтөбе халқы базардан Қоғалыға кеткен өкілдердің оралғанын естіп, шаруалар ауылдық кеңес басқармасына жиналады. Өкілдерден не болғанын сұраған олар, уездік комиссияның олардан тек жалпы жағдайды тәпіштеп сұрақ сұрағанын білген соң, тарап кетеді. Базарға келген комсомол мүшелері өкілдер мен басқаларды қайтадан жиналысқа шақыра бастайды. Осы күні автомобильдер толы қарулы қызыләскерлер Аралтөбеге әкелінеді. Қайтадан жиналысқа жиналған халық арасынан белсенділерді тұтқындай бастайды. Таратылған астық кері қайтарылады. Жиналып алынған астық қайтадан бір айға әр жан үшін 30 фут мөлшерінде таратыла бастайды. Өзінің ОГПУ тергеуіндегі жауабында М. А. Попов: «Болған жағдайға бойынша менің ойым мынадай: егер астық өз уақытында халыққа берілген болса, Аралтөбеде

еш оқиға болмас еді. Бәрібір сол қоймалардан астық таратылды ғой. Неліктен сол астық халықтың наразылығына жеткізбей-ақ берілмеді?» – деп көрсеткен [59]. ОГПУ-дың Жетісу округтік бөлімі Аралтөбе көтерілісі бойынша 10-кулак, 10-орташа, 21-кедей, жалпы саны 44 адамды жауапқа тартты. Олардың ішінде 3- орыс-казактар болса, 2 адам БК(б)П -дан шағырылғандар,1 адам ЛКСМ-нің бұрынғы мүшесі. Тұтқындалғандар сан 9 адамды құрады [60]. ОГПУ-дің КАССР ХКК төрағасы Н. Нұрмақовқа жолдаған жоғарыдағы хатында Қоғалыдан – 7 адам, Луговоеден – 5 адам тұтқындалғанын хабарлайды [61]. Алдын ала тергеу жүргізіліп, айыптау қорытындысы бойынша шаруалар іс-әрекетін контрреволюциялық деп тауып Қылмыстық Кодекстің 59-бабымен айыптап, тұтқындалғандарды алдымен Алматыға айдап, Қоғалыға барғанда Талдықорғанға бағыттайды [62]. ОГПУ өкілетті уәкілі Н. Л. Волленберг пен басқалар қол қойған ҚазОАК төрағасы Е. Ерназаровқа жазылған баяндамада Жетісу губерниялық ОГПУ бөлімі губерниялық прокурор Аралтөбеліктер ісін ОГПУдің Коллегиясына соттан тыс қарап, жауапқа тартылғандардың бәрін әкімшілік жер аударуды ұсынғаны айтылады. ОГПУ өкілетті өкілі баяндамасында мынадай қорытындылар жасалады: 1) Шаруалардың көтерілісі жергілікті өкімет орындарының жете бағаламауынан туындаған, соңғылардың өз уақытысында ешбір шара қолданбағанынан асқынған; 2) Наразылық шиеленіскен тұста олардың шешімсіздігі мен ебедейсіз әрекеттері арқылы жағдайды асыра бағалаудан туған орынсыз шаралары орын алды; 3) Жағдайды көре тұрып, жоғары өкіметке өз уақытында хабарламаудың кесірінен Совет өкіметі мен Компартияның экономикалық және саяси қуатын әлсірету бағытындағы шаруаларды кулактар жағына қарай ауытқуын туғызды [63]. «Бас көтерудің нағыз контрреволюциялық ролін жоққа шығармаған» ОГПУ өкілетті өкілдігі Аралтөбе ісін Жоғары сот қарауына беріп, көтеріліс болған жерде көрнекі сот процесін өткізуді ұсынады. ОГПУ баяндамасында «наразылықтың алдында болған жайларды жеткілікті зерттей отырып, процесті кулактарды айыптауға бағыттауды есеп қылатынын» жасырмайды [64]. Бұл енді, сот орындарына берілген ашық түрдегі саяси тапсырыс болатын. ОГПУ Қазақстандағы тұрақты өкілдігінің ұсынысын қараған республика прокуратурасының ГПУ органдарын қадағалау жөніндегі прокурор көмекшісі Мусихин қол қойған қорытындысында: «Кедейлер мен кулактар арасындағы жікті айқындау, антисоветтік пиғылдағы элементтерді анықтау мақсатында қоғамдық маңызды саналатын бұл

істі оны жалпы сот тәртібімен қарау жөн болады.» – деп атап көрсетеді [65]. Ал Алматы округтік сотының 1928 жылғы 30 қыркүйектегі қарау мәжілісінің №70 хаттамасына сәйкес, Аралтөбеліктер ісі ашық соттың көшпелі сессиясында ашық мәжіліс тәртібімен қарауға қаулы қабылданады [66]. Істі қарайтын көшпелі сот сессиясының төрағасы Егерманның Аралтөбе ауылсовет төрағасына 9 желтоқсан 1928 жылғы хатында соттың алғашқы мәжілісі 19-желтоқсанға белгіленгелі, осыған орай сот мәжілісін өткізетін жылы ғимарат, көшпелі сессияны орналастыратын пәтер дайындау тапсырылады [67]. Осымен бір мезгілде округтік сот төрағасының орынбасары Егерманның Талдықорған еңбекпен түзету үйінің бастығына  ісі қаралатын тұтқындағы 9 адамды көрсетілген мерзімге Аралтөбеге жеткізуді тапсырады [68]. Мұның алдында 29 қарашада округтік сотқа ОГПУ арқылы Аралтөбе ісі бойынша күдікті А.Л. Егоренконың ешқайда кетпеу туралы қолхатты бұзып, қашып кеткені, іздеу шаралары жүргізіліп жатқаны хабарланады. Іс материалдарындағы күдіктілердің бәрінің фотокарточкалары тіркелген. А. Л. Егоренконың фотокарточкасының орны бос тұр әрі фотосуреттің оны іздеу мақсатында 19. 02. 1929 ж. алынғаны көрсетілген [69].

ОГПУ баяндамасына тіркелген іс материалдарындағы тергеу хаттама-ларында өзара айырмашылық байқалады. Бірқатар көтерілісшілерді тергеу көтеріліс басылған соң бірден сол сәуір айының соңында жүргізілгендіктен, онда қалыптасқан ахуал нақты әрі біршама шынайы берілген сияқты. Ал кейінірек 1928 жылдың маусым, шілде айларындағы көтерілісшілерден жауап алу хаттамаларында жоғарыдағы сот процесін «кулактарды айыптауға бағыттау» туралы саяси тапсырыстың әсері байқалады. Көтеріліс жетекшілерінің бірі деп танылған  В.С. Первухиннен көтеріліс жаншылған соң 27 сәуірдегі жауап алу хаттамасындағы жауабында «мүліктік жағдайы» деген жерде «бұрын да ештеңем болған жоқ, қазір де ештеңем жоқ» деп көрсеткен [70]. В.С. Первухиннің жауап алу хаттамасы, басқа да құжаттардағы өмірбаянында оның бірде Алматыда, Талдықорғанда диірменде жалданып жұмыс істесе, бірде Түрксіб темір жол құрылысының Көксу бөлігінде істегені көрсетілген. Өз алдына шаруашылығы, егіні, малы бар кулактың бұлай әр жерді кезіп, жалданып жүрмейтіні анық. Көтерілістің тағы бір жетекшісі А. В.  Чемодановтың 29 сәуірдегі жауап беру хаттамасында «мүліктік жағдайы» деген сұраққа «бұрын иелігімде 2 сиыр, 2 ат болған, қазір ештеңем жоқ» – деп жауап берген [71]. А. В. Чемодановтың жауап хаттамасындағы өмірбаянында оның

бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Австро-Венгрияда тұтқында болғаны, 1918 жылы босап келген соң ВКП (б) партиясына мүше болғаны көрсетілген. Соғыстан кейін кулактарға контрибуция салығын салуға қарсы шыққаны үшін партия мүшелігінен шығарылған [72]. ОГПУ тергеушісіне А. В. Чемоданов өмірбаянының осы тұсы оның «кулактығын» дәлелдеуге ілік болған сияқты. ОГПУ-дің ҚазАССР ХКК төрағасы Н. Нұрмақовқа жолдаған мәліметінде екеуін де кулактар деп көрсеткенін жоғарыда айттық [73]. 1928 жылдың маусым, шілде айларындағы тергеуде Аралтөбе көтерілісшілерінен көтерілістің туындауына, наразылықтың шиеленісуіндегі кулактардың ролі көбірек сұралып, жауаптарда оған көп орын берілген. Бұл тергеу хаттамаларында көтеріліс жетекшілерінен бөлек тіпті жергілікті кеңес өкімет өкілдері Герасимов, Белоносов, Куяннцев, Егоровтардың өзін «ауқатты» етіп, кулақтарға жақындатуға талпыныс жасалған [74]. ОГПУ дәстүріне сай айыпталушыларға қысым көрсетілгені анық. Бұл жағдай 5 баласы бар кедей шаруа М. А. Поповтың 15 шілдедегі жауаптарында көрсетілген. ОГПУ Жетісу губерниялық бөлімінің өкілетті өкілі Алексеев айыпталушыдан: «Сіз не себепті бұрын қазір айтып отырғандай жауап бермедіңіз?» – деп сұрайды. Айыпталушы М. А. Попов оған: «Мүмкін ол кезде мен ұмытып қалған шығармын. Олар туралы білмесек те, (бізге) кулактарды көрсету туралы көп сұрақ қойылды...Тергеу кезінде жауап берушілерге айқайлады...» – деп жауап береді [75]. Аралтөбе көтерілісі бойынша сот хаттамасына сәйкес сот мәжілістері 26 қараша 1928 жылдан 1929 жылдың 2 қаңтары аралығында өткен. Сот мәжілісінде 36 сотталушының 11-і өз қылмыстарын толық мойындамайды, қалғандары бір бөлігі ішінара, кейбірі тағылған айыпты толық мойындаған [76]. Көтеріліс жетекшілерінен В. Первухин өкімет органдары мүшелері мен коммунистердің үйлерін тінткенін, А. Попов астықты халыққа тарату жөніндегі комиссияға мүше болғанын, Чемоданов таратылған астықтан үлес алғанын ғана мойындайды [77]. Іс ақырындағы үкім алдындағы соңғы сөздері де осыған үндес болғанын көреміз. Айта кететін көрініс Е. Сошниковаңың жауабы: «Балалар ашығып жатты, мен өкіметтен астық сұрадым, менің кінәм сол-ақ.» – дегені [78]. 1929 жылдың 3-қаңтары күні түнгі сағат 12-де 11 көтерілісші ҚК-тің 58 бабының әртүрлі тармақтары бойынша кінәлі деп танылып, мүліктерін тәркілеусіз, құқтарынан айырмай 2 жылға әлеуметтік қорғау үшін бас бостандығынан айыруға, 18 адамға ескерту арқылы босатуға, 11 адам шартты түрде бас бостандығынан айыруға

үкім етілді [79]. Үлкен сот процесі болғаннан кейін өңірдегі және республикадағы қалыптасқан экономикалық ахуал мұнша көп адамды түзету орындарына ұстау мүмкіндігінің болмауынан осындай шешім шыққан деп болжауға болады.

Қорыта келгенде, Аралтөбедегі шағын бір село деңгейіндегі осы наразылықтан Жетісу өңіріндегі советтік тоталитарлық биліктің табиғаты жан-жақты ашылды деуге болады. Аралтөбе көтерілісі барысында бұдан кейінгі 1929-31 жылдардағы советтік аграрлық модернизация саясатына шаруалар қарсыласуы болған жағдайда ресми өкімет ұстанған бұл қозғалыстардың жалпыхалықтық сипатын мойындамау, барлық себепті кулактар, байлардан іздеу саясаты сыннан өтіп, қалыптасты деуге болады. Советтік өкімет орындарында кәмпеске, күштеп ұжымдастыру, салық, астық дайындау саясатына кез келген қарсылықтың астарынан кулак-байлардың, діндарлардың таптық бас көтеруін іздейтін ресми саяси ұстаным орнықты. Бұл саяси ұстанымның ақыры 1931-1933 жылдардағы геноцид деңгейіндегі аштыққа ұрындырып, Қазақстандағы тарихындағы аса ірі демографиялық апатқа әкеліп соқтырғаны белгілі.

## Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1 Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. -Алматы: «Санат», 1994. -272 б.; Сол автор, 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: «Санат», 1997. -320 бет; Сол автор, 1929-1931жылдардағы халық көтерілістері, Алматы, «Арыс», 2018 жыл, – 480 бет; Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. С. 66-92; Алланиязов Т.К. Крестьянские выступления 1929-1932 в Казахсстане: опыт и проблемы изучения. – Алматы: фонд «XXI век», 2002. -272 б.; Алланиязов Т.К., Таукенов А. С. Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1932 годы). –Алматы: ОО «ОЗТ-XXIвек», 2009. – 424 с.

2 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления..., сс. 83-86

3 Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату, Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаевалар. Алматы, 2020, – 304 бет

4 Сонда, 140, 157-158 беттер

5 Омарбеков Т.1929-1931жылдардағы халық көтерілістері, Алматы, «Арыс», 2018 жыл, 190- бет

6 Сонда, 14-бет

7 Құдайбергенова А. И. Қазақстандағы XX ғ. басындағы ашаршылық жайлы //Отан тарихы, № 4, 2012 ж., 68-бет

8 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов /Сост. А. С. Зулкашева (ответсв.). – Алматы: Раритет, 2013. Т.1. 1928 – апрель 1929, 103 – бет

9 Сонда, 43-бет

10 Сонда, 43-бет

11 ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс, 80-бет

12 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов /Сост. А. С. Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2013. Т.1. 1928- апрель 1929 -с. 109

13 Сонда, 122-бет

14 Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920г. - декабрь 1936 г.) Алма-Ата. 1959. с. 75

15 ҚР ОМА, 5 – қор, 20 – тізім, 88 -іс, 80-п.

16 ҚРПА 141 – қор, 1-т., 1934-іс, 13-п.

17 АОМА 84-қ., 1-т., 50-іс, 18-24(а)-п.

18 Сонда, 19-п.

19 ҚРОМА 5-қ., 20-т., 87-іс, 89-п.

20 Сонда, 9,91-п.

21 Сонда, 81-п.

22 Сонда, 105-п.

23 Сонда, 82-п.

24 Сонда, 100 парақ

25 ҚРПА 141—қор, 1-т., 1934-іс, 13 (а)-п.

26 АОМА 84-қ., 1-т., 50-іс, 22-п.

27 ҚР ОМА, 5-қ., 20-т., 88-іс, 92-п.

28 Сонда

29 АОМА 84-қ., 1-т., 50-іс, 22, 117-п.

30 ҚР ОМА, 5-қ., 20-т., 88-іс, 118-п.

31 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов /Сост.А. С. Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2013. Т.1. 1928- апрель 1929 ., сс. 109, 110

32 ҚР ОМА, 5-қ, 20-тізбе, 88-іс, 82-п.

33 Сонда

34 Аралтөбе көтерілісіне қатысушылардың ОГПУ тергеуінде берген жауаптарында ауылкеңес төрағасы ретінде Тюменцев дегеннің аты да аталады. 19. 07. 1928 ж. берген жауабында М. Л. Егоренков Аралтөбе

оқиғалары қарсаңында ауылкеңес төрағасы Тюменцевтің демалысқа кеткенін, Герасимовтың оның орнына сол қызметті атқарып тұрғанын көрсетеді. Қараңыз: Сонда, 106-п.

35 ҚР ОМА, 5-қ, 20-тізбе, 88-іс, 99-п.

36 Сонда

37 Сонда, 93-п.

38 ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс , 86-п.

39 Сонда, 85, 86-п.

40 ҚРПА 719-қ., 3-т., 217-іс,12-п.

41 ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс, 87-п.

42 ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс, 87-п.

43 Сонда, 109 -п.

44 Сонда, 96-п.

45 Сонда

46 Сонда, 83-п.

47 Сонда, 106-п.

48 ҚРОМА 5-қ., 20-т., 87-іс,109-п.

49. ҚР ОМА, 5-қ., 20-т., 88-іс, 95-п.

50 Көтеріліс басшыларының бірі Владимир Первухиннің 1928 жылдың 27 сәуірінде ОГПУ тергеуіне берген жауабында Түрксібтің Көксу бөлігінде 1928 жылдың 8-сәуірден 14-сәуірге дейін ғана жұмыс істегенін көрсетеді. Қараңыз: ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс,108-п.

51 ҚР ОМА, 5-қ, 20-тізбе, 88-іс, 95-п.

52 Сонда, 94-п.

53 АОМА 84-қ., 1-т., 50-іс, 24-п.

54 ҚР ОМА, 5-қ., 20-т., 88-іс, 94-п.

55 Сонда, 110-111-п.

56 Сонда,111-п.

57 Сонда, 121-п.

58 Сонда,107-п.

59 Сонда, 103-п.

60 сонда, 83-п.

61 ҚРОМА 5-қ., 20-т., 87-іс,109-п.

62 ҚР ОМА, 5-қ., 20-т., 88-іс, 107-п.

63 Сонда, 83-п.

64 Сонда, 84-п.

65 АОМА 84-қ., 1-т., 50-іс, 379-п.

66 Сонда, 380-п.

67 Сонда, 392-п.
68 Сонда, 393-п.
69 Сонда, 373-п.
70 ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс, 108-п.
71 Сонда, 115-п.
72 Сонда
73 ҚР ОМА 5-қ., 20-тізбе, 87-іс, 109 -п.
74 1928 жылдың 15 шілдесінде Талдықорғанда ОГПУ тергеуінде айыпталушы М.А. Поповқа «Герасимов, Белоносов, Куянцев, Егоровтардың мүліктік жағдайы қандай?» – деген сұрақ қойылады. М.А. Попов: «Герасимов –ауқатты, 80 пұт астығын тыққан. Белоносов – ол да ауқатты, 80 пұт астығын тыққан. Куянцев кооператив приказчигі, ауқатты тұрады. Егоров та жақсы тұрады.» – деп жауап қатады. Қараңыз: ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс, 102-п.
75 ҚР ОМА, 5-қ., 20-тізбе, 88-іс, 102-п.
76 АОМА, 84-қ., 1-тізбе, 50-іс, 464, 464(айқ), 465-п.
77 Сонда, 464 (айқ)-п.
78 АОМА, 84-қ., 1-тізбе, 50-іс, 489-п.
79 АОМА, 84-қ., 1-тізбе, 50-іс, 507 (айқ), 508, 508(айқ), 509 парақтар

## 2.3 Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты жағдайында халық наразылығының пісіп жетілуі

*Е.И. Стамшалов*

Қазақтан тарихының кеңестік кезеңі қазақ халқының бұдан әргі өміріне ерекше әсер еткен тарихи оқиғаларға толы. XX ғасырдың 20-30 жылдарында ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау саясатына қарсы Қазақстанның әр қиырында халық көтерілістері бас көтерді. Шаруаларды меншіктен айыру, ұжымдастыру, дайындау науқандарының қатаң күштеу тәсілдерімен жүзеге асырылуы халықтың наразылығын туғызды. Кеңес өкіметінің ауылда жүргізген шаруашылық-саяси науқандары мен оған қарсы шаруалар қарсыласуын бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Күштеп ұжымдастыру, астық, ет дайындау саясатындағы қысым апатты көлемдегі босқыншылықты туғызды. Қазақстан шаруаларының ел ішіндегі және шетелдерге босқындығы әлеуметтік қарсылықтың түрі болды.

Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде қайта құру халықтың қалыпты тұрмыс-тіршілігін басқа арнаға бұрып, ұлттық дамуда көзге зияны әлі сезіліп тұрған демографиялық апатқа әкелді. Астық және ет дайындау науқанының күштеу арқылы жүргізілуі Қазақстанды тұтас қамтыған шаруалар көтерілістері, одан кейінгі аштықтың негізгі себептерінің бірі болды. Қазірге дейін астық және ет дайындау науқанының Қазақстан өңірлеріндегі жүргізілу ерекшеліктері, жүргізілген шаруашылық-саяси науқандардың шаруалар бас көтеруіне әсер етуі жеке зерттеу объектісі болған емес. Бұл параграфта Қазақстандағы астық және ет дайындау саясатының экономикалық мәні, жүргізу механизмдері, кезеңдері тың архив деректері негізінде қарастырылады. Қазақстанның отрықшы өңірлері үшін күштеу тәсілдерімен жүргізілген астық дайындау науқаны жартылай көшпелі аудандардағы ет дайындау науқанына ұласып, шаруалардың тіршілік көзінен айырды. Мақалада проблемаға қатысты отандық және шетелдік тарихшылар зерттеулеріне талдау жасалынған.

Кеңестік кезеңдегі тарихи зерттеулерде дайындау науқандарының мән-жайы жете қарастырылған емес. Көбіне ұжымдастыру бойынша дайындау науқандары біртұтас қамтылды. Шаруашылық-саяси науқандардың күштеу арқылы жүргізілу себептері, барысы мүлде назардан тыс қалды. Тарихшы А. Турсынбаевтың еңбегінде шаруалар бас көтеруі мен босқыншылығының негізгі себебі ретінде «бай-кулактардың бүліншілілігі» аталды [1]. Осы тарихшының Жетісу өңіріндегі ұжымдастыруға арналған зерттеуінде «1928-1929 жылдардағы астық дайындау науқаны кезіндегі кулактармен күрес негізінен, орыс және украйн селоларында» жүргізілгені үстірт қана айтылып өткен [2]. Қазақстанның осы кезеңдегі аграрлық тарихын жазған Г. Дахшлейгер 1927-1928 жылдардан астық пен ет дайындау бойынша «қиындықтар байқалғанын», үкімет пен партия «төтенше шаралар жүзеге асыруға мәжбүр болғанын» тағы да жалпылама атап өтті [3]. Кеңестік кезеңіндегі тарих ғылымында ерекшелік болған Ж. Жұмабековтің зерттеуінде ғана дайындау науқандары «асыра сілтеулер» арқылы бұрмаланғаны», «шаруаларға мемлекет дайындаған малдары үшін ақша төленбегені» көрсетілді [4]. Мемлекеттік астық және ет дайындау науқандарының тонаушылық сипаты алғаш рет 1991 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулысымен құрылған комиссияның қорытындысында ашық айтылды. Құжатта «астық дайындау науқанынің жүргізу әдістері жағынан тікелей экспроприациялау әдісіне ұласқаны», «қолданылған шаралардың

ашықтан-ашық заңсыз сипатын жасыру үшін өкімет орындары тауарларға бағаны қасақана арттырғаны, бұл тауарларды жасырғаны жән рынокқа шығармағаны үшін» жазаға тартқаны, дайындау нуқанының әкімшілік зобалаңы көрсетілді [5]. Ауыл шаруашылық дайындау науқандарының «шаруаларға бағытталған репрессияның хабаршысы» болғаны М. Қозыбаев, Ж. Абылқожин, Қ. Алдажұмановтардың бірлескен еңбегінде де атап көрсетілді [6]. Зерттеушілер Т. Омарбеков [7], Қ. Алдажұманов [8] еңбектерінде Қазақстандағы күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістерінің бұрқ ете қалуына дайындау науқандарының ролі әртүрлі деңгейде сараланады. Т.Омарбековтің зерттеуінде астық пен ет дайындау науқандарының дағдарысына арнайы тарау арналған [9]. Қ. Алдажұмановтың зерттеуінде 1929 жылдың күзіндегі Сырдария округі Бостандық ауданындағы, Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қоңырат аудандардындағы шаруалар көтерілісінің тұтануына астық дайындау бойынша көрсетілген қысым әсер еткені айтылған [10]. 30-жылдардағы шаруа көтерілістерін дайындау науқандарымен ұштастыра қарастыру шетелдік тарихшылар еңбектерінде байқалады. Итальяндық тарихшы Андреа Грациози Қазақстандағы 1928 жылдан бастап астық дайындау жоспары өнімнің жалпы көлемінің 15%-нан 1933 жылы 34,1% дейін өсе түсіп, шаруаларды «үнсіз қарсылығын» туғызғаны көрсетілген [11]. Грациози Қазақстан, Ресей архивтеріне қолы жетпей, өз зерттеулеріне жарияланған партиялық құжаттарды негіз етті. Ал қазіргі кезде кеңестік кезең проблемалары туралы зерттеу тақырыптарына байланысты Қазақстан архивтерінде жұмыс істеп, зерттеулерін жария еткен шетелдік тарихшылар буыны қалыптасты. Мұндай зерттеушілер қатарында қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру (седентаризация) саясатын зерттеген француз тарихшысы Изабель Огайонды жатқызуға болады [12]. Астық дайындау жоспарының үздіксіз өсуіне назар аударған Изабель Огайон дайындау науқандары туралы жалпылама мәліметтермен шектелген. Астық және ет дайындау шаруалар наразылығын туғызғанын көрсеткенімен, нақты деректер келтірмеген [13]. Неміс тарихшысы Роберт Киндлердің зерттеуінде дайындау науқандары барысындағы асыра сілтеу мен белсенділердің қиянатының мысалдары келтірілген. Тарихшы шаруалардың бас көтерулері жағдайында дайындау науқандары бәсеңдеудің орнына күшейіп, 1932 жылдың қарашасында Сталиннің науқанды «жазалау рельсіне» шығаруды тапсырғаны айтылады [14]. Қазақ тілінде аударылып

басылған американдық тарихшы Сара Камероннның зерттеуінде Қазақстан өлкелік комитеті жетекшілерінің өтініштеріне ескерместен, дайындау науқандарының жоспар мөлшері өскені, 1931 жылдың соңғы үш айында мал басының 1929 жылғы деңгейден 30%-ға азайғанына қарамастан Москва мен Ленинградты 59500 тонна етпен қамтамасыз етуге міндеттенгені туралы деректері берілген [15]. С. Камероннның зерттеуінде дайындау науқандарының шаруалар наразылығының алғышарты ретіндегі рөлі талданбаған. Итальян тарихшысы Никколо Пианчола мен қазақстандық тарихшы Әділхан Жарасовтың бірлескен мақаласы Қазақстандағы аштық қарсаңындағы халық көтерілістеріне арналды. Шаруа көтерілістерін «мемлекеттік экспроприация» мен келе жатқан аштыққа қарсы тұрған тұтас қауымдардың қарсылығы ретінде сипаттаған бұл авторлар дайындау науқандарына тоқталып жатпаған [16]. 1928 жылдың көктеміндегі астық дайындау науқаны себебінен аштыққа ұшыраған шаруалардың Талдықорған уезі Аралтөбе селосындағы көтерілісінің барысы осы жолдардың авторының зерттеуіне арқау болды [17].

Дайындау науқаны туралы архив құжаттары күштеп ұжымдастыру, аштық мәселелерімен үндес деректер жинақтарында берілген [18]. Ресейде жарық көрген жинақтар бұрын құпия саналған құжаттарды ғылыми айналымға шығаруымен құнды [19]. Дайындау науқандарындағы өкіметтің күштеу шаралары жөніндегі құжаттар енгізілген «Қазақ ауылының трагедиясы» екі томдық жинағын арнайы атап өткен орынды [20]. Соңғы кезде жарық көрген көлемді деректер жинағы ретінде «Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934.» деп аталған 3 томдық құжаттар жинағын атауға болады [21]. Тарихшы Б. Әбдіғали жауапты редактор болған жинаққа Қазақстанда және Ресейде бұған дейін жарық көрген, жоғарыда көрсетілген жинақтардағы құжаттармен қатар жаңа құжаттар да енгізілген. Жинақтың ғылыми жағынан рәсімделуінде бұрын жарық көрген құжаттардың қандай жинақтарда жарияланғанын көрсетпеуі кемшілік болған деп санаймыз. Ұсынылып отырған мақаланың деректік негізін жарияланған құжаттар мен материалдар жинақтарынан басқа Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚРОМА), Қазақстан Республикасы Президент архиві (бұдан әрі – ҚРАП) деректері құрады. ҚРОМА-нің 5-қоры (Қазақстан АССР Орталық Атқару комитеті ), 1380-қоры (ҚазАССР юстиция халық комиссариаты), 1179 – қоры (ҚазАССР Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) жанындағы көшпелі және жартылай

көшпелі қазақ тұрғындарды отырықшыландыру жөніндегі комитет), ҚРПА-нің 141-қоры (БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті) деректері пайдаланылды.

Қазақстандағы дайындау науқанының барысынды шаруаларды қуғындау айрықша үлкен көлемде жүргізілді. Жаңа экономикалық саясат кезінде астық дайындау нарықтық тәсілдермен жүзеге асырылып келген еді. Алайда, 1927-1928 жылдары астық дайындаудағы жоспар орындалмай қалды. 1926-1927 жылдардағы жалпы астық дайындау жөніндегі жоспар 25290 мың пұт болып, ол меже 54910 мың пұт жиналып, асыра орындалған болатын. Ал 1927-1928 жылдарға арналған жоспар 28 700 мың пұт болған ал осы жоспардан орындалғаны 2307 мың пұт болған [22]. Осы кезден бастап, партиялық және үкіметтік мекемелердің төменге жолдайтын бұйрықтары қатаң стилге ауысты. Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы (БК (б) П) Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1927 жылғы 17 желтоқсандағы № 5 мәжілісінде Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік республикасы (ҚазАССР) сауда халық комиссары Кенжиннің астық дайындау мәселесін қарап, «реттеуші ұйымдар мен көтерме сауда ұйымдары дайындау барысында саудахалкомның астық дайындау туралы нұсқауларын бұзған жағдайда немесе дайындау барысында бұзушылықтар байқалып жатса республика прокурорына бұл істердің қысқа мерзімде қаралуын тапсыра отырып, кінәлілерді жауапкершілкке тартылуына» қаулы қылды [23]. Тарихшылар астық дайындауға байланысты саясаттың қатаңдауына И. Сталиннің өзі тікелей әсер еткенін көрсетеді. «1928 жылы 6 қаңтарда И. Сталин қол қойған нұсқау-хат астық дайындаудағы төтенше шаралардың басталуына нақты негіз жасады». Ал 7-қаңтарда Қазақстан өлкелік партия комитеті осы нұсқауға сәйкес қаулы қабылдады [24]. Юстиция халық комиссариаты (халкоматы, ЮХК) іске көшіп, БК(б)П Өлкелік комитетінің жоғарыда көрсетілген 1927 жылдың 17 желтоқсандағы қаулысын орындау мақсатында және 1928 жылдың 7 қаңтарында БК(б)П Өлкелік комиеттетінің нұсқауларына байланысты жаңа тәртіп дайындайтынын хабарлайды. Дайындалатын құжат мәні ендігі жерде прокуратура мен сот-тергеу орындары астық дайындау науқанына белсене араласып, қандай да бір органдар тапқан заң бұзушылықтарды қудалап қана қоймай, өздері бастамасымен сондай кемшіліктерді табатын болады [25]. Іле шала юстиция халық комиссариаты (халкомы) орынбасары Ганиннің Жетісу губерниялық прокурорына 1928 жылдың 8 қаңтардағы жолдаған жеделхатында

«Сіздің, губерниялық соттың Саудахалкомның астық дайындауға байланысты нұсқауларын бұзушылар, бәсеңдетушілер, жүрдім бардым қарайтындарды тауып, бір апта уақытында жауапкершілікке тартуға белсенді қатысуға, партия органдарымен келісе отырып салық төлемеу бойынша осындай істерді жүргізуге жеке жауапкершілігіңізді ескертемін. Телеграф арқылы апта сайын қозғалған істер санын хабарлап отырыңыз. Жеке бақылауыңызда болуы міндетті. Формализм, сөзбұйдаға салу кінәліларды орнынан алуға, сот жауапкершіліген тартылуына әкеледі.» – деген сөздер бар [26]. Араға үш күн салып 11 қаңтарда юстиция халкомы осы және басқа да конституция нормаларын аяқасты ететін жаңа циркулярын дайындап, таратады. Саяси басшылықтың тапсырмасын мүлтіксіз орындау үшін жолдаған бұл тапсырмадағы кейбір нормаларға кеңірек тоқтала кетейік. БК(б)П ОК, Өлкеком мен ХКК барлық партия және совет органдарының алдында «Одақтың биылғы жылғы шаруашылық жөнінен төтенше маңызы бар» астық дайындау науқанының тұрғаны айтылады. ЮХК елде бұған дейін жүргізілген шабындық және егістік жерлерді бөлу, Советтерді қайта сайлау, салық пен бағаны төмендету және т.б. сияқты қоғамдық-саяси науқандарда сот-тергеу және прокуратура аппараты алға қойған мақсаттың маңыздылығын жете түсінбей отырғанына назар аударады. Бұған дәлел ретінде бұл науқандардың кезінде юстиция органдары қозғаған істер төтенше елеусіз, олардың ішінде олардың өздері мұрындық болып қозғағандары одан да аз екені келтіріледі [27]. Губерниялық прокурорлар (губпрокурорлар) мен губерниялық сот (губсот) төрағаларының жеке жауапкершілігін ескерте отырып, юстиция органдарына осы нұсқаулықты мүлтіксіз орындау талап етілді. Жүргізілген астық дайындау науқанында артық астық пен малды тәркілеу, айыппұл салу мәселелері РСФСР Қылмыстық кодексіне сай жүргізілді. Осы кодекстің 107-бабын астық дайындау науқанында пайдалану талабы заң органдарының алдына тағы бір қиыншылық туғызды. Бұл баптың негізгі мәні алыпсатарлыққа бағытталған болатын. Науқан барысында бұл бап астықты өткізуден бас тартқан шаруаларға қарсы қолданылды. Қазақстанда астық дайындау Сталин көрсеткен 107 бапты 2000 пұт және одан астам астығы барларға қатысты қолдану мүмкін болмады. Юстиция халкомы міндетін атқарушы және республика прокуроры Ганиннің БК (б) П орталық комитетіне 5 сәуір 1928 жылы жолдаған хатында Қазақстанның әртүрлі губернияларында сот органдары астық товарлары мен нан бағасын өсіру, алыпсатарлық мақсатта астық

сатып алу үшін жаза көзделетін ҚК-нің 107 бабын қолдану әрқилы болып тұрғанын, РСФСР юстиция халық комиссариаты мәліметіне қарағанда БК(б)П ОК Сібір үшін 2000 пұт белгіленгені, бұл мөлшердің Қазақтан үшін лайық келмейтінін көрсетеді. Осыны ескеріп юстиция халкомы өлкелік партия орталық комитетінен астық сақтайтындарға қарсы репрессияға негіз болатын өлшемді шамамен болса да белгілеп беруін сұрайды. Өз кезегінде ЮХК Қазақстан губерняларын екі топқа бөлуді, біріншісіне Семей, Ақмола, және Қостанайды жатқызып, екінші топқа Ақтөбе, Орал, Сырдария және Жетісу губерняларын кіргізуді және бірінші топқа екінші топқа қарағанда жоғары мөлшер белгілеуді ұсынады. Ресми хат алысуларда федерацияны былай қойғанда Қазақстанның губерняларындағы 107 бап бойынша қудалауға негіз болатын қылмыс құрамына жеткілікті астық мөлшері әрқилы болатыны айтылды. Кеңестер Одағы сауда халық комиссариатының Қазақстандағы уәкілі, КАССР ішкі және сыртқы сауда халкомы Ұ. Құлымбетовтің юстиция халкомы және Прокурорға, 21-сәуірдегі құпия хатында: «Саудахалкомы...Сырдария және Жетісу (губерниялары) үшін шараулардың тек қана 300 пұтқа дейін астық сақтауы 107 бап бойынша басқа қылмыс құрамы белгілері болмаса...бұл (107) бап бойынша жауапқа тартуға негіз бола алмайды» – деп көрсетеді [28]. Шаруалар үшін аса зәру тауарлардың орталықтан келуі де нашар жағдайда болды. Шаруаның қолындағы басы артық астықты товарға айырбастату жолға қойылмады. Тіпті шаруалардан тартып алынған астықтың ақысы да жөндеп төленбеді. Артық астық мөлшері қанша болатыны туралы ортақ өлшем болмады. Шаруалардың әлеуметтік жағдайына қарамай, ҚК-тің 107 бабы бойынша кей жағдайда орташалар, тіпті, кедейлер де жазаланды. Қазақстанның юстиция халкоматы орталық санақ басқармасы, саудахалкомымен бірігіп, шаруалардың мүліктік категориясын анықтауды талқылады. Осы жұмыстың нәтижесінде 1928 жылдың 7-мамырында шаруа қожалықтарын ауқаттылығаң қарай үш топқа: көп егісі барлар, орта егісі барлар, аз егістігі барларға жіктеуді ұсынды. Бірінші топқа 1000 пұтқа дейін астық өсіре алатын егіншілік аймақтар, екінші топқа 500 пұтқа дейінгі астық иелене алатын өңірлер, ал үшінші топқа 300 пұтқа дейін астық өсіре алатын губерниялар жатқызылды. Бұл өлшем бойынша Сырдария және Жетісу губерниялары үшінші топқа кірді [29]. Шаруаларға қарсы репрессия барысында 107-баппен қатар жалпымемлекеттік маңызы бар міндетті атқарудан бас тартқаны үшін жауапкершілік көзделген РСФСР ҚК-нің 61-ші бабы

қолданылды. Астық дайындау жайы 1928 жылдың сәуірдегі БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында талқыланды. Астық жетімсіздігі туралы БК(б)П Орталық комитетінің 1928 жылғы шілдедегі пленумында да сөз болды. 1928 жылғы салық осындай зорлық-зомбылық пен мемлекеттік деңгейдегі заңсыздықтың нәтижесінде жоғары көрсеткішке жетті. 18 қаңтарда Жетісу губерниялық комитеті (губком) құрамына губком хатшысы, губерниялық атқару комитеті (губатком) төрағасы, мемлекеттік саяси басқарма (ГПУ) бастығы кіретін жедел үштік құрды. Бұл «үштіктердің» заңсыз әрекеттері салдарынан еш кінәсі болмаса да сотқа беру, шаруаны сырттай соттау сияқты жазалау шаралары іске асырылып жатты. «Үштіктер тек кейін репрессия кезінде ғана пайда болып, халыққа күш көрсете бастайды десек, қателесеміз...«үштіктер» сол салық жинау кезінде халықты қорқыта-үркіту барысында барын тартып алу үшін құрылған болатын» [30]. Астық дайындауды жеделдету үшін мұндай үштіктер 1928 жылдың қаңтарында Жетісу губерниясында да құрылды [31]. Астық дайындау науқаны бойынша ірі кулактар мен астығы барларға қысым көрсету шаралары ойластырылды. Нан саудасын алыпсатарлықпен айналысатындар жазалануға жатты. Партия мүшелерін артық астықты тапсырған-тапсырмағанын тексеріп, астық тапсырудан жалтаратын болса, партия мүшелігінен шығару міндеттелді. Астық тапсырудан бас тартқан ірі астық иелерін барлық түрдегі кооперативтерден шығарып, байкот ету арқылы қысым жасау жоспарланды. Өнеркәсіп товарларын тек астық дайындау науқаны аясында ғана сату көзделді. Ауыл шаруашылық машиналары да астық дайындау науқаны бойынша тек астық берушілерге сату ұсынылды. Жоғарыдағы қатал шаралардың бәрі 24 қаңтар 1929 жылғы Голощекиннің артық астықты алу бойынша жеделхаты аясында жүзеге асырылды. Бұдан бөлек 30 қаңтарда округтерге Голощекиннің ірі астық иелерімен күресу туралы тағы бір жеделхаты жолданды. Жетісу округтік партия комитеті бұл бойынша да қатаң шаралар атқаруға тапсырма берді [32]. 1928-1929 жылдардағы астық дайындау науқаны Жетісу округі бойынша жылдық жоспары 2000 000 пуд болған. Жоспардың 1 миллион 834 пуды жиналып, 91,7%-ға орындалды. Оның ішінде тұтыну кооперациялары үлесі – 67,4%, кооперациялар – 19,8%, Астықодағы – 21,8%-ды құрады. 1929 жылдың 25 шілдедегі БК(б)П Алматы округтік комитеті бюросында астық дайындау бойынша жоспардың орындалмауының басты себебі ретінде «кулак-бай элементтердің

жоспарды орындатпауға бағытталған қарсылығы» көрсетілді [33]. Астық дайындау бойынша жоспарды жергілікті жерлерге жеткізу жұмысын айрықша көңіл бөлінді. Жергілікті жерлерге астық дайындау бойынша жіберілетін уәкілдерге арнайы нұсқаулық кеңестер өткізілді. Сондай 1929 жылдың 7 қыркүйегінде өткен кеңес жұмысына округтік барлық мекемелердің, прокуратураның өкілдері қатысты. Алманов төрағалық еткен нұсқаулық кеңестің өткізілуінің тағы бір себебі, астық дайындау жоспарының көлемінің 2300 мың пудқа көбейтілгені болды. Астық дайындау жоспарының көбейтілуі алдында ауылдарға жолданған жоспар көлемін ұлғайтуды талап етті. Уәкілдерге ауыл-селоның ауқатты кулак шаруашылықтарына қысым жасау тапсырылды. «олардан, тіпті жоспар көлемінен артық болса да барлық товарлық артық заттарын алу керек. Бұл көбейтілген жоспар кемдігін толтыруға керек болады. Бай мен кулакқа қатысты репрессия жасаудан қысылудың керегі жоқ.» – делінген кеңес хаттамасында [34]. Село бойынша астық дайындау бойынша жоспар орындалған болса да, бай-кулактарға түк қалдырмай тонау туралы ашық тапсырма берілген кеңес жұмысына Алматы округі бойынша прокурор Темірбеков қатысып отырған еді. ОГПУ ЭКО бөлімі 1929 жылдың 5 қарашасындағы мәліметтеріндегі қуғындалған шаруалар көрсеткіші тым көп екенін көруге болады. Мұнда астық дайындау науқанының басталғаннан бері Алматы округінде ҚК-тің 58-10, 58-8 баптарымен қалаларда – 26, деревняда – 355 адам, ҚК-тің 61,107 баптарымен деревня кулактардан – 96, алыпсатарлардан 107 бап бойынша: қалаларда – 42, деревняда – 14, осы бап бойынша саудагерлерден қалаларда -3, деревняда 1 адам тұтқындалғаны көрсетілген. ҚК-тің 110-111 баптары бойынша дайындау сауда мекемелерінің лауазымды тұлғалары мен жетекшілерінен 15 адам қамалған. Округ бойынша лауызымдылардың барлық категориялары бойынша қалаларда – 86, деревняда 146 адам тұтқындалған [35].

Мал шаруашылығымен айналысатын аудандардағы астық дайындау науқанының тығырыққа қалай тірелгенін Іле өзенінің солтүстік жағалауы мен Шу өзенінің оңтүстік жағалауындағы көшпелі аудандардағы асыра сілтеушіліктерді түзеу бойынша арнайы топты басқарып, жұмыс істеген О. Жандосов 1930 жылдың 13 мамырында Қазөлкеком мен ҚазОАК жолдаған ақпарында ашық сипаттайды. «Барлық аттары аталған ауылдар толық мал шаруашылығымен айналысатындар. Олардың ішінде егістік көлемі ең көбінің былтырғы жылы 81,5 десятина егістігі болған. Бұл Шоқпар ауданынң №1 ауылы. Сол себепті бұл

ауылдарға ең ауыр сынақ астық дайындау болды. Бұл саладағы асыра сілтеулер биылғы жылғы егістік науқанымен үстемеленді. Көрсетілген ауылдардың барлығы егістік көлемінің қатаң тапсырмаларын алған: Қастек ауданының № 16 ауылы 237 гектар, Шоқпар ауданының №1 ауылы 150 гектар, Шоқпар ауданының №3 ауылы 96 гектар және т. б. Жоспарда әртүрлі дақылдар, тіпті темекі де бар. Егін суы жоқ тұздауыт жерлерде және өнім болатынына ешқандай сенімділік жоқ жерлерге себілді. Егін себу еріксіз қоғамдық міндеткерліктер аясында ұйымдастырылды. Егін себушілер әлі күнге дейін өз еңбектерінің нәтижесі кімге тиесілі екенін білмейді. Астық дайындау жоспары орташаға да жүктелді. Орындалу мерзімі 5-7 тәулік. Осыдан кейін астық базарында қарбалас басталады. Тары бағасы 7 сомға дейін көтерілді. Бидайды әр пұтына 10-12 сомнан алады. Астық дайындау жоспары бірнеше мәрте берілді. Бұл жағдайды одан бетер қиындатты. Малды сатып, астық алынды. Малдың бағасы төменгі шегіне дейін құлдырады – қойдың құны 7-5 және 3 сом болды.» – деп көрсеткен О. Жандосов. Жандосовтың көрсетуінше, тұқым қорын жинау кейбір ауылдарға астық дайындаудан да ауыр тиген. Тұқым қорын тапсыру жоспары ауыл шарушылық салығынан босатылған кедейлерге де салынды. Кедей шаруашылықтар тұқым қорына 2,5-5 пұтқа дейін астық тапсырған. Жиналған тұқым қорының тек елеусіз бөлігі ғана көшпелі ауылдар еншісінде қалдырылып, қалған бөлігі қайтарымсыз ауданға берілген. Астық дайындау және тұқым қорын жинау науқандары нәтижесінде көшпелі ауылдарда «көрнекі шаруашылықтарды» тәркілеу мен жаппай айыппұлдар салу жүргізілді [36]. Астық дайындау науқанының асыра сілтеудің сорақы көрінісі осы Іле ауданында орын алды. Мұнда астық дайындау науқанының уәкілінің өзі жазалау шарасының құрбаны болды. 1930 жылдың желтоқсанында ОГПУ-дің Іле аудандық аппараты уәкілінің көмекшісі Сұлтанбек Сәрсембаев арыз негізінде астық дайындау бойынша уәкіл Мұзахан Алпысбаевты тұтқындаған. Уәкілден жауап алу кезінде Сәрсембаев оны бірнеше мәрте соққыға жығып, 30 градустық суық қоймаға қамаған. Сәрсембаев Алпысбаевты Қаскелеңге жөнелтіп тұрып, аудауылға тұтқынды жолда атып тастауға бұйрық берген. Бұйрық мүлтіксіз орындалып, Алпысбаев жолда атылған. Оқиға барысын тергеу кезінде Сәрсембаевтың ешқандай дәлелсіз айыптап, көптеген кедей колхозшыларды тұтқындағаны белгілі болған. ОГПУ үштігінің үкімімен С. Сұлтанбаев тап жауының тыңшысы ретінде ату жазасына кесіліп, 1930 жылдың қарашасында үкім орындалған [37]. О.

Жандосов көрсеткен шаш ал десе бас алатын, дайындау науқандарының қысымы Алматы округінің таулы аймақтарында ад орын алған. Астық дайындаудың өрескел тапсырмаларына, репрессияларға көндікпеген шаруалар шекара бұзып, босуға мәжбүр болған. Шаруалардың салықтан, азық-түлік дайындау тапсырмаларынан қашып шекара бұзғаны шекарашылардың жедел ақпарларында да көрсетіледі. Мәселен, ОГПУ шекара әскері 49-шы учаскесінің 1931 жылдың 1-20 қазан аралығын қамтыған жедел барлау мәліметіне сәйкес, 14 қазан күні Шәлкөде шекара бекетінің Есекартқан асуында Қытайға бет алған 11 еркек, 17 әйел адамы бар қарулы көш тоқтатылған. Босқындар көшін бастаған Қожа Талқанбаев, Сәдуақас Құлкембаев, Стасиша (Стамшал) Сатқынов, Нұрқа Сатқыновтар Кеген ауданы Жарман ауданының орташа, кедей шаруалары көшу себебін қуаңшылыққа қарамастан әрбір түтінге 30-40 пұдтан астық дайындау тапсырмасы салынғанын көрсеткен. Тиісті тексеруден кейін босқындар Кеген ауаткомы арқылы мекендеріне қайтарылған. Осы күні Кетпен тауының солтүстік қыратынан осы ауданның 2 Жартыбаев ауылынан салықтан жалтарып, Қытайға кетпек болған құрамында 5 әйел 10 еркек бар тағы бір көш тоқтатылған [38].

Қазақстан КСРО құрамындағы өңірлердің ішінде астық өндіруші аймаққа жатқызылмаса да, жыл сайын 40 млн пұттан аса астық тапсырды. Астық тапсыру міндетті болып, халықтың қырылып жатқанына қарамастан, орталық астық дайындау барысын қатаң реттеп отырды. Бұны төмендегі кестелерден көруге болады [39]: Қазақстан бойынша жалпы астық көлемі:

| **Жылдар** | **Гектарынан алынған центнер** | **Барлық жиналған астық млн пұт** |
|---|---|---|
| 1930 ж. | Гектарына 7,3 центер | 46,8 |
| 1931 ж. | Гектарына 4,9 центнер | 44,2 |
| 1932 ж. | Гектарына 3,7 центнер | 40,8 |
| 1933 ж. | Гектарына 4,2 центнер | 42,4 |

| **Жылдар** | **Жоспар млн пұт** | **Тапсырылғаны млн пұт** |
|---|---|---|
| 1929/1930 жылдар | 4,1 | 37,8 |
| 1930/1931 жылдар | 44, 9 | 40,7 |
| 1931/1932 жылдар | 50,5 | 40,4 |
| 1932/1933 жылдар | 40 | 41 |

КСРО көлемінде жаппай ұжымдастырудың басталуына орай БК(б)П Орталық комитеті 1929 жылдың 20 желтоқсанында «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулы мал шаруашылығымен айналысатын қазақ шаруаларының тағдырына кері әсер етті. Қаулыға сәйкес, «ірі ет өндіретін мемлекеттік совхоздарды» ұйымдастыру, колхоздардағы мал шаруашылығын дамыту, «ет өнеркәсібін жасау» сол үшін мал шаруашылығын өркендету маңызды міндет есебінде көрсетілді. Бұл қаулыда жекеше кедейлер, орта шаруашылықтардағы мал өсіруге ықпал ету маңызды саналғанымен, оның өнімділігі мен тауарлылығы төмен деп көрсетілді [40]. Шаруалардың күштеп ұжымдастыруға қарсылық ретінде қолда бар малды союы мал дайындау науқанын қиындатты. Мал басының күрт кемуіне байланысты дайындау науқанында күш-көлік, асыл тұқымды, жас төлдер де дайындала бастады. 1930 жылы бүкіл дайындалған еттің 30-35%-і Москва мен осы облыстың өнеркәсіп орталықтарын қоректендірді. Еттің кемдігінен индустриялдық жұмысшылар үшін айына 4,4 кг. ет нормасы енгізілді [41]. Кеңес өкіметі ет проблемасын шешудің жедел дайындау және шарт жасасу (контрактациялау) жолын таңдады. Тегеурінді әкімшілік қысым мал дайындау науқаны барысында күшейіп кетті. Мұнда «соғыс коммунизмі» саясатымен үндес тәсілдерге жол берілді. Ет дайындаудың көлемі алдын ала тапсырмалар межесімен белгіленді. Бірақ бұл тапсырмалардағы мал көлемі шаруаларды қолында нақты бар малмен сәйкеспейтін. Осының кесірінен шараушылықтарда бар сан басынан анғұрлым артық тапсырмалар түсе бастады. Мысал үшін Жетісу губерниясы Балқаш ауданында 183 мың бас ірі қара мал болса, мал дайындау бойынша түскен тапсырма 300 мың бас малға есептелген салғырт еді [42]. Контрактацияның әсіресе көшпелі аудандарда жүргізілу механизмін О. Жандосов 1930 жылғы 13 мардағы көшпелі аудандардағы асыра сілтеуді жою жөніндегі жұмыс тобының ақпарларында нақты суреттеп берген. «Халық колхоздан қорқа бастады, – дейді ол, – Бұдан кейін контрактация бойынша агенттер келіп үлгерді.  Жалпы мал басының өнімдерін контрактациялау, сол өнімдердің шығу нормаларын асырып көрсету арқылы іске асты (әрбір қойдың басынан 3 фунт жүн қырқу және жас мөлшеріне қарамастан әрбір түйеден 17,5 фунттан). Контрактация колхоз арқылы жүргізілді. Бұл халықты одан әрі шошытты. Одан кейін жаңа ұйымдастырушы және онымен бір мезгілде округтен қандай да бір бригада келді. Олар малды 80% ортақтастыру мәселесін көтерді. Халық саудаласуды жөн көрді және ортақтастыруды 50%-ға жүзеге асыруды саудаласып алды.

Бұдан кейін ауданның жаппай ұжымдасқанына байланысты 100% -дық ортақтастыру тапсырмасымен ұйымдастырушы келеді... Халық 80% ортақтастыруды саудаласып алғанымен, оған жету мүмкін болмайды. Енді колхозда дауыс берудің орнына колхоз жиналысынан кетіп қалу басталады. Бұл уақытында алдын алмаса күрделі, зардаптары бар қарсылықтың басы» [43]. 1930 жылдың 5 наурызынан кейін БК(б) П ОК хатшысы И. Сталинге жолдаған жабық хатында Ф. Голощекин бір-бірімен байланысты екі мәселеге тоқталған. Оның біріншісі, 1930 жылдағы шаруалар көтерілістері болса, екіншісі мал дайындау жайы. Республикадағы мал дайындау науқанын «өткір мәселе» деп көрсеткен Голощекин өткен 1929 жылдың 1 қазанына қарай Қазақстанда 7 млн бас ірі қара мал болғанын, бұл көрсеткіш қуаңшылық пен «жыртқыштықпен жоюдың» салдарынан азайып, 6 млн-нан аспайтын ірі қара қалғанын баяндайды. Қазақстандағы мал дайындау жопары 1400 мың бас, жалпы мал санының 25%-ын құрайды. Бұл санға совхоздардың ет бойынша дайындауларын қосса, қолда бар малдың 30-35%-ын құрамақ. Голощекин егіс науқаны кезінде күш-көлік малды союды кідіртуді және мал шаруашылығының міндеттерін, мүмкіншілігін есепке алып, мал дайындау жоспарын шешімді түрде қайта қарауды ұсынған [44]. О. Жандосов барлық шаруашылық-саяси науқандардың қазақ ауылында жүру механизмін нақты суреттеп береді. «Барлық міндеттерді шешудің кәдуілгі тәртібі былай болып тұр, – дейді ол – аудан тапсырма береді, ауыл белсенділері оны орындау тәсілін анықтайды, белсенділердің ұсынысы формальді түрде (кедейлер жиналысы деп айқындалғанымен, әр кезде әртүрлі құрамда жинала беретін) жиналыс өткізіледі, одан кейін белсенділер мен кедейлердің атынан шығарылған шешім өздерін мәселені талқылауға қатыстыру жөніндегі ешбір ишарасыз, орташаларға жеткізіледі. Бұйрықтарды орындау бойынша әрекет ауылдық кеңестен рулық топтарға (шаруашылық ауыл деген атауды бекітіп алған әрбір әкімшілік ауылда 3-5 адамнан болатын) жеткізіледі, осы негізгі рулық топтар дан одан да ұсақ рулық бірлестіктерге, нағыз шаруашылық ауылдарға және олардан ары жеке шаруашылықтарға жеткізіледі. Көптеген орындаушылар, жиналыстар партұяшықтар, кеңестер және кедейлер ұйымын алмастырып кетеді. Бұл жағдайларда табиғи түрде кедейлердің ресми өкілдігі мен орташалар арасында мынандай қарым – қатынастар орнығады: кедей орташаны өзінің көмекшісі санайды, орташа формальді түрде өзінің мұндай рөліне қанағаттанушылық білдіреді, ал шын мәнінде кез-келген кедей ұйымдары мен жиналыстары орташаны үрейлендіреді. Орташа кедейлер жиналыстарына қатыстырылмайды...

Осылардың бәрінің нәтижесінде Шоқпар ауданның №2 ауылындағыдай барлық көшпелі ауылдарда көтерілістердің алғышарттары пісіп жетілді.» [45] «Көшпелі ауылдардағы партияның ықпалы мүлде жоқ. Мұндағы коммунист – партияда жоқ белсенділердің ішінде жұтылып кететін шын мәніндегі жалғыз. Шоқпар ауданының 10 көшпелі ауылында 3 нақты мүшесі, 13 кандидаты бар бір ғана партұяшық бар.» – деп көрсетеді О. Жандосов. Көшпелі ауылдарда колхоздар ұйымдастырылғанмен, шын мәнінде бірде бір колхоз болмаған [46].

1930 жылдың 27 наурызында Ақсуға басып кірген көтерісшілер ОГПУ Бүйен Ақсу ауданындағы тыңшылық мәліметтерімен қоса совет мекемелерінің іс-қағаздарын өртеп, бір кооператив дүкенін таратып, 23 белсендіні тұтқындаған. Тұтқындалғандардың ішінде ауатком төрағасы К. Баксин, халық соты К. Шымырбековтер болған. БК(б)П аупартком хатшысы Ибрагимов, колхоз председателі Тарасов және бір кеңес қызметкері қаза болады. Ақсуда құрамына Жанбаев, Қылиев, Шатырбаевтар кірген көтерілісшілердің штабы құрылады. Осы штаб тінту, кеңес қызметкерлерін тұтқындау туралы шешімдерді шығарды. Ақсуға басып кіргенде көтерілісшілердің қолында 20 винтовка, 100 аңшы мылтығы, болған. Көтерісшілер ақ ту ұстап, «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Комсомолдар мен коммунистерді соғыңдар!», «Салықтар, тұқым қорын жинау жойылсын!» – деген ұрандар көтеріп кірген. Ақсуға шабуылмен бір мезгілде 1930 жылдың 27 наурызында Қожахмет Әділбеков бастаған көтерілісшілердің тағы бір тобы оқ шығармай Сарқан ауданның Арасан селосын басып алды. Арасан тұрғындарының жиналысында көтерілісшілер жетекшілерінң бірі Қали Мәмбетов: «Кеңес өкіметі халықты қайыршылыққа , аштыққа алып келді, енді құртуға апара жатыр. Бүкіл Түркістан көтерілді. Айналаның барлығы көтерілісшілердің қолында, бізбен жүрулеріңіз керек.» – деп мәлімдеген [47]. ОГПУ отрядтары көтеріліске қатысқан шаруаларды ұстап, жауап алу барысында жаппай бас көтерулердің себебін үңіле зерттегені байқалады. Жоғары жаққа жіберілген жедел ақпараттарда кейде жергілікті жерлердегі асыра сілтеу көріністері де баяндалған. Бүйен Ақсу ауданындағы асыра сілтеулер жауапты партиялық-кеңес қызметкерлері тарапынан орын алған. №14 ауылдың Қоянды шатқалында кедейлердің бір бөлігі ашығып жатқан кезде БК(б)П мүшесі, аудандық уәкіл Оспан Әділбековтың тапсырмасымен ауылкеңес уәкілі, ол да партия мүшесі Шаймерден Құтқабаев тұқым қорын бермеген кедейлерді, астық бойынша тапсырманы орындамағандарды 3 күн ішінде тұтқындайтынын мәлімдеген. Осылайша 9 кедей тұтқындалған. Олардың 4-іне үш күн

ішінде тұқым қорына құятын астықты тапсыру талап етіліп, 5-інің мал-мүлкі тәркіленіп, колхозға тапсырылатыны ескертілген. 28 ақпанда өткен жиналыста 18 шаруаның әрқайсысына 30-40 пұтан тұқым қоры үшін астық тапсырмасын берген Жамалиев атты уәкіл шаруалардан пара алған соң тапсырма мөлшерін 10-20 пұтқа төмендеткен. №3 ауылдың кедейі Байболовқа тұқым қоры үшін 40 пұт көлемінде шамасы мүлде жетпейтін мөлшерде астық тасырмасы берілген. № 10 ауыл кедейі Омарқұл Бұламбаев пен оның ағасына әрқайсысы 23 пұттан астық тапсыру міндеттелген. Тұқым қорын жинау жөніндегі жалпы жиналыста орташа шаруашылығына 28 пұт, кедейлерге 10 пұттан тапсырма мөлшері қабылданып, екі күн мұрсат берген комиссия тапсырма орындалмаған жағдайда бір-екі шаруаны атуға дейін баратындықтарын ескерткен. ОГПУ қызметкері Ковалевтің ақпарларында Қызылағаштағы көтеріліс кезінде «Кеңес өкіметі, колхоздар, коммунистер жойылсын!» деген ұран көтерілгені айтылады [48]. Шаруалар бас көтеруінің себептерін тек таптық негіздегі қарсылық деп түсінген Ф. И. Голощекин 1930 жылдың маусымында өткен VII бүкілқазақ партия конференциясында есепті баянамасында жергілікті ұйымдардың астық дайындау бойынша «жоспарды орындауы Қазақстанның бүкіл КСРО социалистік құрылысына қатысқанын білдіретінін» көрсеткен [49].

Дайындау науқандарының ауырлығы шаруалардың босқыншылығын туғызды. ҚазӨлкеком хатшысы Кахианиге қаржы халкомы есеп және статистика бөлімі бастығы Шаймұхамедовтің 1931 жылдың 9 тамыздағы Қазақстанның 27 ауданынан келіп түскен мәліметтер негізінде берген мәліметтері бойынша, Қырғызстанға 1031 шаруашылық пен 33595 бас малмен, Қытайға 563 шаруашылықпен 2276 бас малмен көшіп кеткен. Есеп бойынша Қазақстаннан сыртқа 35597 шаруашылық пен 893074 бас мал кеткен [50]. ОГПУ-дің құпия саяси бөлімінің 1931 жылдың қазандағы «Қазақстаннан Қытайға эммиграция туралы» арнайы анықтамасында «Қазақстанның Қытаймен шекара аймағында әртүрлі науқандарды (ең бастысы, ет дайындау бойынша) жүргізудегі асыра сілтеулерге, өнеркәсіп товарларымен жабдықтаудағы кемшіліктерге, халықтың кеңеске қарсы бөлігінің белсенділігінің артуына байланысты эммиграциялық көңіл-күйдің дамуы мен жергілікті халықтың Батыс Қытайға көптеп көшуі байқалады. Бұл қозғалыс бізге әлеуметтік жағынан жақын халықтың бөлігі – орташа, кедей және тіпті колхозшыларды да қамтып, кей жағдайларды жалпылық сипатқа көшіп отыр» – деп көрсетілген. ОГПУ құпия саяси бөлімі келтірген

мәліметтерге сәйкес, 1930 жылы шекарада өтерде ұсталғандармен қосқанда арғы бетке кеткендердің саны 10636 адамды құраған. 1931 жылдың қазанға дейінге айларында толық емес мәліметтер бойынша шекарадан өткендер мен өтерде ұсталғандардың саны 15 мың адамнан асқан. 1930 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 1931 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы көшіп кеткендердің саны 2686-дан 4377 адамға өскен. Қытайға кетушілер саны 1931 жылдың 2 тоқсанында 5 мыңға, 3 тоқсанда алты мың адамға жуықтаған. Тек 1931 жылдың тамыз айының 10 күні ішінде өтіп кеткендер мен өтерде ұсталғандар мөлшері 1 ауыл (саны белгісіз), 1066 шаруашылық, 1670 жеке өтушілерді құраған [51]. ОГПУ келтірілген мәліметтердің толық емес екенін мойындайды. Іс жүзінде босқындар мен көшуге дайын отырғандар саны бұдан әлдеқайда көп. Қазақөлкекомның шекаралық аудандар секторы Алматы округі кейбір совхоздарында «апатты жағдай» орнағанын суреттеген [52]. Шекара аумағындағы кейбір аудандардағы босқыншылық көлемі арнайы тексергенде, жекелеген аудандар халқының 3/1 көшіп кеткені анықталған.

1928 жылдан бастап Қазақстандағы астық және мал, шикізат дайындау науқандары шаруаларға қарсы репрессиямен бірге жүргізілді. Кейіннен саяси репрессияға пайдаланылған алғашқы «үштіктер» пайда болып, астық, ет, шикізат дайындау бойынша әскериленген басқару орнады. 1928 жылғы қуаңшылықтан туған жұт көріністері шаруалар наразылығын туғызды. Астық дайындау науқанының күштеп жүргізілуіне қарсылық ретінде 1928 жылы сәуір айының 18-24 күндер аралығында Талдықорған уезіндегі Аралтөбе селосында шаруалар бас көтеруі орын алды. Қазақстанда халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын қиындатқан кеңестік аграрлық саясаты тығырыққа тірелді. Малынан, өндірген өнімінен күштеу арқылы айырылған шаруалар жоспар,астық пен ет дайындау науқандары, қатаң тапсырмалардан титықтап, амалсыз қарулы көтеріліске шықты. Қорыта келгенде, бұл параграфта жаңа зерттеулер, жаңа жарияланған деректер жинақтары, ҚРОМА, ҚРПА, ҚР ҰҚК АА архивтерінің тың деректері негізінде шаруалар көтерілістерінің негізгі себептерінің бірінен саналғаны мемлекеттік астық және ет дайындау саясаты талданды. 1928-1931 жылдардағы астық, мал, шикізат дайындау науқанының Қазақстан шаруалары әл-ауқатына теріс әсері архив деректері негізінде қарастырылды. Астық, мал дайындау, шикізат бойынша жоспар, тұқым қорын жинау науқандары дағдарысының себептері мен салдары

көрсетілді. Шаруаларды тонауға ұласқан дайындау науқандары шекара аудандарындағы қарулы босқыншылық туғызғаны, ОГПУ-дің жазалау шаралары демографиялық жағдайға, аштықтың тууына әсері нақты фактілермен көрсетілді. 1930-1931 жылдардағы халық бас көтерулерінің ұйымдасу сипаты, көтерілген саяси ұрандары, сипаты ғылыми сараланды.

**Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**


1 Турсунбаев А. Победа колхозного строя в Казахстане / Турсунбаев А. – Алма-Ата: «Казгосиздат», 1957. С. 143

2 Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья /Турсунбаев А. – Алма-Ата: Издательство академии наук Казахской ССР. 1950. С. 100

3 Дахшлейгер Г.Ф. Избранные труды / Дахшлейгер Г.Ф. – Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015. С. 460

4 Жумабеков Жунисбек Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в стройтельство социализма / Жумабеков Ж. – Алма-Ата: «Казахстан», 1973. С. 199

5 Қолдан жасалған қасірет, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындысы // Егемен Қазақстан. 1992. – 22 желтоқсан.

6 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства / Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. -Алма-Ата, 1992. С. 6

7 Омарбеков Т.20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. / Омарбеков Т.– Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

8 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления / Алдажуманов К. // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. – 66-92

9 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. / Омарбеков Т. – Алматы: Санат, 1997. 82-б.

10 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления / Алдажуманов К. // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. С. 66

11 Грациози Андреа Великая крестьянская война в СССР. Болшевики и крестьяне 1917-1933 / Грациози А. – Москва: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2008. С. 56, 57

12 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945) (перевод с фр.

А.Т. Ракишева; сост.Б.М. Сужиков) / Огайон И. – Алматы: «Санат», 2009. – 365 с

13 Сонда, 128-бет

14 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане (Перевод с нем. Л.Ю. Пантиной) / Киндлер Р. – М.: Политическая энциклопедия, 2017. С. 143

15 Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. /Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаева / Камерон С. – Алматы: 2020. – 304 б.

16 Niccolò Pianciola, Adilkhan Zharassov Elusive rebels: researching the uprisingson the eve of the great famine in Kazakhstan (1929-1931) / Niccolò Pianciola, Adilkhan Zharassov // Bulletin-history. kaznu. kz, Journal of history. – 2020. – №2 (97). – С. 30-43

17 Стамшалов Е.И. Аралтөбе көтерілісі: тарихы мен тағылымы / Стамшалов Е.И. // Электронный научный журнал «edu. e-history. kz». – 2020. – № 4 (24)

18 Омарбеков Т. Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.) Хрестоматия / Омарбеков Т.– Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 203 б.

19 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927—1939. В 5 Т.Т.3. Конец 1930—1933 /Под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – 1008 с.

20 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост. А.С. Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2013. Т.1. – 744 с.; Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост. А.С. Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2018. Т.2. – 744 с.

21 Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.1.:1928-1929, – 920 с.; Т.2.: 1930-1931, -1240 с.; Т.3. 1932 – 1934, – 1028 с. /Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. –Нур-Султан, Алматы: Атамұра, 2021

22 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. / Омарбеков Т. – Алматы: Санат, 1997. 42-б.

23 ҚРОМА 1340-қ., 1- тізім, 173-іс, 2-п.

24 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. / Омарбеков Т. – Алматы: Санат, 1997. 44- б.

25 ҚРОМА 1179-қ., 1-т., 17-іс, 8-п.

26 Сонда, 9-п.

27 Сонда, 20-п.

28 ҚРОМА 1340-қ., 1- тізім, 173-іс, 80,82-п.

29 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. / Омарбеков Т. – Алматы: Санат, 1997. 54-бет

30 Жумабеков Жунисбек Ленинской дорогой. Руководство КПСС вовлечением трудового крестьянства Казахстана в стройтельство социализма / Жумабеков Ж. – Алма-Ата: «Казахстан», 1973. С. 185

31 Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья /Турсунбаев А. – Алма-Ата: Издательство академии наук Казахской ССР. 1950. С. 80

32 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост. А. С. Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2018. Т.2. С. 309

33 ҚРПА 141-қ., 1-т., 2640-іс, 19-п.

34 Сонда, 24-п.

35 ҚРПА 141-қ., 1-т., 2433-іс, 266-п.

36 ҚРОМА 5-қ., 21-т., 31-іс, 62, 63-п.

37 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост. А.С. Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2018. Т.2. С. 662

38 ҚР ҰҚК Арнайы мемлекеттік архиві. 9.қ. 1.т. 499 іс, 390-п.

39 Алдажуманов К. С. К истории голода 1931-1933 годов в Казахстане / Алдажуманов К.С. // Исторический ежегодник (труды ИИиЭ). Алматы, 2019. С. 315

40 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. / Омарбеков Т. – Алматы: Санат, 1997. 25, 62, 63-б.

41 Осокина Е. А. Иерархия потребления о жизни людей в условиях сталинского снабжения (1928-1935 гг.) / Осокина Е.А. – Москва, 1993. С. 22.

42 Қолдан жасалған қасірет, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындысы // Егемен Қазақстан. 1992. – 22 желтоқсан, 2-бет

43 ҚРОМА 5-қ., 21-т., 31-іс, 62-п.

44 ҚРПА 141-қ., 1-т., 2948-іс, 11-п.

45 ҚРОМА 5-қ., 21-т., 31-іс, 58, 59-п.

46 Сонда, 61-п.

47 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопративления / Алдажуманов К. // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. С. 85

48 ҚРПА 141-қ., 17-т., 471-іс, 164, 165-п.

49 Голощекин Ф.И. Казакстан в полосе социалистической реконструкции (Отчетный доклад казакского Крайкома ВКП(б) на VII Всеказакской партконференции) / Голощекин Ф.И. – Алма-Ата: Государственное издательство РСФСР. Казакское отделение, 1930. С. 24

50 ҚРОМА 5-қ., 20-т., 87-іс, 1-п.

51 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост. А. С. Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2018. Т.2. С. 209

52 ҚРПА 141-қ., 1-т., 2892 – іс, 35 – парақ

## 2.4 Саяси-шаруашылық науқандар барысындағы ұлтаралық қақтығыстар көріністері (1928-1932 ж.ж)

*Е.И. Стамшалов*

Кеңестік Қазақстанның тарихының 20-30 жылдарындағы ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде қайта құру экспериментінің қасіреті ұлт жадында мәңгіге қалды. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүргізу салтын күштеп өзгерту, георгафиялық ерекшеліктеріне орайласып қалыптасқан өзіндік күнкөріс дағдысын қирату, мұліктен айыру ашаршылық, көтерілістер, босқыншылық, этникалық қақтығыстар көріністері сияқты орны толмас апаттарға алып келді. Қазақтанның ұлтаралық қарым-қатынас Патша билігі кезінен өте өзекті болып келген өңірі – Жетісудағы қазақ шаруаларының бас көтеруінің әлеуметтік себептермен бірге ұлттық себептері де болды. Кеңестік тарихнамада жасырып-жабылған 20-30 жылдардағы ұлтаралық қақтығыстар мәселесі әлі күнге дейін тыңғылықты зерттеу объектісі болған емес. Патшалы Ресей мен Кеңестік мелекеттің ұлт саясатындағы сабақтастық өз алдына өзекті тақырып саналады. Жаңа өкіметтің шаруашылық-саяси науқандарында ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі қайшылықты көріністерімен көрінді. Жетісудің бірқатар аймақтарында қазақ шаруалары мен орыс шаруалары тізе қосып, кеңестік тонаушылық саясат – дайындау науқандарына, жан төзгісіз салықтарға қарсы тұрды. Сонымен қатар 20-жылдарда қазақ шаруаларының пайдасына үлестірілген жайылымдық, егіндік жерлер үлестіру саясаты кеңестік дамудың жаңа кезеңінде кері бағытта жүргізіліп, орыс шаруашылықтарының пайдасына қайтарылды. Жетісудағы кеңес-партия аппаратында европалықтардың басымдығы ұлттық мәсленің әрқилы формада көрініс беруіне әкелді. Біршама уақыт толастаған келімсек шаруалардың Жетісуға әкелу процесі қайта жанданды. Далалықтарға жаңа аграрлық саясатты, ұжымдастыруды үйретуді желеу еткен ұлттық құрамы негізінен европалықтардан тұрған «25 мыңдықтар», жұмысшы бригадалары қазақ шаруаларына қысымды

күшейтті. Жаңа өкіметке саяси берілгендік принципімен негізінен қазақ шаруаларының бас көтеруін жаншу үшін ұйымдастырылған коммунистік отрядтар құрамында да европалықтардың басымдығы көрінді. Қазақ шаруалары көтерілістерін басуда тіпті тау-кен экспедицияяларына дейін ат салысқан жағдайлар болды. Жасыру мүмкін болмаған көрініс беріп отырған ұлтаралық қақтығыс, жанжалдарды таптық негізде талдап, екі тарапты тыныштандыру мақсатындағы кеңестер билігінің шаралары түпкілікті оң нәтиже бермеді. Бұл праграфта кеңестік кезеңде бүркемеленіп келген күрделі әлеуметтік процестердегі ұлтаралық қақтығыс мәселесі архив деректері негізінде талданады. Бұған қоса 20-30 жылдардағы ұлтаралық қарым-қатынас мәселесін арқау болған отандық және шетелдік тарихшылар зерттеулеріне талдау жасалған.

Ұжымдық монографияның I - тарауында Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстардың теориялық мәселелері мен тарихнамасы жалпы қарастырылды. Зерттеу объектісінің ауқымы кең, ішкі тармақтары күрделі болғандықтан, 20-30 жылдардағы ауыл шаруашылығын күштеп өзгерту, саяси-шаруашылық науқандар барысындағы ұлтаралық қақтығыстар тарихнамасы жеке талдауды қажетсінеді. Сол себептен, төменде ұлтаралық қақтығыстардың 20-жылдардағы көріністері тарихнамасы жеке беріліп отыр.

20-жылдар аяғы мен 30-жылдар басындағы Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы кеңестік аграрлық қайта құру шараларында көрініс берген ұлтаралық қақтығыстар мәселесіне назар аударған қазақ саяси эммиграциясының көшбасшысы Мұстафа Шоқай болды. 1930 жылдың 18 ақпанындағы «Түркістандықтар бас имейді» атты мақаласында американдық журналист Линдсей Хобсеннің Париждегі «Пари-Миди» газетінде жарық көрген Түркістанға сапар бойынша жазбасын талдаған М. Шоқай автордың Түркістандағы кеңес билігінің орыс әскеріне сүйеніп тұрғанын дәл байқағанына назар аударады. М. Шоқай Л. Хобсеннің: «Барлық жерде әскерлер. Тіпті Ташкент станциясы да солдаттарға толы. Олар жергілікті халықтың шабуылынан тайсалып, жалғыз жүрмей, екі-үштен жүреді...Солдаттардың дені ішкі губерниялардан келген орыстар.» – деген жолдарына айрықша мән беріп, айтылғандардың өзі редакторлық қылатын «Яш Түркістан» журналындағы мақалаларымен үйлесуіне қуанышын жасырмаған [1]. 20-30 жылдар өткеліндегі Жетісудағы ұлтаралық қақтығыстар мәселесі кеңестік кезең зерттеулерінде тыс қалды деуге де болады. Жетісудағы ауыл шаруашылығы туралы арнайы зерттеу еңбек жазған А. Тұрсынбаев:

«... қазақ көшпелі және жартылай көшпелі халқының отырықшылыққа өтуі тек орыс жұмысшы табының жан-жақты көмегімен ғана жүзеге» асатынын атап көрсеткен [2]. Қазақстанның осы кезеңдегі аграрлық тарихының маманы Г.Ф. Дахшлейгер 1921-1922 жылдардағы жергілікті қазақ шаруаларын жермен қамтамасыз еткен жер-су реформасын «бірінші кезекте міндеттер қатарында болғанын» көрсеткен [3]. 1925 жылдың сәуіріндегі бүкілқазақтық Кеңестердің 5-съезінде бірінші кезекте қазақ шаруаларына жер беру, келімсек орыс шаруаларының тек 1922 жылдың 31 тамызына дейін келгендерін ғана жерге орналастырып, қалғандарын келген жеріне қайтару шешілді. Г.Ф. Дахшлейгер 1924 жылы құрылған Серафимов бастаған Орталық Атқару комитетінің ерекше комиссиясы қорытындысында орыс шаруаларының «зорлық көріп отырғаны» көрсетілгені, осының кесірінен Жетісудағы жағдай шиеленіп орыс және қазақ шаруаларының жерге таласының өрістегенін талдаған [4]. Зерттеуші жер бөлінісіне байланысты Жетісудағы ахуал шиеленіскенін атап көрсеткенімен, нақты фактілерге орын бермеген.

Қазақстан тарихының 20-30 жылдардағы трагедиясы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттелуінің қарқын алуына 1991 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулысымен құрылған құрамына М. Қ. Қозыбаев (төраға), Қ. С. Алдажұманов, М. Қ. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков және т.б. тарихшы, заңгер ғалымдар енген күштеп ұжымдастыру мен саяси репрессияларды зерделеу комиссиясы зор үлес қосты. 1992 жылдың желтоқсанына дейін жұмыс істеген комиссияның қорытындысы баспасөзде жарияланды [5]. Құжатта геноцид деп бағалауға боларлық аштық пен күштеп ұжымдастыру зобалаңына себеп болған Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы», 1930 жылғы ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулылары зерттеліп, саяси-тарихи бағасы берілді. Комиссия қорытындысында Жетісу өңіріндегі кеңестік күштеу саясатынан деректер келтіріліп, «ең күшті қысым қазақ ауылдарына түскені» атап көрсетілді [6]. Тарихшылар Ж. Әбілқожин мен Қ. Алдажұмановтың мақаласында 30-жылдардағы шаруалар трагедиясына «этноцид»

айқындамасы берілген. [7]. Ғалымдар тарихи процесті тұтастай қарастырғанда жергілікті ұлт өкілдерінің орасан зор мөлшерде қырылып, босуына әкелген аграрлық өзгерістердің бір этносқа бағытталған қиянат есебінде бағалауды жөн көрген. Осы кезде М. Қ. Қозыбаев, Ж. Б. Абылхожин, Қ. С. Алдажұмановтардың бірлескен зерттеуі жарық көрді [8]. Авторлар тобының бұл зерттеуінде астық дайындау науқаны барысында шаруаларды қудалауды, кулактарды жоюдың зардаптары байыпты сараланды. Бұл зерттеуде батыс советологиясына сын тұрғысынан шетелдік зерттеушілердің еңбектерінің кейбірінде шындыққа ұмтылу байқалғанымен, кейбір еңбектерде әділ таразылаудың көлеңкесі де жоқтығы айтылған. Зерттеушілер 30-жылдар трагедиясы сияқты күрделі мәселені тыңғылықты зерттеуде «өз отандық тарихымыздың мәселелерін өзімізден артық басқа ешкім шешпейді» – деген қорытынды жасайды [9]. Соңғы жылдарда жарық көрген еңбектердің ішінде М. Қойгелдиевтің зерттеуінде 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу мәселесіне орай орыс деревнясын «Кіші Октябрьден» арашалап отырған БК(б)П Қазақстан Өлкеком хатшысы Ф. Голощекинге қарсы шыққан С. Сәдуақасовтың Жетісуда кеңес өкіметі «кулак-шаруалар өкіметі ретінде пайда болғаны» туралы тезисін келтірген [10]. М. Қойгелдиевтің бұл зерттеуі 30-жылдар тарихи оқиғаларын жаңаша саралауымен құнды. Профессор Қ. Алдажұмановтың тарихнамалық мақаласындағы шетелдік тарихшылардың арасында «қырғи қабақ соғыс» сөз саптауын жалғастырушылар да бар екенін көрсеткен [11]. Шындығында, қазіргі кезде геосаяси текетіреске (Батыс – Ресей, Батыс – Қытай) бейіл жаңа полистердің туындауы жағдайын ескергенде, тарихшының сөзін негізсіз деуге болмайды. Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде хронологиялық, тақырыптық тұрғыда «еркіндік» көзге ұрып тұр. Американдық зерттеуші С. Камерон өз зерттеуінде шетелдік әріптестерінің еңбектеріне тарихнамалық шолуында тарихшылардың методологиялық ұстанымдарына назар аударған. Оның көрсетуінше, француз ғалымы Изабель Огайон қазақ шаруаларының отырықшылыққа өтуін әлеуметтік тарих тұрғысынан зерттесе [12] итальяндық ғалым Николла Пьянчола осы тақырыпты зерттеуі керісінше экономикалық тарихқа негізделген. Ал неміс ғалымы Роберт Киндлердің зерттеуі әртүрлі топтардың қысымына баса назар аударған. С. Камерон өз зерттеуінде қоршаған орта тарихы пәнімен байланыстырыла зерттеліп, аграрлық өзгерістер өткен тарихпен байланыста қарастырғанын көрсеткен [13]. Фундаментальды зерттеу деуге келмейтін бұл еңбектерде түрлі «сәнді» ұғымдарды пайдалануға полиграфия нарығы міндеттеп тұр ма деген

ой туады. Әрине, методологиялық жағынан, тарихи-ғылыми сараптама жағынан шетелдік тарихшылардың еңбектерінің өзіндік құндылығы бар. Тек бұл зерттеулердің жүйелілігін сыни тұрғыдан талдау да керек екенін көрсете кету артық болмайды. «Либералдық тарихтың» (белорусь ғалымы Л. Семеноваңың айқындамасы) өкілдері Қазақстандағы гендердік тарих, аштық тудырған каннибализм көріністері сияқты мәселелерді күн тәртібіне қоюға әуестеніп жатқаны да белгілі. Р. Киндлер өз зерттеуінде Қазақстандағы ұлтаралық жағдайға жеке тоқталған. Азамат соғысынан кейінгі елде қалыптасқан жерге байланысты ұлтаралық қарым-қатынасқа шолу жасаған автор Жетісудағы жер үшін тартыс шиеленісті сипатта болғанын көрсеткен [14]. М.П. Серафимов комиссиясының Жетісудағы орыс шаруаларын жермен қамтамасыз етудің ақыры ҚазақАССР құзырынан тыс, 4 болыстан тұратын КСРО БОАК-не тіке бағынатын арнайы ұлттық округ құру туралы ұсыныс жасағанын талдаған. Орыс шаруаларына берілетін жаңа автономды округті М.И. Калининнің атымен атауды ұсынған М.П. Серафимовтың ұсынысы ҚАССР ОАК төрағасы Ж. Мыңбаевтың қарсы болуы себепті қабылданбай қалды. Ұлттық-жерлік бөлініс мәселесінің қызу талқысын топтар арсындағы қақтығыс деңгейінде талқылған Р. Киндлердің кейбір қорытындылары кеңестік кезеңнің үгітші-тарихшыларының пікірлеріне ұқсас келетіні байқалады. Р. Киндлер біржақты большевиктік талдау орталықтарының материалдарына сүйеніп, Қазақстан өлекомы мен жергілікті партия органдарындағы топшылдықты ұлттық негізден тыс қарабайыр талқылайды. Большевиктік билік өкімет сатыларына көтерген тұлғалардың өсу динамикасын ескерместен, Құлымбетов – Алманов, Қожанов – Сәдуақасов топтық қарсылықтарына біржақты баға берген [15]. Астық дайындау науқанының қазақтарды түпкілікті тонағаны жөніндегі Киндлердің қорытындысы құптарлық. Шетелдік әріптестерінің ішінде аграрлық тарихтың ішкі құбылыстарын жүйелі талдап, құнды архив деректерін ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленген Р. Киндлер зерттеуінде Жетісудағы ұлтаралық қақтығыс көріністерінен фактілер келтірілмеген. Итальян тарихшысы Н. Пианчиола мен қазақстандық зерттеуші Ә. Жарасовтың бірлескен мақаласында: «1929-1931 жылдардағы шаруа көтерілістерінде орыс шаруалары елеулі мөлшерде құрбан болған жоқ. Алайда, бұл 1930 жылдардың басында этникалық қайшылық өзекті болмады дегенді білдірмейді. Бұл көбіне 1929-1931 жылдардағы күштеу әрекеттері қала мен ауылдың бөлінісімен қатар жүргеніне, қала тұрғындарының «коммунистік отрядтарға» жинақталғанына байланысты. 1930

жылдардың басындағы Қазақстандағы қала халқының басым көпшілігі европалықтардан құралды. Сол себептті бұл майдан Қазақстандағы бастапқы сталиндік қысым кезеңінде Кеңестік республикадағы этникалық қарама-қайшылықты жекелеген жағдайда (басым түрде емес) қамтыды.» – деген қорытынды жасалған [16].

Жетісудағы астық дайындау науқаны және оның барысындағы ұлтаралық қарым-қатынастар туралы деректер қазақстандық жинақтарда берілген [17]. Ресейде жарық көрген жинақтар бұрын құпия саналған құжаттарды ғылыми айналымға шығаруымен құнды [18]. Соңғы кезде жарық көрген көлемді деректер жинағы ретінде «Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934.» деп аталған 3 томдық құжаттар жинағын атауға болады [19]. Тарихшы Б. Әбдіғали жауапты редактор болған жинаққа ұлтаралық қақтығыстар мәселесін көрсететін деректер енгізілмеген. Бұл тараудың деректер қорын жарық өрген құжаттар жинақтарынан бөлек, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президент архиві (бұдан әрі – ҚР ПА ) деректері құрады. ҚР ОМА-нің 30-қоры (Қазақстан АССР ХКК жанындағы жанындағы көшпелі және жартылай көшпелі қазақ тұрғындарды отырықшландыру жөніндегі комитет), 251-қоры (РСФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімшесі) деректері, ҚР ПА-нің 141-қоры (БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті) құжаттары пайдаланылды.

1928 жылдың аяғында, 1929 жылдары қолданылған ірі байларды тәркілеу, жер аудару саясаты Қазақстанда РСФСР-де алғашқы болып іске асырылды. 1927 жылдың қараша айында БК (б) П Қазақстан өлкелік партия ұйымының 6 – конференциясында байларды экспроприациялау (тәркілеу) туралы мәселе қаралып, ірі байлардың малы мен құрал-сайманының бір бөлігін тартып алуға жол берілетіні айтылды. Бұл саясаттың өзі ауылды орташаландырып, өндіруші күштерін дамытуға және жұмысшы табының ауылдағы шаруалармен одағын нығайтады деп саналды [20]. Байларға арналған жеке салықты орындау мүмкіншілігі жоқ шаруашылықтардың мал- мүлкі тәркіленді. Осылайша, тарихшы Ж. К. Жұмабаева көрсеткендей, «қазақ аулында тәркілеу шаралары өкімет қаулысынан 6-7 ай бұрын басталған» еді [21]. Байларды жер аудару шаралары да жаппай 1928 жылғы 27-тамыздағы декреттен кейін басталды дегенмен, таптық жазалаудың бұл шарасы оған дейін де жүргізілген. Осы мақсатпен 20-жылдардың басында советтік құрылысқа жау күштерді анықтап, жер аударумен айналысатын арнайы комиссия жұмыс істеген [22].

КАССР халық комиссарлар кеңесі төрағасы Н. Нұрмақовтың 1928 жылдың 24-25 қарашасында Бүкілресейлік Орталық атқару

комитетінің 3 сессиясында жасаған баяндамасында Жетісу өңірінің ауыл шаруылығың жағдайына арнайы тоқталады. Т. Рысқұловтың сол жиында Жетісу шаруасына лайықты көңіл бөлінбей жатқанын, соғыстан бұрынғы егіндік жердің 50% пайдаланылмай жатқаны туралы сынына жауап берген Н. Нұрмақов Жетісуға «зер салу» тек қазақ үкіметінің айналысуымен болмайтынын, орталықтың қаржылық жағынан қарасуы керек екенін атап көрсетеді. Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Жетісудегі астық шаруасын өркендету үшін алдымен жол қатынасы жандануы керектігін айтады. Оның айтуынша, егін бітік шыққан жылдары Жетісудің Лепсі уезінде бидайдың центнері 1 сом 30 тиынға шейін төмендеп кеткен. «Бұл шыққан егінді керекті жеріне апаруға мүмкіндік болмағандықтан осыны көріп отырып, бидай сеуіп, шаруа жынды болып па? Көре-біле зиянға ұшырағанша деп, олар бас салып мал шаруасына жабысады. Жетісу елінің шаруасының жүдеулігін сөз қылғанда осыны да еске алу керек.» – дейді Н. Нұрмақов. Өз сөзінде Н. Нұрмақов Т. Рысқұловтың сөзіне қарымта ретінде Жетісуда 1921 жылы өңір Түркістан республикасына қарап тұрған кездегі жер реформасының кемшіліктері болғанын айтып өтеді. Н. Нұрмақовтың бұл баяндамасында үстірт түрде астық дайындау науқаны, салықтан жасырылған малды табу сияқты науқандарға қатысты айтылып өтеді. Ол астық дайындау науқанында Киселевтің комисссиясы атаған кемшіліктер тек Семей губерниясына ғана тән деп ақталған [23]. Бұл арада түсініктеме бере кетейік. БОАК Президиумы хатшысы Киселев Қазақ АССР-іне комиссия жасақтап, екі мәрте келген. 1927 жылдың күзінде БОАК Президиумы Қазақстанға жіберген Киселевтің бірінші комиссиясы қорытындыларын алдымен БК(б)П ОК-нің Саяси бюросына ұсынған. Осы комиссия қорытындылары негізінде 1928 жылдың 19 қаңтардағы Саяси бюро «Қазақстандағы жерге орналастыру туралы» мәселе қарады. Саяси бюро қабылдаған қаулының жетінші бабында Жетісу губерниясында переселен және жергілікті тұрғындар арасындағы жерге байланысты қатынастың шиеленісіп кетуі атап өтіліп, Өлкекомға губерниядағы бұл жұмысты жүргізуді тексеруден өткен қызметкрелерге тапсыруды міндеттеген еді [24]. Н. Нұрмақовтың жоғарыдағы БОАК 3-сессиясында көрсеткеніндей, Киселевтің екінші комиссиясы шынымен-ақ, Семей губерниясын ғана қамтитын еді. 1928 жылдың 9 қыркүйегінде БК (б) П Қазақ өлкеком бюросында БК(б)П ОК комиссиясының Семей губерниясында астық дайындау және салық науқанын жүргізу кезінде революциялық заңдылықтың бұзылуы туралы баяндамасы тыңдалды. Баяндама тыңдалған өлкеком бюро мәжілісі хаттамасында комиссия төрағасы Киселевтің: «Өткен жылғы Жетісу

бойынша біз (жолдастарды) орнынан алу туралы ештеңе ұсынған жоқпыз, ал мұнда (Семей бойынша) қарарда солай енгізу қажет деп санаймыз» – деген сөзі көрсетілген [25]. Мұнда қаралған негізгі мәселе Семей округі бойынша қазақ шаруаларының қысымға алынып, олардың жерін орыс шаруаларныың пайдасына тартып алу фактілері болатын.

1928-1929 жылдардағы Жетісудағы астық дайындау жылдық жоспары 2 000 000 пуд болған. Жоспардың 1 миллион 834 пуды жиналып, 91,7%- ға орындалды. Оның ішінде тұтыну кооперациялары үлесі – 67,4%, кооперациялар – 19,8%, Астықодағы- 21,8%-ды құрады. 1929 жылдың 25 шілдедегі БК(б)П Алматы округтік комитеті бюросында астық дайындау бойынша жоспардың орындалмауының басты себебі ретінде «кулак-бай элементтердің жоспарды орындатпауға бағытталған қарсылығы» көрсетілді [26]. ОГПУ-дің экономика бөлімінің бастығы Кеммер мен оның Қазақстандағы өкілі Гуляевтің мәліметтерінде астық дайындау науқаны басынан 1929 жылдың 8 қазанына дейін тұтқындалғандар саны барлық категориялар бойынша қалаларда 32, деревняда 15 адам болған [27]. Дәл осы ОГПУ ЭКО жүйесінің 1929 жылдың 5 қарашасындағы мәліметтеріндегі көрсеткіш тым көп екенін көруге болады. Мұнда астық дайындау науқанының басталғаннан бері Алматы округінде ҚК-тің 58-10, 58-8 баптарымен қалаларда – 26, деревняда – 355 адам, ҚК-тің 61,107 баптарымен деревня кулактардан – 96, алыпсатарлардан 107 бап бойынша: қалаларда – 42, деревняда – 14, осы бап бойынша саудагерлерден қалаларда – 3, деревняда – 1 адам тұтқындалғаны көрсетілген. ҚК-тің 110-111 баптары бойынша дайындау сауда мекемелерінің лауазымды тұлғалары мен жетекшілерінен 15 адам қамалған. Округ бойынша лауызымдылардың барлық категориялары бойынша қалаларда – 86, деревняда – 146 адам тұтқындалған [28].

Іле ауданы бойынша уәкіл Әлжановтың есебінде ауданға түсірілген жоспар одан әрі ауылдарға тек механикалық тәсілмен бөлінгенін баяндалады. Ал ауылға түскен жоспар көлемі де шаруашылықтарға тең бөлінген. Бұла арада шаруашылықтардың қанша егіндік алқабы бар екені ескерілмеген. Осының салдарынан егіншілікпен мүлде айналыспайтын аздаған ғана егіні бар малшы қазақ шаруашылықтарына да көп көлемдегі жоспар жеткізілген. № 3, 4 және 9 ауылдарда тұрғындар жоспар орындау үшін малдарын сатып, одан түскен қаржыға орыс шаруаларынан астық сатып алған. Мұның өзі қазақ шаруалары мен орыс шаруаларының арасындағы қарым-қатынасты шиеленістірді. Қазақтар «орыстардан астық алынбайды, ал бізді малымымызды

сатуға, орыстардан астық сатып алып, дайындаушыларға тапсыруға мәжбүрлейді. Мысалға бес аты, екі түйесі, 30 қойы бар, бір десятина ғана егін себетін бір азаматқа 70 пұт астық салынған.» – дейді. Аудандағы егіндік көлемін есептеген Әлжанов Іле ауданы бойынша жоспар тым асырып берілгенін жасырмайды. Оның есебі бойынша, аудандағы астық көлемі 3,548 гектар, әр гектардан 25 пұттан астық жиналған күнде жалпы өнім 208,651 пұтты құрайды. Қара бидай алқабы – 4. 410 гектар, 42 пұттан жиналған күнде жалпы көлемі 188,446 пұт болады. Құнақ пен тары алқабы 2,037 гектар, гектарына 48 пұттан жиналса жалпы көлемі 90. 211 пұт болады. Сұлының алқабы – 2,345 гектар, гектарына 60 пұттан жиналғанда, жалпы өнім 152. 000 пұт Арпа егілген алқап 713 гектар, гектарына 50 пұт өнім алынса, жалпы жиыны 35. 616 пұт болады. Жалпы нәтиже: алқап көлемі – 13,185 гектар, жалпы өнім – 680. 760 пұт. Ал қажеттілік 685 пұт 554 пұт көлемін құрайды. Жетпейтін астық көлемі 6. 000 пұтты құрайды [29]. Уәкілдік міндетті шынайы жағдайды ескеріп, ахуалдағы асыра сілтеуді болдырмай, орталыққа шынайы ақпарат берген Әлжанов сияқты уәкілдер де болған.

Астық дайындау науқанына жұмылдырылған Түрксіб жұмысшылар бригадалары есебінде нақты көмек шараларынан бөлек, шаруалардың арасындағы саяси көңіл-күй, партия, комсомол мүшелерінің қызметі талданған. А. Тұрсынбаев және басқалардың кеңестік кезеңде жарық көрген зерттеулерінде жұмысшылар бригадаларының шаруашылықтарда құрал-саймандарды жөндеу сияқты практикалық қолқабыс жасағаны ғана айтылып, олардың село-ауылдағы саяси ахуалға әсері, мәліметтер жинаған барлау қызметі айтылмаған. Жұмысшылар бригадалары сияқты кеңестік тарихнама біржақты мадақ сипатында көрсеткен қала жұмысшы табының ауыл-селоға үгіт жұмысы «жиырма бес мыңдықтардың» қызметінде де көрінді. БК(б) П ОК 1929 жылғы қараша пленумын шешімімен 25 000 өнеркәсіп орындарының жұмысшылары деревняға аттандырылды. Қазақстанға «25 мыңшылардың» 1204 жұмысшы келді. Олардың 704-і Москва және Орехово-Зуево өндіріс орындарынан келген болатын. Қалған 500 жұмысшы Украинаның Харьков, Донбасс өңірлерінен келді. Қазақстанға келген 1204 «25 мыңшының» 120-сы Алматы округіне қалдырылып, оның 105-і колхоздарға бөлінді. Алматы округіне келген «25-мыңшылардың» басым көпшілігі орыс және аралас этностар тұратын аудандарға жіберілді [30]. Қазақстанға келген 25-мыңшылардың басым көп бөлігі партия мүшелері (915 адам) болатын. Келгендердің 202-і комсомолдар болды. «25 мыңшылардың» әлеуметтік құрамы, Алматы округіндегі қызметінің

кемшіліктері ОГПУ ақпарларында көрсетілген. Ақпарларда Алматы округіндегі «25 мыңшылар» ұнжырғасы түсіп, тұқым қоры жоспарының орындалатынына сенімі жоғалып, олардың қайтадан өндіріске оралғылары келетіні баяндалған. Алматы округіндегі келімсектердің мінез-құлықтары да үлгілі болмаған. ОГПУ ақпарларында жүргізілген тергеу арқылы Чернореченск колхозы төрағасы, москвалық жұмысшы Понамарев жүйелі түрде ішімдік ішіп, жеңілтектікке салынғаны анықталған. Талдықорған ауданы Қарабұлақ комбинатының меңгерушісі, тағы бір мәскеулік Орлов ішкілікқұмарлық, басбұзарлық, құмарпаздығы үшін қызметінен алынған. Орловтың орнына ұсынылған мәскеулік Соколов БК(б)П партия ұйымының қарсылығын туғызған [31].

Жалпы алғанда, Алматы округкомында ұлты орыс өкілдердің басымдықта болуы кеңес өкіметінің алғашқы күнінен басталды. Округкомнан келетін іс қағаздарының тек орыс тілінде болуы жергілікті өкімет органдарына аз қиыншылық тудырмаған. Алматы округтік әкімшілік бөлімі нұсқау-бұйрықтарын тек орыс тілінде жібере беруіне наразы Бәрібаев аудандық милиция бастығы 1928 жылдың 12 желтоқсанында №167 қатынас хатында: «(Нұсқаулар) бұдан ары да орыс тілінде ғана жіберілетін болса, оны оқымай қайтарамын, өйткені орыс тілін түсінбеймін» – деп көрсеткен. Аудандық милиция бастығының бұл қатынас хатына округтік әкімшілік бөлімінің бастығының орынбасары Сейсекенов: «Солай-ақ болсын» – деп бұрыштама жазған [32]. Қалалардағы ұлтаралық қақтығыстар көрініс бере бастады. ОГПУ-дың Қазақ өлкелік партия басшылығына 1929 жылдың 26 ақпандағы ақпарында осы жылдың 14 ақпанында Талдықорған қаласының базарында 3 орыс ұлтты адам «тентектік әрекет жасап», ұлттық кемсітушілікке жол беріп, 3 еврей мен қазақтарды соққыға жыққаны баяндалған. Ұлттық негізде басталған төбелеске базардағы басқа орыс тар мен қазақтар араласып кеткен. Басбұзарлыққа себепші болғандар тұтқындалып, келешекте «көрнекі процесс» жүргізу үшін тергеу басталған [33]. Дайындау науқандарымен бірге жүргізілген отрықшыландыру шарасы да әміршіл тәсілге сүйенді. Шаруалардың жағдайын ойлаудан гөрі жоспар қуушылық Жетісудағы шаруалар наразылығын арттыра берді. 1928 жылғы Жетісу аудандарында байқалған жұт белгілері мен жоспар мен салықтар қысымы шаруалар наразылығының ашық көрініс беруіне алып келді.

Ауыл шаруашылығын қайта құруға байланысты кеңестік реформалар орыс шаруаларымен қатар қазақ шаруаларының астық дайындау, салық ауыртпашылығынан қашып, маңайдағы Түріксіб темір жол бекеттерін

паналауға мәжбүр етті. Ұлттық құрамы негізінен европалықтардан тұрған Түрксіб бекеттерінде жұмыс істеген қазақ шаруалары ұлттық кемсітушілікке ұшырады. Бұл жөніндегі фактілер ҚАССР юстиция халкомының тапсырмасымен 1930 жылдың 30 тамыз мен 29 қыркүйек аралығында Түрксібтің Солтүстік участкесі – Алматы-Семей бағытын тексерген юстиция халкомы жанындағы прокурор Бредихиннің осы жылдың 3 қазанындағы есебінде келтірілген. Прокурордың Семей, Аякөз, Лепсі, Үштөбе, Айнабұлақ, Жоламан, Іле теміржол бекеттеріндегі тексеруі бастапқыда «күз-қыс астық жеткізу дайындығын» қарауды жоспарлаған. Алайда, прокурор куә болған кемшіліктер тексеру аясын кеңітуге мәжбүр еткен. Түріксібтегі ұлтаралық қатынастарға арнайы тоқталған прокурор Бредихин: «Құрылысшылар мен теміржолшылардың басқарушы буынының арасындағы шовинистік көңіл-күй әлі де орын алып отырғанын» атап көрсеткен [34]. Бредихиннің есебінде, әсіресе, Аякөздегі ұлтаралық жағдай ерекше аталады. Есепте: «Мұндағы сергиполшілдік әлі жойылған емес» – делінген. Бредихин 1928 жылдың 31 желтоқсанында сол кезде Сергиполь аталған Аякөздегі ұлтаралық жанжалды еске алып отыр. Тек орыстар жағынан Черниченко деген басқарған 150-200 Түріксіб жұмысшылары қатысқан бұл қақтығыс кезінде саны анықталмаған көп мөлшерде қазақтар соққыға жығылып, тәртіпті қадағалауға келген 3 милиционер ұрып-соғылып, қарусыздындырылған. ОГПУ-дің Қазақстандағы уәкілетті өкілі Волленбергтің ҚАССР ХКК төрағасына жолдаған есебінде қақтығыс чекистердің араласуымен басылғаны, жанжалды мас адамдар бастағаны, қазақтарды ұрумен қатар базардағылардың заттары бүлдірілгені, бірнеше адамның тұтқындалғаны хабарланған [35]. 1929 жылдың қаңтар айының соңында бұл жағдай туралы эммиграциядағы саяси қайраткер Мұстафа Шоқай хабардар болып, арнайы мақала жазып, Париждегі «Populaire», «Vor-warts» журналдарына жариялауға жібереді. М. Шоқай сенімді дереккөздерден алған ақпаратын «Советская степь» газетінің 1929 жылдың 30 қаңтардағы санындағы мәліметтермен толықтырып, Аякөздегі ойран кезінде жекелеген коммунистер мен комсомолдар таяқ жеген қазақтарға ара түсудің орнына айызы қанғанын, зорлыққа әдейі жол бергенін ашық көрсеткен. Сергиполдегі ойранға кінәлі деп танылып сотқа тартылған 18 адамның 10-ы сотталып, Илья Галков, Василий Соловьев және Николай Рыбин ату жазасына кесілген [36].

Бредихиннің жоғарыдағы есебінде Сергиполь ойранынан кейін екі жыл уақыт өтсе де жағдай өзгермегенін көрсеткен. Темір жол бекетінде

Гольдман есімді жол жөндеу шебері қазақтарды балағаттап, кеңседен қуып, жұмыстан босатамын деп қорқытқан. Богралов есімді ондық басқарушысы да Гольдманнан қалыспай, өз қарамағындағы қазақ жұмысшыларының еңбекақысын бермеген. Аякөзге таяу Өтеқызыл разъезінде жол көрсетуші Говоров станцияның кезекшісі кондукторлар бригадасының көз алдында қазақ кондукторды жол көрсетушінің өз нұсқауын орындап, оның әйелінің товарлы поезға мінуіне рұсат етпегені үшін соққыға жыққан. Говоровтың басбұзарлығына куә болып тұрғандардың ешқайсысы қазақ ес-түссіз құлағанға дейін ара түспеген. № 6 құрылыс участкесінде Понамарев есімді жол жасау шебері қазақ жұмысшылардың бірін дәретханаға қамап, адам нәжісін қолмен жинауға мәжбүрлеген. Айнабұлақ станциясының ондық бастығы Серебряков қарамағанындағы қазақ жұмысшыларын балағаттап, қудалап күн көрсетпеген. Жұмысшылар комитеті өздеріне түскен 30 жұмысшы қол қойған қазақтардың арызына мүлде құлақ аспай, «тиісті қолдар дұрыс қойылмаған» деген желеумен қабылдаудан бас тартқан. Аякөз станциясындағы қазақ жұмысшылары жергілікті теміржол жұмысшылар комитеті үлескерлері бола тұра, оларды кезекке жібермегендіктен, бірнеше күн бойына өздеріне тиісті нан үлесін ала алмаған. Кей жағдайда сатушылар: «Товарлар тек орыстар үшін жіберілді. Қалса ғана (сендерге) береміз» – деген. Қазақ жұмысшылар табандап кезекке тұрса, оларды дүкеннен итеріп шығарып, тұтқындаймыз деп қорқытқан. Айнабұлақ станциясында жұмысшылар жиналысында қазақтар сатушылардың өздеріне немқұрайлылығына шағымданған [37]. Прокурор Бредихин көрсетілген фактілер бойынша қылмыстық іс қозғаған. Аякөз станциясында Гольцманның ісі көрнекі сот процесіне әзірленген. Кооперативтердегі шовинизм көріністері бойынша 4 іс те көрнекі түрде өткізілген. Айнабұлақ станциясы бойынша шовинист Понамарев тұтқындалып, көрнекі сот процесін өткізу үшін ГПУ органдарына берілген [38]. Бредихиннің Түксібтің солтүстік бөлігі бойынша тексеруі ұлттық мәселенің басқа да қырларын ашқан. Темір жол бойынша ұлттық кадрлар дайындауды жолға қоюды ұсынған Бредихин, қазіргі жағдайда Іле станциясындағы дайындық курсының 300 тыңдаушысының тек 75-і қазақтар екенін, олардың арасында орыс тілін мүлде түсінбейтіндер болғанына қарамастан сабақтардың тек орыс тілінде жүргізілетінін, тұтас басқару аппараты орыстардан тұратынын қынжыла атап көрсеткен [39]. Түріксіб жұмысшыларын құрамындағы қазақтардың үлесінің аз екені кеңестік кезеңде насихат мақсатында жарық көрген басылымдарда да көрсетілген. 30-жылдардағы Түксіб туралы Түрксіб мамандары

С. Соколов пен К. Кулмановтың мақаласында 1930 жылы маман қазақ жұмысшылар теміржол жұмысшыларының жалпы санының 2,1%-ін, ал жартылай кәсіби жұмысшылардың 26,6% -ін құрайтыны жазылған [40].

Жалпы алғанда, Жетісу өңіріндегі 30-жылдардағы ұлтаралық жағдай қарама-қайшылықты сипатта болды. Кеңестік дайындау науқандары мен өкіметтің бай-кулактармен күрес жүргізгенінде орыс шаруалары мен қазақ шаруаларының ымырасы байқалды. Жетісудағы ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістерінде орыс, қазақ шаруаларының тізе қосып, бас көтеруінің мысалдары жеткілікті. Мұндай жеке мүдделерді ысырып, Кеңестік билікке қарсы ынтымақ Бүйен-Ақсу, Балқаш, Талдықорған аудандарында көрініс берді. Алайда, кеңестік жергілікті басқару мекемелеріндегі европалықтардың сандық басымдығы қазақ шаруаларының Кеңес өкіметін европалықтардың мүддесін қорғайтын билік есебінде қарайтыны байқалды. Кей жағдайда осындай көзқарас жазалаушы өкіметтің тарапынан да байқалып жатты. 30-жылдар шаруалар бас көтерулері кезінде Кеңес билігін мойындаған қазақ шаруаларның өзіне сенімсіздік таныту фактілері байқалып жатты. Архив құжаттары мұндай ұлтаралық қарсы тұру, өзара сенімсіздіктің халық көтерілістерінің сын сағатында айқын көрінгенін айғақтайды. Шарулар бас көтеруі бұрқ ете қалған 1930 жылдың наурызында Лепсіден ОГПУ жедел участкесі бастығы Мининнің Алматыдағы ОГПУ округтік бөліміне жолдаған ақпарында «қазақ тұрғындардың орыс шаруаларын қорқыту» фактілері бар екенін баяндайды. Ақпарда Оспан Жұмағұлов есімді кедей қазақ: «Үш күннен кейін біз өлеміз бе, орыстар өле ме көреміз.» – деген. Мәліметте Алакөл ауданыныны Шарбақты ауылының екі қазағы қыс кезінде шекараның арғы бетіне өтіп, ол жақтан Қытайға бас сауғалап кеткен бір молданың өз жанұясы қалған Лепсіге үндеу хатын алып келгені айтылады. Көрсетілген үндеу хатта: «Осы жылдың сәуір айына дейін шыдай тұрыңдар. Сендерден төлеуді талап етсе, аздап төлеңдер. Шекарадан қашып өте алсаңдар, осы жаққа келіңдер, мұнда біз шетелдік мемлекеттердің көмегімен эммигранттар отрядтарын құрып жатырмыз. Қиыр Шығыстан қарулы күштер келуге тиіс. Мұндағы Бакич отрядтары дайын тұр, бірлескен күштер арқылы Кеңес өкіметі мен орыстарды талқандаймыз, 1916 жылғы Пішпек уезіндегі ойранды еске алатын боламыз...» – деген сөздер болған. Бұл әңгімені Контсантиновка орман шаруашылығының орманшысы Жиенбаев жеткізген [41].

Тағы бір дерек ұлтаралық қақтығыс көрінісін баян етеді. Мәскеудегі орталықтан БК(б)П ОК ұйымдастыру тобы басшысы Тулоповтың Қазақ

өлкекомы мен Алматы округтік партия комитетіне жолдаған құпия хатында 1930 жылдың 21-25 наурызы аралығында Біже станциясында кулактар мен байлардың көтерілісін басу жөніндегі штаб жұмыс істегені айтылған. Осы Біже штабының бұйрығымен Мойынқұмға көтерілісшілерге қарсы отряд ұйымдастыру тапсырмасымен барған партия мүшесі Журавлев көтерілісші қазақтардың келе жатқанын айтып, ұлтаралық араздықты қоздырғаны баяндалған. Ұлтаралық қақтығыстың туындауына партия мүшесі Гавриченконың жұмысшыларды қаруларндыру үшін темір таяқшалар әзірлеу бастамасы себеп болған. Жұмысшылар күні-түні бейнеттеніп, 40 тал үшкір таяқша әзірлеген. Дайындалған қару тек орыс жұмысшыларға үлестіліреді де, қазақ жұмысшыларға еңбек құралдары таратылған. 21 наурыздан 22-іне қараған түні Гавриченконың тапсырмасымен қазақ жұмысшыларға үлестірілген құралдар олардың өз құралдарымен қоса жинап алынады. Еңбек құрал-сайманы алынып қойылған қазақ жұмысшылар барактарына қарулы күзет қойылып, іс жүзінде олар қамауға алынады. Қазақ жұмысшылардың бірі мұндай әділетсіздікке шағымданғанда Журавлев Оңтүстік Түрксібтің 5-ара қашықтық кеңсесінде әлгі қазақты қабырғаға тұрғызып, дәріленетін қарумен атып жібереді. Оқ қазаққа тимей, басын жанап өткен. Тулоповтың құпия хатында Түрксіб теміржолы 9-аралығында Журавлев пен басқа да партия мүшелері арасында «ұлыдержавалық шовинизм гүлденіп» тұрғаны көрсетілген. «Орыс және қазақ жұмысшыларын кулак, байларға тап ретінде бірлесіп майдан құрып қарсы тұру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана алмағаны үшін» Журавлев, Гавриченколар жауапкершілікке тартылады. 1924 жылдан партия мүшесі Журавлев БК(б)П) мүшелігінен шығарылып, ісі ГПУ тергеуіне берілсе, 1923 жылдан партия мүшесі 5-ара қашықтығының меңгерушісі әрі әкімшісі Гавриченкоға қатаң сөгіс беріліп, Түрксіб Октүстік усаскесіне қызметінен алу ұсынылды [42]. Түрксібтің осы бекетінде аға ондық қызметін атқаратын Прищенконың әрекеті қазақ және орыс жұмысшылардың арасында ұлт араздығын туғызған. 1926 жылдан партия мүшесі Прищенко киіз үйде тұратын ондық қызметін атқаратын 2 қазақтың баспанасын тартып алмақ болады. Киіз үйді беруден бас тартқан қазақтардың мүлкін талқандамақ болған Прищенко басқа да бірқатар қылмыстары үшін партия мүшелігінен шығарылып, тұтқынға алынған [43].

Ұжымдастырға қарсы көтерілген «банды» топтарына қарсы ұйымдастырылған коммунистік отрядтардың қазақ шаруаларына зорлық-зомбылық фактілеріне кеңестік өкімет орындары көз жұма

қарады. ОГПУ-дің Қазақстандағы уәкілетті өкілі Миронов пен арнайы саяси бөлім бастығы Саенко 1932 жылдың 19 шілдедегі Голещекинге жазған «өте құпия» хатында комотрядтың шаруаларға қылған сондай бір қатыгездігінің жайы баяндалады. ОГПУ мәліметіне сәйкес 7 шілде күні Майтөбе станциясы алебатер каръері керуенініне қарулы шабуыл жасалады. Шабуыл жасаушыларды қуып жету үшін Айнабұлақ станциясынан БК(б)П мүшесі Василевский бастаған 9 адамнан тұратын комотряд жіберілген. Комотрядқа жол-жөнекей Сарыөзек станциясынан Талдықорған милициясының инспекторы Филатов басқарған 3 адамнан тұратын милиционерлер тобы қосылады. Отрядтың башылығы Василевскийдің қолында болғанымен, Филатов өзінің қызметтік лауазымына байланысты отрядтың жедел қызметіне бастық болып алады. Көтерілісшілер бағыт алған Балқаш ауданының Қазансу және Сарыбұлақ шатқалдарына бөліп қоныстанған № 15 ауылына сол 7 шілде күні жеткен отряд келе сала тұрғындарға күш көрсете бастайды. Комотряд ауылды үйлердің әрқайсысын қоршап алып, кездескеннің бәріне тінту жүргізген. Қарабұлақ шатқалында комотряд бір киіз үйді қоршап алғанда атты қарулы адамдарды көріп қорыққан үй иесі қаша жөнелгенінде отряд командирі Василевский әлгі қазақты револьвермен атып жаралаған. Жараланған шаруа «бай» деп тауып 5 жылға жер аударылып бара жатқан Талдықорған ауданының адамы Жақайбай Маймақов болып шыққан. Қазансу мен Сарыбұлақ түбіндегі ауыл тінту кезінде комотрядтың тонауына ұшыраған. Комотряд мүшелері «көздеріне түскеннің бәрін алған». Тәжіғұлов атты шаруадан 3 пұт еті, 5-7 килограмм қазы тәркіленіп, бұл еттің жартысын комотряд мүшелері азық қылып, жартысын өздерімен бірге Айнабұлақ станциясына әкеткен. Ауылдың маңында жөнімен кетіп бара жатқан адамдар да ұсталып, оларға тінту жүргізіліп, кейбірінен арақ тартып алынып, комотряд тұрғындардың көзінше ішімдіктерді ішкен. Кейбір комотряд мүшелері тұрғындардың киімдерін де тартып алған. №15 ауылдан сойылып кетеді деген желеумен, жалпы саны 8 жылқы, 5 құлын, 1 түйе тәркіленген. Филатов пен Василевский және Айнабұлақ теміржол партия ұйымының хатшысы Иващенко ауыл тұрғындарын дөрекі түрде қарумен қорқыту, ұрып-соғу арқылы негізсіз тұтқындаған. Ұсталғандардан жауап алу кезінде соққыға ұшыраған. Тергеу кезінде Сәттібаев атты шаруа мылтықтың дүмімен есінен танғанша соққы алған. Әйтілесов, Қашағанов, Мәлімбала және басқалар да таяқ жеген. Тұтқындарды ұрып-соғуда аты-жөндері белгісіз Айнабұлақ станциясы телеграфисті мен бір милиционер аса белсенділік танытқан. Комотрядтың бассыздығы

№ 15 ауыл ғане емес, теміржол жұмысшыларына да белгілі болған. Қалыптасқан жағдайды жеңілдету үшін оқиға орнында ОГПУ ДТО уәкілі Голозубов БК(б)П ячейкасының ұйымдастырумен тұрғындармен жиналыс өткізіп, комотрядтың әрекетінің заңсыздық ретінде айыптаған. Түріксіб ДТО ОГПУ тарапынан Филатов пен Василевский тұтқындалған. ОГПУ басшылығының хатында арнайы бөлімнің облыстық бөлімшесі бастығы Мазгирев, өлкелік милиция басқармасы бастығы Григорьев және жедел уәкіл Шляцовтан тұрған комиссия құрылғаны хабарланған [44]. Осы жылдың 21 қыркүйегінде Газ зерттеу тобы бастығы Дукарский бастаған еріктілер отряды Мұқашев бастаған көтерілісшілерге қарсы шыққан. Шайқаста 9 көтерілсші өлтіріліп, 40-ы тұтқындалған. Тұтқынға түскендер арасындағы 2 әйел және 1 еркекті Дукарскийдің бұйрығы бойынша Беляев деген прораб милиционер Муравьевтің қатысуында атып өлтірген. Қыркүйек айының ортасында Көксу қоныс аудару пункті мергендері Щеголов пен Корниченко Талдықорған ауданы Көксу ауылынан 4 шақырым жерде 4 колхозшы қазақты қашты деген күдікпен арнайы қоныс аударушы ретінде атып өлтірген. Дукарский, Беляев, Муравьев, Корниченко және Щеголов тұтқындалған [45]. Кеңес билігінің отаршыл бет-бейнесін білдіретін мұндай көріністер көп кездескен. Газ зерттеу тобы, теміржолшылар, жұмысшылар бригадалары қазақ шаруаларын «ұжымдастыруға үйрету» мақсатымен топ-тобымен жіберіліп, жергілікті қазақ шаруаларына қарсы бірігіп күресті.

Қазақстанның Жетісу өңіріндегі 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасы ұлтаралық қақтығыстар жағдайында жүргізілді. Негізінен қазақ шаруасынан отаршыл Патша өкіметі тартып алған жер телімдерін қайтару большевиктер көсемі В. Лениннің қолдауымен заңдық негізде жүргізілді. 1928 жылдан астап дайындау науқандары индустрияландыруға керекті азық-түлікті жинау үшін қатал қысымға бара бастады. Қазақ байларын жою үшін жүргізілген тәркілеу шарасы орыс деревняларын айналып өтті. Меншіктен айыру, астық, мал өнімдерін құштеу жинау Жетісудағы ұлтаралық қарым-қатынастың жаңа кезеңге өткенін көрсетті. Шаруалардың қарсыласу қозғалысы алғаш таза әлеуметтік ұрандар аясында: салық пен дайындау науқандарының тонаушылығына қарсылықтан туса, келе келе ұлттық ұрандар да айтыла бастады. Астық дайындау, ұжымдастыруға байланысты көмекке келген «25 мыңдықтар», жұмысшылар бригадаларының ұлттық құрамы европалық өкілдерінен құралуы қазақ шаруаларының кеңестік қысымды «орыстардың қысымы» ретінде қабылдауына алып келді. Бұған Жетісу шаруаларының дайындау науқандары, ұжымдастыруға, тәркілеуге қарсы көтерілістерін басу, босқыншылықты тоқтату мақсатында құрылған коммунистік отрядтардың ұлттық құрамында

европалықтардың басымдығы да әсер етті. Партиялық билік орындары ұлтаралық қақтығыстар көріністерін барынша елемеуге тырысты. Ал елемеу мүмкін емес болған жағдайда партиялық жауапты тұлғалар кінәліларды жазалауда үстірт шаралар қабылдады. Бұл параграфта жаңа зерттеулер қорытындылары, құжаттар жинақтары және ҚРОМА, ҚРПА архивтерінің тың деректері негізінде Жетісудағы астық дайындау науқаны барысындағы ұлтаралық қақтығыс көріністерінің себеп-салдары талданды.

**Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. 4-том. – Алматы: Дайк-Пресс. 2013. – 532 б + 2 бет, 273-бет

2 Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья. Алма-Ата: Издательство академии наук Казахской ССР. 1950. С. 119

3 Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929гг.) Алм-Ата,: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1965. С. 285

4 Сонда, 290-бет

5 Қолдан жасалған қасірет, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындысы / Егемен Қазақстан. 1992. – 22 желтоқсан

6 Сонда, 2-бет

7 Алдажұманов Қ., Әбілғожин Ж. Этноцид / Егемен Қазақстан, 30 мамыр, 1992 жыл

8 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата, 1992. – 36 с.

9 Сонда, 27-бет

10 Қойгелдиев М. Қиянат анатомиясы. Сенің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану) Монография. Алматы: «Арыс баспасы, 2020. 138-бет

11 Алдажуманов К. С. Голод 1931-1933 годов в Казахстане: проблемы истории и методологии / «Қазақстан тарихы: инновациялықтұжырымдамалар мен дәуірлеу ғылыми танымның басым бағыттары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция матераиалдары. Алматы қаласы, 18 сәуір 2013 жыл. 96 – бет

12 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945) (перевод с фр. А.Т.Ракишева; сост.Б.М. Сужиков). Алматы: «Санат», 2009. – 365 с.

13 Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. /Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаева /Алматы: 2020. 11-бет

14 Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане (Перевод с нем. Л.Ю. Пантиной) Москва.: Политическая энциклопедия, 2017. С. 84

15 Сонда, 97, 98-б.

16 Niccolò Pianciola, Adilkhan Zharassov Elusive rebels: researching the uprisingson the eve of the great famine in Kazakhstan (1929-1931) / Niccolò Pianciola, Adilkhan Zharassov // Bulletin-history. kaznu. kz, Journal of history. 2020. – №2 (97). С. 30 – 43

17 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост. А. С. Зулкашева (ответств.). Алматы: Раритет, 2013. Т.1. – 744 с.; Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост.А. С. Зулкашева (ответств.). Алматы: Раритет, 2018. Т.2. – 744 с.

18 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927–1939. В 5 Т.Т.3. Конец 1930—1933. /Под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. – 1008 с.

19 Ашаршылық. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.1.:1928-1929, – 920 с.; Т.2.: 1930-1931, -1240 с.; Т.3. 1932 – 1934, – 1028 с. /Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. Нур-Султан, Алматы: Атамұра, 2021.

20 Қолдан жасалған қасірет, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындысы / Егемен Қазақстан. 1992. – 22 желтоқсан, 1-бет

21 Жұмабаева Ж.К. Кеңестік тоталитарлық мемлекеттің Қазақстан ауыл шаруашылығындағы қаржыландыру және салық саясаты: тарихы, сабақтары (1926-1937 жж.) Тарих ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. Дисс. автореферат. Алматы, 2000, 18-бет

22 Рвайдарова Г.О. 1928-1929 жылдардағы ірі қазақ байларын тәркілеу мәселесіне жаңа көзқарас // “edu. e-history. kz” электронды ғылыми журналы № 1 (09), 2017. 03. 10.

23 Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2005, 123-бет

24 Қойгелдиев М. Қиянат анатомиясы. Сенің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану) Монография. Алматы: «Арыс баспасы, 2020, 193,195-б.

25 Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов (Сост. А.С. Зулкашева (ответств.). Алматы: Раритет, 2013. Т.1. С. 23

26 ҚР ПА 141-қ., 1-т., 2640 – іс, 19 – парақ

27 Сонда, 259-п.
28 Сонда, 266-п.
29 Сонда, 23-п.
30 Турсунбаев А.Б. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья. Алма-Ата: Издательство академии наук Казахской ССР. 1950. С. 103
31 Из истории депортаций. Казахстан 1930-1935 г. г. Сборник документов. Алматы: LEM, 2012. СС. 241-242
32 ҚР ПА 719-қ., 1-т., 1431-іс, 17,18 – парақтар
33 ҚР ОМА 30-қ., 9-т., 17-іс, 1 – том, 142 – парақ
34 ҚР ОМА 251-қ., 9-т., 195 – іс, 274 – парақ
35 ҚР ОМА 30-қ., 9-т., 17-іс, 1-том, 11(а)-п.
36 Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. 4-том. – Алматы: Дайк-Пресс. 2013. 15-18 беттер
37 ҚР ОМА 251-қ., 9-т., 195-іс, 207,274, 274 (а)-п.
38 Сонда, 275-п.
39 Сонда, 276 (а)-п.
40 Турксиб – магистраль социализма. Сборник /Сост.Н. С. Никитин/. Алма-Ата: Казахстан, 1986. С. 50.
41 ҚР ПА 141-қ., 17-т., 471-іс, 99-п.
42 Сонда, 308-п.
43 Сонда, 309-п.
44 ҚР ПА 141-қ., 1-т., 2424-іс, 336, 337-п.
45 ҚР ПА 141-қ., 1-т., 5050-іс, 16-п.

## 2.5 1929-1933 жылдардағы шаруа көтерілістері

*Қ. С. Алдажұманов*

### 1929 жылдағы толқулар. Батпаққара көтерілісі

Зорлық пен дөрекі әкімшілік сот бассыздығынан наразылық білдіру тек ауыл шаруашылығы өндірісінің күрт құлдырауынан ғана көрінген жоқ. Қазақстанда, бүкіл елдегі қалың шаруа ашық қарсылық көрсете бастады, ол көптеген аймақтарда ұйымдастырылған қарулы көтеріліске ұласты.

Ауыл еңбекшілерінің алғашқы ұйымдасқан көтерілісі 1929 жылдың күзінде басталды. Айталық, қыркүйек айының аяғында кезекті астық дайындау науқанының барысында Сырдария округі, Бостандық ауданының Ұзын, Піскем, Жаңақырғыз қыстақтарында шаруалар көтерілісі бұрқ етті, оған 400-ден аса адам қатысты. Көтерілісшілер қатарында казақ шаруалары, қырғыз бен өзбек дикандары да болды.

Бүлікті ұйымдастырушылар – Піскем қыстағының тұрғындары Талиб Мұсабаев, Бектай Халматов, Төлеген Азизов және басқалары көршілесҚырғыз аумағында орналасқан Шаткалы елді мекеніндегі диқандармен, сондай-ақ биліктің шектен шығуына наразылармен байланыс орнатты. Жөнсіз салынған салық, астық тапсыру жоспарының жоғарылығы (ауқатты деп аталған шаруашылықтың әрқайсысына 600 пұт астықтан) қырғыз шаруаларының жаппай көтерілуіне алып келді. «Жағдай күн сайын нашарлап барады, – деді Мұсабаев көтеріліс бола қалған жағдайда бірлесіп іс-қимыл жасау жоспары талқыланған басқосуда. – Салық өсуде және астығымызды сыпырып алып отыр. Қыста аштықтан өлгенше, бір-ақ күнде бірден өлгеніміз жақсы…».

Көтерілісшілерді Богустан, Ситжақ, Брич-Мула қыстақтарының шаруалары қолдады. Бірлесе қимылдай отырып, олар аудан орталығы Ход-жакентті басып алды. Көтерілісшілер ауылдық кеңестің төрағасы мен бірнеше белсенділерді өлтіріп, сосын кооперативтерді, аудандық мекемелердің мүліктерін және т. б. талқандап, тонады, Алайда, шаруалардың стихиялы бас көтеруі ұзаққа бармады: үш күннен кейін басылды. Оның 181 белсенді қатысушысы сотталды, ал 82-сі атылды.

Тап сол күндерді осыған ұқсас толқулар кезінде әкімшілік тұрғыда Қазақстанның құрамында болған Қарақалпақтың Тақтакөпір және Қоңырат аудандарында да өтті. Дабылды жағдай Ақтөбе округінің Табын және Ойыл аудандарында, сондай-ақ Гурьев округінің бірқатар аудандарында туындады.

1929 жылғы қарашаның басында Қостанай округі Батпаққара ауданының бірқатар ауылдарының тұрғындары көтерілді. Көтерілістің шығуына дайындаушы органдар билігі басындағылардың бассыздығы тікелей себеп болды. Әсіресе, салық инспекторларының қаталдығы шектен шықты. Солардың ұсыныстары бойынша 1928 жылғы тамыз бен 1929 жылғы қыркүйек аралығында салық төлеуден жалтарды және тәркілеуге қарсылық көрсетті деген айыппен 188 адам тұтқындалды. ҚазОАК-нің бұрынғы хатшысы, кейін Қостанай округі ауыл шаруашылығы кооперативтерін алғашқы ұйымдастырушыларының бірі болған Б. Қаралдин, бұрынғы мұғалім, кейіннен халық судьясы А. Дулатов (М. Дулатовтың ағасы), белгілі діни қайраткер М. Сатыбалдин және басқалары тұтқындалды. Тұтқындалғандардың едәуір бөлігі сотталды, ал Б. Қаралдин, К. Алдияров және басқалары Семей облысына жер аударылды. Міне, осының бәрі наразылықтың ушығуына, қарашаның басында №2 және 5-ауылдар шаруаларының жақын мандағы елді мекендер тұрғындарын (барлығы 400-ге жуық)

ұйымдастырып, аудан орталығына қарай жылжуына, оны басып алып, апта бойы ұстап тұруына әкеп соқтырды. Сөйтіп, көтерілісшілер заңсыз тұтқындалғандарды босатты, әкімшілік ғимаратын өртеді, партия-кенес органдарының, прокуратураның, соттың, милицияның құжаттарын өртеп жіберді. Көтерілісті бастаушылар тіпті сарбаздар отрядын ұйымдастыруға талап жасады. Бір ғажабы, көтерілісшілердің негізгі тобын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысушылар құраған еді.

Батпаккарадағы көтеріліс дүмпуі Наурызым, Жетікара, Торғай және басқа көршілес аудандарға жетті, жер-жерде жекелеген көтерілісші топтар құрылды. Алайда, көтерілісті басу үшін Қостанайдан, Ақтөбеден, Торғайдан, Троицк мен Ақмоладан жіберілген әскери отрядтар Батпаққарадағы көтерілісшілерді қолдағысы келген бас көтерудің бәрінің жолын кесті және бүлік ошағы қоршалып, кейін мүлдем тұншықтырылды. Батпаққара ауданында халықтың жаппай наразылығын тудырған нақты себептер партия және кеңес органдарына жаксы таныс еді және оның үстіне олар мұны елемеді.

Партиялық-чекистік сарапшылар әбден таптаурын болған жалған насихаттық жолдармен кезекті рет кайғылы жағдайларға «ұлтшыл элемент-тердің жауыздық әрекеттері» деген атау тақты. Бұл ретте олар Торғай өнірі Алашорданың белгілі жетекшілері туған жер, сондықтан «көтерілісті идеялық рухтандырушылар, шамасы, солар және солардың жақтастары» екендігін еске салды. Бұл екі арада көтеріліс басталардан көп бұрын Алашорда көсемдерінің бәрі күзетке алынған болатын. Байырғы интеллигенция өкілдері көтеріліске ықпалы бар деп айыпталды. 1916 жылғы көтерілісбасшыларының бірі Әбдіғапар Жанбосыновтың туыскандары – С. Жанбосынов, М. Әбдіғапаров куғындалды, Б. Қаралдин, М. Сатыбалдин және басқалары атылды. А. Дулатов бастаған 12 адамның түрмеде бұрын ұсталғаны туралы материалдар қазақтың контрреволюциялық буржуазиялық ұлтшылдары деп аталған тергеу ісіне тіркелді, ал өздерін күзетпен Мәскеуге айдап, алдында этаппен әкелінген Алашорда жетекшілері қамауда отырған Бутырка түрмесіне жөнелтілді. Сол кезде А. Байтұрсыновқа, М. Дулатовка, Х. Ғаббасовка, М. Есболовка және баска XIX-XX ғасырлар белесіндегі интеллигенцияның белгілі өкілдеріне тағылған айыптардың бірі «Қазақстанда жерге орналастыру, байлардың мүліктерін тәркілеу, шаруашылықтарды ұжымдастыру, астық пен ет дайындау жөніндегі кенестік науқандар мен іс-шараларды өткізуге кесел келтіргені, Кеңес өкіметін құлату мақсатымен оған қарсы

қарулы көтеріліс өзірлегені» және т.б. болды [1]. Бұл ретте ОГПУ-дың тергеу органдары Батпаққара көтерілісінің материалдарына да сүйенді. Батпаққара ісі бойынша, тұтас алғанда, 530 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның 115-і ОГПУ «үштігінің» шешімімен атылды [2].

Егер 1929 жылы халық көтерілісі көбіне жекелеген қарулы қарсылық білдіру сипатында болса, 1930 жылдың қысы мен көктемінде, кез келген наразылық көріністерінің қатал басып тасталуы мен биліктің аяусыз жазалауа кцияларына карамастан, халықтың шаруаларға қысым көрсетіп отырған саясатпен бітіспеушілік наразылығы күрт күшейіп, енді жаппай бүліншілік сипатқа айнала бастады. Бұған БК(б)П Қазөлком бюросының 1930 жылғы 2 кантардағы қаулысына сөйкес, онда Қарақалпақ, Бостандық және Батпаққара аудандарындағы шаруалар көтерілісі бандиттік-басмашылық қозғалыстын көрінісі ретінде сараланып, көтерілісшілерге колданылған жазалау шаралары да кедергі келтіре алмады.

Қарсылықтың жаңа толқынына КСРО БОАК пен ХКК-нің 1930 жылғы 1 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру жүргізіліп жатқан аймақтарда ауыл шаруашылығының социалистік қайта құрылуын нығайту жөніндегі және бай-кулакқа карсы күрес жөніндегі іс-шаралар туралы» белгілі каулысы зор серпін берді [3]. Іле-шала осыған ұқсас шешімді БК(б)П өлкелік комитеті мен Қазақ республикасының үкіметі де қабылдады [4].

Халық қарсылығынын күшеюіне антиклерикалдық саясаттың да әсері аз болған жок. Ар мен діни наным-сенімге бостандықты жалған насихаттай отырып, партия мен мемлекет, сонымен бірге қылышынан қан тамған атеистік науқандар жүргізді, ол мораль мен құқықтың бүкіл нормаларын ашықтан-ашық таптап, дінге қарсы шектен тыс вандализм әрекеттеріне дейін барды. Қыска мерзім ішінде Қазакстанда көптеген мешіттер, мінажат үйлері, шіркеулер жабылды. Тек 1929-1930 жылдарда Орал округінің Тайпақ ауданындағы барлық 45 мешіт, Қостанай округінің Батпаққара ауданындағы 14 мешіт жойылды. Семей округінің тұтас аудандарында да осындай жағдай орын алды. Халықтың пікірлері мен көңіл күйін ескерместен, мешіттерді жабуға қарсы шағымдар легі Ахмет Йасауидің мұражайы орналасқан, атам заманнан дінге сенушілердің касиетті орны болып табылатын Түркістан ауданынан бастау алды [5].

Жергілікті органдардың атеизм майданы негізінде етек алған бассыздығы халықтың жаппай наразылығын тудырды, ол ҚазОАК мен ОГПУ

органдарының басшылығында да атап көрсетілді. Және шаруалар көтерілісінің жетекшілері ретінде дін өкілдерінің әрекет ете бастағаны тегін емес еді.

**1930 жылғы көтерілістер**

1929 жылдың соңы мен 1930 жылдың басында республиканың көпшілік аймақтарында көтерілістің жаңа толқыны бұр етті. Әкімшілік ғимараттарын өртеу, партия мен кеңес қызметкерлеріне, ұжымдастыру жәнебаска науқандарды өткізу жөніндегі белсенділер мен уәкілдерге қатысты ұрып-соғу жағдайлары жиіледі. Биліктің терроры мен бассыздығы өзгеден аразылық білдірушілерді жұмылған қарулы топ құруға итермеледі. Сол бойда оларға тонаушылықпен айналысатын қылмысты элементтер де қосылды. Бұл ресми органдарға жұртшылық алдында биліктің тәлкегіне қарсы шыққандардың бәрін қаралап көрсетуге, олардың әрекеттерін бандылық әрекет деп бағалауға, ал әділетті саяси және экономикалық талаптарын контрреволюциялық әрекет ретінде саралауға мүмкіндік берді.

Қазақ АКСР ІІХК қылмыстық іздестіру басқармасының деректері бойынша қарсылық білдіруші топтар Ақмола округінің Қорғалжын, Атбасар, Еркіншілік аудандарында, Павлодар округінің Сейтен және Баянауыл аудандарында, Ақтөбе округінің Темір, Новороссийск, Қобда аудандарында, Орал округінің Азғыр, Тайпақ, Қаратөбе аудандарында әрекет етті. Жағдай республиканың солтүстік және шығыс аудандарында да шиеленісті. Адай округінде қарсылық білдіру қозғалысы етек алды [6].

Өз туында таптық мүдде мен таптық күрес рухын бейнелеген мемлекет шектен шыққан қуғын-сүргін және күшпен мәжбүрлеу саясаты мен шаруалар арасында қарсылық қозғалысына жол ашты. Уақыт өткен сайын кең қанат жая түсті. Оның үстіне ол қауқарсыз түрден (көшіп-қону, салық салынатын объектілерді жасыру және т.б.) ашық қарулы қарсылық әрекетке жиі ауысып отырды.

1930 жылдың ақпан-наурыз айларында көтеріліс Сырдария округінің Созақ, Сарысу, Шаян аудандарында, Ақтөбе округінің Ырғыз, Шалкар аудандарында, Қостанай округінің Наурызым, Торғай аудандарында, Алматы округінің Бүйен-Ақсу, Бәрібаев, Лепсі (сәуірде – Балқаш пен Шоқпар) аудандарында, Қызылорда округінің Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Арал аудандарында, Семей округінің Көкпекті,

Зайсан аудандарында, Өскемен округінің Шемонайха, Бұқтырма, Қатонқарағай аудандарында бүрк етті. Көтеріліс басқа аудандарды да қамтыды. Шын мәнінде республиканың бүкіл аумағы азамат соғысы қарсаңында тұрды.

Шаруалар толкуын басу үшін коммунистік отрядтар тартылды, олар көбіне-көп күштеу негізінде қалалық коммунистер мен комсомолдардан, жұмысшылар мен қызметкерлерден құрылды. Бұл отрядтар БК(б) П өлкелік комитетінің арнаулы шешімімен асығыс жасақталды және саналы түрде қала халқы ауыл халқына қарсы қойылды, оның үстіне мұндай бөлу ұлттық белгілері бойынша жүргізілді. Асығыс ұйымдастырылған отряд мүшелерінің көпшілігі қаруды қалай қолдануды білмеді, сондықтан көтерілісшілерге қарсы алғашқы ұрыста-ақ сәтсіздікке ұшырады. Созақ ауданында нақ осылай болды. Көтерілісшілер (Шу өзенін бойлай оның солтүстік және солтүстік батысындағы ауылдар, тама руының шаруалары) мен коммунарлар отрядтарының кимылы да алма-кезек қайғылы сипат алды.

Көтеріліске дайындық әуелі Сарысу ауданының Шу және Қонырателді мекендері аумағында басталды. Содан кейін көтеріліс ошағы Созақ ауданы көтерілісшілерінің жетекшісі Сұлтанбек Шолаков тұратын №12 ауылға ауысты. Тергеу құжаттары бойынша, ол орта шаруа. Бірақ революцияға дейін Шолақовтың болыс старшыны, ал бір кездері тіпті Күрші болысының болысы болғаны туралы топшылау да қылаң беріп қалады. Содан келіп, Созақ көтерілісін «ірі байлар, ишандар мен молдалар» басқарғаны және тиісінше оның объективті себептері болмағаны» [7] туралы тұжырым жасау үшін ілік табылды.

Әрине, құжаттарға, Созақ көтерілісін дайындаудағы мән-жайға қарап, көтеріліске сырттан араласушылық, оның жекелеген жетекшілерінің халық наразылығын сол кезенде Орта Азия республикаларында болған оқиғаларға бұрып жіберуге тырысушылық байқалып қалады деп те ойлауға болар. Айталық, шамасы, көтерілісшілердің идеологтарының және басшыларының бірі Иранан шыққан, 1918 жылы Бакуде калып, кейін Красноводскімен Ташкент арқылы Созақ ауданына келген Асадулла Сафар-Али Ибрагим болуы кездейсоқ емес. Ол 43 жылдық өмірінің 10 жылға жуығын Созақ ауданының № 6 ауылында өткізді. Өзінің шыққан жерін жасырып, Асадулла ауданға орнықты, өзін ауданның байырғы тұрғыны етіп көрсетіп, халыққа шипалы емшілігімен танылды. Екі әйелі (екеуі де қазақ) және орташа - ауқатты шаруашылығы болды. Сырқат адамдарды емге Ташкентке және басқа қалаларға ертіп апарушы ретінде

ол Орта Азия республикаларын жиі аралады. Тергеу материалдарынан оның Созақ көтерілісі басталардағы үгітшілік рөлін байқауға болады. Оның көтерілген жағдайда көмекке мың адамдық ауған отряды келетінін, Кенес өкіметінің орта азиялық республикалар арасындағы жағдайы әлсірегенін және оның санаулы ғана күндері қалғанын айтып, жүргізген үгіті Шолақовты және басқаларын көтерілістің басталуын тездетуге итермеледі. Нақ Асадулланың көмегімен үндеулер мен листовкалар әзірленді, онда биліктің бассыздықтары ашық әшкереленді, имансыздарға қарсы ғазауатқа – қасиетті соғыска шақырды.

1930 жылғы 5 акпанда №6, 12, 13 және 16-ауылдардың көтерілісшілері жолшыбай басқа ауылдардың тұрғындарын жинап, Созаққа беталды. Келесі күні Созаққа жақын келіп тоқтағанда, ертеңгі шабуылға байланысты жиналыста Асадулла өзінің басты ойларын былай баяндады: «Барлық жерде Кеңес өкіметінің күні бітті. Бүкіл елді көтеріліс жайлады. Бізге Ауғанстаннан әскери көмек келеді. Кеңес өкіметі Орта Азияда ғана құлатылып қойған жоқ, қасымызда, Түркістан мен Шымкентте де құлатылды. Аяну деген болмасын!». Көтерілісшілер осы жиналыста Шолақовты хан, яғни көтерілістің қол бастаушысы, ал Асадулланы оның көмекшісі – штаб бастығы етіп сайлады.

1930 жылғы 7 ақпан күнгі бозала танда құрамында 400 адам бар көтерілісшілер Созаққа лап қойды. Сол күні көтерілісшілердің бір бөлігі (200-ге жуық) өзінің батырлығымен белгілі Мадияр Алтыбаевтың басшылығымен Шолаққорғанға және Созақтың шығысындағы ауылдарға  бет алды. Көтерілісшілердің тағы бір отряды белгілі мерген Салықбай Аралбаевтың басшылығымен тау шатқалдарында қорғаныс шебін құру үшін Түркістан жағына беттеді, сол жақтан тұрақты әскер құрамы келуі тиіс еді. Алтыбаевтың Ащысай кенішіне басып кіру және ондағы қаруды колға түсіру жөніндегі ниеті іске аспады. Дегенмен оның отряды өзінің қатарын біраз толықтырды, Шолаққорғанда салық төлемегендері үшін тұтқындалғандардың бәрін босатты. Созаққа оралып, Алтыбаев басқарған 300 адам көтерілісшілер ошағына Шолаққорған жағынан келіп кірген ОГПУ отрядына ойсырата соққы берді.

Халық, оның ішінде өзбектер, көтерілісшілерді белсенді қолдады. Бабайқорған, Қарнақ және басқа қыстақтарда көтерілісшілер билікті өз қолдарына алды. Созақта Шолақов көтеріліс штабын және беделді 20  адам-нан, оның ішінде дін қайраткерлерінен хан кеңесін құрды. Кеңестің құрамына кенінен танымал және халықтың сеніміне ие болған Қамбарбек Өтембаев, Алдияр Ыдырысов, Ибрагим Есбергенов және

басқалары кірді. Аудандық мекемелердің кейбір қызметкерлері, оның ішінде аудандық милицияның бастығы Бейсембаев көтерілісшілердің жағына шықты. Шолаковтын бұйрығымен Созақта суық кару жасайтын көрік жұмыс істей бастады [8]. Көтерілісшілердің «тұрақты отрядын» құруға талпыныс жасалды, сол үшін 19 бен 36 жас аралығындағыларды әскерге шақыру жарияланды. Осы шақыруды жергілікті халық сөз жүзінде емес, іс жүзінде қолдады, оны ОГПУ қызметкерлері қолға түсірген көтеріліс штабының құжаттары толық растайды. Мәселен, бір хабарда Жаңа Тамаруынан – 32 адам (фамилиялары келтіріледі), Маңғытай Санғылдан – 30 адам, Андақұлдан – 18 адам, Тарақты Уақтан – 49 адам, Алшын Құлтумадан – 22 адам, Өтемістен – 30 адам, Зортымақтан – 32 адам және т.б. жазылғаны туралы айтылады. Көтерілісшілер отрядының тізімінде қанша қарудың болғаны, кімнің кандай қарумен келгені туралы да мәліметтер келтірілген. Құжаттар арасында жиналған жылқының, түйенің саны, көтерілісшілерге арналған азық-түлік пен жемнің мөлшері туралы да деректер бар.

Созақ алынған күні көтерілісшілер аудандық партия комитетінің, аудандық атқару комитетінің, милиция мен соттың барлық құжаттарын өртеп жіберді. Тұтқындалғандарды босатып, аудандық партия комитетінің хатшысы К. Жүнісбековті және аудандық атқару комитетінің төрағасы Д. Қанлыбаевты өлтірді. Кездейсоқ адамдар да каталдықтын құрбаны болды (24 адам өлді). Сонымен бір мезгілде мұсылман дінінен «кері шегінгендерді» жаппай «қайтару» басталды: жергілікті діншілдердің бастамасымен шариғат заңын «жеткіліксіз» сақтағандар жұрт алдында таяққа жығылды, еуропаша шаш қойғандардың шашы күштеп сыпырылды және т.б.

Бастапкыда көтерілісті басу үшін Түркістанның, Шымкент пен Қызылорданың коммунарларынан құрылған отрядтар тартылды. Алайда, бұрын айтылғандай, соңғысының бұған күші жетпеді. 1930 жылғы 11 ақпанда Бабайкорған қыстағының маңында Түркістан отряды көтерілісшілердің қоршауында қалды. 12 ақпанда Қоғашық деген жерде Шымкент отряды қоршауға түсті, оның жеті жауынгері оққа ұшты. Отрядтың толықтай жойылып кетуінен тек көтерілісшілердің нашар қаруланғаны ғана құтқарды, олардың қаруы қарапайым найза, қылыш, аздаған шиті мылтық еді. Қоршаудағыларға Қызылорда отряды көмекке келген соң көтерілісшілер Созақ селосына қарай шегінді. Шолаққорған жақтан кіріп, Созақты босатпақ болған екінші бір отряд көтерілісшілер шебін бұза алмады. Осыдан кейін ОГПУ органдары БК(б) П ОК Ортазбюросына және Орта Азия әскери округінің (ОАӘО) штабына

жолдаған хабарламасында «көтерілісшілерді басу үшін коммунарлардан ұйымдастырылған отряд бұл міндетті орындай алмады, кейбір жағдайларда жеңіліп те қалды, өлгендер мен жараланғандар бар» деп көрсетуге мәжбүр болды [9].

Осы сәттен бастап жазалау міндеті ОАӘБ әскерінің тұрақты құрамда-рына жүктелді. 1930 жылғы 13 акпанда Ташкенттен Ленин атындағы әскери мектептің курсанттары мен таулы-шаткалды артиллерия батареясының үлкен отряды шықты. Қаратау шатқалдарын түн жамылып асып өткен әскерилер 16 ақпанның шаңқай түсінде Созақты қоршады, көтерілісшілерге пулемет пен зеңбіректен оқ жаудырды. Бірақ осындай жойқын шабуылдан кейін де, қарапайым қаруланған шаруалар төрт сағат бойы қарсылық көрсетіп, көшелерде қоян-қолтық шайқасты шебер ұйымдастырды.

Іле-шала Созақтын шығысындағы және Кентарал маңындағы көтерілісті басуға Алматыдан әкелінген ұлттықатты әскер эскадроны тартылды. Жоғарыда айтылған Асадулла тұрақты құрамның жақындағанын естіп, Созақ берілерден жарты күн бұрын жасырынып қалды. 20 күннен кейін Шиелі станциясында ұсталып, тергеуде ол Ташкентке жетуді, онда парсы консулдығынан қажетті құжаттар алып, өзінің отанына өтіп кетуді ойлағанын мәлімдеді. Созақты алу кезінде 316 көтерілісші мерт болды, жетеуі жараланды және 276-сы тұтқындалды. Мерт болғандар ішінде Шолақов пен оның жақын серіктестері болды. Аудандық милицияның бұрынғы бастығы Бейсембаев ұсталған жерде атылды. Көтерілісшілерден 120 әр түрлі қару, 290 жылқы, сондай-ақ штабтың құжаттары тәркіленді. Мұндай аяусыз жазалаудың ақыры неге соғарын ауданның барлық тұрғыны дерлік білді. Олардың көпшілігі бас сауғалап, Мойынқұмға көшіп кетті, сонда барып кудаланудан жасырынуға тырысты. Алайда, сол жылдың мамырында көтеріліске қатысқандардан тірі қалғандардың бәрі ұсталып, ісі сотқа берілді.

Созактағы көтеріліске байланысты дабылды жағдай көршілес аудандарға да тән болды. Мәселен, солардың бірі, Шаян ауданында сегіз ауыл Кеңес өкіметінің шаруа шаруашылығына қатысты жүргізіп отырған саясатына ашық наразылық білдірді. Ал осы ауданның 9-ауылында бүлік шықты, ол жергілікті милиция және корғаныс отрядының күшімен басылды.

Осыған ұқсас қайғылы оқиғалар Сарысу ауданының аумағында орыналды. Мұнда көтерілісшілер бес жергілікті партия-кеңес кызметкерлерімен белсенділерін өлтірді. Аудандық партия комитетінің, аудандық атқару комитетінің және басқа мекемелердің мүліктері талан-

таражға түсті, ал олардың құжаттары өртелді. Алайда, чекистердің үрейлі ескертулері ашулы топты тыныштандырды. Дегенмен, ОГПУ мәліметтерінде бұл ауданкейін де ұзақ жылдар бойы «бүлікші аумақ» қатарында аталды.

Материалдар айғақтағандай, Созақ, Шаян, Сарысу аудандарындағы көтеріліске белсенді катысканы үшін ОГПУ органдары 311 адамды қылмыстық жауапкершілікке тартты, оның 88-і атылды [10].

1930 жылғы ақпанның аяғында толқу Ырғыз ауданының солтүстік-батыс бөлігінде басталды. Көтеріліске басшылықты Қарасу деген жердегі мешіт имамы, хазірет Мұхантай Саметов және хан болып сайланған, байұлы руынан шыққан 75 жасар карт – 1916 жылғы ұлт азаттық козғалыстың белсенді қатысушыларынын бірі Айжаркент Қанаев өз жауапкершіліктеріне алды. Көтерілістің ошағы № 22, 25- және 26-ауылдарды қамтыды. Көтеріліс басталар күні оны ұйымдастырушылар Қостанай округінің Жетіқара ауданымен қатар орналаскан бірқатар ауылдың халқын біріктіруге тырысты. Алайда, биліктің жазалауынан сақтанып, тұрғындардың бөрі бірдей оларды қолдаған жок. Дегенмен, Қанаев пен Саметов 400 адамнан жасақ құрып, Ырғыз қаласын алуға беттеді. Жолшыбай олар халықты өз қатарына тартты, жергілікті кеңес органдарының өкілдерін, олардың белсенділерін тұтқынға алды. Жасақты 600 адамға дейін толықтырып, көтерілісшілер Ырғызды алуға әрекет етті. Бірақ ОГПУ қызметкерлері құрған қорғаныс отряды (57 адам) нөсерлете оқ жаудырып, қарусыз дерлік шаруалардың шабуылын тойтарып тастады. Өлгені және тұткынға түскені бар, 56 адамынан айырылып, Саметов пен Қанаев Құлқамыс елді мекеніне шегінуге мәжбүр болды, сол жерден қайта шабуылға шықты. Алайда, көтерілісшілердің Ырғызды қоршауға алуы нәтижесіз аяқталды.

1930 жылдың көктемінде толку Қызылқұм ауданының ауылдарын қамтыды. Жергілікті биліктің қыспағымен барар жері қалмаған шаруалар амалсыз карсылық көрсетті, кейін ол Қарақалпақ автономиялық облысының аумағына және одан әрі көшуге ұласты.

Наурыз айының ортасында Ор қаласынан арнайы жіберілген 8-атты әскер дивизиясының тұрақты құрамын косып, ОГПУ шаруалардың аздаған адамдардан құралған жасағына қарсы соғыс операциясын өрістетті. Нәтижесінде Құлқамысты қоршауға алған ұрыста 36 адам, оның ішінде Қанаев пен көтерілістің басқа да басшылары өлтірілді. Көтерілісшілердің бір бөлігі ұсталды және іле-шала сотқа тартылды, ал калғандары шегініп Қарақұмға барып жасырынды. Осы ұрыста Саметов тұтқынға алынды [11].

Молда Исатай Сатыбалдин баскарған басқа топ Ырғыздың оңтүстік жағында жорық жүргізді. Көп ұзамай олар да толық тізе бүкті. Бүлікті басуға жіберілген жазалаушылар толқуға аз да болса қатысы барларды аяусыз жазалады. 8-атты әскер дивизиясының бөлімшелері Сидельников пен ОГПУ уәкілі Рязанцев қолбасшылық ететін коммунарлар отрядымен бірге Сатыбалдиннің көтерілісшілер қолын (500-ге жуық адамды) Садыртам алқабында кездестіріп, оны 12-15 шақырымға дейін оқ жаудыра өкшелей қуды. Нәтижесінде көтерілісшілерден 200 адам өлді, ал әскер мен коммунарлар жағынан ешқандай шығын болған жоқ [12].

Кейін 8-атты әскер дивизиясы ерекше бөлімінің бастығы А. Бармас Ырғыз және Қарақұм көтерілістерін басу туралы жазба құжаттарында: «Көтерілісшілерді қырып тастадық, мәйітті санап болмайды» деп жазған. Іс-қимылдың дұрыс жүргізілмегенін, Қызыл Армия отрядтарының қанықпезерлігін Бармастың өзі де мойындаған: «Кейбір отрядтар, әсіресе Айжаркен мен Сатыбалдиннің бандыларымен болған ұрыста шектен шығып кетті деуге болады. Алайда, бәрібір «отряд командирлеріне ерекше тапсырмалар берілді» (30. 03. 30, №30), 8-тармақта былай делінеді: «аяушылық сұрағандарды өлтірмеуге және тұтқынға алынғандар мен өлгендердің ешбір заттарын пайдаланбауға» бұйрық берілді [13]. Ақырында 8-дивизияның командирі Н. Евсеевтің өзі және баскалар Сидельниковтің іс-қимылдарын әшкерелеуге мәжбүр болды [14].

Тұтас алғанда көтерілісшілерде қару болмады: бұл тек Ырғыз көтері-лісіне ғана қатысты емес, шаруалар толкуларының көпшілігіне тән еді. Бұл туралы Сидельниковтің көтерілісті басу жөніндегі жедел топтың штабына жөнелткен рапортында да айтылады. Онда Сатыбалдин тобы жойылғаннан кейін барлығы 3 винтовка, 5 шиті мылтық, 1 найза, 1 канжар және бірнеше балтаның колға түскені айтылады. Оның орнына көтерілісшілердің 104 түйесі, 55 жылкысы, мүліктері мен азык-түліктері тартып алынған, әрине ол көтерілісшілердің ашаршылыққа ұрынуына әкеп соқтырды.

Мұндай тағдырға Ырғыз оқиғасынын ықпалымен ұжымдастыру мен азық-түлік дайындау саясатына карсылық көрсетуге тырысқан баска көтерілісшілер де тап болды. Мәселен, Ақтөбеден, Шалқардан, Қостанайдан, Торғай мен Қарсақбайдан жіберілген отрядтардың күштерімен Наурызым, Қарсақбай және Жетіқара аудандарының бірнеше ауылдарындағы шаруалар көтерілістері қатыгездікпен басып тасталды.

Бармастың өзі айтқанындай, Ырғыз көтерілісі талқандалғаннан кейін «бандылардың қалдықтары қызыл ту көтеріп берілген, ауылдар Қызыл Армия отрядтарын тік тұрып қарсы алған».

Бас имегендер осылайша қатаң жазаланды және билік халықтың бір тобын екінші тобына қарсы қойды.

1930 жылдың ақпан-наурыз айларында жағдай Қазалы, Қармақшы, Теренөзек, Аламесек аудандарында шиеленісті, ол жерлерде халықттың Қарақұмға жаппай көшуі тіркелді. Мұнда Ырғыз бен оңтүстік аудандардағы көтерілістерге қатысқандардың аман қалғандары да келіп қосылды. Сөйтіп, Қарақұмда қарсылық көрсетушілердің жаңа тобы қалыптаса бастады. Осында Д. Бәйімбетов, К. Жұбанов, К. Караев т.б. басқарған көтерілісшілердің әскери жасақтары құрылып, өз хандарын да сайлады. Қайсыбір адамның хан болып сайлануы немесе жариялануы қазақ қоғамының дәстүрімен байланыстырылды, ол сондай-ақ қозғалысқа біртұтас басшылықты жүзеге асыру қажеттілігінен туындады.

Қарақұмдағы көтерілістің ауқымы кеңейді және ол өкіметті аландата бастады. Сондықтан көп ұзамай Голощекиннің және республикалық ОГПУ басшыларының өтініші бойынша Аралға, кейін Жосалы станциясына Ырғыз көтерілісін басуда каталдығымен көзге түскен 8-атты әскердің тұрақты құрамы жіберілді.

Дивизияның штабы мен бір полкы Орынборға, екі полк Ор мен Тройцк қалаларына орналасты. Осы дивизияның Ор мен Орынбор полктарынан арнаулы топтар құрылды, олар коммунарлар отрядтарымен бірге көтері-лісшілер қозғалысын басу үшін Қарақұмның әр түрлі бөліктеріне бет алды. Сонымен бірге құм жоталарының оңтүстігі мен оңтүстік-шығысынан солтүстік бағытқа қарай Орта Азия әскери округінің отрядтары қозғалды. Соғыс операцияларына жалпы басшылықты жүзеге асыру ОГПУ-дыңҚазақстандағы уәкілетті өкілінің орынбасары Алыпанскиймен бірге 8-атты әскер дивизиясының командирі Евсеевке жүктелді, операцияға тіпті барлаушы ұшақтар да қатыстырылды.

Бармас куәлік еткендей, ОГПУ органдары Қарақұмда көтерілісшілердің ірі күштерінің жасақталғаны туралы тұрақты баяндап отырды, олардың саны екі мыңға, кейде тіпті үш мыңға жеткен. ОГПУ-дің мәліметтері бойынша, көтерілісшілер біршама жақсы қаруланған. ОГПУ мен 8-дивизия отрядтарының мәліметтерінде Арал теңізінің шығысы мен оңтүстік-шығысында, сондай-ақ Ырғыз бен

Қарсақбайдан оңтүстік және батыс бағы-тында қарулы көтерілісшілерді кездестіре алмағандықтары айтылған. Жазалаушы отряд далада ұшырасқан қазақтарды шетінен көтерілісшілер ретінде ата берген. Мүлдем бейсауат жүрген карусыз адамдар да оққа ұшқан. 8-атты әскер дивизиясының командирі Евсеев республика басшылығы мен ОАӘО алдына шаруаларға қарсы жазалау операциясына тұрақты әскер құрамын кеңінен тарту туралы мәселе қойды. Оған мынадай дәлелдер келтірді: біріншіден, қызылармияшылар қазақ халқының тілін де, дәстүрінде білмейді; екіншіден, жағдайды жеңілдету үшін шаруаларға қатысты саясатты өзгерту керек, ауылдағы бассыздық пен асыра сілтеушілікті тоқтату керек; үшіншіден, жағдайды Қарақұм тұрғындарымен келіссөз жүргізу арқылы қазақ басшыларының өздері реттеуі тиіс. Және ең соңында, Евсеевтің пікірі бойынша, 8-атты әскер дивизиясы әлі күнге Қарақұмда жақсы қаруланған (азды-көпті) бір де бір көтерілісшілер тобын кездестірмеген. Сондықтан, кан төгілмеуі үшін және шиеленісті бейбіт шешу мақсатында ол көтерілісшілерге үкімет комиссиясын жіберуді ұсынды.

Соған қарамастан, әскердіңіс-қимылы жалғаса берді, көтерілісші-лерде карап калмады. 7 сәуірде Сарман Қожа (Қара үңгір) деген жерде 8-атты әскер дивизиясының екі жекелеген бөлімшесі және оның құрамындағы коммунарлар отряды мен Алматыдан алдырылған атты әскер дивизионы Қармақшы ауданының молдасы Жұмағазы Бәйімбетов басқарған көтерілісшілермен қақтығыста айтарлықтай шығынға ұшырады. 12 винтовка мен пулемет көтерілісшілердің колына түсті. Көтерілісшілердің нақ сол аудандағы Пірмағамбет Лаубаев баскарған басқа бір тобы да жазалаушы отрядка соққы берді. Шамамен осы уақытта Қазалы ауданында имам Мақсұм басқарған көтерілісшілердің ірі күші әскери отрядтармен қақтығыста айтарлықтай қарсылық көрсетті. Жер ыңғайын жақсы білетін көтерілісшілер күтпеген кезде және күтпеген жерден шабуыл ұйымдастырып, сол бойда кері шегініп кетіп отырды. Міне, осынын бәрі Қазақстан үкіметі мен ОАӘО қолбасшылығына дивизия командирі Евсеев ұсынған талаптардың орындалуын тездетті.

ҚАКСР ОАК төрағасының орынбасары Ә. Жангелдин басқарған үкіметтік комиссия (құрамына жазушылар С. Сейфуллин, Ғ. Мүсірепов және басқалары кірді) Тоқабай деген жерге келді (Арал теңізі стансасынан қашық емес). Ұзақ және киын жүргізілген келіссөзден кейін көтерілісшілер қаруларын тастап, ауылдарына кайтуға келісті. Комиссия көшпелілерге тұрғылықты жерінде қалуға және колхоздар

ұйымдастыруға рұқсат етті. Сонымен бірге барлық көтерілісшілерге кешірім жасалды. Шиеленіс айыққандай болды. Көтерілісшілердің тек Бәйімбетов бастаған шағын бөлігі құм ішіне сіңіп кетті (көп ұзамай оның тобы талқандалды, Бәйімбетовтің өзі тұтқындалды). Алайда, комиссияның көтерілісшілерді жауапкершілікке тартпау жөніндегі уәделеріне қарамастан, Қарақұм қозғалысына қатыскандардың бәрі кейін қуғын-сүргінге ұшырады.

Комиссия құрамын бекіту кезінде БК(б)П Қазөлком хатшысы Голощекин белгілі жазушылар Сейфуллин мен Мүсіреповтің халық алдындағы беделі мен танымалдығын ескерді. Бірақ мұны оларды аяқтан шалу үшін әдейі істегені қазір айқын болып отыр. Көтерілісшілерді, қаруды тастауға және алғашкы кезде азық-түлік пен медициналық көмек көрсетілетінін айтып, көндіру үшін жібере отырып, кейін үкімет осы комиссияның берген уәдесінің орындалуы қажет деп есептемеді. Қарақұм, сондай-ақ республиканың әр түкпіріндегі басқа да көтерілістер туралы мәліметтер қатан құпия сақталды. Кейін (1937 жылы) Мүсірепов ҚАКСР ХКК жанындағы Өнер істері жөніндегі комитеттің төрағасы ретінде толтырған қызметтік анкетасында Қарақұм мәселесі жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуы туралы: «арнаулы тапсырманы орындадым» деп көрсетті. Қарақұм көтерілісіне катысушылардың тағдыры кейін де халықтың көніл күйіне әсер етпей қалған жоқ және ол реніш комиссия мүшелеріне қатысты да сақталды.

Сейфуллинге және баскаларына 1937 жылы өзге де айыптармен бірге келіссөзді дұрыс жүргізбеді, тіпті соларға қосылып кете жаздады деген айып тағылды. Бәйімбетовтің және басқа діни қайраткерлердің атына діни әдет-ғұрыптар ұстануға еркіндік беру, Қазақстанда дербес мүфтият ашу үшін келіссөздер жүргізу мақсатымен Уфаға баруға рұқсат ету уәдесі көтерілісшілерді және оларға ергендерді алдарқату үшін жасалған перде болып шықты. Келіссөздер барысын Алышанский баскарған ОГПУ кызмет-керлері мұқият қадағалап отырды. Олар көтерілісшілер басшыларын көрінеу алдаркатты. Мәселен, келісімге келу шарттарын қабылдап, көтерілісшілердің қаруларын тастауына көп күш салған көтеріліс басшыларының бірі Досжан Қараевты Қазақстандағы ОГПУ басшылары Арал қаласында қабылдады. Бармастың айтуынша, оны тіпті «өмірінде бірінші рет көрген машинаға мінгізіп, көшені аралатты». Ал комиссия мүшелері тарап, көтерілісшілер қаруын тастаған кезде Д. Қараевты барлық көтеріліске қатысушылармен бірге тұтқындады. Кейін ол ОГПУ органдары тарапынан көтеріліс басшыларының бірі ретінде қуғындалды. [15].

Қарақұмдағы көтерілісті басу осылай аяқталды. Қарақұм көтерілісін талқандауға 8-атты әскер дивизиясының әскери құрамымен бірге ОГПУ-дың 62-дивизионы, ұлттық атты әскер эскадроны, Созақ көтерілісін басу үшін Ташкенттен келген және Қарақұмдағы оқиғаларға байланысты қалдырылған ОАӘО лениндік әскери мектебінің артиллериялық батареясы және баска әскери құрамдар мен ОГПУ отрядтары қатысканын атап айткан жөн. Әскери қызметшілер арасынан осы операциялар барысында 24 адам қаза тапты, ал көтерілісші шаруалар жағынан кейінгі негізсіз қудалаудың құрбандарын айтпағанның өзінде, жазалау акциялары кезінде 386 адам оққа ұшты [16].

Халық арасында текке құрбан болғандарды және кейбір отрядтар мен олардың командирлерінің жөнсіз іс-әрекеттерін қынжыла еске ала отырып, Бармас былай деп жазады: «Ең өкінішті жайт – ол Қазақстанда қалыптасқан жағдайды және біздің шабуылымыздың мәнін көп адамдардың түсінбегені. Біздің кимылдарымызды бірқатар жолдастар отарланушы елге буржуазиялық армияның басып кіруімен (жазалаушы экспедиция) ұксастырады… Бізге карсы тұрған көтерілісшілерде күрестің техникалық құралдары болмады, бірак олар сан жағынан бізден әлдеқайда көп еді…»

Қарақұм операциясы үшін 57 әскери қызметші мен ОГПУ кызметкер-лері Қызыл Ту орденімен, екеуі Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталуға ұсынылды. Қызылармияшылардын үлкен тобына (500 адам) бағалы сыйлыктар берілді. Қарақұмдағы жорық барысында 8-атты әскер құрамының шығынына 300 мың сом жұмсалды, оның орны Республика үкіметі бюджеті есебінен жабылды. 1 Шаруалар қарсылығының тағы бір қайғылы тарихы, міне, осылай аяқталды.

Қарақұм оқиғаларымен бір мезгілде Қазалы ауданында да көтерілісті басу операциясы жүргізілді. Мұнда 1930 жылдын акпан-наурыз айларында Шортан-Мешіт деген жерде Ақмырза ишан Тосов баскарған көтеріліс бұрқ етті. Аудан халқына сыйлы және белгілі А. Тосов өзінің жанына адамдарды топтастыра алды және көтерілісшілердің Қарақұмдағы негізгі күшіне қосылуға тырысты. Туысқандары мен ұлдары Токмырза, Айтмырза және Тоймырза Тосовтар, Бекділдә Досымов, Абдалы Маймақов және басқалары оның ең жақын көмекшілері болды. Аз уақытта А. Тосовтың отряды 200 адамнан асты. А. Тосов адамдарының шаруаларды көтеріліске тарту үшін кейде күш көрсеткенін де атап кеткен жөн. Көтерілісшілерге көмектеспегендердің малын айдап, мүліктерін тартып алды.

1930 жылғы наурыздың басында көтерілісті басу үшін жіберілген қызызылармияшылар Тосовқа қаруды өз еркімен тастауын ұсынды, ол одан бас тартты. Тосовтың тобы 20 винтовкамен каруланды, сонымен бірге көте-рілісшілердің бір бөлігінде (80-ге жуық адамда) шиті мылтық та болды.

Сондықтан Тосов өзінін адамдарымен әскери отрядқа қарсы жиі шабуыл жасады. Осындай ұрыстың бірі 1930 жылғы 11 наурызда өтті, көтерілісшілер кызылармияшылар отрядына тосыннан тап берді. Алайда, 1930 жылғы 25 наурыздағы ұрыста 30-дан астам адамынан айырылды, онын ішінде Тосовтың өзі оққа ұшты. Отрядтың қалдығы Қызылқұмға сіңіп кетті, көп ұзамай сонда талкандалды. Тосовтың ісі бойынша 81 адам кылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның 10-ы атылды.

1930 жылғы тамызда мемлекетке астық тапсыру барысындағы асыра сілтеу негізінде Қазалы ауданында тағы да көтеріліс бұрқ етті. Бұл жолы Мақсым имамның басшылығымен №19, 20, 23, 24 және 26-ауылдардың тұрғындары көтерілді. Көтерілісшілер: «Егер өкімет бізден астық талап етсе, қорғасын «астықпен» жауап береміз» - деп шешті. Қазалы және Арал аудандары тұрғындарының көпшілігі көтерілісшілерге қосылды. 1930 жылғы қыркүйектің басында көтерілісшілердің саны бірнеше мыңға көбейді. Алайда, қаруланғандары санаулы ғана еді.

Көтерілісті басу үшін бастапқыда ОГПУ-дын 80 адамнан тұратын отряды жіберілді. 1930 жылғы 4 қыркүйекте Тақтакөпір деген жерде көтерілісшілер отрядпен бетпе-бет келді. Көтерілісшілер отрядка шабуыл жасады, бірақ қызылармияшылар жаңбырша жауған оқпен жауап қайтарды. 10 адамынан айырылған көтерілісшілер кері шегініп, елшілерін жіберді. Елшілер: «Халық салықтардың ауырлығына наразы. Бұл көтеріліс – түсінбеушілік. Халық Кенес өкіметіне қарсы шықпайды. Жағдайды таразылау үшін өкіл жіберуді сұраймыз» деп орын алған жайттарды түсіндіруге тырысты. Алайда отрядтың басшылары шиеленісті бейбіт жолмен шешкісі келмеді, 2 сағаттан соң қаруларын тапсырып, басшыларын ұстап беруді талап етті. Осындай үзілді-кесілді талап коюдан кейін көтерілісшілер ұсынылған шартты орындаудан бас тартты.

1930 жылғы 6 қыркүйекте қызылармияшыларға көмекке Алматыда орналасқан казақтың ұлттық атты әскер дивизионы келді. Бұған дейін Мақсым имам бастаған көтерілісшілер қатары 5 мың адамға дейін өскен еді. Оған Қазалы ауданының №21 ауылынан Е. Беркімбаев бастаған жасақ

келіп қосылды. 160 адамдық көтерілісшілер қолы жиналған жиында Беркімбаев ауылдық кеңестің төбесіндегі қызыл жалауды жұлып тастап: «Таяуда Кеңес өкіметі құлайды!» - деп мәлімдеді. 1930 жылғы 13 тамызда Карағұл деген жерде №14, 17, 18 және 19-ауылдардың тұрғындары тағы бір ірі жасаққа топтасты. Оны Бала Ахун мешітін ұстаушы, осы округке белгілі діни қайраткер Тілемұрат Қошанов баскарды. Мақпал және Қаска деген жерде жиналып, жаңадан құрылған осы көтерілісші топтар Мақсымның отрядына келіп қосылды. Сөйтіп, Қазалының ғана емес, Арал ауданыныңда көптеген тұрғындары бірігіп, өздерінің «Мақсым қозғалысына» косылатынын білдірді. Көтерілісшілерде суық қарудан басқа 300 мылтық пен 30 винтовка болды.

1930 жылғы 6 қыркүйекте казақтың ұлттық атты әскер дивизионы келген күні көтерілісшілер жазалаушы күшке тағы да шабуыл жасады. Алайда 40 адамынан айырылып, оның ішінде Мақсымның өзі де бар, 14 адамы жараланып, кері шегінді.

**Батыс Қазақстандағы көтеріліс**

Шаруалардың ауыр жағдайы табанды күреске мәжбүр етті. Бірақ ұзақ қарсыласуға мүмкіндігі болмағандықтан, олар тұрған жерлерінен жылжып,тек көршілес аудандарға емес, республикадан тыс жерлерге көшіп кетті.

Қызылорда облысының Қармакшы, Қазалы, Теренөзек, Арал және басқа аудандарының, Ақтөбенің Шалқар, Ойыл, Табын аудандарының (осы аудандардың бір бөлігі бұрынғы Адай округінің құрамында болды), Гурьев округінің Доссор, Макат, Маңғыстау, Жылықос аудандарының шаруалары осылай етті. Осы аудан тұрғындарының көпшілігі өзінің шаруашылығымен және малдарымен қоса Түркімен, Қарақалпақ және Тәжікстан аумақтарына өтті, ал бір бөлігі Иран мен Ауғанстанға көшіп кетті.

Бұл, әсіресе, Адай округінде айқын көрінді. Округтің Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысына сәйкес, 1928 жылғы қаңтарда құрылғаны белгілі. Сол кезде оның құрамына 5 аудан (Маңғыстау, Үстірт-Сам, Табын, Алтыкарасу, Ойыл), сондай-ақ Қайыңды, Құмды-Ойыл, Жиделі-Сағыз болыстары және Ақтөбе губерниясының бұрынғы Темір уезіне қарайтын Ембі-Байсары болысының бір бөлігі кірді. Округ аумағының мөлшері бұ-рынғы осы аттас уезден әлдекайда ауқымды болды және 1928 жылы 345 200 шаршы метрге жетті [17]. Халқы 189,2 мың адамды құрады, оның 96,8%-ы қазақ, 1,7%-ы орыс

болды. Ішінара зерттеулер бойынша 1927 жылы округтің 96%-ын қазақтар қоныстанды. Қалыптасқан тіршілік ету жүйесі бойынша округ халқынын 97%-ы жыл бойында көшіп жүрді, көшу жолы 1 200 шақырымды, тіпті одан алыс өңірді камтыды. Округте мал саны 1927 жылы 1931 мың басты құрады [18].

Округ халкы егіншілікпен айналыспады десе де болады. Шаруашылықтардың жалпы егіс көлемі өзен жағалауларындағы және кейбір көгалды жерлердегі 2 мың гектарға жуық алқапты құрады. Адайлардың жыл сайынғы көршілес округтерге жазғы көші-қоны сол жерлердің тұрғындарымен жиі қақтығысқа апарып отырды. Шабындық жерге байланысты жанжал Ақтөбе округіне қоныс аударып келген Жана Алексеевка, Темір және бірқатар аудан тұрғындары арасында болып тұрды. Ал Гурьев округінің Қызылқоға және Қазақ аудандары жерімен көшіп-қону жергілікті тұрғындармен жайылым мәселесі жөнінен жиі жанжалға ұласып отырды.

Бұл арада патриархалды-рулык қатынастардын барынша таза күйінде сақталғанын айтқан жөн. Округ халқы ерекше сипаттары мен жағдайларына орай уақытша тәркілеу туралы декреттің қыспағына ұшыраған жоқ, алайда көп ұзамай бұл өнір де бүкіл елді қамтыған аласапыран окиғаларға тап болды. 1930 жылдан бастап округ ауылдарында тәркілеуден және жер аударылудан жасырынып жүрген байларды анықтап, ұстау жөніндегі операциялар тұрақты жүргізіле бастады.

Ықылым заманнан бері Маңғыстау түбегіндегі адайлардың көршілес халықтармен және тайпалармен ылғи да қақтығысып отырғаны мәлім еді. Қатал климаттық жағдайы, күнкөріс үшін жанталас осы жердегілердің қайсар, мойынсұнбас өр мінезін және туыскандық тұтастығын қалыптастырды. Кеңес өкіметін өңір халқы достық пиғылда карсы алды. 1918 жылғы 23 тамызда орталық Ресейден мүлде кесіліп калған Ақтөбе майданына кару-жарақ жеткізу максатында Александров камалына келіп токтаған Жангелдин экспедициясы адайлардың қолдауына сүйенді. Жүзден астам еріктілер экспедицияның белгіленген маршрутпен өтуіне көмектесті.

Көмекті өзінің руластары арасында үлкен сенімге және құрметке ие болған Тобанияз Әлниязов басқарды. Сондықтан Жангелдин оны уездік революциялық комитеттің төрағасы етіп тағайындады. Көп ұзамай Әлниязов ҚазОАК-нің құрамына сайланды және 1925 жылға дейін соның құрамында болды. Алайда, оның Кеңес өкіметіне көзқарасы өзгешелеу еді. Көршілес Қарақалпақ пен Түркіменстандағы

тынышсыз жағдай, жекелеген банды топтарының ауылдарды шауып кетулері Әлниязовты 1922 жылыАлександров қамалында ірі отряд жинауға мәжбүр етті, сөйтіп ол Қарақалпақпен шектесіп жатқан аумаққа рейдке шығып, Коңырат қаласын басып алды. Өзін адайлардың ханы деп жариялады. Кейін тергеушілерге берген куәлігінде революциялық комитеттің төрағасы дегеннен гөрі мұның халықтың ұғымына жақын болуымен түсіндірді. Сөйтіп Әлниязовтын тәртіпке шақырып, халықтың қауіпсіздігі үшін жасаған әрекетін билік басындағылар бетімен кетушілік, ұлтаралық қатынастарға іріткі салушылық ретінде бағалады. Іс-кимылындағы тәуелсіздік, билер сотын қалпына келтіруі және баска басқару әдістері большевиктік идеология практикасымен үйлеспеді. Көп ұзамай ол қызметтен аластатылды, бірақ үзақ сарсаңға салудан кейін қылмыстық қудалау тоқтатылды.

Жағдайдың ушығып, кең ауқымды толкулардың етек алуына 1929 жыл әсер етті. Әсіресе, Манғыстау ауданының халкы айрықша қиын жағдайда калды. Республика үкіметінің шешімімен халықтың бір бөлігі Ақтөбе және Қызылорда округтерінің әр түрлі аудандарына қоныс аударды. Ашыққан 11 мың адам есепке алынды. Зардап шеккен халыкка көмек көрсету үшін комиссия құрылды, қаражат бөлінді, астық жеткізілді және т.б. Алайда, бөлінген қаражаттың едәуір бөлігі, кейін анықталғандай, өз мақсатына жұмсалмады, азық-түлік түтыну кооперативтері аркылы сауда-саттыкқа жіберілді. Сөйтіп, үкіметтік шаралардың бәрі бірдей құткарушылык қызмет аткара алмады. Көптеген отбасылар одан әрі ашықты.

Көшіп-қонушылар барған жерінде де қиындық камытында қалды. Салық ауыртпалығына және жергілікті ұжымдастырушылардың бассыздығына шыдамаған олар өздерінін туған жеріне қайтадан орала бастады. Бірақ мұнда да оларды ашындырар жайттар күтіп тұр еді: жергілікті шолақ белсенділер оларды салық төлеуге мәжбүрледі, малдарын мемлекетке, етке өткізу есебінен тартып алды және т.б.

Округте, партия-кенес қызметкерлерін қоса алғанда, әр түрлі деңгейдегі қызметкерлер арасындағы халыкка ықпал ету үшін күрес те жағдайды ушықтырып жіберді. Болып жатқан өзгерістерді, күн өткен сайын жағдайдың ушығуын олар қатты аландаушылықпен қарсы алды. Олардың көпшілігі округке жіберілген басшылар жергілікті ерекшеліктерді білмейді және бізбен есептеспейді деп қауіптенді. Міне, осындай мән-жай оларды әр түрлі топшылдыққа итермеледі. Округ құрылғаннан кейін өткен партия конференциялары бірқатар аудандарда белгілі бір топтардың ықпалымен өтті, аудандық партия комитетінің

хатшылығына, аудандық атқару комитетінің төрағалығына ұсынылған кейбір кандидатуралар дауыс беру кезінде өтпей қалды. Осынын бәрі жоғары тұрған партия-кеңес органдары тарапынан мәселені қайта қарау объектісіне айналды. Көп ұзамай округтік және аудандық деңгейдегі кейбір «қыңыр» қызметкерлер қызметінен алынды. Ал бұл халықтың көңіл күйіне катты әсер етті.

1928 жылғы қарашаның ортасында Манғыстау және басқа бірқатар аудандардың партия-кеңес қызметкерлерін тұткындау толкыны басталды. Т. Әлниязов, сонымен бірге бұрын патшалық биліктің жергілікті аппаратында қызмететкен бірқатар адамдар, сондай-ақ бұрынғы аудандық атқару комитеттерінің төрағалары Ш. Үсембаев, К. Құлшаров және басқалары тұтқындалды. Тұтқындалғандардың арасында 11 коммунист, оның ішінде округтік партия конференцияларының делегаттары да болды.

Оларды түткынға алуға 1928 жылғы 2 карашаға қараған түнде, Песчаный шығанағы манында тұрған кеме бортынан ҚазОАК мүшесі, округтік аткару комитеті төрағасының орынбасары Ш. Ералиевтің белгісіз жағдайда жоқ болып кетуі түрткі болды. Оның жоқ болып кетуі жазатайым жағдайдан да болуы мүмкін еді: сол бір төтенше түнде жанына серік ертпей палубаға жалғыз шығуы, содан қайтып оралмауы құпия күйінде калған. Қастандықпен әдейі өлтірілген деген күдікпен қылмыстық іс козғалды. ОГПУ органдары БК(б)П Қазөлкомның табанды қолдауымен кінәліні іздей бастады. Ералиевтің денесі теңізден тек бір жыл өткеннен кейін ғана табылады. Мерзім, турасын айту керек, бірталай. Бұл арада, сот-медициналық экспертизаның қолдан өлтірілген деген қорытындысы, сол кездегі жоғары билік ойынан шығу үшін жасалған деген жорамал айтылды. Сөйтіп ОГПУ органдарының «байлардың, саудагерлердің, патша үкіметінің бұрынғы қызметшілерінің және бұрынғы Адай округіндегі кенес қызметкерлерінің контрреволюциялық ұйымдары туралы» аты шулы іс қозғауына сылтау табылды.

1930 жылдын тамызында, іс бойынша тергеу аяқталуға жақындаған кезде, Адай округі таратылды және оның барлық аудандары, Ойыл мен Табын аудандарынан басқа, Гурьев округіне, ал аталған екі аудан Ақтөбе округіне берілді. Бұл хабарды халық, әсіресе, партия-кеңес органдарынын қызметкерлері теріс кабылдады. Енді түбек тұрғындары дербестіктен айырылады және өздерінің тіршілік мәселелері Гурьевте шешілетін болады деген қауіп шағымдар мен үндеулердің қаптап кетуіне әкеп соқтырды. Халықтың қарсылығы отырған жерін тастап

көшуіне, көтерілісші жасақтарға қосылуға ұласты, ал олардың саны милиция және ОГПУ органдарының жедел мәліметтері бойынша 50-ден асып кетті. Кейбір қарақшылар бұл жағдайды пайдаланып калды, мысалы, К. Қосжанов пен Қ. Кожахметов басқарған топтар қылмыстық әрекеттер негізінде туындап, олар бірнеше жыл бойы ұрлықпен және кісі өлтірумен айналысты [19].

Ауыр материалдық жағдайлар, қыр желкеге міниП алған қорқыту мен қудалаулар ірі қарсылық ошақтарының тууына әкеп соқтырды, сонымен қатар халықты Түркіменстанға және одан әрі көшуге мәжбүр етті. Сол жылдары әлдекімдер айналысқа қосып жіберген «Адайды құтқару – адайдың өз қолында» деген тіркес іс жүзінде өңір халқының қайсыбір оқшаулануға ұмтылысын емес, керісінше, мемлекеттің өзі өз азаматтарын шыңнан құлауға саналы түрде жеткізген оқиғалар мәнін айқын бейнелейді. Соған қарамастан, осы мән-жайды ОГПУ органдары пайдаланды: Әлниязов, сондай-ақ бұрынғы аудан басшылары Үсембаев, Құлшаров және басқалары біркатар саяси кінәлармен бірге «Сопы» және «Адайды құтқару тобы» бөлімшелерімен коса «Ақбота» атты жасырын контрреволюциялық ұйым құрғаны үшін айыпталды. Сонымен бірге оларға халықты Түркіменстан мен Ауғанстанға көшуге үгіттеді деген айып тағылды. 1930 жылғы 9 қазанда қылмыстық іс бойынша айыпталған 70 адамның 61-і ОГПУ-дың «үштігіне» берілді (9-ы тергеу аяқталғанға дейін түрмеде кайтыс болды). Қорытындысында олардың 21-іне ату үкімі берілді, қалғандары әр түрлі мерзімге сотталды. Алайда тұтқындау осыдан кейін де тоқталған жоқ. 1930 жылдың басында Александров қамалының тұтқындар үйінде отырғандардың саны 200-ден асты. 1931 жылдың 14 сәуіріне қараған түнде олар күзетшілерді қарусыздандырып, қаладан шығып кетті. Олар радиостанцияны және ОГПУ-дың аудандық аппаратын басып алу жоспарларын жүзеге асыра алмады. Мұның бәрі бас көтеруші топтардың іс-қимылдарын барынша белсенді түрде жүргізіп, оңтүстікке қарай жаппай көшуіне түрткі болды.

1930 жылдын соңына қарай көтеріліс округтің барлық бес ауданын қамтыды. Келесі жылдың көктемінде басталған ашаршылық және азық-түлік дайындау науқаны жекелеген топтардың ірі отрядқа бірігуіне және Түркіменстан жаққа қарай қозғалуға мәжбүр етті. Бұл ретте жергілікті билік өкілдері мен белсенділер оларды қуып жетіп қайтарды және бірқатар жағдайларда көздерін жоя отырып, мүліктері мен дайындау пункттеріндегі малдарын айдап әкетті. Мәселен, Жылықосын ауданындағы шаруалар толқынын Нұрғали Күттегенов басқарды. 1931 жылдың наурызында Байзхыл жәнс Үшку деген жерлерде

тұткындалған шаруалардың кезекті тобын босатып, ол өз ауылын көшуге үгіттеді. Оған Доссор ауданының У. Ершұраев басқарған тұрғындары келіп қосылды.

Округтің солтүстік бөлігі көтерілістің ірі ошағына айналды. 1931 жыл-дың наурыз айында мұнда карсылық көрсетуші шашыраған топтардың басын біріктіріп, Ойыл ауданындағы №19 ауылдың тұрғындары Б. Шоланов пен К.Embердиев және К. Шененовтер 1 500 шаруашылықты Түркіменстан жағына карай көшуді ұйымдастырды. Оған Табын ауданының Құлшар Қожбанов басқарған ауылының адамдары да қосылды. 1931 жылғы сәуірде Қайнар деген жерде адай-майлан, адай-кенже, адай-абыз, адай-мамыр, адай-түркімен руларының ақсакалдары бас қосып, Боқмаш Шолановты өздерінің көшбасшысы етіп сайлады. У. Баяділов, Х. Төлегенов,К. Өтегенов, А. Шомғұлов және К. Ембердиев оның кенесшілері болды.

Осы кезде ОГПУ органдары коммунарлардың көмегімен көтерілісшілерге қарсы белсенді шаралар жүргізді. Алайда, олардың саны аз отрядтары көтерілісшілердің жауынгер тобына карсы тұра алмады. Сондықтан Шоланов және олардың адамдары жиі жеңіске жетіп отырды. Мәселен, Боздақ деген жерде ұзаққа созылған атыстан кейін Шоланов басқарған көтерілісшілер ОГПУ отрядын Иманқара кәсіпшілігіне қарай шегінуге мәжбүр етті. Бір күннен кейін, 1931 жылғы 15 сәуірде кәсіпшілік маңында көтерілісшілер ОГПУ отрядына тағы да шабуыл жасады. Алайда жақсы бекінген және мықтап каруланған отряд шабуылға тойтарыс берді. Шығынға ұшыраған Шоланов Қанжыға деген жерге шегінді. Тек 1931 жылғы 20 сәуірде тұрақты әскер құрамы келгеннен кейін ғана округтің осы бөлігіндегі көтерілісті баса алды. 834 адам қолға түсті. Шолановтың өзі 18 сарбазымен қашып құтылды. Алайда, екі ай өткеннен соң ол өзінің тобымен бірге Актөбе округінің Қобда ауданында ұсталды. Шоланов көтерілісіне байланысты кейін 500-ден астам адам ОГПУ «үштігінің» сотына тартылды [20].

1929-1930 жылдарды тұтас алғанда Адай округінде бүлікті және қарсылық білдірушілердің жергілікті ошақтарын басу жөніндегі операциялар тұрақты түрде жүргізілді. Бірақ бұған ОГПУ-дың жергілікті органдарының күші жетпеді және көмекке әлсін-әлсін әскер шақырып отырды. 1929 жылғы наурызда-ақ Александров қамалына К. Косжановтың көтерілісшілер тобын басу үшн Дағыстаннан Сумбатов басқарған қызылармияшылар дивизионы шақырылған болатын. 1931 жылғы 14 сәуірде Каспий арқылы жарты аралға тағы да, енді Закавказье шекаралық округінің басқарма бастығы сол Сумбатов баскарған

біріктірілген әскер отряды жедел жеткізілді. Осында ОГПУ-дың 24-полк командирінің орынбасары Оглоды басқарған ірі отряд та келіп жетті. Воронежский басқарған тағы бір отряд Саратовтан шұғыл түрде осында жіберілді. ОГПУ-дың 68-дивизионы да Гурьевтен автокөлікпен шығады. Оның іс-қимылына теңізден «Атарбеков» күзет кемесі оқ жаудырып көмек көрсетті. Адай округіндегі көтерілісті басуға армия құрамдарының 32 бөлімшесі мен ОГПУ әскерлері әкелінді, олардың жеке құрамында 1000-нан астам адам болды. Оларға Гурьевтен, Ойылдан және Александров камалынан 200 коммунар көмектесті. Сөйтіп, округтің бүкіл аумағы әскери отрядтармен бақыланды. Оқиғаның одан кейінгі барысы көрсеткендей, іс жүзінде округ аумағына осыншама әскер әкелудің соншалық қажеттілігі де болған жоқ еді. Түбектегі жағдай Қарақұмдағы жағдайға ұқсас болып шықты, мұнда да әскери отрядтар қаруланған «банды құрамаларының» орнына бұл жолы да негізінен карусыз адамдармен қақтығысты.

Мысалы, Сумбатовтың отрядына: «Маңғыстау ауданында іс-қимыл жүргізсін, кездескен жекелеген банды топтарының көзін жойсын, осындағы көші-қонның жолын кессін» деген нақты тапсырма берілді. Осыған дейін, Сумбатовтың отряды келген кезде Манғыстау ауданының барлық ауылдары, біреуінен басқасы, Түркімен жағына көшуді бастап кеткен болатын. Сумбатовтың отряды оларды күшпен ғана тоқтатып, кейін кайтуға мәжбүрледі. Жекелеген қарулы топтарды жойып, көшуді уақытша тоқта-ғаннан кейін отряд 1931 жылғы 20 мамырда кері шақырылды.

БК(б)П Қазөлком мен Қазакстанның үкіметі нақты шаралар кабылдау және халықты тыныштандыру үшін Маңғыстауға ҚазОАК-нің мүшесі, республиканың Ағарту халық комиссары Сейтқали Мендешовті жедел іс-сапарға жіберді. Алайда, канша әрекеттенгенмен, ол мұндай өте күрделі мәселені шеше алмады. Оның бүкіл қызметі, барлық органдар мен кенес қызметкерлері сияқты адай көтерілісін басу, көші-қонды тоқтатуға бағыт-талды да, болып жатқан қарсылықтың себебіне көңіл бөлінбеді. Қазакстан үкіметінің өкілі ретіндегі қызметінің сипатын оған Исаев пен Голощекин берген мынадай нұскауға қарап бағалауға болады: «Александров қамалы. Құпия. ОГПУ уәкілі Мендешевке.

Сіздің жауапкершілігіңізбен, жергілікті нақты жағдайға орай, кажеттілік туған жағдайда Сізге үкімет атынан халыққа үндеу тастауға рұқсат етіледі. Үндеуде партия мен үкіметтің еңбекші халыққа көмек көрсету жөніндегі саясаты, оның таптық сипаты жергілікті жерде бүліншілікті,

оның ішінде елдің көшуін ұйымдастырушылар болып табылатын байлармен молдалардың және олардың жақтастары ұрандарының саяси мәні айқын көрсетілуі тиіс. Үндеуде мемлекеттік азық-түлік дайындауға, бар мүмкіндікті жұмылдыру және т.б. мәселелерде келісімпаздыққа ешқашан жол берілмесін. Көтерілісшілерге басшыларын үстап беру туралы мәселе катаң қойылсын» [21].

Көтерілістің және көшіп-конудың себептерін жоюдың орнына өкімет бірінші кезекте оның басшыларын анықтауға күш салды. Бірақ жазалау операцияларының күшейгеніне қарамастан, халықтың қарсылығы одан әрі жалғаса түсті. Жазалаушылармен кездесіп калудан кашқақтай отырып, ауылдар көзге түспейтін айналма жолдармен бәрібір көшіп кетіп жатты. Жаздың бас кезінде Үстіртте және Маңғыстау түбегінің оңтүстік бөлігінде Ойыл, Табын, Жылықос және Доссор аудандарынан көшіп келген көптеген шаруашылықтар әжептәуір көлемде жиналып қалды. ОГПУ деректері бойынша олардың саны 12 мыннан 15 мың адамға дейін жетті. Қарапайым карумен қаруланған, қарауылшылары бар бытыраңқы топтар Қарақалпақстан мен Түркіменстанға қарай үдере көшуін тоқтатпады, ақыры одан әрі шекарадан асып кетті.

Александров қамалының өзінде жағдай өте ширығып тұрған еді. Жоғарыда атап көрсетілгендей, сәуірде жергілікті түрмеде отырған 200 тұтқын күзетшіні қарусыздандырып, көтерілісшілерге келіп қосылған болатын. Көшіп бара жатқандар мен олардың қарулы топтары қаланы басып алуға бірнеше қайтара әрекет жасады. 29 және 30 мамырда, одан кейін 4 маусымда қарулы топтар (негізінен бар қаруы оншақты шиті мылтық болса да) қалаға шабуыл жасады, алайда жергілікті күзет пен қызылармияшылардың жаудырған оғынан соң кері шегінді. Ал 1931 жылғы 23 маусымда көтерілісшілер М. Сапаковтың, Ж. Исатаевтың және У. Қарабатыровтың басшылығымен Бозашы түбегінің жағалауын бойлай Александров камалына келіп кірді және ондағы ОГПУ әскерінің 60 жауынгерімен және 40 коммунармен шайқасты. Аудандық кеңсені, банкті ала алмаған және қару-жарақка қолы жетпеген олар жергілікті Шикізатодағы (Живсоюз) кеңсесіорналасқанүйдіөртеді,өйткенімалжәнебасқаауылшаруашылығы өнімдерін дайындау жөніндегі нұсқаулар мен жоспарлар, олардың пікірінше,осы мекемеден шығады деп есептеді. Шабуылшылар тек сегіз сағаттан кейін ғана қаланы тастап шықты. Содан соң Ақсұнқар, Саура және Долгий аралдарындағы шаруашылықтарды тонап, далада жазалау шараларын өткізіп жүрген ОГПУ-дың 68-дивизионына жасаған шабуылы сәтсіз шығып, Үстірт асып кетті. 1931 жылғы 27 шілдеде

көтерілісшілер тобы (Жұматай Үсеновтің басшылығымен) қалаға қайтара шабуыл жасады. Осы оқиғадан кейін үкімет Бакуден тағы әскер шақырды [22]. Бірақ бұл жолы Баку отрядына тек аудан орталығын және радиусы 50 шақырымдай маңын күзету және көшіп-конушылардың ісіне араласпау жүктелді [23].

Жазалау операциялары Маңғыстау түбегінде және Үстіртте 1931 жыл-дың күзіне дейін жалғасты. Армия бөлімшелері тарапынан да шығын болды. Көтерілісшілердің Александров қамалына жасаған шабуылын тойтару кезінде 30 адам өлді [24]. Басқа ұрыстарда, әсіресе, далалық қақтығыстарда мұндай шығын болмаған еді. Жақсы қаруланған армия бөлімшелеріне қарсы ұрыс салған қарусыз шаруалардың тағдыры онсыз да белгілі еді. Соған қарамастан, кейбір кездерде олар ерлікпен табанды қарсылық көрсетті. Мысалы, 1931 жылғы 24 маусымда Үстірттегі Босаға деген жерде ұрыс басталып, ол он сағаттан астам уақытқа созылды. Мырзағалы Танымбаевтың 400 адамнан тұратын көтерілісшілер отряды кондырғылы пулеметтер орнатылған автомашиналарға мінген армияшылар командасымен шайқасып, оларды шеңбер жасап қорғануға мәжбүр етті. Қолайлы биіктікті басып алып, окопқа бекінген олар тактикалық тұрғыдан ойластырылған шабуыл ұйымдастырды. 60-100 адамнан топ-топқа бөлініп, көтерілісшілер 40 адамдық әскерді толықтай коршауға алды. Тек көмекке косымша күш келіп жетіп, желке тұстан қысқаннан кейін ғана көтерілісшілер соғыс алаңын тастап кетуге мәжбүр болды. Шығынға және Танымбаевтың өлгеніне қарамастан, көтерілісшілер біржола талқандалудан құтылып кетті. Ал ОГПУ органдары кейін де олардың ізіне түсе алмады [25].

1931 жылғы шілдеде Адай округіне ҚазОАК-нің хатшысы А. Асылбеков іссапармен келді. Мендешевпен бірге ол үркіншілерге көмек көрсету және шиеленісті бейбіт жолмен шешу үшін біркатар шараларды жүзеге асырды. Сенек, Сумса деген жерлерде ол үркіншілердің одан әрі көшуін тоқтатуға ішінара көндіре алды. Алайда, аштықтың қысуы, адамдардың өлуі және республикадағы бүкіл ауыл тұрғындары жағдайының ауырлығы оларды қауіптен алыс кетуге итермеледі. Жекелеген шағын қарсылық көрсету топтарының іс-қимылы 1930 жылдың ортасына дейін токтаған жоқ.

1931 жылғы желтоксанда БК(б)П өлкелік комитеті ОГПУ-дың Қазақстандағы уәкілетті өкілі Даниловскийдің арнайы ақпаратын тыңдап, Маңғыстау бойынша құрамында КАКСР Халық Комиссарлары Кенесі төра-ғасының орынбасары Ұ. Құлымбетов, өлкелік комитет

хатшысы Рогозин және ҚАКСР ОАК-нің хатшысы А. Асылбеков бар Саяси комиссия құру туралы шешім шығарды [26]. Осы комиссияның қызметі арқасында ауа көшу тоқтатылды, ең бастысы адамдарды туған жерін тастап кетуге мәжбүр еткен бассыздық тыйылды. Халыққа азық-түлік және медициналық көмек көрсетіле бастады. Комиссиямен бірге көтерілісші топтың калдықтарын басу үшін Алматыдан Қазақ ұлттық полкінін Т. Әлиев баскарған отряды жіберілді [27]. Осы жердің түлегі ретінде ол халык арасында беделді еді. Осы ретте биліктің өз ішкі есебі де бар еді.

Халықтың ауа көшуі мен шаруалар көтерілісті округтің шаруашылығына орасан зор зиян тигізді. Тек Маңғыстау ауданында 1931 жылы көтерілісшілер 41 600-ден астам қой мен ешкіні, 1 200 жылқыны, 900-ге жуық түйені айдап әкетті. Көтерілісшілер шабуылының мемлекеттік мекемелермен кәсіпорындарға әкелген шығыны 1 миллионға жуық сомды құрады [28]. Айналып келгенде осының бәрі карапайым халықты сорлатып кетті. Үркіншілік және жазалаушылармен тұрақты кақтығыс малдың негізгі бөлігін шығынға ұшыратты. Бәрі өкіметтің қолына түгелдей өткеннен кейін адамдар енді колхоздарға кіргендердің тағдырымен бөлісуі керек болды. Сонымен бір кезде ауа көшуді ұйымдастырғандар мен бүлікшілерді, бұрынғы байлар мен кулактарды анықтап, тұтқындау басталды. Бұрынғы Адай уезіндегі көтерілісті басудын нәтижесінде, контрреволюциялық қызметі үшін деп аталған айыппен сотталғандарды есептемегенде, толық емес деректер бойынша 800-ден астам адам ОГПУ-дың «үштігінің» сотына берілді. Олардың бір бөлігі атылды, 79 адам түрмеде үкім шығарылғанға дейін қайтыс болды, қалғандары әр түрлі мерзімге жазаланды.

1932 жылғы 5 сәуірде Маңғыстау көтерілісінің (Адай көтерілісі) 372 қатысушысы куғын-сүргінге ұшырады. Көтерілісті ұйымдастырушы және басқарушылар ретінде Боқмаш Шоланов, Қарамырза Ембердиев, Рахмен Боқмашев, Демеген Айтжанов, Қойлыбай Алдасүгіров, Өтебай Жанысов, Койшығұл Жантілеуов, Дембергеи Ембердиев, Көбеген Құрманов, Қайсар Кайдағұлов, Әмір Нысанов, Қазақ Шинанов, Көбейсін Куантаров, Жұмабай Үсенов, Лұқпан Сарықұлов және т.б. атылды [29].

Республикадан тыс жердегілердің де жағдайы жақсы болмады. Қазақстан басшылығының мәселенің ізін суытпай оларды кейін қайтару жөніндегі әрекетінен ештеңе шыкпады. Барлық жердегі сияқты, 1931 жылғы қарашада Қарақалпакстан аумағында қалған 3 мыңға жуық шаруа шаруа-шылығының да хал-жағдайы нашар болды. Олар негізінен Шалқар, Табын, Арал, Ойыл және Маңғыстау аудандарынан шыққандар

еді. Автономиялық облыс басшыларының өтінішіне қарамастан (бұл кезде Қарқалпақстан тікелей РФКСР құрамына кірді. – авт.) оларды бұрынғы жеріне қайтарудың мүмкіндігі болмады. Құжаттардың бірінде айтылғандай, олардың «басмашыларға тоналып, өзінің астық қоры және өндірістік тауарлары болмай, ештенемен жабдықталмай… аш-жалаңаш күй кешіп отырғаны мәлім болды [30]. Осының бәрі біреулерін қалған малдарын жергілікті диқандарға су тегін сатуға, екіншілерін малдарын жаппай сойып алуына мәжбүр етті. Тек осы шаруашылықтарды зерттеген Асылбековтің табанды талап етуінің арқасында 1931 жылғы 25 қарашада БК(б)П Қарақалпақ облыстық комитетінің бюросы «салқын түсуіне, малдын арықтауына, көліктің, киіз үймен жылы киімнің жоқтығына байланысты қысқы уақытта казақтардың көшіп-конуына мүмкіндік жоқ деп есептелсін» деген шешім шығарды [31]. 1932-1933 жылдардағы ғаламат ашаршылық қазақтардың Қарақалпақстаннан оралу мерзімін ұзартты. Қазақстаннан үркіншілікпен келгендердің уақытша мекеніне айналған басқа өңірлерде де жағдай осындай болды. Олардың көпшілігі республикадан тыс жерлерде қалып оны екінші отаны ретінде қабылдады.

Республика шекарасынан өтіп кетпекші болған, шекаралас аудандармен облыстарда тұратын халықтың қасіреті де бұдан аз болған жоқ. 1929-1931 жылдарда шекаралас Алматы облысының Балкаш, Шокпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Бүйен-Ақсу, Сарқант, Жаркент және Бәрібаев аудандарының, Семей облысының Зайсан, Көкпекті, Тарбағатай, Мақаншы және баска аудандардың бүлікші ауылдарынын едәуір бөлігі Қытай жеріне өтіп кетті.

Елден сырт жерлерге (көбіне Қытайдың оңтүстік-батысына) көтерілісшілер басып алған, сондай-ақ дайындау науқаны мен колхоздарға күштеп біріктіру барысында қудаланған ішкі аудандардың халқы да көшті. Толық емес деректер бойынша, 1930 жылдың басында, яғни шаруалардың  толқулары мен көтерілістері жаппай белең алған кезеңде Қазақстан бойынша өзінін бұрынғы тұрғылықты жерінен 281 230 шаруашылық қоныс аударды, оның ішінде 83 мыңы Қытайдың солтүстік-батысы мен Ауғанстанға көшті. Құжаттарға қарағанда осы үркіншілікті кезеңде және одан кейінгі жаппай ашаршылық жылдарында тек қазақ ауылдар ғана емес, коныс аударып келген орыс деревняларының тұрғындары да қоныс аударған [32]. Осы кезеңде республика аумағынан аса көп мөлшердегі шаруашылықтар көшіп кетті [33].

Шекаралас аудандарда әскери бөлімшелерінің желісі жиі орналас-қандықтан, көтерілісшілер және оларға ілескен халық киын жағдайда қады. 1930 жылғы көктемде Алматы округінің Бүйен-Ақсу, Сарқан

және басқа аудандарының шаруалар көтерілісі тек тұрақты әскер бөлімшелерімен ғана емес, әскери әуе күштерінің қолдауымен де басылды.

1930 жылдын басында көтерілісшілер қозғалысы Алматы округінің көпшілік аудандарын қамтыды. Осыған байланысты, әсіресе, Қытаймен шектес аудандарда ірі оқиғалар етек алды. Бүйен-Аксу, Сарқант, Алакөл, Лепсі, Жаркент, Талдыкорған, Октябрь, Кеген, Бәрібаев аудандарының көптеген ауылдары көтерілісшілер аймағында калды.

1930 жылғы ақпан айында №3 ауылдың бұрынғы болысы Бисетай Қылиевтің басқаруымен Бүйен-Ақсу ауданының № 1-4, 6, 12, 13 ауылдарының 500-ге жуық тұрғындары көтеріліске шықты. Оларды М. Бурханов, Р. Бітібаев, С. Өтегеновтер басқарған Қаратал және Сарқан аудандары ауылдарының тұрғындары қолдады.

ОГПУ-дын жедел топтарынын ізге түсуіне киындык келтіретін Акжал құмына (Қапалдан солтүстік-батыска карай 90 шакырым) өтіп, көтерілісшілер әр түрлі рулар өкілдерінен ақсақалдар кеңесін құрды, бұдан ертеректе Қытайға көшіп келген қазақ ауылдарымен байланыс орнатты. Ақсақалдар кеңесінің мақұлдауымен Б. Қылиев жақын мандағы Арасан, Қызылағаш, Ақсу, Абакумов, Қапал ауылдары мен селоларын басып алуды көздеп оған жауынгер топтарын аттандырды. Осындай топтардын бірін көтерілісшілер жетекшісінің бауыры Қалдыбай Қылиев баскарды, ол 1930 жылғы 27 наурызда аудан орталығы Ақсуды ұрыссыз алды. Оған жолшыбай баска ауылдардың тұрғындары келіп қосылады. Көтерілісшілер Ақсуда ауданның барлық басшыларын, оның ішінде аудандық партия комитетінің хатшысы А. Ибрагимовты (кейін өлтірілді), аудандық аткару комитетінің төрағасы К. Баксинді, судья К. Шымырбековты және басқаларын тұтқындады.

Округ орталығымен байланыстың бәрі үзілді. Көтерілісшілер басып алған аудандардағы жағдай күннен-күнге асқына түсті. Сондықтан ОГПУ-дың Қазақстандағы өкілетті уәкілі Даниловский ауданға жедел түрде бірнеше әскер эскадронын, сондай-ак жұмысшылар мен партия-кеңес белсенділерінен құрылған отряд жіберді. Сонымен бір мезгілде Алматыдан жағдайды барлап қайту тапсырмасымен үшақтар ұшып шықты [34].

Жазалаушылардың шыққаны туралы хабар алған Б. Қылиев: «Біз қанның төгілуіне қарсымыз, каруларыңызды тапсырыңыздар» деген талаппен халық сотының бұрынғы қызметкері З. Бегишевті жазалаушы отрядпен кездесуге жіберді [35]. Алайда, арада екі күн өткен соң жазалаушы отряд екі сағатқа созылған ұрыстан кейін көтерілісшілерді Ақсудан қуып тастады [36]. Б. Қылиев Акжал құмына шегінді.

Сонымен бірге 1930 жылғы 27 наурызда көтерілісшілердің Қожахмет Әділбеков басқарған екінші бір тобы да Сарқант ауданындағы Арасан селосын ұрыссыз алды. Село тұрғындарының жиналысында көтерілістің басшыларының бірі Қали Мәмбетов: «Кеңес өкіметі халыққа кайыршылықпен аштық өкелді, адамдар өлуде, бүкіл Түркістан көтерілді. Айналамыздың бәрін көтерілісшілер басып алды, бізге косылғандарыңыз жөн» - деп мәлімдеді. Село халқы (негізінен орыстар) бұл үндеуді қызу колдады. Сол күні кешкілік 200 адам, оның ішінде 20 орыс, Қапал станицасын басып алды. Мұнда олар милиция мен ОГПУ органдары тұтқындаған шаруаларды босатты. Келесі күні жетіп үлгерген жазалаушы отрядпен арада ұрыс болды. Ірі калибрлі пулеметпен атып, бомба тастап әскери авиация көтерілісшілерге әуеден соккы берді. Қатары 400 адамға дейін көбейсе де, көтерілісшілердің кері шегінуіне тура келді [37].

Көтерілісшілер Абакумов селосына да басып кірді. Ауылдар мен се-лоларда өкімет органдарының өкілдері мен олардың белсенділерін дайындау науқандары жөніндегі уәкілдерді тұтқындады, ауылдық кеңестер менколхоздардың құжаттарын өртеді. ҚазОАК-нің мүшесі К. Буланов, Бүйен-Ақсу аудандық аппаратының қызметкерлері А. Болдақбаев, П. Тарасов және баскалары көтерілісшілердің қолынан каза тапты. Тек теміржолшы-жұмысшылар мен партия-кенес белсенділері катарынан құрылған от-рядтардың, сондай-ақ қызылармияшылардың жетіп үлгеруі ғана көтеріліс-шілер козғалысының одан әрі өрістеуіне мүмкіндік бермеді. Жазалау опе-рацияларын барлау үшін карусыз адамдарға карсы әскери ұшактарды пайдалану да істін оң шешілуіне көмектесті.

Көтерілісшілер Аксу-Сарқан жолын ұзақ уақыт бойы өз бақылауында ұстады. 1930 жылғы 27 наурызда Қызылағаш селосында Мүкей Дулатов пен Құдайберген Байдашев басқарған көтерілісшілер (400-ге жуық адам) жергілікті кооператив ғимаратында Жаркенттен жолды күзету үшін келген қызылармияшылар тобын коршап алды. Кооператив мүшелерімен және жергілікті белсенділермен бірге қызылармияшылар айнала қорғанысқа көшті. Алайда тек шиті мылтықпен ғана қаруланған көтерілісшілер оларды басып ала алмады. Қоршау төрт тәулікке созылды. Ұшқыштардың көтерілісшілерді әуеден пулемет оғымен атқылап, кырғынға ұшыратқанының аркасында кызылармияшылар шабуылға төтеп бере алды. Келесі күні ұшқыштар тағы да екі қайтара көмекке келді. Көп ұзамай атты әскер эскадроны жетіп үлгеріп, олар көтерілісшілерді кері шегінуге мәжбүр етті. Осы

ұрысқа қатысқандардың көпшілігі тауға барып жасырынды, кейбірі Б. Қылиевке келіп қосылды. Көтерілісшілердің Бүйен-Ақсу ауданының орталығын, Қапалды, Абакумовты, Қызылағашты және Талдықорғанға іргелес басқа да елді мекендерді басып алуы және тікелей қалаға қауіп төндіруі ОГПУ органдарынан барынша қатал жазалау шараларын қолдануды талап етті. Ескерту ретінде көтеріліске катысушыларды тұтқындау және ұстау шаралары басталды. 1930 жылғы 11 сәуірде әскери отряд Б. Қылиев пен М. Дулатовтың басшылығымен Ақжал құмы мен Керейқұмда жасырынып жүрген 500 көтерілісшіге карсы жазалау операциясын бастады. Бірінші күні ұрыста өзінің бір бөлігінен айырылған көтерілісшілер шекараға қарай кетті. Алайда, 13 сәуірде соңына түскен эскадрон оларды біржола жоя алмады. Тек 15 сәуірде күшейтілген әскери отряд көтерілісшілерді шекара маңында куып жетіп, оларды толық талкандады. Көтерілісшілердің көпшілігі ұсталып ОГПУ органдарына тапсырылды. Осы ұрыстарға құрамында ұшқыш В. Каминский, бортмеханик Ф. Литманов және бақылаушы-ұшқыш И. Мазуруктан тұратын ұшак экипажы катысып, көтерілісшілердің талкандалуын тездетті. ОГПУ-дың «бандиттерді жоюда сіңірген еңбегі үшін» марапаттауға ұсынылған рапортта атап көрсетілгендей, ұшақ экипажының бірталай уақыт дерлік көтерілісті басуға қатысқаны және шекарадан өтіп кетпек болған көшке әуеден оқ жаудырып, бомбылап, жолын кескендігі баяндалды [38]. Экипаж мүшелерінің бірі Илья Мазурук кейін челюскиншілерді құтқарғаны үшін алғашқылардың бірі болып Кенес Одағының Батыры атанды, Солтүстік полюс пен Антарктидаға жасалған көптеген экспедицияларға қатысты, оған авиация генерал-майоры шені берілді.

Жетісудың шекаралық аудандарында Қытайға көшіп кетумен жалғасқан шаруалар қарсылығы ұзақ уақытқа дейін созылды. Шекарашылар мен тұракты әскер құрамдарының қатаң бақылауда ұстауына қарамастан шекарадан өтіп кетуге тырысушылық тұрақты сипат алды. Үлкен топтарға бөлініп, малдарын айдап, ауа қашқандар каншама қиындықпен болса да, бұлар үшін тозаққа айналған республикадан кетуге бар күшін салды. Қалайда құтылып кету үміті асыктырған олар сол бойда шекарашылардың қолынан қаза тапты немесе ОГПУ-дың құрығына ілікті. Мәселен, 1930 жылдың соңында Сейітбаттал Түгелбаев пен Шоқан Елеусізов басқарған көтерілісшілер тобы Қапалды тастап шегінген бойда кеңес-қытай шекарасына беттеді. Жолшыбай оларға Баласаз, Ащыбұлақ, Бүйен және баска ауылдардың тұрғындары қосылды. Сарытау шаткалындағы қалың қар көшкініне тап

болып кідіріп тұрғанда, 4 сәуір күні оларды әскери отряд қуып жетті. Ұрыс жеті сағатқа созылды. 68 адамынан айырылған көтерілісшілер амалсыз берілді. Олардан 28 винтовка, 6517 бас мал алынды. 517 адам тұтқындалып, ОГПУ «үштігінін» сотына берілді, оның 108-і атылды [39]. Көтерілісшілер үшін қайғылы аяқталған осындай операциялар көп болды.

Кейбір аудандарда көтеріліске шыққан шаруалар, егер біз ұйымдасыпқимылдасақ жұмысшы-шаруа мемлекеті өзінің бассыздық әрекеттерін тоқтатпады, әділеттілік орнайды деп ойлап, өзін-өзі басқару органдарың құрып, сол арқылы өкіметке ыкпал етуге тырысты. Алматы округі Балкашауданының шаруалары осылай істеді. 1930 жылғы 3 сәуірде №1-3 және10-ауылдардың колхоздарға күштеп тартуға және астық т.б. азық-түлікпен шикізат түрлері салғыртына наразылық көрсеткен тұрғындары көтеріліске шықты. Салық төлемеген шаруалардың ісін қараған халық соты көшпелі сессиясының мүшелерін тұтқындап, көтерілісшілер аудан орталығы – Аққөл селосына бет алды. 1930 жылғы 6 сөуірде 400-дей адам селоныбасып алды. Оларды Шоқпар ауданы ауылдарының біркатар тұрғындары қолдады. Көтеріліске Әбдібек Нұрабаев, Көшербай Қармысов және басқалары басшылық жасады. Аудан басшылары (аудандық комитеттің хатшысы, аудандық аткару комитетінің төрағасы, милиция бастығы, халық судьясы және т.б.) ешқандай қарсылық көрсетпестен (кейін сол үшін сотқа тартылды) өз еріктерімен берілді. Жалпы жиналыста көтерілісшілер жергілікті атқарушы билікті таратып, алты адамнан «ауданның уақытша үкіметін» сайлады. Оны Нұрабаев басқарды. Көтерілісшілер жаңа үкіметтің қызметін бақылау үшін алты адамнан тұратын комиссия құрды [40].

16 сәуірге дейін аудан көтерілісшілердің қолында болды. Осы уақыт ішінде олар қорғаныс қарулы отрядын жасақтады, халықтан жиналып алынған 1000 пұт астықты, кооператив мүліктерін бөлісті, атқару комитеті менсот құжаттарын, астық, ет және т.б. тапсыру тізімін және басқа құжаттарды өртеді. Ауыл шаруашылығы техникасы мен құралдарға зор зиян келтірілді. ҚазОАК-нің төрағасы Е. Ерназаров басқарған үкіметтік комиссияның материалдары бойынша бүлікке қатысушылар халықтың кедей және орташа тобы болды. Және «ауданның уақытша үкіметі» солардың бастамасымен құрылды [41]. Жиналыста халық оған Алматыға өкілдер жіберу үшін орталықпен байланысуды тапсырды. Жиналысқа қатысушылар Алматыға барғанда олар республика үкіметін бұлардың «Кеңес өкіметіне карсы шығып отырмағанын, тек тез арада жойылуы тиіс асыра сілтеушілікке наразы

екендіктерін» айтып сендіруі тиіс деп есептеді. Алайда, Алматыдан әскери отряд келе жатқанын білген көтерілісшілер екі жарылды. Большевиктермен Кеңес өкіметіне сенбейтіндер Желтөроты аралындағы адам баруы қиын маңға жасырынды немесе ауыл-ауылдарға тарап кетті. Олар, кейінгі екі апта ішінде атыса отырып, әскери отрядқа қатты карсылық көрсетті. Көтерілісшілердің екінші бөлігі халықпен бірге Алматыдан келген ОГПУ-дың 8-атты әскер эскадронын 1930 жылғы 16 сәуірде нан және тұзбен қарсы алды [42].

Үкімет комиссиясы «ауданның бүкіл халқы сайлаған үкіметті» таратып, Кеңес өкіметін қалпына келтірді. Жағдаймен егжей-тегжейлі танысканнан кейін көтерілісшілер мен халықтың койған талаптары толық расталды. Комиссия өз шешімімен күштеп ұйымдастырылған барлық колхоздарды таратты. Шиеленісті босаңсыту үшін баска да шаралар қолданылды [43]. Үш күннен сон халық 300-ден астам шиті мылтық пен винтовкалар тапсырды және тонап алған мүліктерді кайтарды. Алайда, 57 адам сотқа тартылды, оның 30-ы атылды. Мемлекет халықты тыныштандыруға канша тырысқанмен, бір жылдан кейін – 1931 жылғы наурызда көтеріліс кайта басталды, ол жазалау операцияларын күшейту арқылы басылды [44].

Жоғарыда атап көрсетілгендей, шаруалар көтерілістеріне тек қазақтар ғана емес, селолардағы орыс тұрғындары мен станицалардың қазақтары да қатысты. ОГПУ-дың мәліметтері бойынша Қазақ АКСР-інде 1929-1932 жылдары наразылықтар мен толқулар Петропавл, Акмола, Павлодар, Семей және басқа округтардың көптеген селоларын камтыды. 1930 жылдың көктемі мен жазында Актөбе округінің Новороссийск ауданында Ивашенконың, Ақмола округінің Қорғалжын ауданында Пашковтың көтерілісшілер тобы әрекет етті. Осындай бірнеше топ Павлодар округінің Сейтен ауданында да жазалаушылардың назарына ілінді. Қарсылык Алматы округінің бұрынғы Лепсі ауданында да ұйымдастырылды. Сол кезде Петропавл округінің Адамов селосында 29 адамнан тұратын осындай топ таратылды [45]. Көтерілісшілердің кейбір ұсақ топтары, негізінен ішкі аудандар аумақтарында, кылмыстық топтарға айналды. Көтеріліске шығуға негізінен кеңестік биліктің шаруаларды жаппай қудалау әрекеттері себепболды. Қазақтар мен орыстардан тұратын бірқатар көтерілісші топтар ОГПУ органдарының ұзақ уақыт бойы мазасын алды (мысалы, Сейтен,Қорғалжын және баска аудандарда).

Қарсылық, әсіресе, Шығыс Қазақстанның орыс тұрғындары арасында кең өрістеді. Шаруа шаруашылықтарын күйзелту, шексіз

салық салумен артық астықты күштеп тартып алу және басқа шаралар орыс халқы мен қазақ халқын бірдей ашындырды. Мәселен, 1930 жылғы ақпанның соңында бұрынғы Семей округінің Өскемен, Зырян және Самар аудандарының бірқатар селоларында қарулы көтеріліс бұрқ етті. Көтерілісті бұрынғы ұстаз, Азамат соғысына қатысушы, көзкарасы БК(б)П қатарында болуға сай келмегендіктен, яғни эсерлерге бүйрегі бұратындықтан 1926 жылы большевиктер партиясы қатарынан шығарылған Федор Дорофеевич Толстоухов ұйымдастырды. Азамат соғысы кезінде ол Шығыс Казакстанға белгілі «Тарбағатайдың қызыл тау қырандары» деп аталған партизандар полкі командирінің орынбасары қызметін аткарды. 20-жылдары Қызыл Армия қатарында болды, содан кейін Орал мен Қиыр Шығыста жұмыс істеді, ал 1929 жылы Самар ауданының Братск селосына келіп, тұрақты қоныс тепті. Қайсыбір жылдары Кеңес өкіметін орнықтыруға белсенді қатыскан Толстоуховтың көзкарасы кейіннен өзгеріске ұшырады. БК(б)П-ның, әсіресе, ұжымдастыру саласындағы саясатын іштей қабылдамауы, шаруа шаруашылықтарының киратылуы мен жаппай күйзеліске ұшырауы оны большевиксіз Кенес өкіметін құру идеясына итермеледі. Сөйтіп ол шаруа шаруашылықтарының еркін дамуын камтамасыз етуге болады деген пікірге келді. Осы ойын жүзеге асыру үшін партизандық соғыс тәжірибесін пайдаланып, ол шаруаларды большевиктік билікке карсы күресуші басты күш ретінде көтеруді ойластырды.

Көтеріліске дайындық 1929 жылғы күзде басталды. Толстоухов пен оның серіктері Өскемен, Зырян және Самар аудандарының селоларында жасырын ұялар мен топтардың кең тармақталған желісін құрды. 1930 жылғы ақпанда көтерілістің ұйымдық жұмыстары аяқталды. Штабтың шешімімен бірлесіп іс-кимыл жүргізу үшін қазақ ауылдарымен байланыс орнатуға әрекет жасалды. Алайда, бұл жұмыс аяғына дейін жеткізілмеді, ОГПУ органдарының көтеріліс ұясын тұтқындау шаралары бұған кедергі келтірді. 1930 жылдың 20 ақпанына белгіленген көтеріліс бәрібір басталды. Тұтқыннан қашып шыққан Толстоухов оған тікелей басшылық жасады. Михайловка, Пантелеймон, Мякотиха селоларында оның тікелей катысуымен қорғаныс шебі құрылды. Шаруалар көтерілісі аталған ауданнын басқа да бірқатар аудандарында орын алды.

Көп ұзамай көтерілісті басу үшін ОГПУ әскері мен Қызыл Армия бөлімшелері келді. Табан тіреcкен қарсылыққа қарамастан көтеріліске қатысушылардың тағдыры шешілді: әскери отрядтармен ұрыста 300-ге жуықадам өлді. Толстоухов жанындағы 13 адамымен Кытайға қашып

кетті. Алайда Толстоухов бастаған көтерілісшілерді қытай өкіметі тұтқындап, оларды біраз уақыт Шара-Сумэ (Алтай округінін орталығы) қаласының түрмесінде ұстады. Шетелден ақ эмигранттардың қаржылай және қарумен көмек көрсетеміз деген уәдесіне сеніп, Толстоухов жана көтеріліс дайындау үшін көп ұзамай жасырын түрде Самар ауданына кайтып оралды. Осы жолы ол шаруалар көтерілісін ұйымдастыру идеясынан бас тартып, әуелі Өскемен мен Риддер қалаларының жұмысшылары мен қала халқына сүйенді, тек содан кейін ғана ауылдарды көтеруге үміттенді. Алайда, осы ниеті де онша қолдау таппады, ақыры ОГПУ органдары оның жолын кесті. Зырян ауданында Бұқтырма аралшығына жасырынып жаткан жерінде 1930 жылғы 28 кыркүйекке қараған түні ОГПУ жедел тобы торуылмен үстінен түсіп, атып өлтірді [46].

Толстоуховтың ісі бойынша 222 адам қылмыстык жауапкершілікке тартылып, оның 35-і атылды. ОГПУ органдарының Толстоуховтың казақ ауылдары арасындағы серіктерімен байланысын анықтау жөніндегі әрекетінен ештеңе шықпады. Дегенмен, сотталғандардың ішінде көтеріліске бірлесе шығу жөнінде келіссөз жүргізді деген айыппен Күршім ауданының қазағы Нұрғали Самаев та болды [47].

Шаруалардың 1930 жылдың соңына қарай саябыр тартқан толқулары 1931 жылдың ақпан-наурыз айларында қайтадан серпін алды, Бұл жолы15 айлық мал дайындау жоспарын орындау науканы бұған басты себеп болды. Ұжымдастыру және кулактар мен байларды жою жөніндегі шаралар мемлекетке шаруалардан малдарын, артык астығын және т.б. тартып алуға кең мүмкіндік берді. Алайда, оны ұзақ жалғастыруға болмайтын еді, өйткені ауыл мен деревняның ресурстары әбден сарқылып бітті. Ауыл шаруашылығындағы ірі олқылық қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз етуте анық қауіп төндірді, оның келешек зардабы өте ауыр еді. Сондықтан 1930 жылдың күзінде КСРО Үкіметі жабық отырысында калаларды, әсіресе өнеркәсіп орталықтарының және салынып жатқан өнеркәсіп орындарымен көлік саласының жұмысшыларын азық-түлікпен, бірінші кезекте етпен қамтамасыз ету қарқынын арттыру туралы шешім қабылдады. Бұл ретте бар салмак Қазакстанға түсті.

1931 жылғы 19 қаңтарда Өлкелік партия комитетінің бюросы отырысында Мәскеуден БК(б)П ОК мен КСРО үкіметі мен КСРО Жабдықтау халық комиссариатының өкілі ретінде келген А.И. Микоянның және БК(б)П ОК-нің мүшелігіне кандидат Н.П. Чаплиннің табанды талабымен бүкіл 1931 жылға белгіленген мал

тапсыру жоспарының 70%-ын Қазакстанның дереу сол жылғы бірінші тоқсанда қамтамасыз етуі жөнінде ақылға сыймайтын шешім қабылдады.

Өзінің талабын Микоян етті көктем келгенше, қысқы аяз кезінде жылдам тасып алу қажеттігімен негіздеді [48]. Осы кезде Қазақстанның көпшілік аудандарында Мәскеудің өкілдері ала қоймақшы болған малдың саны жоқ та еді. Дегенмен, аудандарға шаруалардың нақты мүмкіндігінен әлдеқайда жоғары тапсырмалар берілді. Мұның өзі шаруалар тарапынан жана қарсылықты тудырды.

Бұл арада тағы бір шектен шыккан әділетсіздікті айтқан жөн: қолда бар барлық малды алып қойып, билік тіпті оның орнын толтыруға тиісті төлемдерді қайтаруға мән берген де жоқ. Кезекті науқаннын – жүн, сүйек, мал шаруашылығы шикізатын және т.б. дайындау сияқты көтеріңкі жоспарлары да болды. Шалғайдағы аудандармен оның алдындағы мал тапсыру шарты бойынша есеп айырыспағаны өз алдына, онда осы үшін әкелінуге тиіс ең қажетті тауарлардың өзі де жеткізілмеді. Осының бәрі аштықтан сөзсіз қырылу қорқынышын жақындата түсті, сөйтіл халықты амалсыз қарсылық көрсетуге мәжбүр етті.

1931 жылғы дайындау жоспарының республикадағы нақты мал саны-нын ескерілмей жасалғанын мынадай фактілерден көруге болады. Жоғарыда аталған, он бес айлык жоспарды орындау кезінде жекелеген шаруашылықтардан, ауылдардан, тіпті тұтас аудандардан шаруалардың қолындағы ен соңғы азық үшін сақтап отырған малы түгелдей сыпырылып алынды. Мысалы, Алматы облысының Аягөз ауданына 65 194 қара мал тапсыру міндеттелді, ал ауданда барлығы 46 820 қара мал болды. Осы ауданнын 92 қара малы бар «Коммунар» колхозына 87 кара мал тапсыру жоспары белгіленді. Ақмола ауданынын «Харьков» колхозы 135 бас қара мал тапсыруытиіс болды, ал қолда 242 бас ғана қара мал бар еді [49]. Мұндай жағдай бүкіл республикаға тән болды.

Мал тапсыру жоспары ұлғайтылғандықтан мал шаруашылығымен айналысатын қазақ аудандарының барлық шаруашылықтарына түгелдей дерлік салық салынды. Жоғарының қысымымен жергілікті кызметкерлер берілген жоспарды қалай болса да орындауға тырысты. Мәселен, Карқаралы округінің шаруашылығы толықтай тұралаған осы аттас ауданында, аудандық атқару комитетінің төрағасы Құрманғалиев мал жинау жоспарын 24 сағаттың ішінде орындауды талап етіп, ауыл қызметкерлерін соққыға жыққан. Осы округтің Шет ауданында өрісте жүрген малдарды қуып әкеліп, оның кімдікі екенін тексеріп жатпастан, жоспарды бір күнде орындаған. Қарқаралы ауданында белсенділерден малды халықтан тартып алуды және ол малды қабылдау пунктіне

айдап әкелуді талап еткен. Аудандық кәсіподақ кенесінің төрағасы Бошығалиев оларға: «70 сиыр әкелмеген, яғни малды аз әкелген белсенділер малдын орнына өздері барады» деп мәлімдеген. Ал малды аз әкелгені үшін олар белсенді Түтібаевты оңдырмай сабаған, баска бір белсенді Шақшиевті арбаға таңып койып, өлтіре ұрған. Осы ауданның «Кедей» колхозында 308 шаруашылықтың 297-іне дербес салық салынған және олардын малдары тартып алынған [50]. Осыған ұқсас мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Сөйтіп, 1931 жылғы көтеріліс дайындау науқанының бүкіл бойында жүріп отырды. 1931 жылғы ақпан-наурыз айларында көтеріліс Қарқаралы округінің Абыралы, Қу, Шет және Жаңарқа аудандарын, Семей округінің Қызылжар, Көкпекті, Шыңғыстау, Шұбартау және басқа аудандарын қамтыды. Алматы округының Балқаш ауданында тағы да бүлік бұрқ етті. Шаруалардың қарсылығы Актөбе және Гурьев округтерінде де көрініс тапты. Көтеріліс пен толқулар республиканың бірқатар аудандарында 1931 жылдың жазында да тоқтамады. Нәтижесінде, бұрынғысындай, халықтың ауа көшуі Алматы, Талдықорған, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарының шекаралас аудандарында одан әрі жалғасты. Аштық пен биліктің қыспағында қалған халық одан шет елге асып кетіп құтыламыз деп үміттенді.

Ішкі аудандардағы көтеріліске катысушылар бұдан да ауыр, сергелден жағдайда қалды. Олар барлық жағынан қоршалды және атты әскерлердің қылышпен қынадай қырған шабуылдарына жиі ұшырады. Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау және басқа аудандар 1931 жылғы көктемде осындай күй кешті.

Жоғарыда атап көрсетілгендей келеңсіздік 1931 жылғы көтерілістің ширығу кезенінің бүкіл барысында туындады. Мысалы, Абыралы ауданына жоспарланған дайындау көлемінен 2,5 есе көп мал тапсыру жөнінде тапсырма берілді [51]. БК(б)П аудандық комитетінің хатшысы Н. Маметековтың жоғары тұрған билік органына мұндай жоспардың мүмкіндікке мүлдем сәйкес келмейтінін дәлелдегісі келген әрекетінен ештеңе шықпады. Тек сәл кейін, Алматыда БК(б)П өлкелік комитетінің пленумына қатысқанда өз пікірін табандылықпен дәлелдеп, дайындау жоспарын түзетуге қол жеткізді. Бірақ бұл цифрдың өзі қолдағы мүмкіндіктен жоғары еді: бюрократтық мінбеден жасалған жоспар бойынша аудан тұрғындарына бұрын жоспарланған 8745 тонна еттің үстіне тірілей салмағы 3379 тоннаға тең мал тапсыру жүктелді. Халықтың колындағы барлық малды сыпырып алғанның өзінде аудан бәрібір бұл тапсырманы 100% орындай алмас еді [52]. Маметеков ауданға

оралғанша жергілікті басшылар мен белсенділердің әбден титығына тигеніне шыдамаған халық көтеріліске шықты.

1931 жылғы 12 ақпанға қарай көтеріліс ауданның барлық ауылын дерлік қамтыды. Әсіресе, 2-12- және 14-ауылдардың тұрғындары ерекше белсенділік көрсетті. 1931 жылғы 14 ақпанда ауданның шығыс бөлігінде орналасқан ауылдардың 700-ден астам тұрғыны Қоскан Бітібасв, Түскей Смағұловтың және басқаларының басшылығымен аудан орталығы – Қайнар селосын басып алмақшы болды. Бірақ қорғаныс отряды әуелі көтерілісшілердің жолын кесіп, содан соң өздері шабуылға көшті. Ауыл-ауылға қашқан шаруалардың ұсақ топтары қарсылық көрсеткенмен, 1931 жылғы маусымға карай ОГПУ әскери отрядтары оларды біржола талқандады [53].

Алайда Абыралы ауданының солтүстік-батыс бөлігіндегі (Қарқаралы ауданымен шектес жердегі) оқиға басқаша сипатта өріс алды. Көп ұзамай 6-ауылдың шаруасы Ысқақ Кемпірбаевтын [54] басшылығымен құралған көтерілісші топ ауылға өз бақылауын орнатты. Олар мал дайындау жоспарын орындауға бар күшін салған уәкілдерді тұтқындады, ауылдық кеңестің істерін өртеді.

Азаматтардын бас қосқан жиындарының бірінде сөйлеген сөзінде Кемпірбаев былай деді: «Көтерілісші азаматтар! Біздің алдымызда қиын, бірақ қасиетті міндет – тонаушылардың бірі Сталин басқарған кеңестік езуші билікті құлату міндеті тұр. Кеңес өкіметінің Қазакстандағы тонаушылық саясатының мәні мен міндеттері туралы айтудың қажеттігі жоқ. Кеңес өкіметінің өзі сөзбен емес, іс жүзінде өзінің осы саясатының мәнінің қандай екенін көрсетті. Алыска бармай-ақ таяудағы өткенімізге көз салып байкайықшы: 1928 жылы осы саясатты іс жүзінде жүзеге асырудың алғашқы қадамы жасалды, Кенес өкіметі қауқарсыз болғандықтан, мұны одан ерте бастай алмады. 1928 жылғы «ірі бай шаруашылықтар» деген атаумен тәркілеу Қазақстанның экономикасына қатты соққы болып тиді, біздің алдыңғы қатарлы, парасатты азаматтарымыз бұдан әлдеқайда бұрын болжаған тонау басталды. Сіздердің баршаңыздың естеріңізде болар, 1928 жылы-ақ біздің ғалымдарымыз былай деді: «Алдымен «ірі байларды» тәркілейді, сосын «ұсақ байларды» іздеп тауып, оларды кедейлендіреді, содан соң «орташаларды» қолға алады және ақыр соңында «кедейлердің» өзіне ауыз салады…».

Кеңес өкіметінің саясатының мәні осындай, өзгеше болуы мүмкін емес, өйткені ол жеке меншікті құртады, сөйтіп жұмыс істемей, жалқауланып, басқа аукатты адамдардың есебінен күн көргісі

келетіндерге мүмкіндік береді. Бірақ мұндай саясатпен алысқа бара алмайтының табиғи нәрсе,солай болып шықты да… Кеңес өкіметі байларға қоса, орташалар мен кедей шаруашылықтарды тәркілеумен бірге сөз жүзінде социализмге бағытталған, іс жүзінде жаппай азып-тоздыруға жетелейтін, шаруашылық-саясинауқан деп аталған бірқатар дайындау науқандарын енгізді. Ақикатынайтыңыздаршы, барлық дерлік кедейлер мен жарлы-жақыбайды жұрдай қылған қазіргі ет дайындау науканынан-ақ бұл айқын көрініп тұрған жоқ па. Сәл қарсылық жасасаң – түрме, «контрреволюция», ату және т.б. Бұдан әрі де еңсеміз түсіп, осылай кимылсыз отыра береміз бе, көтеріліс өрті бүкіл КСРО-ны шарпып барады. Бой тасалау – Алла алдында да, қазақ халқының алдында да қылмыс. Біздің міндетіміз – жан аямай және аяғына дейін күресу» [55].

Ұрыстардың бірінде көтерілісшілер, ОГПУ-дың аудандағы уәкілі А. Жамалитдиновпен қоса, коммунарлар отрядын қолға түсірді. Көтерілісшілер қолынан бір ғана адам – аудандық атқару комитетінің ет дайындау жөніндегі уәкілі Т. Аралбаев қайтыс болды. Тергеу құжаттарында айтылғандай, С. Кемпірбаевтың өзінің мүліктік жағдайы мынадай: оның 3 аты, 2 сиыры, 12 ешкісі мен киіз үйі болған, яғни шын мәнінде орташалар қатарына жатқан.

Көп ұзамай ОГПУ-дың Семейдегі уәкілетті өкілі А. Чупин бастап келген ОГПУ-дың Семей атты әскер дивизионының 66-төтенше отряды, Қарқаралыдан жіберілген ОГПУ-дын уәкілетті өкілі Иерусалимов басқарған отрядпен бірігіп көтерілісті аяусыз басып тастады. Бұл ретте Иерусалимовтің отряды (құжаттарда көрсетілгеніндей) 17 адамды қырып салды, олардың көпшілігі кінәсіз, көтеріліске қатысы жоқ адамдар  болатын. Көтерілісті басу барысында осы ауылдарда көтерілісшілер жағынан 47 адам өлтірілді. Кемпірбаевтың ісі бойынша 274 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның 86-ы атылды [56].

Басқа бүлік шыққан аудандардағы көтерілісшілер де осындай күй кешті. Көтеріліс басылғаннан кейін Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарында ҚазОАК-нің төрағасы Ерназаров басқарған үкімет комиссиясы жұмыс істеді. Алайда комиссия жұмысы да, кейінгі дайындау жұмыстарын тәртіпке келтіру жөнінде қабылданған шаралар да жағдайды өзгерте алмады. Болмай қоймайтын апат қаупі төніп келе жатты.

1931 жылы көтеріліс республиканың басқа да аудандарын қамтыды. Көкпекті, Аксу, Кастек және баска бірқатар аудандарда шаруалардың

көте-рілуі қайғылы оқиғалармен аяқталды. Республикадан тыс жерлерге көшу толастаған жоқ.

«Қуғын-сүргін мен аштықтан бас сауғалап, тыныштық орнағаннан кейін жат жерден қасиетті ата-баба жұртына қайта оралу үмітімен» Қытайға кетті. Тірі адамдардан тұратын нысананы қалт жібермейтін мергендерарасында ОГПУ әскерінің Жаркент шекаралық отрядының жас пулеметшісі, КОКП ОК-нің болашақ Бас хатшысы К.У. Черненко да болды [57]. 1931 жылғы күзде Шығыс Казақстан облысының шекаралық аудандарында республиканың ішкі аудандарынан көшкен үш мыңнан астам шаруашылық шоғырланып калды. Ә. Жангелдин баскарған ҚАКСР үкіметтік комиссиясының күшімен шаруашылықтардың бір бөлігі бұрынғы тұрған жерлеріне кайтарылды. Алайда, 1931 жылдың аяғына карай жаппай ашаршылыққа ұшыраған аудандардың халқы республикадан тыс жерлерге ауды. Оларды енді ешкім тоқтата алмастай еді. Нәтижесінде Өзбекстанмен, Қырғызстан және Ресеймен шекаралас аудандарда тірі қалу үмітімен босқындар саны мың-мыңдап саналды.

## Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі


1 ҚР ОММ, 1680-қ., 3-т., 621-іс, 89-93-п.

2 ҚҰҚК мұрағаты, 158-т., 49-іс, 1-т., 17-20-п.

3 ҚР ОММ, 30-к., 7-т., 47-іс, 1-п.

4 ҚР ОММ, 141-к., 1-т., 2926-іс, 91-92-п.; 2927-іс, 22-23-п., 109-110 .

5 ҚР ОММ, 5-к., 21-т., 82-іс, 1-п, 16; ҚР ҰҚК мұрағаты, 101-т., 9-іс, 11-11-п.

6 ҚР ОММ, 5-қ., 21-т., 41-іс, 15-16-п., 65-72.

7 ҚР ҰҚК мұрағаты, №49, 158-т., 1-т., 84-94-п.

8 Сонда, №2 мұрағат, 189-т., 435-527 -п.

9 Сонда, 142-п.

10 Сонда, 84-94-п.

11 ҚР ОММ, 5-к., 21-т., 61-іс, 64-67-п.

12 Сонда, 69-п.

13 Сонда, 72-п.

14 Сонда.

15 ҚР ҰҚК мұрағаты, №1 мұрағат, 158-т., 1-т., 124-п.

16 ҚР ОММ, 5-қ., 721-т., 61-іс, 202-203 -п.

17 ҚР ҰҚК мұрағаты, №1 мұрағат, 158-т.,1 т., 123-133 -п.

18 Сонда. №6 мұрағат, 103-п., 2-2-п.

19 ҚР ОММ, 5-к., 21-т., 41-іс, 65-69-п.

20 ҚР ҰҚК мұрағаты, 105-т., №13 мұрағат, 11-п; Біраз уақыт өткеннен кейін, 1962 жылы 8 ақпанда және 1990 жылы 26 сәуірде қылмыскер ретінде ешқандай айыбы болмағандықтан іс қысқартылған.

21 ҚР ОММ, 30-к., 7-т., 405-іс, 5-п.

22 КР ОММ, 30-к., 21-т., 60-іс, 120-п.; ҚР ОММ мұрағаты, №113 мұрағат, 105-т.,27-34-п.

23 ҚР ОММ, 5-к., 21-т, 60-іс, 118-п.

24 ҚР ОММ, 30-к., 21-т., 60-іс, 120-п.

25 ҚР ОММ мұрағаты, №1 мұрағат, 158-т., 49-іс, 1 т., 12-п.

26 Сонда, №17 мұрағат, 105-т., 3-п.

27 Әлиев Төлесін Нұрмағамбетұлы (1892-1941) – Красноводскіде дүниеге келген,Қазакстанда Кеңес өкіметін орнатуға және Азамат соғысына катысқан, 1920 жылдан Компартия мүшесі. Ә. Жангелдиннің отрядына Форт-Александровск мен Үстірт арқылы Ақтөбе майданына қару-жарақ апаруға көмектескен. 1923-1928 жылдары Адайуезінде әскери комиссар және уездік партия комитетінің хатшысы, халық комиссары,«Қосшы» одағының төрағасы қызметтерін атқарған. 1928-1930 жылдары Қаракалпақстанда әскери комиссар, 1931-1933 жылдары қазақ ұлттық полкінің командирі болған.

28 Сонда. №1 мұрағат, 158-т., 49-іс, 1 т., 12-п.

29 Сонда.

30 ҚР ОММ, 5-к., 21-т., 76-іс, 21-п.

31 Сонда, 21-п.

32 ҚР ҰҚК мұрағаты, №112 мұрағат, 11-іс, 1 т., 22-п.

33 Сонда, 25-п.

34 КР ОММ, 5-к., 21-т., 13а-іс, 213-214 -п.

35 КР ҰҚК мұрағаты, №49 мұрағат, 158-т., 1 т., 61-64-п.

36 Сонда, 65-п.

37 КР ОММ, 5-к., 21-т., 13-іс, 114-114 -п.

38 КР ҰҚК мұрағаты, №49 мұрағат, 150-т., 1 т., 69-п.

39 Сонда, 99-101-п.; ҚР ҰКК, 5-к., 21-т., 39-іс, 21-29-п.

40 ҚРО М, 5-к., 21-т., 39-іс, 23--23-п.

41 Сонда, 28-п.

42 Сонда.

43 КР ҰКК мұрағаты, №49 мұрағат, 15-т., 1 т., 99-п.

44 Сонда, 237-240 -п.

45 ҚР ОММ, 5-к., 21-т., 41-іс, 24, 65, 70-72-п.

46 ҚР ҰКК мұрағаты, №8065 мұрағат, 6 т., 270-282 -п.; №49 мұрағат, 158-т., 1 т.,75-80-іс.

47 Сонда, 81-83-п.

48 ҚР ОММ, 30-к., 7-т., 98-іс, 7-п.

49 ҚР ҰКК мұрағаты, 11-қ., №112 мұрағат, 18-п.

50 Сонда, 20-п.

51 ОММ, 5-қ., 21-т., 65а-іс, 47-п.

52 КР ҰКК мұрағаты, 11-к., №112 мұрағат, 19-п.

53 Сонда, №8445 мұрағат, 292-298 -п.

54 Кемпірбаев Ысқак (1899-1931), Абыралы ауданының тұрғыны. Сауатты кісі болған, мал шаруашылығы кеңсесінде шикізат дайындаушы қызметін атқарған. ОГПУ-дің «үштігі» үкімімен атылған.

55 КР ҰҚК мұрағаты, 8443-қ., 692-п.

56 Сонда, №8443, 1-3-п.

57 Кодры. Литературная Молдавия. 1990. №4, 179-б.; Коммунист Таджикистана. 1990. 14 июля, 3-б.; Совершенно секретно. 1991. №4, 16-17-б.; Простор. 1991. №3,191-б. және басқалар.

## III- ТАРАУ. Қазақстандағы 1950-1980 жылдардағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстар сипатындағы оқиғалар мен көтерілістер

### 3.1. II дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әлеуметтік наразылықтар

*М.Ш. Қалыбекова*

1930-40 ж. соңында КСРО-да қалыптасқан жағдай партиялық және мемлекеттік аппараттардың бірігіп кетуімен, қоғамдық өмірдің барлық салаларын басқарудың әкімшіл-әміршіл әдістерінің бекітілуімен сипатталады. Қатаң жүйенің бекітілуі, Сталиннің жеке басына табыну қоғамның дамуына барынша ықпал етті. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы КСРО-ның саяси дамуының құрамдас бөлігі ретінде Коммунистік партия мен Кеңестік мемлекеттің ұлттық саясаты айрықша орын алды.

Зерттеушілер халықтарды күштеп көшіру мен жер аударудың тарихын негізінен соғыспен байланыстырады. Алайда, мұндай түсінік бұл проблеманың мән-жайын толық ашып бере алмайды. Өйткені, адамдарды әлеуметтік және таптық, ұлттық азшылық және этникалық белгілері бойынша жер аудару, күштеп көшіру соғысқа дейін де болған еді.

Халықтарды жаппай жер аудару сияқты келеңсіз оқиғаның себептері неде? Бұл сұрақ бірнеше ондаған жылдардан бері қойылып келеді, бірақ бұл сұраққа әлі де толыққанды жауап берілген жоқ. Бұл сұраққа жауаптың «ресми нұсқасы» осы халықтардың өкілдері соғыс қиылдары кезінде гитлерлік басқыншылармен белсенді ынтымақтастықта болған, кеңес әскерлерінің тылында бандиттік-көтерілісші қозғалыстарын туындатты және т.б. дегенге саяды [1, 80].

Бұл оқиғалардың тарихын зерттеу мен деректердің әрбір фактісін талдау мұндай тұжырымдармен келіспеуге негіз береді. Егер нақты Шешен-Ингушетияны алар болсақ, күштеп көшіру бойынша операция алдын ала жақсы жоспарланғанымен, халық әбігерге түсті. Назарды басқа  жаққа аудару үшін ХКК пен Шешен-Ингуш облыстық комитеті БК(б)П «Таулы жерлер жағдайларында Солтүстік-Кавказ әскери округының (СКӘО) әскери бөлімдерінің тактикалық жаттығуларына даярлықты қамтамасыз ету туралы» арнайы шешім қабылдады [2].

Таулы аймақтарда  Кеңес-Германия соғысы басталғанға дейін әрекет еткен қарулы бандиттердің болғаны рас. Соғыс басталысымен олар өздерінің бас пайдасы үшін жағдайды пайдаланып қалуға тырысты.

Жекелеген топтардың неміс командованиесімен байланыс жасағаны, Шешен аумағына қару-жарақ пен аздаған неміс диверсанттарының тасталғаны белгілі болды. Дегенмен, тасталған қару-жарақ пен әкелінген диверсанттардың саны Шешен аумағындағы кеңес өкіметіне қандай да бір қатерлі қауіп төндіруге жеткіліксіз еді, оның үстіне диверсанттарды НКВД органдары залалсыздандырып отырды. Диверсанттардың азын-аулағы ғана Шешен аумағынан кетіп, майдан шебінен өтіп, өз әскеріне жете алды. Соғыс жылдары ішінде грозныйлық зауыттар мен көлік коммуникациясында бірде-бір ірі бүлікшілік (диверсия) болған емес. Мұндай жағдайлар есебінде тек таулы аймақтардағы «саяси бандиттер» топтарын іздеу мен жоюға жіберілген мемлекеттік қауіпсіздік қызметі жасақтарымен және әскерлерімен болған қақтығыстарды ғана айтуға болады» [3, 354].

Дегенмен 1944 жылғы 23 ақпанда таңғы сағат 5-те шешендер мен ингуштарды Орта Азия мен Қазақстанға толығымен көшіру бойынша операция жүргізілді. Бұл операцияны жүргізуге НКВД, МҚХК пен Смерш (әскери қарсы барлау) 19 мың жедел қызметкері, НКВД 100 мыңға дейін офицерлері мен жауынгерлері тартылды [3, 349]. Көшіру операциясына дейін, сондай-ақ операция кезінде таулы аудандарды бомбылау үшін әскери авиация қолданылды. Жазық жерлерде көшіру операциясы қысқа мерзім ішінде (жалпы алғанда бір тәулік ішінде) және айтарлықтай қарсылықсыз және құрбандарсыз жүргізілсе, жинау пункттеріне айдап әкелінген адамдарды жазық жерлерге жөнелтуге қар мүмкіндік бермеген таулы аудандарда жаппай кісі өлімі жағдайлары орын алды. Мысалы, Хайбах таулы мекенінде бірнеше жүздеген адам өртелді, Макажой мекені мен Галанчож көлі аудандарында жаппай адам өлімі туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ, Урус-Мартан аудандық ауруханасындағы тасымалдауға жарамайтын аурулар да өлтірілді [3, 353].

Адамдарды Орта Азия мен Қазақстанға теміржол құрамдарымен жеткізу қоныстандырылғандардың жаппай қырылуына алып келді. Адамдарды айдалаға түсіріп тастады. Солтүстік Кавказдан жер аударылған халықтардың адам айтқысыз жағдайлары туралы арнайы қоныстандырылғандардың естеліктерінде айтылады. Мысалы, арнайы қоныстандырылған неміс әйелі былай деп әңгімелейді: «Оларды Қарағанды қаласына алып келгенде вагондардан тірі адамдардан гөрі өліктерді көптеп алып шығып жатты. Ал адамдарға қарау аянышты еді, олардың көздері ғана жылтырап тұрды. Біздерге немесе басқа қоныс аударылған халықтарға қарағанда олардың жағдайы аса ауыр болды ...» [4].

Қаңырап қалған шешен мекендеріне жаңа қоныстанушылар келгенше студенттер мен Грозный қаласының мемлекеттік кәсіпорындарында жұмыс істемейтін тұрғындары жіберілді. Олардың біреуі кейінірек былайша еске алады: «Студенттердің міндеті Қорған және Орлов облыстарынан қоныстанушылар келгенше шаруашылықты ретте ұстап тұру болатын. Біз малды жинап, оларға жем-шөп беруге, астықты, мүліктерді қабылдауға және т.б. тиіс болдық. Таулы ауылдарда бұл әрекетті басқаша жүргізді. Барлық мал эвакуацияланғаннан кейін «бандиттерді» тіршілік ету көзінен айыру үшін ауылдарды өртеп жіберді. Тауларда күні бойы жанып жатқан ауылдарды көруге болатын. Сонымен қатар тауға кеткен адамдар өз еркімен келетін болса, оларға рақымшылық жасау жарияланды. Олардың кейбіреулері қайтып оралғанымен, оларды көшіріп жіберді» [5, 62-63]. Халықтың көп бөлігі тауларда тығылып, жер аударудан құтылып қалды. Оларға қатысты жарияланған рақымшылық – оларды НКВД органдары дереу құртып жібермей, айдау орындарына жөнелтетінін ғана білдірді. Алайда, құжаттарға сүйенсек, таулы аймақтардағы әскери бөлімдер онда қалған халықты қырып-жоюмен айналысты. Мысалы, мемлекеттік қауіпсіздік комиетінің төрағасы Шешенстаннан былай деп хабар жеткізді: «Шешендер мен ингуштарды Галанчож ауданына көшіргеннен кейін мал-мүлікті жинау жөніндегі мемлекеттік комиссияға көмектесу үшін майор Сайгактың оқу атқыштар полкінің бөлімдері келді. Галанчож ауданының хуторларына түскен бөлімшелер революциялық заңдылықтар бұзылған бірқатар фактілерге, көшіруден кейін қалған, еріп жүре алмайтын шешен әйелдерін – кемпірлерді, ауруларды, мүгедектерді өз бетінше атып тастауға жол берді. Жалпы алғанда, атып тасталған аурулар мен мүгедектердің саны 60 адамға жетті» [6, 257-258].

Дегенмен, егер көшірудің басты мақсаты Шешен тауларындағы кеңес үкіметінің қарсыластары әрекет ететін базаларды құрту болса, онда ол – мақсат орындалмай қалды. Елуінші жылдардың аяғыда, шешендер мен ингуштардың айдаудан қайтып оралар сәтіне қарай, тауларда саны біршама абрек топтары әрекет етуін жалғастырды. Олардың ішіндегі ең танымалы Хасуха Магомадов болды, оның ізіне түсіп, 1976 жылы ғана өлтірілді.

А. Авторханов: «Шешендерді жер аударудың ресми идеологиясы – немістермен болған коллоборация екендігі – нағыз өтірік», – деп тұжырымдайды. Біріншіден, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде орыстар қоныстанған Малгобек мекенін шекарашылардың аз уақыт иеленуін есепке алмағанда, Шешен-Ингуш республикасының аумағына неміс солдатының аяғы тиген де емес.

Екіншіден, неміс әскери бөлімдеріне шешен-ингуштардың қосылуы мүлде мүмкін емес еді, өйткені Шешен-Ингушетияда оның құрылған уақыты ішінде міндетті әскерге шақыру жүргізілген емес, ал кеңес-фин соғысы кезіндегі жартылай мобилизация неміс-кеңес соғысы басталған уақытта барлық шешендер мен ингуштардың Қызыл Әскер қатарынан әскери міндеттен босатумен байланысты алынып тасталды (Қызыл Әскердің Бас қолбасшылығы бойынша 1942 жылғы ақпандағы бұйрық әскерден босатуды шешендер мен ингуштардың шошқа етін жеуден бас тартқан діни сеніміне байланысты негіздеді) [5, 50].

Бұл мәселе туралы А. Гунашев былай дейді: «Біріншіден, Шешен-Ингуш АКСР аумағында бірде-бір фашист болған жоқ; екіншіден, 1944 жылғы көктемде майдан алаңы алыста – Батыста болды, үшіншіден, шешендер мен ингуштардан тұратын ер адамдардың басым бөлігі Қызыл Армияға тартылды немесе Грозный қаласының қорғаныс шебінде жұмыс істеді. Сонымен, Германияға көмектескісі келген адамдардың қандай да бір болмашы тобы болғанның өзінде, олардың әрекеті үшін еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейінгі барлық шешен халқы не үшін жазалы болды?» [2, 46].

А. Авторхановтың пікірінше, қоныс аудартудың шынайы себебі шешендердің таулықтардың ұлттық тәуелсіздігі үшін үздіксіз күресі мен олардың кеңестік отарлау режімінің рақымсыз жүйесін мүлде мойындамауы болды [5, 66]. Әрине, жаппай жер аудару туралы шешімнің негізінде бізге әліге дейін белгісіз болып келе жатқан аса терең себептер жатуы мүмкін.

Түрлі халықтарды өздерінің тарихи отанынан көшірудің себептері сырттай бір-бірінен ерекшеленгенімен, шын мәнінде олардың сипаты бірдей болды. Сталиннің басшылығымен қабылданған тұтас халықтарды жер аударудың негізінде саяси сипаттағы себептер жатты. Мысалы, кәрістерді жер аудару себебінің ресми түсініктемесі «өлкеге жапон тыңшылығының ену жолын кесу» болды. Алайда, мұндай түсініктememен қатар оданда дәйекті себепті көрсеткен жөн. Оның мәні – кеңес кәрістері жалпы алғанда КСРО-ның қиыршығыстық саясатының кепілдігі болғандығында. 1937 жылдың шілде айында Жапонияның қарулы әскері ішкі Қытайға баса көктеп кіріп, айдың соңында Бейжіңді алғандығы белгілі. 1937 жылы көктемде сыртқы күштердің басып кіруінен қорыққан Қытайдың негізгі саяси күштері – компартия мен гоминдан – азаматтық соғысты тоқтату мен жапон басқыншыларына төтеп беру үшін бірыңғай майдан шебін құру үшін келісімге келді. Соғысушы тараптарды қолдау мақсатында сол қарама-қарсы әлемде басты саяси күштерді біріктіру қолға алынды. Оның негізінде идеологиялық

тайталас жатты. Батыс державалары бұл соғысты тоқтатуға белсенді шаралар қабылдамады. Қалыптасқан жағдайда гоминдан үкіметінің Кеңес Одағымен жақындасу әрекеті Қытай компартиясы тарапынан әрекет туғыза қоймады. КСРО-ның бастамасымен 1937 жылғы 21 тамызда шабуыл жасамау туралы кеңес-қытай келісімшартына қол қойылды. Соғысып жатқан тараптардың бірімен шабуыл жасамау туралы келісім шарт жасасу аталған жағдайда, шын мәнінде, одақтастық қарым-қатынасты білдірді, яғни КСРО мен Қытай Жапониямен соғыста шынымен одақтас болды. Кеңес Одағына мұндай қарым-қатынас сөзсіз қажет еді, оның үстіне ол жақындап қалған соғыс кезінде өзінің оқшау қалғанын сезінді. КСРО Қытайға экономикалық және әскери көмек көрсетті. Сонымен, 1937 жылғы 21 тамызда екі құжатқа: шабуыл жасаспау туралы кеңес-қытай келісімшарты мен Қиыр Шығыс өлкесінің шекара маңы аудандарынан кәріс халқын көшіру туралы КСРО ХКК пен БК(б)П ОК қаулысына қол қойылды. Бұл бір нәрсенің екі жағы іспетті болды. Кәрістерді «жапон тыңшылығының ену жолын кесу» деген сылтаумен жер аударуды «үлкен саясаттың» бір бөлшегі ретінде, Кеңес Одағының өзінің Қытаймен одақтастық қарым-қатынасының тұрақтылығы, өзінің Жапониямен қарым-қатынасын, қиыр шығысы саясатындағы көзқарасын білдіруі ретінде қарастыру қажет [7, 46-47].

Тоталитарлық режімнің қуғын-сүргіндік саясатының жаңа бағыты ретіндегі кәрістерді жер аударуға арналған негіз осылайша даярланды, оның негізінде этностық топқа тиістілігі үшін ұжымдық жауапкершілік қағидаты жатты.

Соғыс қарсаңындағы жылдары күшейе түскен идеологиялық қайшылық пен ішкі «жауларды» іздеу нәтижесінде КСРО-ның Түркиямен, Иранмен және т.б. мемлекеттермен шекаралас аудандарда қоныстанған саны аз ұлттарға сенімсіздік білдірілді. Әзербайжан, Армения және Грузияның шекаралас аудандарында тұратын халықтар «сенімсіздер» қатарына қосылды, өйткені олардың көпшілігінің шетелдерде туысқандары болды. Олар этностық жағынан іргелес елдердің халықтарына жақын деп саналды. Бұл сыртқы әлемнен оқшауланып, жақындап қалған соғыс қаупі төнген Кеңес мемлекеті тарапынан үлкен алаңдаушылық туғызды.

Халықаралық жағдайдың шиеленісуі мен соғыстың айқын қаупі төнген жағдайда Кеңес мемлекетінің ұлттық саясаты барған сайын қуғын-сүргін сипатына ауысты. КСРО-ның Германиямен 1939-1940 жылдардағы құпия келіссөздері мен «Молотов-Риббентроп пакті» деген атаумен белгілі келісімдер КСРО-ның Балтық бойы елдерін, Батыс Украинаны, Батыс Белоруссия мен Бессарабияны өзіне қосып

алуына алып келді. Көп ұзамай бұл өңірлерді «кеңестендіру» мен «коллективтендіру» (ұжымдастыру) бойынша қарқынды науқан басталды және билік 20-30-жылдардың өзінде әзірлеген жоба бойынша Сібірге, Орта Азия мен Қазақстанға «кулақтар» деп аталатын топтар, сондай-ақ осы халықтардың өкіметке ұнамаған өкілдері көшірілді. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия аумағында тұрғылықты халықпен бірге поляк ұлтының жергілікті, сондай-ақ, гитлерлік әскердің Польшаға баса көктеп енуі салдарынан бұл жерге 1939-1940-жылдары эмиграцияланған өкілдерінің айтарлықтай бөлігі өмір сүретін. Поляктар таптық ерекшелігі бойынша емес, ұлттық ерекшелігі бойынша көшірілген саны мол топтардың бірі болды.

Немістердің жер аударылуы Германияның нұсқауы бойынша немістер қоныстанған Еділ бойы аудандарында болуы мүмкін жаппай бүлікшіліктермен және тыңшылық фактілерімен байланыстырылады. Алайда, мұрағаттардан «Германиядан берілген бұйрық бойынша неміс АКСР-і халқын Қызыл Әскердің тылындағы «бесінші отар елге» айналдыруға дайын мыңдаған және он мыңдаған бүлікшілер мен тыңшылардың Еділ бойы аудандарында болғандығы туралы әскери билік хабарлары мен басқа да дабылдарды» растайтын құжаттар анықталмады [8]. Осы жерде неміс халқының еліміздің қарсыластар әлі басып алмаған еуропалық бөлігінің барлық аудандарынан бір мезгілде көшірілгендігін айта кету керек. Ал Еділ бойы немістері АКСР-ін тарату да заңсыз еді. Алайда мұндай «әдептілікті» сақтау И. Сталинге және оны қоршағандарға тән емес еді. Бұл әрекет, әсіресе, террорлық іс-қимылдар Кавказ және елдің басқа да өңірлерін қоныстанған өзге де халықтарға қатысты күшейгені кейінгі жылдары айқын белгілі болды.

Кеңес-герман майданының ауқымды кеңістігінде үдей түскен соғыс қимылдары 1942 жылдың жазында кеңес әскерлері үшін тағы да сәтсіз болды. Батыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік майдандардағы көптеген бөлімдері мен құрамаларынан айырылған Кеңес әскерлері Харьковтен Сталинградқа дейінгі ауқымды аумақты жау қолына қалдыра отырып, шығысқа қарай шегінді. 1942 жылдың күзінде жау әскерлері Еділ өзенінің жағалауы мен Үлкен Кавказ жоталарының сілемдеріне жақын келді. Неміс басқыншыларының қол астында жартылай Шешен-Ингуш, сондай-ақ қарашайлар, балқарлар, қалмақтар тұрған аумақ қалып қойды.

Дегенмен, гитлершілердің Сталинград және Курск маңында ойсырай жеңіліс табуымен кеңес әскерлерінің шабуылы басталды. Бұл шабуыл барысында жау қолында қалған айтарлықтай аумақ босатылды. 1943-1944 жж. босатылған аймақта қалпына келтіру жұмыстарымен бірге

сатқындар мен жауға дем берушілерді іздеу қатар жүргізілді. Гитлершілер шегініп бара жатып, өздерінің соңында тарамдалған тыңшылық желі мен бүлікшіл топтарды қалдырды. Босатылған аумақты тазарту операциясы барысында әскери жасақтар мен НКВД көптеген автоматтар мен пулеметтер, сондай-ақ артиллериялық қару мен минометтер тартып алды. Алайда, НКВД органдарының басшылары жекелеген адамдар мен тұрғындар топтарынан ғана емес, тұтас халықтан қылмыстық белгілер іздеп, күмәнданды. Жекелеген халықтарды аймақ жау қалында қалған кезде жаумен ниеттес болған деп айыптау басталды. Сонымен соғысып жатқан елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген желеумен оларды жер аударуға сылтау табылды.

Бүгінгі күні бұл науқанның негізсіздігі күмәнсіз. Жалпы алғанда таратылған автономды республикалардың халықтары Кеңес өкіметіне риясыз берілді және олардың Отанға деген адалдығына күмәндануға ерік беретін ешқандай себеп болған емес. Егер фашистерге қызмет еткен жекелеген адамдар болса, бұл тұтас халықты айыптап, қуғынға ұшыратуға негіз болуы тиіс емес еді. Бірақ мұндай жағдайларда заңдылық пен құқық нормалары есепке алынбады.

Соған қарамастан, жекелеген халықтар мен ұлттық округтерді көшіру науқаны жалғаса берді. Солтүстік Кавказдан халықтарды жер аудару әрекетімен қатар еліміздің кейбір өңірлерін «ұнамсыз элементтерден» тазарту шаралары қатар жүргізілді. Әңгіме Қырымның, сондай-ақ Грузияның түріктер тұратын аудандары жайлы болып отыр. Бұл жағдайда қырым-татар халқын көшіру, сонымен бірге бұл жерлерді балгарлардан, қарайымдардан, гректерден, армяндардан және аз халықтардың басқа да өкілдерінен тазарту Қырым халқының моноұлттық сипат алуына мүмкіндік берді. Бұл халықтарды өздерінің тарихи отанынан көшірудің уәждері сырттай ерекшеленгенімен, олар, шын мәнінде, бәрі бірдей сипатта болды. Мысалы, қырым-татар халқы неміс басқыншыларымен белсенді ынтымақтастықта болды деп айыпталды. Бұл айып олардан КСРО ыдырағанға дейін алынбады және бұрын таратылған автономды облыстар мен республикалар қалпына келтірілген кезде оларға өз отанына оралуға 1957 жылы құқық берілсе, ал қырым татарларына, түріктер мен немістерге мұндай мүмкіндік берілмеді. Олар тіпті ақталғаннан кейін де туған өлкелеріне еркін қоныс аудара алмады.

1956 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің президиумы өз жарлығымен қырым-татар халқын формальды түрде ақтады. Алайда, олар шынайы ақталмады, айдау алынып тасталғанымен, қырым татарларына Қырымға оралуға тыйым салынды. Жер аударудан 23 жыл өткеннен кейін КСРО

Жоғарғы Кеңесі 1967 жылы дәлелсіз айыпты толықтай алып тастады, бірақ мемлекеттің бұл шешімі де нағыз формальді сипатта болды. Қырым татарларының жекелеген топтарының өз тарихи отанына оралуға деген талпыныстары жергілікті биліктің қарама-қарсы әрекетіне тап болды [9]. Қырым-татар халқының ұдайы, табанды күресінің арқасында ғана КСРО Жоғарғы Кеңесі 1989 жылғы 14 қарашада қырым татарларының Қырымға жаппай оралуына негіз болған «Халықтарды күштеп қоныстандыруға алып келген қуғын-сүргін актілерін заңсыз және қылмыстық деп тану және олардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы декларация» қабылдады.

1944 жылы 18 мамырда таң қылаң бере, қырым татарларын көшіру науқаны басталған еді. Оны өткізуге жазалаушы жасақтарға бар-жоғы 60 сағат қана және әрқайсысы 50 вагоннан тұратын 70-тен астам эшалон қажет болды. Бұл науқанды іске асыру үшін Ішкі істер халық комиссариаты мен Мемлекеттік қауіпсіздік халық комиссариатына Қырымның тиісті органдарының қарауына 5 мың жедел қызметкерді іссапарға жіберуге, операцияны қамтамасыз етуге ішкі әскерден 20 мың адам бөлуге және осы мақсатта 11 атқыштар полкін және батальондар мен жеке мергендер ротасын жіберуге жарлық берілді. Көшіруге дайындық өте шұғыл әрі ұйымдасқан түрде жүргізілді, 7 мамырда көшіру бойынша басшылық Қырымға 2 мың жүк тиеуші бөлуді өтінді. Шұғыл халық санағы жүргізілді, операцияны жүргізу штабы өз жұмысын Симферополь қаласында жалғастырды, 13 мамырда арнайы қоныстандырылғандардан мал, ауыл шаруашылық өнімдерін, басқа да мүлікті қабылдауды ұйымдастыру және басшылық жасау бойынша КСРО ХКК комиссиясы келді. Қырым татарларын көшіруден екі күн бұрын Мемлекеттік комиссияға көмекке 20 мыңдай адам бөлінді [10].

Жер аудару тауқыметы Грузияның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарына қоныстанған түріктердің де бастарына түсті. Ұлы Отан соғысы жылдары Грузия аумағына неміс басқыншылары мүлде енбеген еді. Демек кеңес түріктерін билік немістерге көмектесті деп айыптай алмады. Соған қарамастан, олар әзірленген сұлба бойынша көшірілді.

Шын мәнінде, жер аударуға негіз болды ма? 1948 жылғы 9 желтоқсанда БҰҰ-ның барлық мүшелері бекіткен «Геноцидтің алдын алу және геноцид үшін жазалау туралы» Халықаралық конвенция қабылданғаны белгілі. Конвенцияға сәйкес геноцидке қандай да бір адамдар тобына қатысты оны толықтай немесе ішінара жоюға бағытталған жағдайға тікелей немесе жанама түрдегі іс-әрекеттер жатады. Геноцидтің негізінде белгілі бір қауымдастықтың ұжымдық жауапкершілік қағидаты жатады. Бұл қағидаттың негізі, өз кезегінде,

аталмыш қауымдастық мүшелерінің шығу тегінің ортақтығы болып табылады. Осылайша, қуғын-сүргін бір нәрсеге жеке кінәлі адамдарға ғана емес, осындай қуғындалған адаммен бір топқа жататын адамдарға да қатысты болды [7, 47-48].

Қазақстандық академик, тарихшы ғалым М.Қ.Қозыбаев 30-жылдардың соңынан бастап Қазақстан «сталиндік халықтар абақтысына» айналды деп тұжырымдайды [11]. Шынында да, Қазақстанның әрбір бесінші тұрғыны әлеуметтік, сондай-ақ саяси себептермен жер аударылған арнайы қоныстандырылған адам болды. Күштеп қоныс аударту НКВД-ның басшылығымен жүргізілді.

Мұрағаттық құжаттарда «жер аудару» сөзі мүлде кездеспейді. «Көшіру», «еңбек қонысы», «арнайы қоныстандыру» сөздерімен қатар ізбе-із науқандардың тізбегі сияқты өтіп жатқан оқиғалардың мәнін дәл беретін «операция» сөзі жиі қолданылады.

Тарихшы А. Некричтің пікірінше, барлық халықтарды жер аударуға БК(б)П ОК Саяси бюросының мүшесі, Мемлекеттік қорғаныс комитетінің мүшесі, КСРО Ішкі істер халық комиссары Л. П. Берия жалпы басшылық жасаған. Операцияны НКВД әскерлері жүзеге асырды. А. Некрич Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтарды жер аударуды мемлекет алдын алу шаралары (Еділ бойы немістері, курдтар, түріктер, гректер) ретінде, жазалау шарасы (шешендер, ингуштар, балқарлар, қарашайлар, қырым татарлары) ретінде және шекара маңы тұрғындарының «сенімді» қабатын қалыптастыру мақсатын көздеген әскери-стратегиялық сипаттағы шара ретінде қарастырды деген қорытындыға келді [12]. Шын мәнінде, халықтарды жер аударудың күштеу әдістерін ешқандай әскери немесе басқа себептермен ақтауға болмайды. Жер аударылған халықтарға қарсы тағылған басты айып «жаумен жаппай ынтымақтастық» жасағандығы болды. Бірақ мұндай тұжырым нағыз сандырақ еді, өйткені бұл халықтардың ер азаматтарының басым бөлігі Қызыл Армия қатарына шақырылған болатын. Мысалы, КСРО НКВД мұрағаттық деректері бойынша, Шешен-Ингуш республикасында жүргізілген үш мобилизация нәтижесінде майданға 17413 адам жіберілген [13]. Ұлы Отан соғысы майдан шептерінде 20000 қалмақ солдаттары мен офицерлері соғысты. Жер аударуға ұшыраған қалмақтардың саны 91919 адам болды [13, 41-42].

Архивтік материалдарды талдау нәтижесінде кеңестік органдар Қазақстан аумағына арнайы қоныстандырылғандарды қабылдау мен орналастыруға дайындық алдын ала басталған деген қорытынды жасауға болады.

Мемлекет пен партияның саясаты арнайы қоныстандырылғандарды елді мекендерге жіберіп, ауылдық жерлердегі жұмыс ресурстарының жетіспеуін толтыру болды. Сонымен қатар соғыстың алғашқы айлары Орталық Ресейден Қырғызстан мен Солтүстік Қазақстанға қорғаныс үшін маңызы бар өнеркәсіптік кәсіпорындардың айтарлықтай бөлігі эвакуацияланған болатын. Оларда жұмыс істейтін арзан жұмыс қолдары қажет болды. Арнайы қоныстандырылғандар дәл осындай мақсаттарға бағытталды. Бұл гипотезаны арнайы қоныстандырылғандардың Шу арнасы сияқты алып нысандар салуда қатысқандығы растайды, олардың көпшілігі ағаш дайындау орындарында, шахталарда, кеніштерде, қорғаныстық маңызы бар кәсіпорындарда жұмыс істеді [1, 11].

Шешендерді жер аудару туралы шешімді қабылдауға жеке сипаттағы себептер негіз болды деген бос пайымдаулардың тиянағы жоқ деп саналады. Мысалы, бұл туған немере ағасын шешен шопандарының өлтіргені үшін Л. Бериянық кек алуы деген өсек тарады (онда қалмақтардың, қырым татарларының және басқалардың қатысы қанша?) [1, 41]. Халық арасында Берия шешендер мен ингуштарды Каспий теңізінің астына суға жібергісі келген, бірақ бұл жоспарды іске асыруға Сталин бөгет болған деген қауесет те тарады. Сондай-ақ, бұл оқиғаларды Сталин мен Бериянық Шешен-Ингушетия аумағы есебінен Грузия мен Солтүстік Осетияның шекараларын кеңейтуге ұмтылысымен түсіндіруге тырысу да негізсіз саналады.

Біздің ойымызша, халықтарды жер аударуды жүзеге асырудың себептері бүгінгі күні ешқандай сын көтермейді. Бұл себептерді саяси уәждермен де, лагерлік экономиканы нығайту қажеттігімен де түсіндіруге болады. Лагерлік экономика тақырыбы талқылауға тыйым салынған проблемалар қатарына жатқызылды. Еңбек армиясын құрудың және оның қызмет етуінің тарихы, оған қатысушылардың КСРО-ның әскери қуатын күшейтудегі нақты үлесі ондаған жылдар бойы зерттеусіз қалды. Бұл тақырып тыл тарихы мен халықтың Жеңіс жолындағы еңбек ерлігі тұрғысынан жалпы қарастырылып, «еңбек майданы» деген жалпы ұғымның аясына еніп кетті. Еңбек армияшылары қызметінің ауқымы мен нәтижелері сияқты еңбек армиясына кімнің, қашан және қандай заңдық мәртебемен тартылғандығы саналы түрде қарастырылмай, оның қыр-сыры ұмытылды. Ал уақыт өте келе, «Еңбек армиясы» ұғымы қолданыстан мүлде алынып тасталды, өйткені, жеңіс жолында еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейінгі халықтың бәрі жанқиярлық еңбек көрсетті деп саналды.

Мұндай айлакерліктің сыры қарапайым түрде түсіндірілді: Қызыл Армия құрамына шақырылмағандардың қатары әскери өнеркәсіпте жұмыс істеу үшін ресми түрде жіберілгендермен бірге Еңбек армиясы майданға жөнелтуге болмайтын ұлттардың және таптық жағынан жат саналатын элементтерден; сондай-ақ, моральдық-саяси түсініктері бойынша әскерге шақыруға болмайтын, яғни ең алдымен арнайы қоныстандырылғандар, айдаудағы еңбекке жегілгендерден; 30-жылдары кәмпескеленген кулактар мен байлар, олардың отбасы мүшелерінен; 30-жылдары шаруа толқулары мен көтерілістеріне қатысушылардың және т.б. өкілдерінен тұрды (соғыстың алдыңғы және соғыс жылдарындағы осылай ресми құжаттарда шақыруға болмайтын халықтардың өкілдері, сондай-ақ моральдық-саяси белгілері бойынша шақыруға болмайтын адамдар деп көрсетілген) [14, 315].

Тоталитарлық режимге ол өзі сол сәтте қоғамнан аластаған адамдардың еңбектерін объективті түрде бағалау тиімсіз болды. Осының салдарынан моральдық-саяси сапасына қарай сталиндік заңдардың критерийлеріне толықтай сай келетін және Еңбек армиясына әбден заңды түрде мобилизацияланған адамдар да ұмытылып қалды.

Соғыс жағдайында болған, ұрыс барысында аумағының, материалдық-техникалық және экономикалық ресурстарының айтарлықтай бөлігінен айырылған кез келген мемлекеттің өзінің барлық күшін, оның ішінде тыл жұмысын ұйымдастыру, яғни соғысты нәтижелі жүргізу үшін әскери экономиканың барлық құрылымын реттеу үшін адам күштерін жұмылдыруы тиіс екендігін жоққа шығаруға болмайды. Бұл үшін соғыс уақытының заңдары мен нормативтік актілері еңбекке қабілетті және әскери қызметке жарамды барлық азаматтар майданға жұмылдыруға және еңбек борыштарын атқаруға бағытталды. Алайда, екінші дүниежүзілік соғыстың тарихындағы басқыншыларға қарсы соғысып жатқан ел соғыспен қатар өзінің миллиондаған азаматтарын қоғамнан аластап, осындай жолмен мәжбүрлі еңбек лагеріне тарту тарихта еш кездескен емес.

20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында, елімізде өнеркәсіпті барынша индустралияландыру және ауыл шаруашылығын күштеп коллективтендіру басталғанда мәжбүрлі түрде еңбекке жегу қайтадан кең етек алды. Бұл жерде сонымен қатар жазалаушы саясаттың да қанат жайғандығын айта кету керек. 30-жылдары Қазақстан өзіндік резервацияға айналды. Ресейдің, Украинаның, Белоруссияның және басқа да республикалардың ішкі аудандарынан арнайы қоныстандырылғандардың жалпы саны 1936 жылы 360 мың адамға жетті [14, 317].

Кең ауқымды өнеркәсіптік құрылыс, табиғи байлықтар мен жаңа кен орындарын игеру арзан жұмыс күшін көбейтуді талап етті. Жазалаушы саясаттың күшеюімен Солтүстікте, Уралда, Қиыр Шығыста, Сібірде, Орта Азияда және КСРО-ның басқа да өңірлерінде еңбекпен түзеу лагерьлерінің желісі кеңейді. Осылайша, күштеп еңбекке жегу жүйесі жетіліп, лагерлік экономика қалыптасты.

Тұтас халықтарды жер аударудың негізінде, сондай-ақ, саяси сипаттағы себептер де жатты. Күштеп көшіру Отанға сатқындық деген жалған жала жабумен жүргізілді, бұл адамдардың құқықтық жағынан қорғалмағандығының, жүйенің әкімшіл-әміршіл озбырлығы мен Сталиннің жеке басына табынудың көрсеткіші болды.

Ұлттық саясатты өрескел бұзу тұтас халықтарды күштеп көшіруден ғана емес, бірқатар ұлттық-мемлекеттік автономды құрылымдарды (Қалмақ, Қырым автономды республикаларын, Қарашай-Черкес автономды облыстарын) таратудан да көрінді.

1989 жылғы 14 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңесі күштеп көшірілген халықтарға қарсы қуғын-сүргін актілерін заңсыз және қылмыс деп тану және олардың құқықтарын қорғау туралы Декларация қабылдады. 1991 жылғы 26 сәуірде қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау туралы РКФСР Заңы қабылданды. Заңда Кеңес үкіметі жылдары «ұлттық тиістілік белгілері бойынша мемлекеттік деңгейде жала жабу және геноцид саясаты жүргізіліп, күштеп көшірілген, арнайы қоныстарда лаңкестік және зорлық-зомбылық режімі орнатылған халықтар қуғын-сүргінге ұшырады деп көрсетілген. Осы халықтарға қатысты мемлекеттік деңгейде қолданылған озбырлық пен заңсыздық саясаты құқыққа қарсы саналып, қуғын-сүргін көрген халықтардың ғана емес, еліміздің барлық халқының абыройын аяқасты етті. Бұл Заң арқылы, оның алғысөзінде айтылғандай, тарихи әділеттілік қалпына келтіріліп, құқықтарды қалпына келтіретін актілерді қоспағанда, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға қатысты қабылданған одақтық, республикалық, жергілікті органдардың, лауазымды тұлғалардың барлық актілерінің күші жойылатындығы жарияланды; олар конституциялық емес және күшін жойған құжаттар ретінде танылды. Заңда бұл халықтардың толық ақталғаны мойындалды: территориялық жағынан – олардың өз еріктеріне сәйкес дәстүрлі өмір сүрген жерлеріне оралуды қамтамасыз ету; саяси жағынан – еркін ұлттық даму құқығы, өздерінің саяси құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыруға басқа халықтармен теңдей мүмкіндік беруді қамтамасыз ету; әлеуметтік жағынан – қуғын-сүргін салдарынан келтірілген әлеуметтік залалдың орнын толтыру; мәдени жағынан – олардың рухани мұрасын қалпына келтіру және мәдени

қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру межеленеді.

Сонымен қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға қатысты мемлекеттік деңгейде «озбырлық пен заңсыздық, геноцид пен жала жабу саясаты» қолданылғаны мойындалды.

1939-1941 жж. Батыс Белоруссия мен Батыс Украина КСРО құрамына енген кезде 102 мың жер аударылған поляк республикамыздың тұрғындары атанды. Бұл республикалардың кеңес режиміне жақпаған барлық өкілдері 20-30-жылдардың өзінде әзірленген жоба бойынша Сібірге, Орта Азия мен Қазақстанға көшірілді. 1940 жылы Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Талдықорған, Алматы және Жамбыл облыстарына айдалғандардың көптеген отбасылары жіберілді. Олар қуғын-сүргінге ұшыраған көтерілісші ұйымдар қатысушыларының, бұрынғы Польша әскері офицерлерінің, полицейлердің, түрме қызметкерлерінің, жандармдардың, помещиктердің, бұрынғы Польша мемлекеттік аппаратының фабриканттары мен шенеуніктерінің отбасы мүшелері болды [15]. Олардың арасында арнайы қоныстандырылғандардың «Польша осадниктері мен қашқындары» деп аталатын жаңа контингент пайда болды. Осадниктер – Польшадан қоныс аударылғандар, негізінен 1920 жылғы польша-кеңес соғысында ерекше көзге түскен, украиндар мен белорусстар қоныстанған аудандардан жер алған, бұрынғы польша әскерінің әскери қызметшілері. Осадниктер Польшада жергілікті тұрғындарға қатысты белгілі бір полицейлік қызметтер атқарды, сондықтан КСРО-да «еңбекші халықтың қатерлі жаулары» деп аталып, жаппай отбасымен бірге КСРО-ның түкпір-түкпірлеріне көшірілді. Олардың ұлттық құрамының біркелкі болмағандығын да айта кетуіміз қажет. Олардың негізгі бөлігі поляктар болды, алайда, олардың арасында еврейлер, украиндар, белорустар, немістер және басқа да ұлт өкілдері айтарлықтай мол болды. Сонымен қатар Қазақстанда Польшаның қуғын-сүргінге ұшыраған офицерлері мен басқа да шенділердің шамамен 66 мың отбасы мүшесі айдауда болды [16, 156].

1942 жылы Саратов облысы аумағында тұрып жатқан поляк азаматтары жер аударуға ұшырап, олар Алматы облысына жіберілді [17, 193-194]. Соғыстың соңында көптеген поляк арнайы қоныстандырылғандары отанына оралуға үміттенді, бірақ 1944 жылы, Кеңес Әскері Польша аумағына енгеннен кейін, әскерилер, партиялар және саяси қайраткерлердің лагерьлеріне тағы да жер аудару басталды. Сонымен, Қарағанды облыстық Мемлекеттік архивінің деректері бойынша, Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстан аумағына 104 мың поляк пен олардың отбасы мүшелері көшірілді [18].

Батыс және польша баспасөзінде поляктарды жер аудару 4 кезеңге бөлініп қарастырылады: 1) 1940 жылғы 10 ақпандағы науқан – поляк жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттік қызметшілер аппаратының негізгі бөлігі мен осадниктерді тұтқындау және күштеп әкету; 2) 1940 жылғы 3 сәуірде бай шаруаларды («кулактарды») тұтқындау және «еңбек кенттеріне» көшіру; 3) Орталық және Батыс Польшадан келген қашқындарды КСРО-ның батыс облыстарынан 1940 жылы маусым-шілде айларында күштеп әкету; 4) 1941 жылдың маусымы – адамдарды Батыс Белоруссия мен Батыс Украинадан алып кету.

НКВД органдарының поляктарды жазалау әрекеті Қазақстанда да жалғасты. Оларды ерекше кеңес – НКВД үштігі соттады. Сонымен Екінші дүниежүзілік соғыстың бастылуымен Қазақстан поляктарының жаңа тарихы басталды. Олар Қазақстанға өмір сүруге қажетті ештеңесі жоқ жағдайда және «халық жауы» деген атақ алған күйзеліс үстінде келді. 1941 жылдың шілдесінен кейін НКВД есеп атауларында «осадниктер», «қашқындар», «қуғын-сүргінге ұшырағандар отбасылары» дегендердің орнына «бұрынғы польша азаматтары» деген атау пайда болды.

1940-1941 жж. қоныстандырылған поляктар «Польша осадниктері мен қашқындар» контингенті саналғандығын айта кету керек. Олар эмигранттар ретінде өмір сүрді, сондықтан биліктің оларға деген көзқарасы басқа арнайы қоныстандырылғандарға қарағанда соншалықты қатал болмады. Сондықтан да 1940-1944-жылдары Қазақстанда өмір сүрген поляктар мен Украинада тұратын поляктарды Қазақстанға қоныс аудартуға негіз болған КСРО ХКК «Украинадан қоныс аударғанда туралы» Қаулысы бойынша Украина мен Белоруссияның шекара маңы аудандарынан сонау 1936 жылы осы жерге қоныс аудартылған поляктармен ешқандай жағдайда да шатыстыруға болмайды. Олардың әлеуметтік мәртебесі шекаралық аймақтардағы «саяси сенімсіз элементтер» ретінде белгіленді. Бұл поляктар бөтен белгілеріне қарай емес, ұлттық белгілеріне қарай қоныстандырылған КСРО халқының алғашқы саны көп тобы болды.

КСРО-да польша автономды аудандарының болғаны туралы дерек бүгінгі күні ұмыт болған. Дегенмен, «Польша элементі» ұлттық азшылық проблемасын демократиялық бастама жолмен шешудің алғашқы ұмтылысы болғаны да назар аударуға тұрарлық. Поляк экспериментті Юлиан Мархлевский мен Феликс Кон (1918 жылы Польша және Литва социал-демократиялық корольдігін ұйымдастырушылар) Коминтерн конгресінде шекара белдеуінде Польша автономды территориялық-әкімшілік бірліктерін құру туралы ұсыныспен шыққан

1922 жылы басталды. Осы мақсатта, Польша барлауының деректері бойынша, 1923 жыл мен 1925 жылдың соңы аралығында Орталық Ресей мен Сібір қалаларынан қиыр шығыс аумақтары деп аталатын жерлерге, ең алдымен Волынь облысына 30 мың поляк отбасы қоныс аудартылды. Олар Қиыр шығыстағы бұрынғы поляк алпауыттарының жерлеріне орналастырылды. Кеңес поляктары үшін Украинада Ю. Мархлевский атындағы және Белоруссияда Ф. Дзержинский атындағы салыстырмалы түрде ірі екі автономды аудан құрылды. Кеңес Одағындағы Польша социалистік ұлттық автономиясының құрылымы 500-ден астам поляк тұратын жерлердің бәрінде құрылған Польша ұлттық жергілікті кеңестері деп аталатын аса кең желіні құрады. Польша институттары мен әкімшілік бірліктердің осыншама көп болуы 1,2 млн. жуық полякқа (оның ішінде 650 мыңы Украинада және шамамен 300 мыңы Белоруссияда) қызмет көрсетуге арналды. Польша коммунистерінің барынша күш салуына қарамастан, бұл аумақ тұрғындарына «социалистік ойлау» стереотипін енгізу мүмкін болмады. Мархлевшілік колхоздық құрылыс табыстарының «ақтаңдағы» болып саналды. Коллективтендіруге қарсы тұру жергілікті «кулактар» мен «кулактардың құйыршықтарын» жаппай жер аударуға алып келді [19, 4-5].

Арнайы қоныстандырылғандардың құрамы поляктар, немістер, негізінен Житомир, Киев, Винницкая және Кировоградская облыстарының тұрғындары болды. 1936 жылдың соңына қарай жаңадан келген шаруашылықтардың 95%-ы колхоздарға біріктірілді. Ол кездері колхоз мүшелері ғана заңдық тұрғыдан қорғалған адамдар болды. Егер колхоз жекеше шаруаларға егістік пен себетін астықты бөліп берсе, онда олар жерді өздерінің күштерімен жыртып, дәнді өздерінің күштерімен себетін болды. Осы қарапайым себептен кейбір шаруашылықтар дән себуден бас тартты. Осындай кездері жергілікті тұрғындар мен арнайы қоныстандырылған поляктар арасында ұрыс-керістер болып тұрды.

Қоныстандырылғандар үш санатқа бөлінді: 1 – колхоз құрылысына адал қарағандар; 2 – Украинаға оралуға дайындалып жатқандар; 3 – зиянкестер [44, 6].

Германиямен соғыс басталғаннан кейін кеңес үкіметі мен Польша иммигранттық үкіметі арасында 1941 жылғы 30 шілдеде дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіру туралы және КСРО аумағында Польша әскерін жасақтау туралы келісімге қол қойылды. КСРО үкіметі 1939 жылғы кеңес-герман келісім шарттарының күші жойылған деп таныды. Кеңес-польша келісіміне төмендегі мазмұндағы хаттама қоса тігілді: «Кеңес үкіметі кеңес территориясында соғыс тұтқындар

есебінде немесе басқа да жеткілікті негіздемелермен қазіргі кезде тұтқында отырған барлық Польша азаматтарына дипломатиялық қатынастар қалпына келтірілген кезден бастап рақымшылық етеді» [20]. Осы хаттамаға сәйкес 1941 жылдың тамыз айында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «барлық Польша азаматтарына» рақымшылық жариялау туралы Жарлық қабылдады.

Кеңес үкіметі азаматтықты ұлттық белгі бойынша анықтады. Батыс Украина мен Батыс Белоруссия тұрғындары арасынан Польша азаматтары ретінде тек поляктарды ғана санады. Осы жерде олардың ұлттық құрамы біркелкі болмағандығын айта кеткен жөн. Олардың негізгі бөлігі поляктар болды, бірақ олардың арасында көптеген еврейлер, украиндар, белорустар, немістер және басқа да ұлттардың өкілдері өмір сүрді.

Қазақстан аумағында өмір сүретін Польша азаматтарына Куйбышев қаласындағы Польша Республикасы Елшілігі тарапынан 1941-1943 жж. жасалған қорғау қызметі туралы мәселе ондаған жылдар бойы саналы түрде айтылмады. Польша Республикасының елшісі мен Вышинский арасында келісілген шешімнің негізінде поляктар қоныстанған аудандарда өкілдіктер ұйымдастырудың кезеңі басталды. Бұл өкілдіктердің негізгі міндеті қамқоршылық іс-шараларды және әкімшілік тұрғысынан Польша азаматтарының өмірін үйлестіру болып табылды. Кеңес Одағы үкіметі өкілдіктің Кеңес мемлекетіне қатысты жаулық әрекеттермен айналысып жатқандығына сенімді болды. Дәл осы кезден бастап кеңес басшылығы сенім білдірілген тұлғалар жоғары тұрған органдардың көмегінсіз жұмыс істей алады деп дәлелдеп бақты. Алайда, 1942 жылдың соңында жағдай ушыға түсті. Қазақстанда 200-ден астам әртүрлі қамқоршылық ұйымдар жұмыс істеді.

Жағдай Лондондағы Польша үкіметі мен Кеңес Одағы үкіметі арасындағы қатынастарда шиеленіс пайда болғаннан кейін түпкілікті нашарлай түсті. Шынында да, Куйбышевтегі Польша Республикасы Елшілігінің қызметі мыңдаған польша азаматтарының өмірін сақтап қалуда маңызды рөл атқарды. Поляктарды еңбек армиясына шақыра бастады. Жұмысшылар топтары Қазақстанның және барлық Кеңес Одағының көмір, металлургия және басқа да стратегиялық салаларында жұмыс істеу үшін «сенімсіз» халықтардан қалыптастырылды. Еңбек армиясына шақырылған ер азаматтар негізінен Қарағанды, Челябинск, Воркут және басқа да қалаларға жіберілді. 1943 жылдан бастап әйелдерді де мобилизациялау басталды. 1946 жылдың басында облыста 1203 поляк бүлдіршіндер жататын 8 балалар үйі болды. Балалар анкетасының «Ата-анасы туралы мәлімет» деген бағанында көбінесе «Еңбек армиясында» деп көрсетілді [19, 12].

Арнайы қоныстандырылғандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде ауыр жағдай қалыптасты, көкөніс пен басқа да қажетті азық-түлік болмады. Нанмен қамтамасыз ету де тұрақты түрде болмады. Әсіресе, КСРО-дағы, оның ішінде Қазақстандағы Польша армиясы әскерилерінің отбасыларын материалдық жағынан қамтамасыз етуде келеңсіздіктер орын алды.

Осы жайттарға байланысты Қазақстан үкіметі әскерилер, эвакуацияланғандар отбасыларының материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша бірқатар іс-шаралар ойластырды. ҚазКСР ХКК 1944 жылғы 5 сәуірдегі «Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан КСРО-ның тыл аудандарына эвакуацияланған бұрынғы Польша азаматтарына қосымша материалдық көмек көрсету туралы» қаулысы Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан КСРО-ның тыл аудандарына эвакуацияланған бұрынғы Польша азаматтарына бір адамға төмендегі мөлшерде азық-түлік пайын (паек) беруді міндеттеді: ұн – 2 кг, жарма – 1 кг, май – 500 гр, қант пен кондитер өнімдері – 500 гр, тұз – 560 гр, кір сабын – 1 кесек [21]. Әскерилердің отбасыларына үш күн мерзім ішінде зейнетақы, жәрдемақылар тағайындалды және Қызыл Армия әскерилерінің отбасыларына белгіленген сияқты ретпен өткен кезеңдер үшін өтемақы төленді [105], сондай-ақ тұрғын үйлерге шұғыл қажетті жөндеу жүргізу және тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша шаралар қабылданды [21, 24 б.].

ҚазКСР ХКК «Польша азаматтары үшін келіп түскен қайырымдылық жүкті заңсыз пайдалану туралы» 1944 жылғы 6 қазандағы қаулысымен Польша азаматтары үшін келіп түскен қайырымдылық жүкті заңсыз пайдаланған адамдарды қатаң жазалау туралы шешім шығарылды [21, 25 б.].

Сталиннің жеке басына табыну әшкереленгеннен кейін ғана мемлекеттік машинаның тетігі тоқтатылды. Поляктарды арнайы қадағалау 1956 жылы ғана аяқталды. Үш күн мерзім ішінде жергілікті жерлерде құрамына облыстық атқару комитеттерінің төрағалары, НКВД басқармасы, МҚКБ бастықтарының орынбасарлары енген комиссия құрылды, поляктарды жөнелту бойынша нұсқаулар әзірленді, арнайы қоныстандырылғандарды бұрынғы өмір сүрген жерлеріне жөнелту үшін теміржол құрамын беру ұйымдастырылды, эшелон бастығына арналған арнайы қоныстандырылғандарды алып жүру және олардың жол жүруіне қызмет ету бойынша нұсқаулық жасалды [21, 20-22 бб.].

Ұлы Отан соғысының басталуымен алғашқы болып Еділ бойы аудандарында тұратын немістер жер аударылды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Еділ бойы Неміс автономды облысын

тарату туралы» жарлығы шықты, «Еділ бойы немістерін Қазақстанға орналастыру туралы» және «Грузиядан, Әзербайжан мен Армян ССР-інен немістерді қоныс аударту туралы» қаулылары қабылданды. Неміс ұлтының барлық адамдары дерлік жер аударылды: еділдік, мәскеулік, Украиналық, Кавказдық немістер жер аударылды, майдан шебінен офицерлер мен солдаттар шақырылып алынды. Немістер күштеп қоныстандыруға ұшыраған барлық халықтардың ішінен ең саны көп ұлттық топ саналды. 1942-1942 жж. барлығы 1209430 неміс қоныс аударылды [17, 42]. Олардың ішінен, Қарағанды облыстық Мемлекеттік архиві деректері бойынша, Қазақстанға 225 мыңнан 350 мыңға дейін немістер жер аударылған. Басқа дереккөздер бойынша, соғыс жылдары Қазақстанға 420 мыңнан астам неміс халқы жер аударылған [22, 8]. ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті Мұрағатының деректері бойынша, «ҚазКСР облыстарына қоныстандырылған немістерді орналастыру туралы анықтамада» 1941 жылғы 10 желтоқсандағы жағдай бойынша 34970 адам [23], ал 1942 жылғы 5 қаңтардағы жағдай бойынша 382102 адам болды [24]:

Республикамызда арнайы қоныстандырылған немістерді қабылдауға даярлық алдын ала жүргізілді. ҚазКСР Халық комиссариаты кеңесі мен Қазақстан КП (б) ОК 1941 жылғы 1 қыркүйектегі «КСРО ХКК мен БК (б) П ОК осы жылғы 26 тамыздағы «Саратов, Сталинград облыстары мен Еділ маңы немістері республикасынан қоныс аударылған немістерді қабылдау бойынша» қаулысын іске асыру бойынша іс-шаралар туралы» қаулысы бойынша Қазақстан облыстарында қоныстандырылған немістерді қабылдау, орналастыру және жайластыру үшін облыстық штабтар құрылды [34, 97-98]. Алайда, облыстық ұйымдар қоныстандырылған немістерді қабылдау мен орналастыруға дайын емес болып шықты. Жоспарлы қоныстандырылғандар келместен бұрын олар үшін тұрғызылған үйлер елдің батыс аудандарынан эвакуацияланған халықтың орналасуына берілген болатын. КСРО ХКК 1941 жылғы 21 қарашасындағы өкімімен Куйбышев облысынан 1677 неміс отбасы жер аударылды, сондай-ақ, Қалмақ АКСР-інен 6 мың неміс көшірілді [25].

Жер аударылған осыншама көп немісті орналастыру бойынша орталықтың тапсырмаларын орындау шын мәнінде мүмкін болмады. Ертіс өзені арқылы өтетін кемелердің тоқтатылуы және темір жолдардың шалғайлығы, сондай-ақ жергілікті биліктің озбырлығы жер аударылған немістерді аштыққа ұшыратып, қырылуына алып келді. Осыған байланысты жергілікті халықтың жер аударылған немістерді өздерінің үйлеріне орналастыру бастамасы өте маңызды болды.

Мемлекет саясаты арнайы қоныстандырылған немістерді ауылдық елді мекендерге орналастыруға бағытталды. Осылайша, ауылдық еңбек ресурстарының жетіспеушілігін толтыруға ұмтылыс жасалды.

Гитлершілдер басып алған аумақтардың босатылуына қарай жер аударылған халықтардың өкілдерін көшіру жалғасты. Жер аударуға ең алдымен тағы да сол неміс халқы ұшырады. 1944-1945 жж. Украинаның, Белоруссия мен Балтық бойы елдерінің босатылған аумағынан сол жерде соғысқа дейінгі уақыттан бері тұрып келе жатқан неміс халқы көшірілді. Олардың барлығы, тіпті санының аз болғанына қарамастан, Сібір мен Қазақстан аудандарына тұрақты өмір сүру үшін жіберілді. 1945 жылдың соңына қарай Қазақстанға елдің батыс аудандарынан шамамен 9 мың неміс отбасы қосымша орналастырылды [22, 2].

Жоғарыда келтірілген анықтамадан көретініміздей, немістер орналастырылған негізгі жерлер республиканың солтүстік және орталық өңірлері болған. Ұлы Отан соғысы жылдары ішінде Қазақстан аумағына жер аударылған немістердің саны өзгеріп тұрды, өйткені олардың көп бөлігі еңбек армиясына және негізінен Қарағанды қаласының көмір өнеркәсібіне жұмылдырылған болатын. 1942-1943 жж. құрылысқа, көмір және мұнай өнеркәсібіне және НКВД лагерьлеріне 103733 неміс тартылды, олардың ішінен 92438 адам, оның ішінде 30403 әйел Қазақстаннан тыс жерлерге жіберілді [26]. Еңбекке жұмылдырылған немістердің көп бөлігі Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі болды.

1944 жылғы 1 шілдеде республика бойынша есепте арнайы қоныстандырылған немістер саны 218328 адамды (71151 отбасы) құрады. Ал соғыстың соңына қарай 1945 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, ҚазКСР-індегі арнайы қоныстандырылғандар туралы НКВД анықтамасына сәйкес, есепте 243722 адам (79017 отбасы) тұрды [27].

Немістерді қоныстандырудың алғашқы кезеңінде олардың ауыр материалдық-тұрмыстық жағдайынан жағымсыз саяси жағдай туындағандығын айта кетуіміз керек. Немістерді қабылдау мен орналастыру бойынша нұсқаулықта қоныстандырылғандарға берілген атаулы түбіртектердің орнына оларға айырбастау операциясы жолымен жеке пайдалану үшін мал беру көзделді. Алайда, құжаттар растағанындай, «олардың басым көпшілігі мемлекетке өндіріс құралдарын, сондай-ақ азық-түлік тапсырғанын растайтын құжатсыз келген еді» [28, 109]. Ауыр материалдық жағдайға «кеңес үкіметіне қарсы көңіл-күйдің жандануы, әртүрлі өсектердің тарауы, кеңес үкіметінің жеңілуі туралы насихат, колхоздардағы кері үгіт жұмыстар» себеп болды және осыған байланысты Қазақстан КП(б) барлық

партиялық ұйымдарға «қоныстандырылған немістер бар және олар келіп жатқан жерлердегі колхоздарда саяси жұмыстарға ерекше көңіл бөлуді және олардың арасында саяси жұмыстар жүргізуді қамтамасыз етуді» міндеттеді [28, 103-104].

Күштеп жер аударуға алғашқылардың бірі болып қарашайлар да ұшырады. Бұл халықтың өз автономды облысы бастапқыда 1922 жылғы 12 қаңтарда РКФСР-дің Ставрополь өлкесінің құрамында негізі қаланған Қарашай-Черкесс автономды облысы болып құрылды.

Соғыс жылдары басқа халықтар сияқты қарашайлар да гитлершілерге қарсы соғысқа белсенді қатысты. Дегенмен, 1943 жылғы 12 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен Қарашай автономды облысы таратылды, ал 1943 жылғы 4 қазанда КСРО ХКК қарашайларды көшіру туралы жабық қаулы қабылдады. Қысқа мерзім ішінде облыстан жалпы саны 69267 адам болатын 14774 отбасы жер аударылды [55, 9-10]. Олардың ішінен Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына саны 45529 адамды құрайтын 11711 отбасы орналастырылды (А. Алдажұмановтың деректері бойынша). Ал Қарағанды облыстық Мемлекеттік архивінің деректері бойынша шамамен 70 мың қарашай жер аударылды. ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті архивінің деректері бойынша, ҚазКСР-інде арнайы қоныстандырылғандар туралы ҚазКСР НКВД бастығының орынбасары Николаевтің анықтамасында 1945 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикамыз бойынша саны 40767 адамнан тұратын 10505 отбасы болды, олар төмендегіше орналастырылды: Жамбыл облысында – 4537 отбасы, саны – 17448 адам, Талдықорған облысында – 19 отбасы (36 адам) және Оңтүстік Қазақстан облысында – 5949 отбасы (23283 адам) [27, 147 б.]. Ал соғыстың соңына қарай 1945 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 39431 адам (10350 отбасы) болды [29]. Көшіру жұмыстарында қатаң шаралар қолданылып, қысқа мерзім ішінде жүргізілді. 1957 жылы Қарашай-Черкесс автономды облысы қалпына келтірілгеннен кейін ол жерге Орта Азия мен Қазақстаннан 90%-ға жуық қарашай оралды.

Жер аударудың қасіретті тағдыры балқарлардың да маңдайына жазылыпты. Кабардин-Балқар автономды облысы 1922 жылғы 16 қаңтарда РКФСР-дің құрамында құрылған болатын, 1936 жылғы 5 желтоқсанда ол автономды республика болып аталды. Басқа халықтармен бірге балқарлар да негізінен майдан шебінде болды. 1943 жылдың қаңтарында балқарлардың жері жаудан азат етілді, ал олардың өздері жалған айыппен өздерінің тарихи отанынан көшірілді.

Балқарларды көшіру туралы МҚК қаулысы 1944 жылғы 5 наурызда қабылданды. Жер аударудың салдарынан Қазақстанға жалпы алғанда

саны 25 мың адам болатын 4660 балқар отбасы келді. Бірақ жер аударылғандардың саны күрт азайып, 1945 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 20288 адамды (5405 отбасы) құрады.

Көп ұзамай жер аудару нәубеті Қалмақ АКСР-і халқының да басына төнді. 1943 жылғы 28 қазанда қалмақтар КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығына және КСРО ХКК қаулысына сәйкес жер аударылды. Бұған КСРО-ның басқа да халықтарымен бірге қалмақтар да жауға қарсы күреске аттанып, соғыста көрсеткен ерліктері үшін 21 адам Кеңес Одағының Батыры атанғанына, ал 8 мың қалмақтың орденьдермен және медальдармен марапатталғанына қарамастан, Солтүстік Кавказ халықтарына қарсы тағылған айыптар себеп болды. Олар тұрақты тұрғылықты жерлерінен көшірілді. 1944 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша республика аумағындағы қалмақтар саны ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті архивінің деректері бойынша 2233 адамды (680 отбасы) құрады [30, Л.5]. Ал ҚазКСР НКВД деректері бойынша 1945 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша – 2541 адам (760 отбасы) болды [31]. Қалмақ АКСР-і 1943 жылғы 27 желтоқсанда таратылды.

Кавказ халықтарының арасындағы ең саны мол Шешен-Ингушетия ежелден Кавказдың қақпасы саналатын. Грозныйлық кеңес зерттеушісі В. И. Филькин соғыс жылдары армияға 18500-ден аса шешендер мен ингуштар шақырылған деп есептейді [30]. Шешендер мен ингуштардың көпшілігі Брест қамалы гарнизонында әскерде болды. Брест қамалы мен оған іргелес үш қамалда (қорғанда) қаза тапқан екі мың кеңес солдаттары мен офицерлерінің екі жүзден астамы шешендер болды [32].

Соғыстың бастылуымен Шешен-Ингушетияда еріктілер қатарынан ұлттық бөлімдер жасақталып, соғысып жатқан армияға жіберілді. 1942 жылдың соңына дейін ұрысқа 255-ші жеке шешен-ингуш атты әскер полкі қатысты [3, 354]. Сталинград түбіндегі шайқастағы үлкен шығындардан кейін полктің қалдығы басқа әскери бөлімдер құрамына өтті. Бұл полктен басқа Қызыл Армия құрамында шешендер мен ингуштар арасынан еріктілерден жасақталған жеке атты әскер эскадроны соғысты. А. Авторханов шешен және ингуш еріктілерінен құрылған жеке атты әскер дивизиясы тіпті толық қару-жарақ кешенін алып үлгерместен, соғыс шебіне жіберілгенін жазады. Бұл дивизияны немістер 1942 жылғы 4 тамызда Котельников түбіндегі шайқаста тас-талқан етті [5, 56]. Дегенмен, Кеңес үкіметі шешендердің толықтай адалдығына күмәнмен қарады, сондықтан 1942 жылдың наурыз айында шешендер мен ингуштарды Қызыл Армия қатарына шақыру тоқтатылды.

1944 жылғы 23 ақпанда фашистік басқыншы әскерлерге көмектесті деген жалған айыппен шешендер мен ингуштар жаппай Қазақстан пен Орта Азияға жер аударылды. 1944 жылғы 7 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен Шешен-Ингуш АКСР-і таратылды. Оның аумағы Ресей мен Грузия арасында бөлінді, жерлерінің бір бөлігі Солтүстік Осетия және Дағыстан АКСР-інің құрамына өтті.

Олар КСРО-ның барлық аумағына қоныс аударылды: Солтүстік Кавказ, Грузия, Әзербайжан республикаларына, Краснодар өлкесіне және т.б. Оларды Қызыл Армия қатарынан босатып, НКВД арнайы қоныстандыру бөлімдерінің қарауына жөнелтті.

Орта Азия мен Қазақстанға адамдарды теміржол құрамдары арқылы жеткізу кезінде тасымалданған халықтың өлімі көптеп кездесіп отырды. Олардың біразы Қазақстан жерінде айдалаға түсіріп тастағандықтан, өліп жатты. Күштеп жер аудару кезіндегі құрбандардың нақты саны белгісіз болып қалып отыр.

1944 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша республикамыз бойынша Солтүстік Кавказ халқының 414046 адамы (101032 отбасы), ал 1945 жылдың 1 қаңтарына қарай 360405 адам (88513 отбасы) есепте тұрды [33].

Нақты шығындар айтарлықтай көп болды, қоныстандыру 200 мыңнан астам шешендер мен ингуштардың өмірін жалмады [3, 354]. Бұл шешен-ингуш халқының басына түскен нағыз қасірет болды.

Неміс, кәріс, түрік сияқты тығыз орналасқан басқа халықтарға қарағанда шешендер мен ингуштарды республика бойынша ұсақ топтарға бөлшектеп таратты. Мысалы, Қызылорда және Талдықорған облыстарында кәріс колхоздары мен совхоздары болды, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Ақмола облыстарында неміс шаруашылықтары болды. Басқа жер аударылған халықтарға балаларын ана тілінде оқытуға жағдай аз да болса жасалса, жер аудару жылдары шешендер мен ингуштардың негізгі бөлігі толықтай рухани жағынан тоқырауда қалды.

Қалмақтарды, шешендер мен ингуштарды қоныстандыру туралы шешім 1944 жылдың сәуіріндегі КСРО Жоғарғы Кеңесінің жабық мәжілісінде жарияланды.

Солтүстік Кавказ халықтары – арнайы қоныстандырылғандардың 80%-дан астамы табиғат жағдайлары өте қатал және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары аса ауыр аудандарға әкелінді.

Қарағанды облыстық Мемлекеттік архивінің деректері бойынша Қазақстанға 190 мыңнан астам қырым татарлары әкелінген [18]. А. Алдажұмановтың деректері бойынша татар ұлтының 191044 адамы еріксіз әкетілген. Осы санның ішінен 1268 отбасы (4501 адам)

Қазақстанға келген [22, 13]. Сонымен қатар осы операция барысында негізінен Краснодар өлкесінен көшірілген 7 мың болгарлар мен гректер жер аударылды. НКВД деректері бойынша республика аумағында 1945 жылдың 1 қаңтарында 4224 адам (1223 отбасы) болған, олар Гурьев облысында ғана тығыз орналастырылды [27, 147 б.].

Жер аудару нәубеті Месхетияда, яғни Грузияның оңтүстік және оңтүстік батыс аудандарында өмір сүрген түріктердің де басына төнді. МҚК-ның 1944 жылғы 31 шілдедегі қаулысымен түріктерді жер аудару басталды, нәтижесінде Қазақстанға 27 мыңнан астам месхетиндік түріктер әкелінді [34].

Бұл жер аудару операциясы туралы 1928 жылы туған, ұлты түрік, Грузия КСР-і, Асмиз ауданы, Асмиз аулынан көшірілген Махомед Люменович Азизов былайша еске алады: «Бізді күндізгі сағат 16-ларда жинап алып, Грузия аумағын басқа ұлттардан, оның ішінде армяндардан тазартуға байланысты көшірілесіңдер деді. Жиналуға кешке дейін уақыт берді. Солдаттар жиналуға көмектесіп жүрді. Ауылдан бізді Бакуге тауар вагонымен әкелді, ал пойызда «тауарлар» деген сөз жазылған маңдайша жазу ілініп тұрды. Бұл қараша айының соңы болатын. Алматыға 1944 жылдың соңында ғана жеттік. Бакуден Алматыға дейінгі 40 күн жолда адамдар арып-ашты, әсіресе қарт адамдарға, шалдар мен кемпірлерге ауыр болды. Дәретхана да болмады. Пойыз тоқтамады, адамдарды вагоннан ешқайда шығармады, сондықтан қарт адамдар дәретханаға бармас үшін тамақтанбады, өздерін аштықпен қинады. Олар біздерден, жастар мен балалардан ұялды. Ал киімді сілке қалсақ, бит құмша төгілетін. Бір вагонда 4-5 отбасыдан болды. Алматыға келе салысымен отбасылар 90 күнге бір-бірінен ажырап кетті. Қарттарды, әйелдер мен балаларды клубтарға жіберді, ал бізді, еркектерді, оның ішінде жасөспірімдерді (мен ол кезде 16 жаста болатынмын) заттарымен Есік қаласына алып келіп, колхоздарға бөліп жіберді. Мен Амангелді колхозына түстім. Бәрі сияқты мен де отбасымнан ажырап қалдым. Кездейсоқ, 1-ші участок арқылы білдім (бір әйел менің отбасымды көргенін айтты). Осылайша мен отбасымды жинап алдым (анам мен 5 бала болатын). Отбасында мен ең үлкені болатынмын. Әкем майданға кеткен, кейін «қара қағаз» келді, осылайша мен өзімнің 16 жасымда үлкен отбасының асыраушысы атандым. Бізді тұрғын үймен қамтамасыз етті, 50 сотық жер берді. Мен орыс тілін білетіндіктен, комендanттың көмекшісі болдым. Аудандық комендант айына 3-4 рет келіп тұрды, жағдайды сұрап, бізді белгілеп, қайтадан кетіп қалатын. Біздің өзімізбен алып келген нәрселеріміз көпке жетпеді. Жағдай ауырлай түсті. Суыққа шыдау мүмкін болмады. Амангелді колхозының 30 отбасынан бір отбасы және оның барлық мүшелері аштықтан өлді. Келесі жылы

әрбір отбасына 5 қойдан бөліп берді. Мен бір қойды сойып жедім, 4-еуін сатып, сиыр сатып алдым. Көктемде бау-бақша салып, жүгері ектім. Мен отбасымды осылайша асырадым. Біздің отбасымызда үлкен шаруашылық болатын. Бәрі – үй де, мал да сонда қалды. Мен бізді алып бара жатқанда сиырымыздың жылап тұрғанын көрдім.

50-жылдарға дейін айлық жалақы мүлде болмады. Бәрін еңбеккүнге жазды. Бәріміз жұмыс істедік. Көктемнен қоңыр күзге дейін балагонда тұрдық. Әйелдер туғанға дейін жұмыс істеді. Әйелдердің тура атызда босанып қалған жағдайлары болды. Осы кезге дейін өзіміздің бау-бақшамыздың есебінен ғана өмір сүріп келдік. Майданға көмек жіберіп тұрдық. Кемпірлер біздің солдаттарымыз үшін күні-түні шұлық, қолғап тоқыды.

Жергілікті халық бізді жақсы қабылдады. Мен Амангелді колхозында 21 жыл өмір сүрдім. Қазіргі кезде Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылында тұрамын. Қазір айына 800 теңге өтемақы аламын. Ол кезде мемлекеттің заңдары қатал болғандығын да айта кетейін. 1 килограмнан 1 тоннаға дейін астық ұрлағаны үшін 10 жыл абақтыға жабатын. Ал 1 тоннадан артық болса, өлім жазасына кесетін».

Кейбір халықтарды жер аудару туралы Үкіметтің бірқатар қаулылары бойынша шамамен 25 мың балқар, шамамен 7 мың гректер, болгарлар мен армяндар көшірілді. Жаудан азат етілген аумақтардан жекелеген халық топтарын көшіру жалғасып жатты. Шығыс Украина аумағынан соғыстың соңында немістермен қатар саны 100310 адам болатын Украина ұлтшылдар ұйымының мүшелері («ОУН-шылар») мен олардың отбасы мүшелері жер аударылды. Жер аудару тауқыметіне кабардиндер, Балтық бойы халқы, қалмақтар және т.б. ұшырады. Жалпы алғанда, халықтарды жер аудару 40-жылдардың соңына дейін жалғасты.

## Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі


1 Белая книга (Из истории выселения чеченцев-ингушей 1944-1957 гг.). –Грозный-Алма-Ата, 1991. –235 с.

2 Гунашев А. Ичкерия: месть истории. –Алматы, 2001. –45 с.

3 Сигаури И.М. Очерки истории и государственного устройства чеченцев с древнейших времен. –М.: Издательский дом «Русская жизнь». 1997. – 355 с.

4 Автордың жеке мұрағатынан.

5 Уралов А. (Авторханов А.). Народоубийство – убийство чечено-ингушского народа. –М., 1991. –79 с.

6 Шахбиев З. Судьба чечено-ингушского народа. –М.: «Россия молодая». 1996. –479 с.

7 Кан Г.В. История корейцев Казахстана. –Алматы: Гылым, 1995. –208 с.

8 Кичихин А.Н. Советские немцы: откуда, куда и почему? // Военно-политический журнал (ВИЖ). –М.,1990, № 8. –С.32.

9 ҚР ОММ, 1137-қор, 12-тізбе, 336-іс, 30-32 бб.

10 Ильясов Р. Крымские татары. Краткий обзор прошлого и анализ социально-экономического положения настоящего. Информационный бюллетень. Вып.5. Алтын Бесик. 1997. –С.5.

11 Козыбаев М.К. Немцы Советского Казахстана: факты и действительность // История Казахстан: белые пятна. –Алма-Ата, 1991. –238 с.

12 Некрич А. Наказанные народы // Нева. 1993. № 10.

13 Так это было. Национальные репрессии в СССР 1919-1952 гг. Т.2. –Москва, 1993. –77 с.

14 Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы, «Арыс»-«Казахстан», 1998. –428 с.

15 40-50-е годы: последствия депортации народов (свидетельствуют архивы НКВД-МВД СССР) // История СССР. 1992. № 1. - С.124.

16 Земсков В.Н. Принудительные миграции из Прибалтики в 1940-1950 гг. //Отечественные архивы. 1993, № 1; Спецпоселенцы (1930-1959 гг.) //Население России в 1920-1959 гг.: численность, потери, миграции. Сб. –Москва, 1994. –С.156.

17 Бугай Н.Ф. К вопросу о депортации народов СССР в 30-40 годах // История СССР. 1986, №6; Правда о депортации чеченского и ингушского народов //Вопросы истории, 1990, № 7; Л.Берия – И.Сталину: Согласно Вашему указанию… –М., 1995.

18 Автордың жеке архивінен

19 Машимбаев С. М., Исова Л. Т. Проблема истории польских переселенцев в Казахстане (1936-1946 гг.). –Алматы, 2000. – 46 с.

20 Поляки в Казахстане (Составитель С.Цесельский и А. Кучинский). –Вроцлав. 1996. –С.335-371.

21 АОММ, 685-қор, 6с-тізбе, 70-іс.

22 Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. –Алма-Ата, 1997. –16 с.

23 ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің архиві. 16-қор, 1-тізім, 7-іс, 7-іс

24 ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті архиві 16-қор, 29-іс ( тізбе көрсетілмеген) Д.29

25 Хасанаев М. «Для расселения выделить районы Казахстана..» (Архивные документы о депортации народов в Казахстан) // Депортация народов и проблема прав человека. Материалы семинара. – Алматы, 12 июня 1997. –С.31

26 ҚР ОММ, 1146с-қор, 1-тізбе, 435-іс, 139-140 бб.

27 ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, 16-қор, 1-тізбе, 30-іс.

28 Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.) Сб.док.: Архив Президента Республики Казахстан. – Алматы-М., 1997.

29 ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, 16-қор, №83 іс.

30 Филькин В.И. Чечено-Ингушская карательная организация в годы Великой Отечественной войны Советского Союза. – Грозный, 1960. – С.43.

31 ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, 29-іс.

32 Оглаев Х. Брест – орешек огненный. –Грозный, 1990. – С.9-11.

33 ҚОММ, 18-қор, 1-тізбе, 165-іс.

34 Автордың жеке архивінен

## 3.2 1950-жылдардағы этникалық қақтығыстар

*М.Ч. Қалыбекова*

Бүгінгі таңда жер аударылған халықтардың проблемаларына ерекше назар аудару Қазақстанның бұрынғы Одақтың басқа елдері сияқты жазықсыз адамдарды оның аумағына жаппай қоныс аударумен байланысты барлық ауыртпалықтарды көтергендігімен түсіндіріледі. Халықтарды Қазақстанға депортациялау республика халқының ұлттық құрылымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Бұрынғы КСРО-ның әртүрлі жерлерінен қоныс аудару екпіні Қазақстан халқының санын көбейтіп, жергілікті емес халық тобының пайда болуына әкелді. Қазақстан халықтары, жалпы елдер сияқты, саяси қуғын-сүргін нәтижесінде үлкен шығынға ұшырады. Ұлттық саясаттың деформациясы, теріс саяси-экономикалық және ұлттық-этникалық факторлардың тоғысуы республикада әлеуметтік шиеленістің пайда болуына ықпал етті. Әлеуметтік шиеленістің өсу себептері депортацияланған халықтардың қатты наразылығын тудырған заңнамалық актілердің болуы, әлеуметтік-тұрмыстық құрылым, халықты азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етудің нашарлауы және т. б. сияқты факторлар болды, олар өз кезегінде этникалық қақтығыстарға ұласты. Осылайша, зорлық-зомбылық әлеуметтік эксперименттер, азаматтардың құқықтарының бұзылуы, ұлттық саясаттағы ауытқулар, тұрмыс ерекшеліктерін, әдет-ғұрыптарды, байырғы тұрғындардың күрделі

шаруашылық жүргізу салтын ескеруден бас тарту, әртүрлі халықтар мен ұлттардың өкілдерін Қазақстанға депортациялау, тың игеру кезеңіндегі тәртіпсіздіктер, бюрократия және билік құрылымдарындағы сыбайлас жемқорлық әртүрлі әлеуметтік және этносаралық қатынастардың пайда болуына себеп болды. Кеңес өкіметінің осы оқиғалар туралы ақпаратты мұқият жасыруы, олардың тарихын зерттеуге қатаң тыйым салуы қазіргі уақытта қазақстандық тарихнамада осы мәселе бойынша кешенді зерттеулердің жоқтығына әкелді. Әлеуметтік сипатта туған қақтығыстарға Қостанай облысы және Өскемен қаласының Құсмұрын станциясындағы XX ғасырдың 50-жылдарындағы оқиғалар айқын мысал болып табылады.

1950 жылы 24 маусымда Қостанай облысы, Құсмұрын станциясында шешендер мен темір жол жұмысшылары арасында топтық төбелес болды. Жекпе-жекке 30-35 адам қатысты. Осының нәтижесінде бір шешен өлтіріліп, 7 шешен мен орыс жараланды. Содан кейін 27 маусымда тағы да шешен-қоныс аударушылар мен «Алтайсвинецстрой» трестінің жұмысшылары арасында Өскемен қаласында топтық төбелес болды. Төбелеске 400-ге жуық адам қатысты. Нәтижесінде 2 шешен өлтіріліп, 10 шешен мен «Алтайсвинецстройдың» 14 жұмысшысы жараланды [1].

Қазақстанның К(б)П Орталық Комитеті бұл оқиғалар жергілікті жұмысшылар мен Құсмұрын станциясында жұмыс істейтін қоныс аударушылар қатарындағы жеке адамдар арасында ұзақ уақыт бойы өте зиянды қарым-қатынастардың салдары екенін, бұл көбінесе өзара қорлауға әкелетінін атап өтті. Көшіп келушілерді қорлауға тек жеке жұмысшылар ғана емес, сонымен қатар кейбір теміржол басшылары – партия мүшелері де жол берді.

Құсмұрын станциясының партиялық ұйымдары мен әкімшілігі бұл туралы біле отырып, қақтығыстардың алдын алу шараларын қабылдамады және қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындар арасындағы қалыптасқан зиянды қатынастарды мүлдем елемеді.

Құсмұрын станциясында ҰҚК күзет бөлімінің бастығы Гаврилов, оның орынбасары Чуданов теміржол жұмысшылары мен қоныс аударушылар арасында бұзақылық элементтермен күреспеді және топтық жекпе-жектен кейін 5-6 күн ішінде бұл жекпе-жекті ұйымдастырушылардың нақты кінәлілерін анықтай алмады және кінәлілар қылмыстық жауапкершілікке тартылмады.

Бұл мәселеде Құсмұрын кенттік милициясының және ІІМ арнаулы комендатурасының қызметкерлері, сондай-ақ Құсмұрын учаскесінің прокуроры Т. Чернов та осындай айрықша әрекетсіздік көрсетті.

Қазақстанның К(б)П Орталық Комитеті қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындар арасындағы соңы кісі өліміменаяқталған

жиындар мен топтық төбелеске алып келген зиянды қарым-қатынастар тек Құсмұрын станциясында және Өскемен қаласында жергілікті тұрғындар арасында да, қоныс аударушылар арасында да саяси-тәрбие жұмысы өте қанағаттанарлықсыз деңгейде жүргізілгендіктен, кейде мүлде жүргізілмегендіктен орын алуы мүмкін деп есептейді.

К(б)П Шығыс Қазақстан және Қостанай обкомдары, Өскемен қалалық комитеті, Семиозерный аудандық комитеті және Қарағанды темір жолының Құсмұрын бөлімшесінің саяси бөлімі «көшіп келушілер арасында жаппай-саяси жұмысты жүйелі жүргізу туралы» және К(б) П ОК-нің 1950 жылғы 6 мамырдағы № 628сс жазбаша нұсқауын орындамады. Бұған қоса Қазақстан К(б)П ОК төмендегідей қаулы етті:

«1. Төмендегі хабарламалар назарға алынсын:

а) ҚазКСР мемлекеттік қауіпсіздік министрі Т. Бызов пен республика прокуроры Т. Румянцевтің Құсмұрын станциясында және Өскемен қаласында қоныс аударушыларды топтық төбелес пен өлтіруді ұйымдастыруға кінәлі адамдар жауапқа тартылғаны туралы;

б) К(б)П Қостанай облыстық комитетінің хатшысы Қ. Жанбаевтың Қостанай облыстық комитеті Құсмұрын станциясындағы оқиға туралы мәселені талқылағаны туралы топтық төбелестің алдын алу үшін уақтылы шаралар қолданбаған кейбір басшы қызметкерлерді партиялық жауапкершілікке тартылғаны туралы;

1. Қазақ ССР Мемлекеттік Қауіпсіздік министрі Т. Бызовтың оларға Құсмұрын станциясында және тауларда орын алған осындай оқиғалардың туындауын болдырмайтын жедел жұмысты күшейту бойынша Өскемен МҚБ облыстық қоныс аудару саласына нұсқаулар берілгені туралы мәлімдемесін назарға алсын.

2. Қарағанды темір жолының Құсмұрын бөлімшесінің, Қостанай және Шығыс Қазақстан обкомдарын, Семиозерный аупарткомын, Өскемен қалакомын және саяси бөлімінің, «Алтайсвинецстрой» тресінің Құсмұрын станциясының жұмысшылары мен қызметшілері арасында, сондай-ақ, Өскемен қаласындағы Құсмұрын станциясында қоныстанған арнайы қоныс аударушылар арасында жаппай-саяси жұмысты күшейтілсін. Іс-шараларды әзірлеуге және оларды іске асыруға арнайы комиссия құрылсын.

3. Қарағанды темір жолының Құсмұрын бөлімшесінің К(б)П Өскемен қалалық, Семиозерный аудандық комитеттерінің және саяси бөлімінің, Құсмұрын торабы және «Алтайсвинецстрой» тресінің партия ұйымдарының жабық партиялық жиналыстарын өткізуге міндеттелсін. Онда коммунистерді қоғамға жат көңіл-күй мен іс-әрекетке қарсы күреске жұмылдыра отырып, жұмысшылар мен қызметшілер арасындағы жаппай-саяси жұмысты жақсарту шаралары туралы мәселені талқылауға міндеттелсін.

4. К(б)П облыстық комитеттерінің қоныс аударушылар арасындағы жаппай саяси жұмыстың жай-күйі мен оны жақсарту шаралары туралы, сондай-ақ жер аударылғандар арасындағы бұқаралық саяси жұмыстарды күшейту туралы, сондай-ақ, қоныс аударылғандар жұмыс істейтін жерлерде жұмыс істейтіндер арасында идеологиялық жұмыс пен интернационалдық тәрбиені күшейту туралы мәселені бюро отырыстарында талқылауға міндеттелсін. Осы мәселе бойынша аудандық, қалалық комитеттеріне және бастауыш партия ұйымдарына қажетті нұсқаулар берілсін.

5. Жергілікті тұрғындар тарапынан қоныс аударушыларға дұрыс қарамау фактілерімен, атап айтқанда, қоныс аударушыларды қорлау, қорлау және олардың заңды құқықтарына нұқсан келтіру фактілерімен пәрменді күрес жүргізу К(б)П облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттеріне міндеттелсін. Мұндай көзқарастар ұлттық араздықтың көрінісі және қоздырғышы ретінде қарастырылсын [1, П.79].

Осылайша, XX ғасырдың 30-40 жылдарында бүкіл халықтарды Қазақстанға депортациялау республикадағы әлеуметтік және саяси шиеленістерге ықпал етті және жаңа проблемалар - экономикалық, экономикалық, идеологиялық, саяси, ұлтаралық проблемалар туғызды.

50-жылдардың ортасында ғана Кеңес мемлекетінің жер аударылған халықтарға қатысты саясаты өзгере бастады. Бастапқыда бұл саясат жұмсарып, ымырашылдық байқалды, ал содан кейін қоныс аударылғандарды құқықтық тұрғыда шектейтін заңнамалық актілерден бас тарту басталды.

Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық жағдайындағы шектеулерді алып тастайтын алғашқы заңнамалық актілердің қатарында КСРО Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 5 шілдедегі № 1439-649с «Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық жағдайындағы кейбір шектеулерді алып тастау туралы» қаулысы болды. Бұл қаулыда елдегі және арнайы қоныстандырылғандар өміріндегі болып жатқан өзгерістерге байланысты оларға қолданыстағы шектеулерді қолдану қажеттілігі жоғалғаны жазылған. Арнайы қоныстарда есепте тұратын, қоғамдық пайдалы жұмыспен айналысатын адамдарға осы облыстың, өлкенің, республиканың шегінде тұру құқығы, ал қызметтік іссапарларда елдің кез келген аймағында жалпы негізде еркін жүріп-тұру құқығы берілді. Арнайы қоныстандырылғандар үшін ІІМ органдарына тіркелу үшін жылына бір рет жеке өзі келіп белгіленуі талап етілді.

Арнайы қоныстандырылғандарға КСРО Министрлер Кеңесінің «Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық жағдайындағы кейбір шектеулерді алып тастау туралы» қаулысын түсіндірумен бірге жедел-комендантық құрам арнайы қоныстандырылғандарға оларды орналастырылған жерлерінде тұрып қалуды насихаттауға бағытталған арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Арнайы қоныстандырылғандардың Қазақстан аумағы бойынша мақсатсыз көшіп-қонуын азайту мақсатында жедел-комендантттық құрам арнайы қоныстандырылғандар басқа облыстарға баруға арналған бағыттық парақтарды алуға келген кезде олардың кету себептерін анықтап, тұрғылықты жерін ауыстырудың мақсатқа сай емес екендігін, барған жаңа жерлерінде жұмысқа тұруда, тұрғын үй алуда қиындықтар болатындығын, көшіп-қонуға артық шығындар жұмсалатындығын және т.б. түсіндірді.

ІІМ Басқармасы бастығының орынбасары полковник Медведконың ҚазКСР Ішкі істер министрі полковник Қабылбаевқа жазған баяндамалық жазбасында: «Қазіргі кезде арнайы қоныстандырылғандардың облыстан тыс жерлерге кетуі туралы мәселенің шешіміне қатаңдау қарап отырмыз және көшуі ешқандай қажеттілік тудырмайтын арнайы қоныстандырылғандарға, олардың қолдарында шаруашылық органдарының оларды жұмыстан жіберу туралы құжаттары болғанның өзінде, біз оларға жолдама парақтарды бермейміз және кетуіне жол бермейміз» [2], – деп жазылған.

Алайда, колхоздардың жекелеген басшылары қысқы жұмыстардың азаюына байланысты арнайы қоныстандырылғандарды ешқандай кедергісіз босатып жіберіп, оларға тұрғылықты жерлерін ауыстыруға мүмкіндік берді.

Арнайы қоныстандырылғандар арасында олардың орналастырылған жерлерінде тұрып қалуына байланысты түсіндіру жұмыстарымен қатар олардың көмір өнеркәсібіне жұмысқа тұруы бойынша жұмыстар жүргізілді. ІІМ комендатураларының қызметкерлері арнайы қоныстандырылғандарды көмір өнеркәсібіне тарту бойынша олармен әңгіме жүргізді. Мұндай жұмыстарға негізінен көмір өнеркәсібімен байланысты емес кәсіпорындарда жұмыс істеген, уақытша жұмыс істемейтін және басқа елді мекендерден келген арнайы қоныстандырылғандар тартылды. Бұл арнайы қоныстандырылғандарға КСРО Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 22 қазандағы № 10493 өкімімен көзделген: «көмір өнеркәсібіне жұмыс істеуге өткен және құрылыстарды, шахталарда 1955 жылдан бастап үш жыл жұмыс істеп келген арнайы қоныстандырылғандардан шектеулер алынып тасталатын» шарттар мен жеңілдіктер түсіндірілді [2, 97 б.].

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 6000 арнайы қоныстандырылған адамның 622-сі көмір өнеркәсібінің кәсіпорындары мен құрылыстарында жұмысқа барды, олардың ішінен 110 адам келісімшарт жасасты және 512-сі жұмысқа келісімшартсыз кірісті.

Алайда, көмір өнеркәсібінде жұмыс істеуді таңдау бойынша әңгіме жүргізілген арнайы қоныстандырылғандардың көпшілігі өздерінің КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысында көзделген Қазақстан аумағында еркін жүріп-тұру туралы жеңілдікке көңілі толатындығын алға тартып, келісім бермеді.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 5 шілдедегі № 1439-649с «Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық жағдайындағы кейбір шектеулерді алып тастау туралы» Қаулысы жарыққа шығуымен ІІМБ-ІІМ 4-ші арнайы бөлімі аппараты мен арнайы комендатуралардың басты назары жаңа режимді нығайтумен қатар арнайы қоныстандырылғандар арасында бұқаралық-саяси жұмыстарды күшейтуге бағытталды. Арнайы қоныстандырылғандардың арасында «оларды Отанға деген жанқиярлық, халықтар достығы рухында және қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру бойынша қайта тәрбиелеу» үшін бұқаралық-саяси жұмыс жүргізілді [3].

Арнайы қоныстандырылғандардың көпшілігі оларға жаңа құқықтық ереже хабарланғаннан кейін «өндірісте жақсы жұмыс істей бастады, олардың көбі өндірісте еңбек өнімділігін айтарлықтай арттырды» [3, 187 б.]. Бірақ арнайы қоныстандырылғандардан кейбір жеңіл ойлайтындар қоғамдық пайдалы еңбекке қатысудан жалтарып, режим мен қоғамдық тәртіпті бұзды, соның салдарынан КСРО ІІМ № 00597 бұйрығы бойынша республика шегінде еркін жүріп-тұру құқығынан айырылды. Мысалы, 1955 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қарағанды қаласы бойынша мұндай адамдардың саны 93-ке жетті (5-кестені қараңыз):

5-кесте. Еркін жүріп-тұру құқығынан айырылған арнайы қоныстандырылғандар*

| Контингент | Режимді бұзғаны үшін | Қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін | Қоғамдық пайдалы еңбектен жалтарғаны үшін | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| Солтүстік Кавказдықтар | 5 | 10 | 53 | 68 |
| Немістер | 14 | 7 | 3 | 24 |
| Поляктар | 1 | - | - | 1 |
| Барлығы | 20 | 17 | 56 | 93 |
| Ескерту. * Қарағанды облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті Басқармасының, Қарағанды облысы ІІМБ мұрағатының деректері, № 20424 | | | | |

1954 жылғы 5 шілдедегі № 1439-649с Қаулы шыққаннан кейін «арнайы қоныстандырылғандардың 16-жасқа дейінгі балалары ІІМ органдарының есебінен алынып тасталды», олар әкімшілік қадағалаудан босатылып, оларға әрі қарай арнайы қоныстандырылғандарға белгіленген шектеулер қолданылмауы тиіс болды [4, 348]. Арнайы қоныстандырылғандардың 16-жасқа дейінгі балаларын ІІМ органдарының есебінен алып тастау бірнеше кезеңнен тұрды:

1. КСРО ІІМ және Бас Прокуратурасының 1954 жылғы 22 наурыздағы № 8сс/58сс өкіміне сәйкес [5] поляктармен бірге Украинаның шекара маңы аудандарынан 1936 жылы көшірілген арнайы қоныстандырылған адам немістердің балалары, сондай-ақ 1941-1942 жж. өнеркәсіпте жұмыс істеу үшін жұмылдырылған немістердің балалары, егер олар үкімет шешімімен жер аударуға ұшырамаған болса, отбасылық есептен алынып тасталды;

2. Арнайы қоныстандырылғандардың ерікті азаматтармен некесінен туған балалары, КСРО ІІМ «П» бөлімінің 1954 жылғы 30 сәуірдегі № 44/4-18001 нұсқауына сәйкес, жеке және отбасылық есептен алынып тасталатын болды [5, Л.29]. Сондай-ақ, арнайы қоныстандырылған әйелдердің тіркелмеген некеден туған балалары да отбасылық есептен алынып тасталатын болды [5, 24 б.].

3. КСРО ІІМ «П» бөлімінің 1954 жылғы 29 наурыздағы № 15/4-13338 Нұсқауына сәйкес мына арнайы қоныстандырылғандардың балалары есептен алынып тасталатын болды: неміс –жергілікті халықтар; неміс – шекараның ар жағынан репатрияцияланғандар; 1936 жылы көшірілген поляктар; 1942 жылы Краснодар өлкесі мен Ростов облысынан көшірілген басқа елдің азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар; 1941 жылы Украина мен Белоруссияның Шығыс облыстарынан, Балтық бойы және Молдава КСР-інен көшірілгендер; кабардиндер; «фольксдейг»; неміс көмекшілері мен 1937 жылы иран-ауған шекарасынан көшірілгендер. Осы кезден бастап оларды 16 жасқа толғанда жеке есепке алмады. Бұл балалар отбасылық есептен де алып тасталатын болды [6].

1954 жылғы 16 шілдеде КСРО ІІМ № 00597 «Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық ережесіндегі кейбір шектеулерді алып тастау туралы» бұйрығы шықты. Бұл бұйрықтың 5-тармағында: «бір ай мерзім ішінде ІІМ органдарының есебінен барлық санаттағы арнайы қоныстандырылғандардың 1937 жылғы 31 желтоқсаннан кейін туған балалары алынып тасталсын және алдағы уақытта балалар жеке есепке алынбасын, ал ағымдағы жылы есепке алынған 1938 жылы туған балалар ІІМБ қорытындылары бойынша есептен алынып

тасталсын және жеке істері мұрағатқа тапсырылсын», – делінген [7, 39 б.]. 6-тармақта «16 жастан асқан балаларға оқу орындарына түсу үшін елдің кез келген аумағына шығуға рұқсат етілсін. Олардың ішінен оқу орындарына қабылданғандар ІІМБ бастығы бекіткен қорытынды бойынша арнайы қоныс есебінен алынып тасталсын», – делінген [6, 40 б.].

Сонымен, бұл бұйрық бойынша арнайы қоныстандырылғандардың оқу орындарына қабылданған және оларда арнайы тәртіп бойынша оқып жатқан балалары жеке есептен алынып тасталды. Бұл мәселені ҚазКСР ІІМ бастығының орынбасары Николаев былайша түсіндіреді: «Арнайы қоныстандырылғандардың 16 жастан асқан, 1954 жылы оқуға қабылданған, сондай-ақ, мемлекеттік университеттерде, институттарда, техникумдарда оқып жатқан балаларды олардың жеке істері сақталған және жеке есепте тұрған облыстардың ІІМБ арнайы қоныс есебінен шығарады» [6, 44 б.].

Осы санаттағы адамдардың жеке-есептік істері қандай да бір жағдаймен осы адамдардың оқу орны бойынша ІІМ органдарына әлі жіберілмеген жағдайда, олардың есептік істерін аталған органдарға жіберудің қажеті жоқ болды. Мұндай адамдарды арнайы қоныстардан олар жеке есепте тұрып жатқан ІІМБ-нан босатуы тиіс. Осы адамдардың оқу орындары бойынша ІІМБ-на оларды хабарландыру және төлқұжатты кедергісіз алу үшін арнайы қоныстан босату туралы қорытындының көшірмесі, ал ҚазКСР ІІМ «П» бөліміне кету туралы хабарлама 2 данадан жіберілді.

Оқу орындары аумағында орналасқан ІІМБ «П» бөлімдерінің бастықтары арнайы қоныстандырылғандардың сол жылы Қазақстанның басқа облыстарынан оқуға келген, бірақ оқу орны бойынша әлі жеке есепке тұрмаған балаларының барлығына оқу орнынан оқуға түсу туралы анықтама талап етіліп, бұл анықтамалар осы арнайы қоныстандырылғандарды арнайы қоныстан босату туралы мәселені шешу үшін олар жеке есепте тұрып жатқан ІІМБ-ларына жіберіліп отырды. Осы жерде оқу орнының анықтамаларында бұл адамның қашан және қай оқу орнына қабылданғандығы, оқу орнына қабылдауға негіз болған кәмелеттік аттестатының немесе білімі туралы кәуліктің берілген күні көрсетілуі тиіс болғандығын атап айтуымыз керек. Осы санаттағы адамдарды арнайы қоныстардан босату туралы мәселе осындай анықтама және жеке іс материалдары болғанда ғана шешімін тапты.

Арнайы қоныстандырылғандар барлық уақытта халықтың қысым көрген санаты қалпында қала берді.

«Хрущевтік жылымықтың» басталуына қарай Қарағанды облысы бойынша 1955 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша арнайы қоныстандырылған 90664 адам тұрды, оның ішінде: жер аударылғандар, көшірілгендер мен жер аударылған қоныстандырылғандар саны – 4344, арнайы қоныстандырылғандар саны – 86320 адам. Олардың бәрі жеке есепте тұрды, ІІМ арнайы комендатураларының қадағалауында болды, қалалар мен аудандар бойынша мынадай ретпен орналастырылды: Қарағанды қаласында – жер аударылған қоныстанушылар 1507 адам; арнайы қоныстанушылар 42244 адам, оның ішінде немістер – 24113, Солтүстік Кавказдық – 1133, «Украина ұлтшылдар ұйымының мүшелері» – 4658, поляктар –1769, власовшылар – 122, әкімшілік түрде жер аударылғандар – 244, басқалары –10. Қала бойынша есепте 43751 адам тұрды [8].

Балқаш қаласында облыста орналастырылған жер аударылған, көшірілген және арнайы қоныстандырылған 90664 адамның 72386-сы өндірісте және ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. Қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған адамның саны 18278 болды, оның ішінде 98 адам уақытша жұмыс істемеді, қалғандары – карттар, мүгедектер, орта және жоғары оқу орындарында оқитындар, үй шаруасындағы әйелдер.

Қарағанды облысында арнайы контингентті халық шаруашылығының салалары бойынша еңбекке орналастыру төмендегі деректерді көрсетті (6-кестені қараңыз).

6-кесте. Арнайы қоныстандырылғандарды Қарағанды облысы бойынша еңбекке орналастыру *

| Министрлік-тердің атаулары | Жер аударылғандар | Арнайы қоныстандырылғандар, оның ішінде | Немістер | Солт.Кав. | Украина ұлтшылдар ұйымының мүшелері | Поляктар | Власовшылар | Басқалар | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Ауыл шаруашылығы | 986 | 4173 | 8060 | 4957 | 453 | 60 | - | 643 | 15 159 |
| Совхоздар | 962 | 2466 | 878 | 1226 | 136 | - | - | 226 | 3428 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Көмір | 18 52 | 27496 | 17865 | 5571 | 26 74 | 11 47 | 122 | 117 | 29 348 |
| Металлургия | 191 | 6923 | 3597 | 3246 | 32 | 11 | 1 | 36 | 7114 |
| Ет | 16 | 1995 | 1345 | 477 | 142 | 4 | 3 | 24 | 2011 |
| Жол қатынастары | 18 | 2779 | 1402 | 1330 | 20 | 27 | - | - | 2797 |
| Жеңіл | 13 | 430 | 260 | 144 | 1 | 3 | 3 | 19 | 443 |
| Құрылыс | - | 2587 | 2406 | 39 | 21 | 13 | - | 108 | 2587 |
| Станок жасау | - | 2538 | 2450 | 57 | 26 | 2 | 3 | - | 2538 |
| Химия | 43 | 950 | 621 | 295 | 2 | - | 5 | 27 | 993 |
| Электро-станция лары | 86 | 502 | 357 | 114 | - | - | - | 31 | 588 |
| Байланыс | 3 | 84 | 65 | 9 | 1 | - | - | 9 | 87 |
| Мәдениет | 13 | 356 | 297 | 16 | 35 | - | - | 8 | 369 |
| Денсаулық сақтау | 27 | 613 | 559 | 31 | 9 | 2 | - | 12 | 640 |
| Сауда | 6 | 919 | 251 | 629 | 19 | 2 | 4 | 14 | 925 |
| Балық | - | 187 | 124 | 55 | - | 1 | - | 7 | 187 |
| Тағам | 9 | 635 | 158 | 451 | 9 | 1 | - | 16 | 644 |
| Дайындамалар | - | 525 | 209 | 284 | - | - | - | 32 | 525 |
| Еңбек резервтері | - | 348 | 210 | 75 | 7 | 26 | - | - | 348 |
| Отын құрылысы | - | 150 | 132 | - | - | - | - | 18 | 159 |
| Ет-сүт | - | 207 | 24 | 168 | - | - | 4 | 11 | 207 |
| Коммунал. шаруашылық | 7 | 338 | 165 | 158 | - | - | - | 15 | 345 |
| Қаржы | 4 | 295 | 123 | 165 | - | - | - | 7 | 299 |
| Геология | 15 | 232 | 129 | 97 | - | - | - | 6 | 247 |
| Орман | - | 9 | 4 | - | 5 | - | - | - | 28 |
| Басқа органдар | - | 398 | 83 | 237 | 6 | 8 | - | 64 | 398 |
| Барлығы | 42 51 | 68135 | 41 804 | 19831 | 35 98 | 1307 | 145 | 1450 | 72 38 |
| Ескерту. * Қарағанды облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті басқарамасы Мұрағатының деректері, 16-қор, 29-іс | | | | | | | | | |

1954 жылы 22 қыркүйекте КСРО Министрлер Кеңесінің көмір өнеркәсібі кәсіпорындары мен құрылыстарында жұмыс істеу үшін арнайы қоныстандырылғандардың арасынан жұмысшыларды ұйымдасқан түрде жинақтау бойынша № 10493 өкімі қабылданды. Бұл өкімді орындау бойынша ІІМБ қызметкерлері мен арнайы комендатуралардың комендanттары Қарағанды еңбекшілері депутаттарының облыстық кеңесі атқару комитетіне практикалық көмек көрсету бойынша бірқатар іс-шаралар жүгізді. ІІМ арнайы комендатураларының комендanттары 6000-нан астам арнайы қоныстандырылғандармен әңгіме жүргізді. Олардың көпшілігі көмір өнеркәсібімен байланыссыз кәсіпорындарда жұмыс істеушілер болса, аздаған бөлігі уақытша жұмыс істемегендер мен басқа облыстардан келгендер болды.

Мүдделі кәсіпорындардың көптеген басшылары әртүрлі себептерді сылтау ете отырып, арнайы қоныстандырылғандарды жұмысқа қабылдаудан жалтарғанын айта кету керек. Мысалы, № 33/34 шахтада ІІМ арнайы комендатураның комендanты Алексеев аталған шахтаның бастығы Фроловқа рәсімдеу үшін жіберген арнайы қоныстандырылған Нахаев Магомед келісім шартпен жұмыс істеуге ниет білдірді. Алайда, Фролов Нахаевқа оны қабылдай алмайтынын мәлімдейді. Нахаев трест басшылығына жүгінеді, алайда, трестің жұмысшы кадрлары бөлімінің бастығы Коробовтың араласуынан кейін де М. Нахаевты жұмысқа қабылдамайды. Бұл жағдай Фроловтың өзінің жұмысшыларды тарту жөніндегі уәкілетті тұлғасы Гахгалтерге шешендер мен ингуштарды жұмысқа тартпау, адамдарды Кеңес Әскерінен қатарынан босатылғандар арасынан іріктеу туралы нұсқау бергендігімен түсіндірілді.

ІІМ арнайы комендатураларының комендanттары Полтавский, Садықов пен Селин «19 негізгі», «19 бис», «Ленинкөмір» тресінің 47/48, 70 шахталарында жұмыс істеу үшін арнайы қоныстандырылған 84 адам жіберді. Бұлардың ішінен аталған шахталардың басшылары 8 арнайы қоныстандырылған адаммен ғана келісімшарт жасасты, қалған 76 адам жұмысқа келісімшарт рәсімдемей-ақ кірісіп кетті.

ІІМ арнайы комендатурасының комендanты кіші лейтенант Рахимбаев «Кировкөмір» тресінің № 26 негізгі шахтасына жұмыс істеу үшін арнайы қоныстандырылғандар – Магомадов Рамзан, Оздоев Али, Дугаров Моди және Акталиевтерді жіберді. Бұл шахтаның бастығы аталған арнайы қоныстандырылғандармен келісімшарт жасаспай, оларды жалпы негізде қабылдады. Бұл шахтада арнайы комендатурасының комендanты лейтенант Бекежанов жіберген басқа 12 арнайы қоныстандырылған адам жұмысқа қабылданбады.

«Кировкөмір» тресінің 8/9-12 шахталары мен көлік цехында жұмыс істеу үшін 15 арнайы қоныстандырылған адам жіберілді. Алайда, бұл кәсіпорындардың басшылары оларды қабылдамады және келісім шарт жасаспады, олардың өтініштеріне «бас тартылсын», «штат толық жасақталған», «қабылдауға мүмкіндігіміз жоқ», «жұмысшыларды еркін жалдау бойынша қабылдаймыз», «келісімшарт жасаспаймыз» деген бұрыштамалар қойып, қайтарып берді [8, 5 б.].

Қарағанды қаласы көмір өнеркәсібінің кәсіпорындары мен құрылыстарының жекелеген басшылары КСРО Министрлер Кеңесінің өкімімен көмір өнеркәсібіне жұмысқа өткен жұмысшылар үшін көзделген шарттарды орындамады. Мысалы, арнайы қоныстандырылғандар Найбергер Валентина, 1937 ж.т., әпкелі-сіңлілер Больгер Ида мен Ольга, әпкелі-сіңлі Василишиналар «Сталинкөмір» тресінің 4-ші құрылыс басқармасында жұмыс істеуге ниет білдіреді. 1954 жылғы 5 қарашада арнайы қоныстандырылған Найбергер келісімшарт жасасып, жұмысқа кірісіп кетеді де, сонымен бірге ақшалай жәрдемақы беруді сұрайды, бірақ оған жәрдемақы төлемейді. Жәрдемақы ала алмағаны себепті әпкелі-сіңлі Больгерлер мен Василишиналар келісім шартты бұзып, «Сталинкөмір» тресінің ОРС-іне жұмысқа орналасады. Екінші бір мысал: «Ленинкөмір» тресі №70 шахтаның бастығы Бодяно келісімшарт бойынша арнайы қоныстандырылған Деккер Федорды жұмысқа қабылдайды, бірақ оны тұрғын үймен қамтамасыз етпейді және жәрдемақы төлемейді. Деккер отбасымен бірге барактардың бірінен бір бөлмені өздігінен иеленіп алуға мәжбүр болды, бұл үшін шахта бастығы оны жұмысқа жібермейді, оны отбасымен бірге пәтерден күштеп көшіру туралы мәселе қояды.

Жоғарыда аталған деректермен қатар көмір өнеркәсібі жүйесіне енбейтін ұйымдар мен кәсіпорындардың кейбір басшылары мұндай іс-шаралардың өткізілуіне кедергі келтірген жекелеген жағдайлар орын алды, көмір өнеркәсібіне жұмысқа ауысуға ниет білдерген жұмысшылармен есептесуді кешіктірді немесе тіпті есеп айырыспады. Мысалы, облыстық сауданың Майқұдық бөлімшесінде кіреші болып жұмыс істеген арнайы қоныстандырылған Дмитрий Скатюк Қарағанды қаласындағы шахталардың біріне келісім шарт негізінде жұмысқа ауысуға ниет білдіреді, бірақ оның бастығы Скатюкті жұмыстан босатуға кедергі келтіреді, онымен есеп айырыспайды және жұмыстан кеткен жағдайда қылмыстық жауапкершіліккке тартқызамын деп қорқытады.

1954 жылдың 1 шілдесі мен 1955 жылдың 1 қаңтары аралығында тұтқындау орындарынан қоныстарға жер аударылған 3779 адам келді, оның ішінде «Песчаный» ІІМ ЕТЛ – 1956 адам; ІІМ ЕТЛ

«Степной» лагерінен – 756 адам; басқа ІІМ ЕТЛ-дерден – 1067 адам [8, Л.7]. Келгендердің бәріне ең алдымен «Қарағандышахтақұрылыс» комбинаты жүйесінде жұмыс істеу ұсынылды. Алайда ЕТЛ-дерде болған жер аударылған қоныстандырылғандардың көпшілігі ұзақ уақыт бойы «Қарағандыкөмір» комбинатының объектілерінде жұмыс істеуге маманданған еді және ЕТЛ-ден босатылғаннан кейін олар үйренген мамандығы бойынша жұмысқа жіберуді негізсіз талап етті. Олар «Қарағандышахтақұрылыс» кәсіпорындарында жұмыс құнының «Қарағандыкөмір» комбинатының өнеркәсіптік объектілеріне қарағанда айтарлықтай төмен екендігіне байланысты «Қарағанды шахтақұрылыс» жүйесіне жұмысқа орналасудан үзілді-кесілді бас тартты. Оның үстіне, босатылғандар арасында ауыл шаруашылық мамандары, ой еңбегінің адамдары, педагогтар, медицина қызметкерлері, бухгалтерлер және т.б. аз болмады, олар да өздерін мамандықтары бойынша орналастыруды өтінді. Мұндай өтініштер қанағаттандырылды. Бірақ босатылғандардың көпшілігінің дене еңбегі бойынша 2-ші санаты ғана болды, ал олардың «Қарағанды шахтақұрылыс» комбинаты кәсіпорындарына жұмысқа орналасуларына жол берілмеді, олар колхоздарға жіберілді.

Қонысқа жер аударылып келген 3779 адамның 2389-ы «Қарағанды шахтақұрылыс» комбинатына, 448-і «Қарағандыкөмір» комбинатына, 267-сі облыстың совхоздары мен колхоздарына, 205-і Тельман ауданындағы «Цемент құрылысқа», 93-і Теміртау қаласындағы «Қаргресске» және 196-сы басқа кәсіпорындар мен ұйымдарға жұмыс істеуге жіберілді [8, 8 б.].

1954 жылдың ішінде адамдарды жер аударудан, көшіруден және арнайы қоныстардан босатуға қатысты одақтық үкіметтің қаулыларын орындау бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды.

1954 жылы жер аудару мен арнайы қоныстардан 54703 адам, оның ішінде 1682 жер аударылған және 10763 арнайы қоныстандырылған адам босатылды, барлық контингенттердің арнайы қоныстанушыларының 42258 баласы отбасылық есептен шығарылды [8, 9 б.].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1953 жылғы 27 наурыздағы «Рақымшылық туралы» Жарлығы негізінде жер аударудан 514 адам қонысқа босатылды, контрреволюциялық қылмыстары үшін 5 жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айырылған адамдар жазаларын өтегеннен кейін жер аударудан қонысқа жіберілді.

Сот органдарының, орталық және жергілікті комиссиялардың анықтауынша, қылмыстық істерді қайта қарау бойынша жер аударудан 53 адам босатылды. Сондай-ақ, КСРО жекелеген қорытындылары мен

өкімдері бойынша жер аударудан 80 адам қонысқа босатылды. Жер аудару мерзімі біткен 29 адам босатылды.

1941 жылғы 23 шілдедегі жарлық бойынша соғыс уақытында соғыс жағдайы жарияланған аудандардан (Краснодар және Ставрополь өлкелерінен, Ростов, Сталинград және басқа да облыстардан) көшірілген 431 адам босатылды.

Арнайы қоныстардан Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 3 тамыздағы № 138-789сс Қаулысы негізінде 10481 адам босатылды: жаппай коллективтендіру аудандарынан 1929-1933 жж. көшірілген бұрынғы кулақтар – 4285 адам, Қиыр Шығыстың, Сібірдің, Орта Азияның, Қазақстанның және көшіру жүргізілмеген басқа да жерлерінің жергілікті тұрғындары – немістер – 6162 адам, жер аударуға ұшырамаған, Ұлы Отан соғысы уақытында өнеркәсіпте жұмыс істеуге жұмылдырылған немістер – 34 адам.

Қарағанды облысы ІІМБ қорытындысы мен ҚазКСР ІІМ мен КСРО ІІМ-нің кейінгі келісімі бойынша арнайы қоныстарын негізсіз жер аударылғандар және әр уақыттары есепке алынғандар ретінде 525 адам босатылды [8, Л.10]. Арнайы қоныстарда болу мерзімі аяқталуына байланысты 161 «власовшы» босатылды.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 5 шілдедегі қаулысына сәйкес барлық арнайы қоныстандырылғандардан қолхат алу арқылы жаңа құқықтық ереже жарияланды. Осыған байланысты арнайы қоныстандырылғандармен әңгіме жүргізіп, оларға Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 5 шілдедегі «Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық ережелерін кейбір шектеулерді алып тастау туралы» Қаулысының мәні түсіндірілді. Мұнда арнайы қоныстандырылғандардың әрі қарайғы тағдыры мен арнайы қоныстарда есепте болу мерзімі олардың өздеріне, ең алдымен, олардың мінез-құлқы мен қоғамдық пайдалы еңбекке қатынасына байланысты болатындығына ерекше назар аударылуы қажеттігі түсіндірілді.

Министрлер Кеңесінің бұл қаулысы мен жүргізілген бұқаралық-түсіндіру жұмыстары арнайы контингенттің негізі бөлігіне оң әсер етті. Арнайы қоныстандырылғандардың көпшілігі өздеріне берілген Қазақстан бойынша емін-еркін жүріп-тұру, елдің кез келген жеріне қызметтік іссапарларға кедергісіз шығу құқығы және өз балаларының арнайы қоныс есебінен шығарылуы өздеріне деген коммунистік партия мен кеңес үкіметінің қамқорлығы ретінде қабылдады.

Қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспайтын, бұрынғы режимді бұзған арнайы қоныстандырылғандардың белгілі бір бөлігі оларға Министрлер Кеңесі Қаулысының рөлі түсіндіріліп, жаңа ереже

жарияланғаннан кейін түзелу жолына түсті. Мысалы, 1945 жылдың шілде айында Қарағанды қаласында тұратын арнайы қоныстандырылған шешен Альтемиров Индербиге жаңа ереже оның ұзақ уақыт бойы қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспағандығына байланысты қолданылмайтыны хабарланды. Арнайы қоныстандырылған Канаев Магомед та белгіленген режимді жүйелі түрде бұзып тұрды, орналастырылған жерінің шегінен үш мәрте өздігінен шығып кетті және еш жерде жұмыс істемеді, осыған байланысты жаңа ереже оған да қатысты болмады. Қаулы түсіндірілгеннен кейін олар еңбектене бастады.

Арнайы қоныстандырылғандардың көпшілігі оларға жаңа ереже түсіндірілгеннен кейін өндіріс пен ауыл шаруашылығында айтарлықтай жақсы жұмыс істей бастағандығын атап өту керек. Сонымен қатар, ІІМБ-сында Солтүстік Кавказ халқының жаулық пиғылы және артта қалған бөлігі қатарынан көптеген арнайы қоныстандырылғандар (шешендер мен ингуштар) үкіметтің «Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық ережелерінен кейбір шектеулерді алып тастау туралы» қаулысын «ұзамай олардан барлық шектеулер мүлде алынып тасталады деп сеніп, жартылай шара деп қабылдады, Кавказға оралуға мүмкіндік туады деген сөз тарады, ал олардың кейбіреулері ұлттық және лаңкестік көңіл-күйде болды» [6, Л.14]. Мысалы, Балқаш қаласында тұратын арнайы қоныстандырылған шешен Хамсуев бірнеше арнайы қоныстандырылған шешендердің алдында барлық шешендер мен ингуштарды босатпағандықтан, үкімет қаулысына наразылығын білдірді. Ол: «Мүмкіндік барда бәрін сату керек, біз бір рет жер аударудың азабын тарттық, ақша жинап, дайын отыру керек, егер мүлде босататын болса, Кавказға оралу керек...», – деді. Арнайы қоныстандырылған шешендермен және ингуштармен әңгімелесе отырып, Базуркаев Ильяс: «Ересек шешендерді босатудан олар бірден Кавказға көшіп барады да, үйлерінде тұрып жатқандардан кек алады деп қорқады. Егер мен Кавказға әйтеуір бір бара қалсам, кек алу ретінде бәрібір 2-3 адамды өлтіремін», – деді.

«Украина ұлтшылдар ұйымының» мүшелері да өздерінен тек кейбір шектеулердің ғана алынғандығына наразы болды. Олардың кейбіреулері кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық көңіл-күйде болды. Мысалы, арнайы қоныстандырылған «Украина ұлтшылдар ұйымының» мүшесі 1982 ж.т., «Қарағандыкөмір» комбинатының көлік цехында кіреші болып жұмыс істейтін Пронюк Николай арнайы қоныстандырылғандармен әңгімелескенде Кеңес өкіметіне өзінің жаулық қатынасын білдіре отырып: «Арнайы қоныстандырылғандардың көп бөлігін босатып жатыр. Бізге мұндай қуаныштың қажеті жоқ, өзімізді өзіміз босататын сәт алыс емес,

өзіміздің «дербес Украинамызға» барамыз, ұзамай бұл коммунистер біздің қанымызды ішуді тоқтатады», – деді.

Арнайы қоныстандырылғандарға Қазақстан ішінде емін-еркін жүріп-тұруға рұқсат етілгеннен бастап арнайы қоныстандырылғандардың бір облыстан екінші облысқа қатынауы айтарлықтай көбейді. Арнайы қоныстандырылған шешендер мен ингуштардың негізінен қалалық мекендерде рулары мен тайпалары бойынша шоғырлануы байқалды.

Шешендер мен ингуштардың көпшілігі бастапқы орналасқан жерлерінде тұрақтап қалғанына және материалдық қамтамасыз етілгендігіне қарамастан, өз мүліктерін сатып, отбасыларымен колхоздардан қалалық мекендерге көше бастады. Атап айтқанда, Қазақстанның солтүстік облыстары аудандарынан арнайы қоныстандырылғандар Қарағанды қаласына қарай ағылды.

1954 жыл ішінде Қарағанды облысынан 2764 арнайы қоныстандырылған адам көшіп кетті, оның ішінде жаңа құқықтық ереже жарияланған 1954 жылдың тамызынан бастап 2266 адам, олардың 154-і қалалар мен өнеркәсіптік орталықтарға, 692-сі ауылдық мекендерге көшті, 203 арнайы қоныстандырылған адам өздігінен көшті, олардың 15-інің тұрғылықты жерлері анықталмады [8, 15 б.]. Осы уақыт ішінде Қарағанды облысына 4692 арнайы қоныстандырылған адам, оның ішінде жаңа құқықтық ереже жарияланғаннан кейін 3644 адам келді. 1954 жылы келгендердің арасынан қалалар мен өнеркәсіптік орталықтарда 1327 және ауылдық мекендерде 365 адам тұрақтап қалса, 304 адам өздігінен келді.

1954 жылы Қарағанды қаласына ғана 4041 арнайы қоныстандырылған адам келді, оның ішінде 191-і Солтүстік Кавказдық, 2091-і – немістер, 116-сы – поляктар, басқа арнайы қоныстандырылғандар саны – 43. Жаңа құқықтық ереже жарияланғаннан кейін 3415 адам келді, оның ішінде 1239-ы – Солтүстік Кавказдық, 1099-ы – немістер, 60-ы – поляктар, басқа арнайы қоныстандырылғандар саны – 1. Өздігінен келгендер саны – 226 адам, шешендер мен ингуштар – 181, немістер – 58, поляктар – 12, басқалары – 2. Келгендердің 1414-і жұмысқа орналасты. ІІМ арнайы комендатураларында бірнеше мәрте жұмысқа тұру туралы әрқайсысымен жеке әңгімелесу жүргізілгеніне қарамастан, 382 адам еш жерде жұмыс істемеді, олардың көпшілігі өздігінен келгендер болды.

Адамдардың ең көп келген жері Қостанай облысы болды – 813 адам, Ақмола облысынан – 7, Көкшетау облысынан – 531, Павлодар облысынан – 425, Солтүстік Қазақстан облысынан – 363 келді [8, 16 б.].

Арнайы қоныстандырылғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке тарту мақсатында ІІМ комендanттары жұмыс істейтін арнайы қоныстан- дырылғандарды арнайы комендатураларға шақырып алып, олармен әңгіме жүргізді, ал кейбіреулерінің тіпті жұмысқа тұру туралы міндеттемелерін алып, мерзім белгіледі. Арнайы қоныстандырылғандардың бір бөлігі жазбаша міндеттеме бергеннен кейін жұмысқа орналасты. Жұмысқа орналасудан қасақана жалтарушылардың материалдары оларды облыс орталығынан көшіріп жіберу үшін милиция органдарына берілді. Бұл іс-шара жеткіліксіз жүргізілді, сондықтан қажетті нәтиже бере қойған жоқ. Мұндай жағдайлар арнайы қоныстанушылар орнастырылған кез келген облысы мен қаласына тән болды.

Сонымен, КСРО Министрлер Кеңесінің 1954 жылғы 5 шілдедегі №1439-649с қаулысына «Украина ұлтшылдар ұйымының» мүшелері контингентінен басқа, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысатын барлық арнайы қоныстандырылғандарға республикамыздың шегінде емін-еркін жүріп-тұру құқығы берілді. Осы қаулыға сәйкес жаңа құқықтық ереже 80350 арнайы қоныстандырылған адамға қатысты болды, оның ішінде 176 адамға бұл ереже жарияланғаннан екі-үш ай өткеннен кейін қатысты болды, өйткені олар бұл құқықты оларға үкіметтің қаулысының мәні түсіндірілген кейін иеленді.

Арнайы қоныстандырылған адамның қолында шаруашылық органдарының оны жұмыстан босату туралы құжатты болғанда ІІМ органдары олардың Қазақстанның басқа облыстарына кетуіне кедергі келтіруге құқы болмады.

Жаңа құқықтық ереже жер аударылған қоныстандырылған 4344 адамға, саны 587 адам болатын «Украина ұлтшылдар ұйымының» мүшелері контингентіне және басқа контингенттің 93 адамына қатысты болмады, олардың ішінде: Солтүстік Кавказдық – 98, немістер – 24, поляк – 1, оның ішінде еш жерде жұмыс істемейтін 56, режим мен қоғамдық тәртіпті бұзғандар – 37 адам болды [8, 18 б.].

КСРО Министрлер Кеңесінің «Арнайы қоныстандырылғандардың құқықтық ережелеріндегі кейбір шектеулерді алып тастау туралы» қаулысы шыққанға дейін арнайы қоныс режимін бұзған 4835 жағдай тіркелді, оның ішінде арнайы комендатураларға тіркеуге дер кезінде келмеу – 2674 жағдай, орналастырылған ауданынан өздігінен шығып кету – 1863 және қоғамдық тәртіпті бұзу – 298 жағдай кездесті [8, 27 б.].

Осы қаулы жарыққа шыққаннан кейін дер кезінде келмеу және қоныс орындарынан республика ішінде өздігінен уақытша шығып кету сияқты іс-әрекеттер режимді бұзу ретінде саналмады. Режимді

бұзу жағдайына жұмыс істемейтін 187 арнайы қоныстандырылған адамның орналастырылған аудандары шегінен шығып кетуі және 65 адамның қоғамдық тәртіпті бұзуы жатқызылды. Барлығы 252 режимді бұзу тіркелді.

Арнайы қоныстандырылғандардың қоныс орындарынан өздігінен кетіп қалу, қоғамдық тәртіпті бұзу және т.б. үшін бұрын қолданылған әкімшілік жазалардың алынып тасталуына байланысты ІІМ арнайы комендатураларының арнайы қоныстандырылғандар арасында тиісті режимді ұстап тұру бойынша жұмыс айтарлықтай қиындады, өйткені құқық бұзушылармен күресуде олардың сендіру шараларынан басқа ешқандай құралы болмады.

Арнайы қоныстандырылғандардың республика ішінде жаппай көшіп-қонуына байланысты партиялық-кеңестік органдармен біріге отырып, жергілікті жерлерде арнайы қоныстандырылғандарды тұрғылықты жерлерінде тұрып қалу бойынша бұқаралық-түсіндіру жұмыстары мен Қазастан КП ОК 1954 жылғы 5 тамыздағы қаулысына сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Арнайы қоныстандырылғандардың Қазақстан ішінде жаппай көшіп-қонуын дереу тоқтату үшін бір ғана бұқаралық-түсіндіру жұмыстары жеткіліксіз болды.

Қашу әрекеттеріне келсек, олардың саны азайды, дегенмен бұл құбылысты талдау жауапкершіліктен жалтару мақсатында негізінен қылмыс жасаған арнайы қоныстандырылғандар қашқандығын көрсетеді. 10 қашу әрекетінің 9-ы жасалған қылмыстан кейін орын алды. Мысалы, 1954 жылдың 2 мамырында Жаңаарқа ауданынан арнайы қоныстандырылған, 1925 ж.т., шешен, Грозный облысы Сунжин ауданы Асламбек ауылының тумасы, 1952 жылы бұзақылығы үшін сотталып, бір жылға бас бостандығынан айырылған Даулов Супьян қашып кетті. Ағадыр кенттік милиция бөлімі Евлоев пен Мустабиев Гагиевтің өліміне қатысты айыптап, оларға қылмыстық іс қозғады. Адам өлтіргені үшін жауапкершіліктен қорыққан Евлоев 1954 жылы 10 маусымда ауруханадан шығып, қашып кетті.

1954 жылы арнайы қоныстандырылғандардың Кавказ бен Батыс Украинаға кетіп қалуына байланысты 10 жағдай тіркелді. 1879 ж.т., шешен, Межидов Ахмет 1954 жылғы 24 қыркүйекте Қарағанды қаласындағы қоныс орнынан Кавказға өздігінен кетіп қалды. Оның тұратын жері анықталып, қоныс орнына кері қайтарылды.

1884 ж.т., Дейдей Ирина Ивановна 1954 жылғы 24 қазанда Қарағанды қаласынан Станислав облысының Жовтнев ауданына қашып кетті. Тұратын жері анықталып, ол қашу әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды [8, 29 б.].

1954 жылдың ішінде жер аударылғандардан, көшірілгендер мен арнайы қоныстандырылғандардан 29216 өтініш пен шағым түсті. Түскен өтініштер мен шағымдар арнайы қоныстардан босату; туысқандарымен қауышу және қамқорлыққа беру; уақытша барып-келу; туысқандарына іздеу салу және т.б. сипатта болды. 1954 жылдың тамыз айында жер аударылғандар мен көшірілгендерден түсетін ең алдымен туысқандарымен қауышу және уақытша барып-келу мәселелері бойынша арыздар ағыны азайғанын айта кету керек.

ҚазКСР ІІМ нұсқауы бойынша арнайы қоныстардың есебінде заңсыз тұрғандарға толық тексеріс жүргізілді.

Арнайы қоныстандырылғандардан өздерін босатуды өтінген қайталама өтініштер мен шағымдар жиі түскендігін айта кету керек. Олардың қатарында ұлты неміс, шешен және т.б. күйеулерімен бірге жер аударылған, қазіргі кезде олармен некелерін бұзған орыс және басқа ұлттың әйелдері, арнайы қоныстарда туыстары жоқ жалғызбасты әйелдер, қателесіп жер аударылған КОКП мүшелері (құмықтар, аварлар) және т.б. болды [8, 26 б.].

Арнайы қоныстандырылғандар арасында құқықтық жағдайдың жақсарғанына қарамастан, қылмыс деңгейі өзгеріссіз қала берді. Мысалы, 1953 жылы қылмысы үшін 698 арнайы қоныстандырылған адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, оның ішінде шешендер мен ингуштар саны – 487. 1954 жылдың ішінде бұл сан 481 адамды құрады, оның ішінде 307 шешендер мен ингуштар, бұл облыста жасалған қылмыстың жалпы санының 17,1%-ын құрайды.

1954 жылы арнайы қоныстандырылғандар жасалған қылмыстардың сипатын төмендегі кестеде берілген деректерден көруге болады [8, 28 б.].

7-кесте Арнайы қоныстандырылғандар жасаған қылмыстар*

| Қылмыстың сипаты | Қозғалған қылмыстық іс, Барлығы | Оның ішінде арнайы қоныстандырылғандар | Қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны, Барлығы | Оның ішінде арнайы қоныстандырылғандар | Олардың ішінде шешендер | Олардың ішінде ингуштар | Олардың ішінде немістер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Қарақшылық шабуыл кезіндегі адам өлімі | 7 | 4 | 12 | 6 | 5 | 1 | - |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бұзақылықпен байланысты адам өлімі | 15 | 7 | 28 | 10 | 5 | 2 | 3 |
| Басқа да адам өлімі | 11 | - | 13 | - | - | - | - |
| Адам өліміне қарақшылық | 75 | 24 | 153 | 35 | 15 | 14 | 6 |
| Мемлекеттік мүлікті ұрлау | 125 | 27 | 205 | 33 | 14 | 6 | 13 |
| Жеке мүлікті ұрлау | 260 | 29 | 323 | 33 | 12 | 6 | 15 |
| Басқа да ұрлықтар | 52 | 8 | 63 | 8 | 7 | 1 | - |
| Зорлау | 20 | 6 | 28 | 10 | 8 | 1 | 1 |
| Бұзақылықтың барлық түрлері | 602 | 149 | 755 | 167 | 94 | 29 | 44 |
| Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлау | 161 | 33 | 223 | 36 | 19 | 7 | 10 |
| Алыпсатарлық, ҚК 07-бабы | 128 | 13 | 164 | 17 | 7 | 5 | 5 |
| Майдагерлік,ҚК 99-бабы | 14 | - | 14 | - | - | - | - |
| Суық қару алып жүру | 56 | 19 | 58 | 19 | 10 | 4 | 5 |
| Дене жарақаттары | 144 | 23 | 177 | 23 | 10 | 5 | 8 |
| Ұрланған затты сатып алу | 2 | - | 2 | - | - | - | - |
| Автожол авариялары | 117 | 18 | 121 | 18 | 5 | 2 | 11 |
| Төлқұжаттық режімді бұзу | 9 | - | 9 | - | - | - | - |
| Алименттерді төлеуден жалтару | 6 | - | 6 | - | - | - | - |
| Басқа да қылмыстар | 146 | 16 | 163 | 16 | 9 | 4 | 3 |
| Барлығы | 1950 | 376 | 2517 | 431 | 220 | 87 | 124 |
| Ескерту.* Қарағанды облыстық Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті Мұрағатының деректері, 16-қор, 29-іс | | | | | | | |

Арнайы қоныстандырылғандар арасындағы қылмыспен күресте милиция органдарына ІІМ арнайы комендатурлардың комендантық құрамы практикалық көмек көрсетті. Қылмыс өршіген ірі қалаларда, облыстық орталықтар мен басқа да жерлерде комендантық құрам милиция қызметкерлерімен бірге кешкі уақыттары патрульдық қызмет атқарды.

Сталиннің жеке басына табыну әшкереленгеннен кейін бірнеше құқықтық құжаттар шықты. Жер аударылған халықтар өкілдерінің құқықтарынан шектеулерді алып тастау үдерісі «біртіндеп, жалтақтаумен және тиянақсыз» жүзеге асырылды [9. 353 б.].

1955 жылғы 13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Арнайы қоныстарда орналастырылған немістердің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық ережелерінен шектеулерді алып тастау туралы» жарлығы шықты. Бұл жарлық «шектеулер заңсыз және әділетсіз болғандығына байланысты емес, олар әрі қарай қажеттілік тудырмайтындығына байланысты» 1955 жылғы КСРО ІІМ № 0601 бұйрығы арқылы жарияланды. Әңгіме бір ғана нәрсе – немістерді арнайы қоныстар есебінен шығару және ІІМ органдарының әкімшілік қадағалауынан босату туралы болды. Бұл бұйрық «олар арнайы қоныстардан босатылғаннан кейін өздері жер аударуға дейін тұрған жерлерінен басқа елдің кез келген жерінде тұруға болатындығы» оларға қолхат арқылы жарияланды. Сондай-ақ, оларға жер аударылғанға дейін тиесілі болған тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттар қайтарылмайтындығы хабарланды [10]. Мұндай қолхаттарды басқа да арнайы қоныстандырылғандар беруге тиіс болды.

50-жылдардың ортасында ғана мемлекеттің жер аударылған халықтарға қатысты саясаты өзгере бастады. Бұл саясат жұмсарып, ымырашылдық байқалды.

КСРО ІІМ «П» бөлімінің 1954 жылғы 14 мамырдағы № 44/4-19636 нұсқауы бойынша 14 мамырда [11] Қазақстан облыстарында орналастырылған адамдардың арнайы қоныстанушылардан шектеулерді алып тастау кезінде Ұлы Отан соғысы жылдары елдің алыс аудандарында Еділ маңынан, Грузиядан, Солтүстік Кавказдан, Қырымнан және т.б. жерлерден жер аударылған ұлттар ретінде арнайы қоныстарда қалдырылған, жаппай коллективтендіру аудандарынан 1929-1933-жылдары көшірілген бұрынғы кулактар есептен шығарылды [12, 55 б.].

Сондай-ақ, шешен, ингуш, қарашай, балқар, неміс және т.б. ұлттарынан тұратын, 1935-1937 жж. Дағыстан АКСР-інен, Ставрополь өлкесінен, Грозный және т.б. облыстардан жер аударылып, Ұлы Отан соғысы жылдары еліміздің түкпір аудандарында КСРО ІІМ 4-ші арнайы бөлімінің 1954 жылғы 20 қарашадағы № 44/4-38108 нұсқауы бойынша қоныстандырылған ұлттар ретінде 1947 жылы арнайы қоныстарда есепте қалдырылған бұрынғы кулактар арнайы қоныс есебінен шығарылды [12, 57 б.].

КСРО Жоғарғы Кеңесі президиуымының «Арнайы қоныстарда орналасқан немістердің және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық ережелерінің шектеулерін алып тастау туралы» жарлығынан кейін КСРО Жоғарғы Кеңесі президиуымының 1956 жылғы 16 шілдедегі тағы бір Жарлығы және КСРО ІІМ 1956 жылғы 18 шілдедегі №0262 «Солтүстік Кавказдық арнайы қоныстандырылғандарды олардың «спецификалық ерекшеліктері мен көңіл-күйлерін» ескере отырып, арнайы қоныстардан есептен шығару және әкімшілік қадағалаудан босату туралы» бұйрығы шықты [13]. Бұл құжаттарды орындау ІІМ органдарының есебінде тұрған және қадағалауындағы Солтүстік Кавказдық арнайы қоныстандырылғандарға арналған тізімдерді жасаудан басталды. Бұл тізімдер жасалып, төлқұжат беру үшін ІІМ қалалық және аудандық милиция басқармалары төлқұжат үстелдеріне берілгеннен кейін жедел-комендантттық құрам шешендерге, ингуштарға, қарашайлар мен олардың отбасыларына қолхат арқылы жарлықты хабарлауға жаппай кірісті. Солтүстік Кавказдық арнайы қоныстандырылғандарды және олардың отбасыларын арнайы қоныстардан есептен шығару іс-шаралары ІІМБ 4-ші арнайы бөлімнің жедел қызметкерлері мен комендантттық құрамның күштерімен жүргізілді. Аталған санаттағы арнайы қоныстандырылғандарға бұл іс-шараны жүргізу кезінде өзіндік қиындықтар туды. Мысалы, ҚазКСР Ішкі істер министрі міндетін атқарушы полковник П. В. Николаевқа бұл нұсқаудың орындалу қорытындылары туралы Қарағанды облыстық ІІМ Басқармасының бастығы В. Бурдюктің баянжазбасында былай деп жазады: «жекелеген шешендер мен ингуштар, бірнеше мәрте шақыруға қарамастан, онда бізге істейтін ештеңе жоқ деп, арнайы комендатураларға келмейді» [14]. Бұл оларға өздерінің көшіп келген жерлеріне оралуға рұқсат берілмеуіне байланысты болды.

Шешендер мен ингуштардың көпшілігі КОКП XX съезінен кейін және КСРО Жоғарғы Кеңесінің төртінші шақырылымының бесінші сессиясынан кейін өздері бұрынғы Шешен-Ингуш АКСР-інің аумағына кетуге құқық береді деген үмітпен өмір сүргендігін атап өту керек. Жекелеген арнайы қоныстандырылғандар, әсіресе, олардың ішіндегі беделділері КСРО Жоғарғы Кеңесі сессиясының жұмысы кезінде осы сессияда бұрынғы территориялық шекарада Шешен-Ингуш АКСР-ін құру туралы мәселе шешіліп қойды, енді шешендер мен ингуштарды кері қарай эшелондармен алып барады, ал олардан кәмпескеленген мүлік үшін мемлекет ақша төлейтін болады деген өсек таратты. Алайда, оларға бұрынғы тұрғылықты жерлеріне баруға құқықтары жоқ екені және олардан кәмпескеленген мүлік қайтарылмайтыны түсіндірілгенде,

олардың көңіл-күйі күрт түсіп кетті де, ІІМ арнайы комендатураларына барудан бас тартты. Мысалы, Үлкен Михайловка ауылының арнайы комендатурасына хабарландырудың бірінші күні – осы жылдың 9 тамызында 172 адам шешендер, ингуштар мен олардың отбасы мүшелері барғанымен, жарлық түсіндірілгеннен кейін олардың 141-і қолхат беруден үзілді-кесілді бас тартты [13, 112 б.]. Екінші күні бұл арнайы комендатураға 68 адам ғана келді, 9 адам ғана қолхат берді [13, 113 б.].

Мұндай жағдай туралы партиялық органдарға ақпарат берілді. Осы жылдың 11 тамызында Қазақстан КП облыстық комитеттерінде ҚазКСР Ішкі істер министрі полковник Қабылбаев қатысқан арнайы осы конингент арасындағы жұмыс туралы мәселе бойынша бюро өті. Облыстық комитеттер бюросы Қазақстан КП облыстық, қалалық, аудандық комитеттерін Солтүстік Кавказдық арнайы қоныстандырылғандар арасында саяси-бұқаралық түсіндіру жұмыстарын күшейтуді міндеттеді.

Қазақстан КП қалалық, аудандық комитеттер өз кезегінде осы мәселе бойынша кәсіпорындардың басшыларымен, бірінші партия және комсомол ұйымдарының хатшыларымен мәжіліс өткізді. Қазақстан КП қалалық, аудандық комитеттерінде бұрын арнайы қоныс есебінен шығарылған шешендер мен ингуштар арасынан КОКП мүшелерімен жеке мәжілістер өткізілді. Сонымен қатар партияның қалалық, аудандық комитеттері шұғыл комендантық құраммен бірге шешендермен, иргуштармен және олардың отбасы мүшелерімен тұрғылықты жерлері мен жұмыс орындарында бірқатар топтық әңгімелесулер жүргізетін өкілдерін бөлді. Мұндай әңгімелер кезінде оларға үкіметтің шектеулерді алып тастау туралы шешімі және партия мен үкіметтің ұдайы көрсетіп отырған қамқорлығы туралы түсіндірілді.

Дегенмен, жүргізілген барлық іс-шараларға қарамастан, осы контингенттен қолхат алу жағдайы бұрынғыдай болып қалып отыр – деп баяндады Қарағанды облысы ІІМ бастығы Бурдюк ҚазКСР ІІМ орынбасары, полковник Юсуповке [13, 114 б.]. Қолхат беруден бас тартқандардың саны арта түсті, арнайы қоныстандырылғандардың көпшілігі бұрынғыша ІІМ арнайы комендатураларына баруды қаламады, тіпті пәтерлеріне комендантық құрам келгеннің өзінде қолхат беруден бас тартты.

1956 жылғы 15 тамызда Теміртау ІІМ АМБ хабарлауы бойынша, Самқұрылыс төңірегінде шешендер мен ингуштардың өздері 200-дей адам қатысқан жиналыс өткізген. Бұл жиналыстың ұйымдастырушыларын анықтау мүмкін болмады. Жиналысқа

қатысушылар өздерін Кавказға қайтаруға рұқсат етуді өтінген ұжымдық хат жазып, оны КОКП ОК бірінші хатшысы Н. С. Хрущевтің атына жіберді [13, 117 б.].

Бұл жиналыстың өтуі туралы және Хрущевтің атына ұжымдық хаттың жіберілгендігі туралы өсек облыстың басқа да қалалары мен аудандарына тарады, Мәскеу қаласына үкімет алдында өздеріне Кавказға, бұрынғы Шешен-Ингуш АКСР аумағына оралуға рұқсат беру туралы өтінішпен шешен-ингуш делегациясы кетті деген қауесет тарады.

Жіберілген хатқа жауап алу мен делегацияның Мәскеуден оралуын күткен көптеген шешендер мен ингуштар қолхат беруден бас тартып, 1956 жылғы 16 шілдедегі жарлықты үкімет қайта қарап, өздеріне Кавказға кетуге рұқсат береді деп үміттенді.

Үкіметтің шешендер мен ингуштардың отанына оралуын ең кемі төрт жылға соза түсуге тырысқан күш-жігеріне қарамастан, 1957 жылы отанына 48 мың отбасы оралды [15, 355 б.]. Осы жылдың 9 қаңтарында Шешен-Ингуш АКСР-і құрылды. Топ-тобымен атамекеніне оралған шешендер ешқандай тұрғын үйлері, ешқандай мүліктері, ешқандай жұмысы болмағандықтан, аса ауыр жағдайға ұшырады. Қоныс аудару кезінде жоғалған мүлікке өтемақы қарастырылмады, олар жер аудару жылдары жинаған мал-мүлкін тарихи отанына кетер алдында арзанға сатып жіберуге мәжбүр болған еді. Шешендердің жаппай оралуы Шешенстанда қарбаластың өршуіне алып келді, ал мұнда 1944 жылдың өзінде келген қоныстанушылар республикадан тыс жерлерге кете бастады. Шиеленіскен жағдай 1958 жылғы 28 тамызда тұрмыстық негізде болған инцидент – би алаңындағы төбелес кезіндегі адам өлімінен кейін өрши түсті. Жерлеу рәсімі Грозный қаласында төрт күнге жалғасқан жаппай тәртіпсіздікке ұласты.

Шешендер мен ингуштардың тарихи отанына оралуының жалғасуына қарамастан, шешендер мен ингуштардың біршама бөлігі Қазақстанда өмір сүріп қалды. Республикада ұлтаралық қайшылықтар түпкілікті басылғанына қарамастан, сақталып қалды. Мысалы, Солтүстік Осетия құрамында қалдырылған қала маңы ауданының проблемасы шешусіз қалды. 1973 жылдың қаңтар айында бұл жағдай ингуштардың Грозный қаласының орталығында көп күндік митинг өткізуіне себеп болды. Ұлтаралық дау-дамайдың негізгі себебі республиканың қайта құрылуынан кейін тура КСРО «өмір сүрген» соңғы жылдарға дейін жүргізілген орыстандыру саясаты болды.

Жер аудару зардабы әліге дейін басылмаған, басылуы мүмкін де емес салдар туғызды. Жер аударылған халықтар қалыпты өркениеттік даму

үдерісінен қалып қойды, олардың мәдениеті, тарихының дамуы үзіліп қалды. Адамдар қалыпты өмір сүру жағдайынан айырылып, әйтеуір тірі қалуды ойлады. Жер аудару үдерісі адамдарды өмір сүрудің ең төменгі деңгейіне түсіріп, қарапайым сауаттылық деңгейінде білім алуын төмендетті, тіпті оған қол жеткізе де алмады. Адамдардың дәстүрлі байланыстары, олардың әлеуметтік дамуы бұзылды. Жүз мыңдаған адам қара жұмысшы деңгейіне дейін төмендеп, еңбегімен, білімімен қол жеткізген әлеуметтік мәртебесінен айырылып, балалар да, ересектер де өз халқының кемсітілуін көріп өсті.

Байырғы тұрғылықты тұрғындары тастап кеткен аудандардың экономикасы өлшеусіз зардап шекті.

Бұдан кейінгі жылдары жер аударылған бірқатар халықтардың мемлекеттілігін жаңғырту және олардың өкілдерінің құқықтарын қалпына келтіру туралы бірқатар актілер қабылданды. Олардың ішінен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1972 жылғы 3 қарашадағы «Бұрын жекелеген азаматтар санатына қатысты көзделген тұрғылықты жерді таңдаудағы шектеулерді алып тастау туралы» жарлығын, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 14 қарашадағы «Күштеп көшіруге ұшыраған халықтарға қарсы қуғын-сүргін катілерін заңсыз және қылмыстық деп тану және олардың құқықтарын қамтамасыз ету туралы» декларациясын, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңын атауға болады.

Соңғы құжаттар арқылы Қазақ КСР аумағында жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың барлығы ұлтына қарамастан ақталды. Осы заң бойынша халықтарды ақтау және олардың құқықтарын қалпына келтіру, сондай-ақ осы адамдарға жеңілдіктер мен өтемақылар енгізу тәртібі белгіленді. Әсіресе, заңға енгізілген ерекше өзгеріс – 2-баптың бірінші бөлігінің жаңа редакциясы маңызды болып саналады: оған сәйкес енді заңның күші өз уақытында бұрынғы КСРО аумағында саяси қуғын-сүргінге ұшыраған және қазіргі кезде Қазақстан азаматтары болып табылатын барлық адамдарға қатысты болды.

Бұл заңның орасан зор саяси маңызына қарамастан, ол нақты адамдарға қатысты болғандықтан, жалпы қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау проблемасын толық шеше алмады.

ҚР Президентінің «1997 жылды Жалпыұлттық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы жеп жариялау туралы» жарлығымен келісімді нығайту мен өткен режімнің құрбандарын еске алып құрметтеудің құқықтық негізі жасалды.

Бұл тарихи құжаттың басты идеясы – қоғамды шоғырландыруға арналған жүйелі іс-қимылды жандандыру, тоталитарлық режим кезеңінде жүзеге асырылған ұлттық мәселені шешу тәсілін түпкілікті және дәл айыптау. Оның негізгі бағыты – тарихи шындықты қалпына келтіру, мемлекеттік қолдаумен және барлық халықтың, елімізде өмір сүретін барлық ұлттық топтардың кеңінен қатысуымен егемен Қазақстан Республикасының даму жағдайында жүргізіліп отырған ұлттық саясатты парасатпен пайымдау. Жарияланған жылдың міндеттері мен гуманистік мәні кінәсіз зардап шеккен, өмірлері қиылған азаматтарға лайықты құрмет көрсету болып табылады.

Еске алу және келісім жылының жалғасы ресми түрде Халықтық біртұтастық және ұлттық тарих жылы болып жарияланған 1998 жыл болды. Тоталитарлық режімнің құрбандарын ақтау үдерісі әлі де аяқтала қойған жоқ, ондаған, жүздеген іс қайта қаралып жатыр. Қуғын-сүргіндердің жеке (қылмыстық) істері олардың сотталған жерлері бойынша ҚР ҰҚК мен ҚР ІІМ облыстық басқармаларында сақтаулы. Қылмыстық істердің негізінде сот және прокуратура органдары қуғын-сүргін көрген азаматтарға олардың бұрынғы арнайы қоныстарда болған жерлері бойынша осы деректі растайтын тиісті құжат алу үшін ІІМ органдарына хабарласқан адамдарға ақтау туралы анықтамалар береді. Содан кейін ақтау туралы анықтама беретін бұрынғы тұрған жерлері бойынша прокуратура органдарына хабарласуы керек.

Алайда, жер аударылған халықтардың барлығы бірдей өтемақы рәсімдей алмады. Өтініш берушіден міндетті түрде туу туралы куәлік талап етіледі, өйткені олардың жеке істері әліге дейін ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің немесе олар жер аударылған облыс прокуратураларының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің мұрағаттарында сақтаулы. Олар бұл істерді сол жерлерден ғана ала алады. Көптеген жеке істер жоғалған немесе олар жер аударылған жерлердің сұратуы бойынша соларға қайтарылған. Политехникалық институттың оқытушысы, ұлты ингуш Мадина былай дейді: «Сомасы 800 теңге жәрдемақы рәсімдеуге құжат жинап жүрмін. Туу туралы куәлігімді ала алар емеспін. Басында қараймыз деген, бүгін жоқ деп тұр. Сұрату бойынша барлық жеке істерді қоныс аударғанға дейінгі тұрған жерге жіберген. Бірақ қайда деген сұрақ туады. Мен қоныс аударып келген ел қазір жоқ қой. Ол ел әлдеқашан таратылған. Менің құжаттарымды сонда қайда жіберген». Мұндай жағдайлардың саны аз болмауы керек.

Бүгінгі Қазақстан – Қазақстанның біртұтас халқын құрайтын 130-дан астам ұлт пен ұлыстан тұратын, 20 миллион халқы бар іргелі ел болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер мен деректерт тізімі

1 ҚР ПА 708-қор, 1/1 тізім, 13-іс, 73-80 парақтар.

2 Қарағанды облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, 4-арнайы бөлім, 58-іс, № 1854.

3 Қарағанды облысы, Қарағанды облыстық ІІМБ бойынша Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, № 20424, 186, 187 б.

4 Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. –Алматы, «Арыс»-«Казахстан», 1998. – 428 с.

5 Қарлаг мұрағаты, МҚМ 4-арнайы бөлім, Мұрағат 23, 4-іс, 1-том.

6 Қарлаг мұрағаты, Мұрағат 23, 4-іс, 2-том.

7 Қарлаг мұрағаты, Мұрағат 31, 38-іс, 21-23 б.

8 Қарағанды облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, 16-қор, 29-іс, 1-30 б.

9 Gaweski M. Yaskulski I.W. Stepie dalekim Polacy W. Kazachstanie-Poznan 1997. – Yazienicz Polacy Ukrainy W. Kazachstanie. Etnicznosc a Historia // «Lud» 1992.

11 Қарағанды облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, ІІМБ, 3-іс, 127 б.

12 Қарлаг мұрағаты, Мұрағат 23, 4-іс, 1-іс.

13 Қарағанды облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Мұрағаты, 4-арнайы бөлім, 31-іс.

14 Агентство РК по статистике. Сборник Национальный состав населения РК.–Алматы, 1999. Т.4, Ч.1. –С.6.

## 3.3. 1957 жылғы Жетіқара оқиғасы

*Қ. С. Алдажұманов*

Қазақстан 30-шы жылдардан бастап көп ұлтты республикаға айнала бастағаны белгілі. Жер аударылған кулактар деген категориямен қаншама мың адам 30-шы жылдары республикаға күшпен әкелінді. Мысалы Қарағанды қаласында солардың Михайловка, Федеровка, Тихоновка деген атаулары әрі күнге дейін қолданыста.

Қазақстан соғыс басталған соң, әсіресе, 1943-1944 жылдан бастап біріңғай көп ұлтты республика деп аталды. «Халықтар достығы лабораториясы» аталған республикада ұлтаралық, әлеуметтік қатынастарды тұрақтандыру ісіне ерекше мән берілді. Оған соғыс қарсаңындағы 37-38 жылдардағы жаппай саяси репрессия, соғыс

басталған соң қабылданған қатал заңдар ерекше тіреу болды. Себебі әскери уақыттың, соғыс кезіндегі заңдардың қатаңдығы адамдарды тәртіп шеңберінде сақтап тұрған.

И. Сталиннен кейін 1960 жылдар кезіндегі Қазақстандағы әлеуметтік және этникалық қақтығыстар тағылымы туралы бұрын айтыла бермейтін.

1953 ж. КСРО басшысы И. Сталиннің қайтыс болғанынан кейінгі ахуал соғыста жеңіп шыққан алып мемлекеттің ішкі және сыртқы жағдайына ерекше өзгерістер әкеле бастады. Сонау отызыншы жылдардан бастау алған оқиғалар Қазақстанға да орны толмас шығындар мен қиынгдықтар тудырғаны белгілі Аграрлық, дәстүрлі шаруашылығы бар республиканы индустрия құрылысымен қатар өзгертуді іске асырмақ болған кеңестік билік ақырында жергілікті халықты нәубетке ұшыратып, 2 млн 200 мың халықты аштан қырып тыңды, 1 млн қазақ республика шекарасынан асып, ашаршылық босқындары ретінде КСРО-ның Камчаткадан бастап, Запорожьеге, Архангельскіге дейінгі аралығына безіп кетті, енді бір бөлігі Ауғанстан, Қытай жерлерін паналауға мәжбүр болды [1].

Олардың орнына КСРО-ның ішкі облыстарынан Украина, Ресей Федерациясынан, Белоруссиядан, ал 1939-1940 жылдан бастап латыш, литва, фин, эстон халықтарының кеңестік таптық қалыпқа симағандарын үнемі Қазақстан мен Сібірге жер аударумен болды. Соғысқа дейінгі жылдары, архив деректері көрсеткендей, Қазақстанға 365 мың адам кулактар деген атаумен жер аударылған екен. Ал 1937-1938 жылдары Қиыр Шығыстың шекара аудандарынан корейлерді, Кавказдың шекара бойынан курд, азербайжан, грек және басқаларын жер аударып, Қазақстанға орналастырған КСРО басшылығы, осы саясатты соғыс кезінде де қолданды.

1941 ж. 28 шілдеде алдымен Еділ бойындағы Неміс Автономиялық Республикасын таратып, күштеп көшіріп жібергені белгілі. Сол кезде 374 мың неміс азаматтары Қазақстанға жіберілді. 1944 жылдан бастап, алдымен қарашай, балқар, қалмақ ұлттарын көшірді, 1944 ж. ақпанда шешен мен ингуш халқын онан қырым татарларын, грек, ассириялықтарды, тіптен соғыс болмаған жер – Грузияның оңтүстігінен түріктерді жер аударып, Қазақстан мен Өзбекстанға жіберді. Жалпы 1930 жылдардан бастап 1949-1950 жж. Батыс Украинадан Қазақстанға жер аударылған бандерашыларды қосқанда, елімізге 1 млн 209 мың адам жер аударылып келген екен. Олардың бәрі республика бюджеті есебінен өмір сүрді.

Әрине, әуелде НКВД (ішкі істер министрлігі), онан соң КСРО қауіпсіздік министрлігі тарапынан арнайы көмендатуралардың бақылауында болған олар қысымды да, қиындықтарды да көп көрді.

И. Сталиннен кейін болған өзгерістер оларға үміт бергені аян. Әсіресе, осыған дейін жұртқа барынша жек көрініштi тұлға ретінде танылып келген КСРО-ның соңғы ішкі істер министрі, әрі КСРО үкіметі басшысының бірінші орынбасары Леврентий Бериянның белсенді әрекеттері қоғам тарапынан көп үміт күттіргендей еді. Себебі Л. Берия 1952 ж. қазанда Компартияның XIX съезі өткенде КПСС (СОКП) болып өзгерген партияның бюросына, И. Сталин атына арнайы баянхат тапсырған екен. Онда «КСРО лагерьлері жазықсыз адамдарға лық толып, мемлекет қайраткерлері де қамауда отыр. Солардың істерін қайта қарап, бостандыққа шығару керек» деп ұсыныс жасаған. Себебі, Л. Бериянның баянхаты И. Сталиннің өзінің XIX съездегі билеуші партияның басшылық ролін шектеу, экономикалық және басқа да мәселелерге бас сұғуына жол бермеу туралы қадамына, соған сәйкес КПСС басшылығын сұрыптап қайта құру принципіне сай келетін. Өйткені елдегі негізгі билікті кеңестерге беру қажет болды. Кезінде Н. Ежовтан соң КСРО-да жаппай репрессия барысын тоқтатуға Л. Берия әсер еткен, қатардағы адамдардың шағымдарына сай жазықсыз қамалғандарды бостандыққа шығарған Л. Берия, И. Сталин қайтыс болған соң да белсенділігін тоқтатқан жоқ. 1937-1938 жж. өздері қанды қасапшы болып, мыңдаған адамдарды өлімге жіберген Н. Хрущев, Г. Маленков, В. Молотов, А. Микоян, К. Ворошилов сияқты басшы қайраткерлер Л. Бериянның бұл қадамын өздеріне төнген тікелей қауіп деп сезді. Себебі М. Хрущевтің өзі Москва мен Украинада бірінші басшы болып тұрғанда 32 мың адамның өлім жазасы тізіміне қол қойған екен. Ақыры Н. Хрущев Л. Берияны құртып тынды. КСРО-да болған барлық жамандықты соған арта салды.

Дегенмен, сталиндік жүйенің қылмыстарын әшкерелеп, өзін «адал басшы» ретінде көрсеткісі келген Н. Хрущев демагогия мен әкімдік ресурс, күш қолданудан әрі аса алмады.

1954 ж. КСРО аймақтарындағы саяси себеппен жер аударылғандарға, тұтқыннан оралғандарға үнемі бақылау жасап тұратын арнаулы комендатуралар жойылды. 1955 ж. шешендерге де осындай право берілді. 1954 ж. бастап немістер де, Кавказ халықтары да, басқалары да емін-еркін жүріп-тұру қақысына ие болды [2].

Осындай жеңілдіктер жасау жер аударылған халықтар арасында өз мүдделеріне сай талаптар қоюға мүмкіндік берді. Бұл жағынан әсіресе солтүстік Кавказдан жер аударылғандар, олардың ішінде әсіресе шешен мен ингуш халықтары өте белсенді болды. Мысалы 1954 ж. наурыз айында Шығыс Қазақстан облысындағы Лениногорск (қазір Риддер) және Зыряновск (қазір Алтай) рудниктерінде (қалаларында) тұратын шешен мен ингуш тұрғындары жаппай қарсылық әрекетіне

шықты. Жағдайларын түзету және басқа да еңбек ету мәселесімен қатар, олардың арасында ашық талап болмаса да, елдеріне қайтару, өздеріне ерекше статус сұрау әрекеті анық байқалды. Араларында тәртіпсіздік көрсеткендері де болды. Бірақ жергілікті билік және заң орыгдарының әрекетімен олардың толқуы басылды. Жұмыс жағдайын жақсартуға, еңбек режимін түзетуге шешімдер қабылданды.

Дегенмен Кавказ халықтарының мұндай әрекеттері әредік байқалып отырды. Кезінде олар Қазақстанға себепсіз көшірілмеген болатын. Тіптен 1944 ж. майдан шебі КСРО-ның батыс шекарасына қарай біржолата ойысқанда қарашай, балқар халықтарының өкілдері қарулы жасақ ретінде Кавказдағы әскери жолдарға тосқауыл қойып, кеңес әскерінің ірі колонналарына шабуыл жасап, қырып салып, зеңбірек қаруларына дейін тартып алғаны соғыс кезіндегі төтенше құжаттарда сақталған. Ал шешен мен ингуштер соғысқа дейін өз республикаларының таулы аймақтарында көтерілістер жасап, кеңес билігі оларды тоқтата алмаған. Тау шатқалдарында жасырынып жүрген олардың ұсақ топтарымен кеңес әскері күресе алмаған. Бұл туралы И. Сталинге берілген төтенше құжаттарда нақты фактілер баяндалған. Ал неміс барлау органдары ондай топтармен тығыз байланыста болып, қаруландырып отырған [3].

Жалпы Кавказ халықтарының, әсіресе, шешен мен ингуштардың қызба мінезі кейбір азаматтардың өркөкіректігі жер аударылып келген жерлеріне көптеген жанжалдарға себеп болған. Қарт адамдар олардың осы әрекеттері жергілікті қазақ пен орыс жастарының да қалталарына пышақ салып жүруін, тіптен пышақтасу әрекеттерін тудырды. Елде қылмыстық ахуал шиеленісіп кетті. Мысалы 1957 ж. мамырда Қарағандының ескі қаласындағы базарда (Н. Костенко атындағы шахта жанында) құрбан айт күні жас шешен жігіті күндізгі сағат 12-де 19 жастағы қазақ жігітіне пышақ салып, өлтіріп кетеді. Оны көрген участкелік милиционер қылмыскерді ұстамақшы болып, соңынан жүгіргенде, сол базарға іргелес тұратын шешендер тұрағының адамдары милиционерге жабылып (әйел – қыздарына дейін ұрып), оны өлтіріп тастайды.

Бұл оқиға Қарағанды жұртшылығының жаппай наразылығын тудырды. Милиционерді жерлеу үлкен қараулы шеруге ұласты. Ақыры билік күшімен, шешен ақсақалдар кеңесінің кешірім сұрауымен бұл оқиға әрең басылды [4].

Тың игеру, жаңа кен орындарын ашу көбейді. Оларға жұмысшы күші қажет болды. Ол жұмысшы күші комсомол жолдамасымен жіберілді.

1957 ж. 31 шілдеде Қостанай облысының Жетіқара аудан орталығында үлкен қақтығыс басталды. 1939 жылдан аудан орталығы

болған Жетіқара қаласында асбест тау-кен комбинаты жұмыс істейтін. Басқа да кәсіпорындары бар қалаға сырттан да жұмыс күші жиі әкелінетін. Мысалы 1957 жылдан бастап, сол кездегі КСРО басшысы Н. Хрущев халықаралық деңгейде КСРО мен «батыс елдерімен бейбіт қатар өмір сүру принципін іске асыра отырып». Кеңес қарулы күштерінің қатарын қысқартуға кіріскен болатын. Мерзімді әскери қызметте жүрген жауынгерлер Қазақстанға және басқа да жерлерге топ-тобымен жұмысқа жіберілетін. 2 млнға жуық әскер күші қысқартылыпты. Осы принциппен әскер қатарынан мерзімінен бұрын босаған Балтық теңіз флотының 20 матросы Жетіқара комбинатына келіп орналасады.

Жетіқарада ингуштер мен шешендер де тұратын еді. Олардың кейбіреуі жергілікті билік орындарымен ымыраға келіп, табысты жерге орналасуға, астыртын сауда-саттықпен айналасуға мүмкіндік алды. Солардың бірі тіс технигі Галаев Магомед еді. Оның інісі де стоматолог болды. Үйінде істейтін. Көп ағайынды Галаевтар қаладағы «беделді» ұстап тұрушылар саналатын.

1957 ж. 31 шілде күні әскерден келген матростар Жетіқарадағы шоферлар дайындайтын комбинатта оқып жүріп, Шортанды өзенінің плотинасы жанындағы көпірде шофер Галаев Исмаил (1943 ж. туған) және Утебаев Искандармен (1938 ж. туған, ұлты татар) жанжалдасын қалады. Кінәлі Галаев. Утебаев матрос Золотаревты бетінен жұдырықпен ұрады. Оларды ажыратқан ингуштар кейін матростармен төбелеседі. Ақыры матростар 20 адам жиналып алып, Галаевтің үйін іздейді. Сол кезде қалалық (аудандық) милиция қызметкерлері келіп Утебаев пен Галаевты милиция бөліміне әкетуге үйден шығарады. Оларға матростар лап қойып, жұдырық жұмсайды. Утебаев пен Галаев үйге тығылады. Сырттағы матростар оларға тас лақтырады. Ал ішке тығылған Галаевтың туысқандары Абукар, Магомед, Исрапил, Жебраил матростарға үш аңшы мылтығынан және 2 кіші калибрлі винтовкадан оқ жаудырады. 15 адам жараланады. Олардың ішінде матростардан басқа жергілікті тұрғындарда бар еді. Өте бай тұратын Галаевтарда екі «Победа» жеңіл автомашинасы бар болатын. Ашылған матростарға жергілікті халық қосылып, Галаевтардың үйіне өрт қойып, бір «Победа» машинасын жағып жібереді.

Екінші «Победа» машинасына мініп қашқан Галаевтардың соңынан жүк машинасына мініп қуған тобыр оларды аудандық милиция ғимаратына барып тығылуға мәжбүр етеді. Қуған адамдар Галаевтардың екеуінің милиция бастығының кабинетіне тығылғанына қарамастан басып кіріп, сол жерже өлтіреді.

Жағдай бірнеше күннен кейін ғана тынышталады. Галаевтардың үйін тінткен кезде заңсыз алынған жүздеген метр қымбат маталар, бұйымдар тіркеледі.

Жергілікті билік органдары, әрине, Жетіқара оқиғасынан сабақ алғандай болды. Себебі ұлтаралық қатынастарға назар аудармай, тек өндірістік жоспарларды орындаумен ғана шектелген билік халық арасында әділдікке, тәртіпке деген сұраныстың қуатын тек сонда ғана сезді. Тиісті шаралар қабылданды. Қылмысқа жауапты адамдар сотқа тартылды. Галаевтар сияқтылардың заңсыз әрекеттеріне жол беген тәптіп қызметкерлері орындарынан кетті [5].

**Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімі**

1 Алдажуманов К. С. Размещение депортированных народов в Центральной Азии. //материалы «круглых столов» и семинаров. Алматы. Адилет, ИИиЭ им. Ч. Валиханова. с. 15-21

2 См. сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. Издание Верховного Совета Российской Федерации. Москва. Республика. 1993. 222 с.

3 Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФМА) 9401-қ. 2-Т.64-іс. 165-п.

4 РФМА 8131-қ. 31-Т.86920-іс.

5 РФМА 8131-қ. 31-Т.89558-іс. 1-11-пп.

## 3.4 1959 жылғы Теміртау қаласындағы жас жұмысшылар көтерілісі

*Қ. С. Алдажұманов*

Орталық Қазақстан, оның ішінде Қарағанды өңірі 30-40-шы жылдары жедел игеріліп, КСРО өнеркәсіп экономикасына зор үлес қоса бастады. Қарағанды көмір бассейні КСРО-ның Донбас пен Кузбастан кейінгі үшінші отын базасына айналды. Ал екінші: дүние жүзілік соғыстың басталуы Жезқазған өңірінде Жезді марганец кен орнын ашық әдіспен үш ай ішінде игеріп, Магнитогорск және басқа да болат қорыту комбинаттарын жедел мерзімде қажетті марганец қоспасымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Оған қоса Балқаш мыс қорыту заводы, басқа да үлкенді, кішілі өнеркәсіп мекемелері майдан талабына сай жұмыс істеп тұрды.

1941 ж. күзде КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің тапсырмасымен КСРО Ғылым Академиясының президенті Л. Комаровтың басшылығымен Орал, Сібір және Қазақстан экономикалық ресурстарын қорғаныс мақсатына жұмылдыру комиссиясы құрылды. Ол комиссияның жұмыс барысында КСРО Ғылым Академиясы Қазақ Филиалының төрағасы, атақты геолог ғалым Қаныш Сәтбаевтың 20-30-шы жылдары Орталық Қазақстандағы кен орындарын зерттеу нәтижелері басты назарға алынды [1].

Ол комиссияның қорытындысы бойынша Магнитогорск металлургия комбинатын қосымша қара металмен қамтамасыз ету үшін Қарағанды қаласынан 30 км жердегі Самарқан поселкесінде Қарағанды қайта балқыту заводын іске қосу жоспары бекітілді.

Ол бекітілген жерде Нұра өзенінің бойында кезінде Қарағандыны электр қуатымен қамтамасыз ететін КарГРЭС су қоймасы жасалған болатын. Ал Самарқан поселкесі 1906 жылы Ресей мемлекетінің ішкі облыстарынан көшіп келген славян ұлттарының есебінен пайда болған еді. 1944 жылы Теміртау қайта балқыту металлургия заводын салу туралы қаулы шыққаннан соң, Самарқан поселкесі Теміртау қаласы деп аталды. [2]

Осыдан кейін Теміртау қаласына жұмысшы күші жіберіле бастады. 1944 жылы әскерге шақыру жоспары бойынша әскер қызметіне жарамсыз деп таныла бастаған бір топ қазақ жігіттері осы Теміртаудағы Қарағанды шойынды қайта балқыту заводының құрылысына жұмысқа жіберілді. 1944 жылы іске қосылған завод майдан даласынан әкелінген, жарамсыз соғыс техникаларын әр мекемеден, жерлерден жіберілген метал сынықтарын қайта балқытумен айналысты.

Соғыс біткен соң Орталық Қазақстанда ашылған жаңа метал кен орындарын іске қосу мақсатында бұрынғы Теміртаудағы қайта балқыту заводы негізінде енді Қарағанды металлургиялық комбинатын салу жоспарланды. 1950-ші жылдардың ортасында басталған құрылыс жұмыстары аса көп еңбек ресурстарын талап етті.

Бұл құрылысты комсомолдық екпінді құрылыс деп жариялаған СОКП мен БЛКЖО Орталық комитеттері КСРО-ның әр аймағынан жас жұмыс күштерін комсомолдық жолдамамен Теміртауға үздіксіз жіберумен болды.

Тіптен осындай алып құрылысты салу үшін халықаралық жұмыс күші ретінде Болгария жастар комитетімен келісім жасап, ауқымда бір топ болгар жас жұмысшылары Теміртауға келді. Олар үшін барлық жағдайы бар қонақ үйі іспетті жатақхана берілді. Өз асханасы, ыстық

және суық сумен үздіксіз қамтамасыз етілген мұндай жатақтың жалпы Теміртау жұмысшыларының тұрмыс жағдайында жер мен көктей айырмашылық болды.

1959 ж. мамыр мен шілде арасында Қарағанды металлургия заводы құрылысына (сол кездегі ресми атауы) КСРО –ның әр жерінен 17 мен 20 жас арасындағы жұмысшылар тобы көптеп келді.

Құрылыс басшылары мен жергілікті қалалық және облыстық басшылар оларға ешқандай жағдай жасамаған болатын. Екі мыңнан астам жастарды брезент шатырлар астында «шатырлы қалашық» деген алаңға орналастырды. Шатырлардың көпшілігі ескі, жыртық, жаңбырлы күні олардан су ағып тұратын. Оларда орындық, заттарын қоятын тумба сияқты қажетті дүниелер де жоқ болды.

Жұмысшылардың жалақысы күн көріске жетпеген кездер көп болды. Себебі құрылыс басшылары оларға дайын құрылыс алаңын дайындамады. Сондықтан қолдары бос, әртүрлі тәрбиеден өткен жастардың арасында карта ойнау, төбелес сияқты келеңсіз әрекеттер жиі болып тұрды. 25, 100 адам қатынасқан төбелестер болғанын оқиғадан кейін тергеу, тексеру ісін жүргізген Қарағанды облыстық қауіпсіздік басқармасының қызметкері капитан (70 жылдары полковник) Нұртаза Қилыбаев әлденеше рет жоғары басшылыққа жазып берген екен. Бірақ оған назар аударылмаған [3].

«Шатырлы қалашық» тұрғындары құрылыс басшыларына, Теміртау қалалық КПСС комитетіне шағыммен барған кезде ешкім тыңдамаған, керісінше қуып шығып отырған. Ал 2000 жұмысшы сол «шатырлы қалашыққа» жұмыстан кейін жуынатын су болмаған, ол түгілі далаға қойылған цистерналарда ішетін су да болмаған. Ал «шатырлы қалашық» тұрғындарының қылмыстық жолға түсуінің кеңеюіне көпшілігі әлі жұмыспен қамтылмаған, өздері бұрынғы қылмыскерлер, тәртіп бұзғыштар, еңбек түзеу колонияларынан босап шығып, Теміртауға «комсомолдық жолдамамен» келгендер еді. Олар жас жұмысшыларды қорқыту, үркітумен қатар, тонаумен де айналысты.

Бұл жерде назар аударатын бір жәйт, - Теміртауға келген жас жұмысшылардың көпшілігі соғыс кезінің жетімдері еді. Өмірге енді ғана аяқ басқан шақта олар соғыс кезінің қиындықтарын бастан өткерін, жетімдер үйінде, көше тәрбиесімен өсті. Осының бәрі олардың Теміртау оқиғасына белсене қатынасуына әсер етті. Сондықтан Теміртау оқиғасы әуел бастан аса қауіпті, кейін адамдар өліміне дейін әкелген қаталдығымен ерекшеленеді. Ал оның әуел бастан осындай сипатқа ие болуына «Комсомол жолдамасымен» Теміртауға келген қылмыстық элементтердің басшылығы еді [4].

1959 ж. 1 шілде күні кешкісін ауыз судың жоқтығынан шыдамаған жастар асхана жанында тұрған ішінде квас бар автоцистернаның құлпын жұлып тастап, квас іше бастады. Ол квас саудаға қойылған ішімдік болатын. Оны місе тұтпаған қылмыстық бұзақылар асхана жанындағы ыдыс-аяқ дүңгіршегін бұзып кіріп, ойрандады. Ол жерде ішімдік жоқ болатұғын. Артынша бұзақылар із жасыру үшін асхананы өртеп жіберді.

Бұл кезде бұзақылық басталған жерде 5 милиционер қызметте тұрған. Олар өздерін «момын» ұстап, өрт қойғандарға шара қолданған жоқ. Тек түнгі сағат 3-те қосымша милиция күші келді де, жиналған топты қуа бастады. Ақыры сол жерде жүрген «кездейсоқ» екі адамды ұстап, милиция бөліміне әкетті. Осының нәтижесінде қарсылық көрсеткен топтың басшылары белсенділікті өз қолдарына алды. Ұйықтап қалған «шатырлы қалашық» тұрғындарын оятып, олар қалалық милицияға әкетілген екі адамды босату үшін ұйымдаса көтерілді. Түс кезіне дейін созылған бұл топтасу кезінде цистернамен жаңадан әкелінген ауыз суының қызғылт түсіне ашуланған тобыр қараңдар, міне бізді немен уландырғылары келеді деп шулады.

Осының алдында ғана 2 шілде күні келген құрылыс басшылары жұмысшыларға жиналыс ашып, олардың талаптарын орындауға уәде берген еді. Жұмысшылардың көбі келісіп, бейбіт түрде тараған болатын. Ал ол жиналысты завод басшыларымен бірге өткізген Қарағанды металлургия заводы партия ұйымының хатшысы Г. А. Коркин еді. [5]

Ол облыстық партия комитетінің басшыларына барып ақпарат берді. Жағдайды талқылау үшін СОКП облыстық комитетінің хатшылары П. Чесаев, П. Исаев, Энодин, Қарағанды облыстық қауіпсіздік комитетінің бастығы Шмойлов, обкомның бөлім меңгерушісі Бөкенов, облыстық ішкі істер басқармасының бастығы Любых жиналды. [6]

Екінші шілде күні кешкісін ызаға батқан топ милиция бөлімін талқандады. Милиция бөлімі қоршауға алынып, универмаг тоналды.

Үздіксіз Алматымен байланыста болған облыстық ішкі істер басқармасының бастығы полковник Любых Қаз КСР ішкі істер министрі генерал Ш. Қабылбаевқа хабарласып, не істеу керек деп сұрайды. Министр мемлекеттік мүлік қорғалу керек, бұзақылық тоқтамаса, қару қолданыңдар деп бұйрық береді. [7]

Осының алдында ғана өртеліп, басқа да бұзақылықтар болған кезде Теміртауға Қарағанды СОКП облыстық комитетімен басқа да құқық қорғау орындарының шешімімен атышулы Карлагтағы күзет әскерлері, басқа да милиция күштері Теміртауға жіберілген болатын. Сондықтан бұзақылар милиция бөлімін қоршап, талқандауға кіріскенде онда қарулы солдаттар мен милиция қызметкерлері жеткілікті еді.

Теміртаудағы бүлік үш күнге созылды. Милиция бөліміне басып кіруді ұйымдастырған Манышин деген жұмысшы қайта – қайта милиция бөлімі бастығынан тұтқындалғандарды босатуды талап етті. Оларды босатпаған жағдайда бүкіл милиция бөлімін қиратамыз деген талап қойды. Милиция бөлімі ұсталғандарды босатуға уәде берді. Оларды босатқанымен бұзақылық жасаушылар өздерінің қирату, өртеу қылықтарын жалғастыра берді.

Үшінші тамызға қараған түні көтерілісшілер Теміртау қаласының сауда орталығын басып алды. Универмагты тонап, ішімдікке тойып алған бұзақыларға қарсы милиция мен әскер күштері қару қолдана бастады. Көтеріліске қатысқан белсенді топтан 7 адам қаза тапты, 32 адам жаралы болған. Көтеріліске шыққандар милиция мен әскер күштеріне тас лақтырып, аңшы мылтықпен атып, бірнеше адам жарақат алған.

Осы оқиға кезінде қаза болған 16 адамның ішінде жалғыз қазақ бар. Ол сол кездегі Талдықорған облысының Мұқыры ауылының тумасы екен. 1938 жылы туған. Бұзақылық істері үшін сотталып, 1959 жылы шілде айында бостандыққа шығып, Теміртауға жұмысқа жіберіліпті. Онда келген соң токарьға көмекші жұмысына орналасқан екен. Жатақханадан орын да беріліпті. Бірақ ол азамат Теміртаудағы көтерілістің екінші күні милиция бөлімін қоршап тұрған солдаттар мен милиция қызметкерлерінің жолда тұрған сапына бетонмен тас құмын таситын жүк машинасын от алдырып, бар екпінімен жүргізіп, сапқа соғылуға жақындаған кезде есікті ашып, секірген кезінде автомат оғынан қаза тапқан екен. Ол адамның туысқандары барын ескеріп, К. З-ның аты жөнін толық келтірген жоқпыз. Универмагтан тоналып жатқан азық-түлік, арақ – шарапты алуға барған екі әйел, тағы үш адам қаза тапты.

1959 жылы 3 шілде күні түс кезінде көтеріліске қатысқан жалпы топпен оның белсенді мүшелері тарқауға мәжбүр болды. Осыдан кейін жаппай тексеріс, тергеу, ұйымдастырушыларды іздеу басталды. Осы жолдардың авторы 1959 жылы Қарағанды қаласында мектепте оқыған еді. Теміртау қаласындағы оқиғаға байланысты Қарағанды мен Теміртау арасындағы қарым-қатынас үш айға үзілді. Қарағанды облысындағы құқық қорғау орындарында тексеріс жасалып, көптеген мамандар қызметіне сәйкес емес деген тұжырыммен жұмыстан босатылды.

Теміртаудағы көтеріліс кезінде жаппай бұзақылық орын алды. 109 солдат пен офицер жараланып, олардың ішінде 32 адамға оқ тиген. Ал көтерілісшілер тарапынан 16 адам қаза тапты, оның бесеуі жаралы күйінде ауруханада қайтыс болған.

Жалпы дүрбелеңмен көтерілісшілер арасында жүрген 190 адам ұсталып, көпшілігі қысқа тексерістен кейін босатылғандар. Жастары 18 бен 21 жас аралығында. Сол 190 адамның тек 75 ғана комсомол жолдамасымен көтерілістен екі апта бұрын ғана келген екен Теміртауға. Тергеу анықтағандай көтерілісшілерден қаза болғандардың өздері кінәлі екені анықталған. Қаза болған көтерілісшілердің ең белсенділері Аплоцинь, Бескоровайный, Макеев және басқалары. Сот үкімімен ату жазасына кесілген Манышин, Заговский екеуі 1959 жылы желтоқсанда Каз КСР Жоғарғы сотының үкімімен жазалары жеңілдетіліп, өлім жазасының орнына 15 жылға бас бостандықтарынан айрылды. Жауапқа тартылған көпшілігінің жас екендігі ескеріліп, бостандыққа шықты [8].

Ал Теміртау заводының құрылыс басшылары, Қарағанды облысы СОКП, кеңес басшы қызметкерлері тіптен қатаң жаза алды. Олар үшін қызметтен алыну, СОКП қатарынан шығарылу өте ауыр жаза болатын. Мысалы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, СОКП ОК Төралқа мүшелігіне кандидат Л. Беляев қызметінен кетті. Сол сияқты Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы П. И. Исаев қызметтен босатылып, партиядан шығарылды. Сол сияқты облыстық басқару аппаратының біраз басшысы, оның ішінде Облатком төрағасы қызметтерінен босатылды. Қарағанды облыстық партия комитетінің басшылары сөгіс алды. Қарағанды облыстық халық шаруашылығы кеңесінің (совнархоз) басшысы Оника орнынан алынып, бұл қызметке Б. Ф. Братченко тағайындалды. «Казметаллургстрой» трестінің басшысы

А. С. Вишневский партиядан шығарылып, қызметтен босатылды. Оның орнына Қазақ КСР Құрылыс министрі А.П. Кротов тағайындалды. Теміртау көтерілісі туралы СОКП Орталық Комитеті «Теміртау оқиғалары туралы» деген арнайы қаулы қабылдап, жалпы Қазақстанның кәсіпорындарында әлеуметтік жағдайды жақсарту, т.б. мәселелерге ерекше назар аударылды. Теміртау көтерілісінің тағлымы мекеме басшыларына, облыс, аудан көлеміндегі басшыларға үлкен сабақ болды.

## Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімі

1 Қозыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта Алма-Ата. Казахстан. 1970. С.59.

2 Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия. Алматы. Атамұра. 2004. 316 б.

3 РФ МА. (ГАРФ) Қ.Р – 81-31. Т.31. 86920 іс. 7-9 б.

4 РФ МА. (ГАРФ) Қ.Р – 81-31. Т.31. 86920 іс. 168-170 б.

5 РМӘСА (РГАСПИ). 17 қ., 89 т. 229 іс. 54-56 б.

6 Култаев Т. Темиртауские события 1959 г. //Материалы « круглых столов» и семинаров. Алматы. Адилет. 1996. с. 121-122.

7 РМӘСА. Қ. 17. Т.337 35 б.

8 РФМА.Қ.- Ф8131. 31 т. 86920 іс 212-213 б.

## 3.5 1967 жылғы Шымкент көтерілісі

*Г.К.Көкебаева, С.Қ. Шілдебай, Е.И. Стамшалов*

Кеңес өкіметі үстемдік еткен жылдары әлеуметтік себептерден туған барлық қақтығыстарды жасыруға күш салынды. Соғыстан кейінгі 50- 60 жылдарда орын алған әлеуметтік қақтығыстардың ішінде басқа да бас көтерулер сияқты Шымкент көтерілісі де қазірге дейін тиянақты зерттеуді күтуде. 1967 жылы 13-15 маусым күндері Шымкент қаласында халықтың милицияға қарсы көтерілісі бұрқ ете қалды. Бұл оқыс оқиға Л.И. Брежнев билігі кезіндегі ең ірі бүліктің бірі болды. Отандық тарихшылар алдында осы қақтығыстардың тарихы мен себептерін зерттеу, шетелдік, қазақстандық, соның ішінде аймақтық және әлеуетті құрылымдардың қорларынан архивтік деректердің үлкен массивін ғылыми айналымға енгізу міндеті тұр. Кеңестік кезеңде Қазақстанда орын алған әлеуметтік және этносаралық қақтығыстар тарихын зерттеу ісінде шешімін күткен методологиялық мәселелер де бар. 1967 жылдың маусым айында Шымкентте бұрқ ете қалған Шымкент көтерілісі сияқты әлеуметтік негіздегі жаппай тәртіпсіздіктің кеңестік билік тарапынан бағалануы, тарихи оқиғалардың халық жадындағы бейнесі, тарихнамасы, қақтығыстар тарихын зерттеу әдістемесі мен әдістерін саралау өзектілігін сақтап отыр.

Кеңестік Қазақстанның тарихына қатысты әлі айналымға енгізілмеген архив құжаттары, зерттеу еңбектер, түрлі естеліктер ғылыми мақаланың деректік базасын құрады. Кеңестік әлеуметтік-экономикалық саясатқа қарсы бас көтерулердің бірі ретінде сипатталатын Шымкент көтерілісінің тарихын зерттеу нысанын анықтау үшін ғылыми деректер мен түйінделген фактілер гуманитарлық ғылымдар саласында пайдаланылатын салыстыру, болжам жасау, сараптау әдістері арқылы тұжырым жасалды. Ғылыми зерттеуде түрлі топтардың бет-бейнесін тиянақты сипаттау үшін әлеуметтік тарих әдістемесінің құралдары пайдаланылды. Жалпы алғанда мақаланы зерттеу үшін методологиялық плюрализм пайдаланылды.

Екінші дүниеүзілік соғыстан кейін тізбектеле орын алған түрлі бас көтерулер, көтерілістер тарихы кеңестік тарихнамада ақтаңдақ сипатында болды. Қатысушылар мен олардың ұрпағының, жалпы халықтың арасындағы ауызекі әңгімеде болмаса, 1967 жылғы Шымкент көтерілісі туралы арнайы зерттеу жасалмады. Шетелдік тарихнамада ақпараттық мәнде аталып өткенімен, деректік тапшылықтың салдарынан бұл тақырып зерттелмеді. Тек Кеңестер Одағы тарағаннан соң БАҚ-да Шымкент көтерілісі сөз бола бастады. Мұндай жарияланымдардың кейбірінде Шымкент көтерілісі жай аталып өтсе [1], оқиға арқау болған басқа БАҚ материалдарында дерек көздерге сілтеме жасалмай, бас көтерудің барысы үзік-үзік сипатталды [2].

1967 жылғы Шымкент көтерілісінің тарихы кеңестік кезеңдегі жаппай бас көтерулер бойынша тиянақты зерттеу жасаған тарихшы В.А. Козловтың еңбектерінде де аталып өтілді [3]. В.А. Козловтың зерттеулерінде Шымкент көтерілісіне қатысты жалпылама мағлұмат берілген. Тарихшы: «Шымкенттегі тәртіпсіздіктер Брежневтің билігі кезеңіндегі ең ірі бас көтеру болды», – деген баға береді [4]. Шымкент көтерілісі аталып өткен жарияланымдарда жергілікті архив деректері пайдаланылмады. Шымкент көтерілісі оқиғаға қатысушылардың естеліктерінде де сөз болады. 1962-1972 жылдары КОКП Шымкент облыстық комитетінің 1-хатшысы қызметін атқарған В. А. Ливенцов өз естелігінде Шымкент көтерілісіне тоқталып өткен. Оқиғаға байланысты кейінгі кездегі көзқарастарымен бөліскен партиялық функционер Шымкент көтерілісінің себептеріне қатысты субъективті пікірлеріне орын берген [5]. Ұсынылып отырғаны тараудың негізгі дерек көзі Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі – ТОМА) және Түркістан облыстық қоғамдық-саяси архиві (ТОҚСТМА) бұрын жарық көрмеген материалдары құрады. ТОМА-ның 217 қорында сақталған Шымкент көтерілісіне қатысушылардың қылмыстық істері оқиғаның эволюциясын, себеп-салдарын тиянақты саралауға бағалы мәліметтер береді. Ал ТОҚСТМА-ның № 11 Қазақстан Компартиясының Шымкент қалалық комитеті қоры, № 40 Қазақстан компартиясының Шымкент облыстық комитеті қоры материалдары негізінде партиялық басшылықтың Шымкент көтерілісіне берген бағасы, көтерілістен кейінгі түрлі жазалау шаралары талданды. Сонымен қатар мақаланы жазу барысында Ресей мемлекеттік қазіргі заман архиві (бұдан әрі-РМҚЗА) деректері де пайдаланылды.

1967 жылы 13-15 маусым күндері Шымкент қаласында тұрғындардың милицияға қарсы көтерілісі бұрқ ете қалды. Бұл оқыс

оқиға Л. И. Брежнев билік еткен дәуірдегі ең ірі бас көтерулердің бірінен саналады.

Шымкент оқиғасы қарсаңында КСРО бойынша қылмыстық оқиғалардың өршіп кеткені байқалған. 1967 жылдың 22 наурызында КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау министрі Н. А. Щелоковтың КОКП Орталық Комитетіне жолдаған хатында КСРО аумағында 1966 жылы 888 мың қылмыс тіркеліп, мұның өзі 1965 жылдан 18%-ға көп екені көрсетіліп, дабыл қағылады. Хатта, әсіресе қылмыстық құқық бұзушылық 24,6%-ға өсіп, 640 мың оқиғаны құрағаны баяндалған. Қылмыс саны тым қатты өсіп кеткен аймақтар қатарында Қазақстан да аталады. Н. А. Щелоковтің мәліметінше, Қазақстандағы қылмыс 1965 жылғыға қарағанда 35,6%-ға өскен. Қылмыс мөлшері Өзбекстан бойынша 27,9%-ға, Белоруссия бойынша 30,3%-ға, РСФСР бойынша 27,1%-ға өскенін ескерсек, Қазақстан көрсеткіші бәрінен де жоғары болған. Қоғамдық тәртіпті сақтау министрінің мәліметіне қарағанда 1966 жылы КСРО-дағы әрбір 10 мың халыққа 28 қылмыстан келген [6]. Н.А. Щелоковтың бұл хатын А.П. Кириленконың төрағалығымен талқылаған КОКП Хатшылығы «хат мазмұны ақпараттық сипатта екенін, онда қорытындылар мен тиісті жалпылама тоқтамдар көрсетілмегендіктен, оны таратудың қажеті жоқ», – деген шешім қабылдайды [7].

КОКП Бас хатшылығына Л.И. Брежнев келген кезеңдегі Қазақстандағы саяси көңіл-күйдің «жайсыздығы» КСРО МҚК тарапынан да айтыла бастады. 1965 жылдың 23 желтоқсанында КОКП ОК-не жолданған құпия хатта «республика аумағында студенттер мен интеллигенция арасында ұлтшылдық оқиғалары орын алғаны» баяндалады. Хат мазмұнына зер салсақ, арнайы органдар ұлтшылдықпен бірге шовинистік пиғылдардың туындағанын көрсеткен. Алматы тұрғыны И.М. Скобельскийдің шовинистік мазмұндағы домалақ хаттар тарататыны айтылады. Бұдан өзге Қазақ ССР ауыл шаруашылық министрлігі басқарма бастығының орынбасары А.Е. Бектасов қазақ үкіметі мен партия басшылығына елдегі шовинистік пиғылдың өршіп кеткенін көрсетіп, ұлтшылдық көріністерінің тек «қорғанушылық» сипатта екенін ашық хат түрінде жолдаған. КСРО МҚК төрағасы В. Семичастный қол қойған хатта қазақ интеллигенциясының Қазақстандағы іс жүргізу мен барлық жоғары оқу орындары мен мектептердің көбінде білім берудің орыс тілінде жүргізілетініне, аймақтағы билік орындарында орыс ұлты өкілдерінің тым көптігіне наразылық пісіп-жетіліп келе жатқаны баяндалған [8].

Шымкент ол кезде 100 мыңнан астам тұрғыны бар өндірістік қала еді. Қала жазасын өтеу мерзімінің соңында Ішкі істер комендатурасы

бақылауымен еркін өндірістік кәсіпорында жұмыс істейтіндер, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотталғандар көп болды. Шымкенттегі адам көп шоғырланған ірі базар қаланың бет-бейнесіне айналып, қалада алыпсатарлық, ұрлық өршіп, тіпті есірткі заттарына дейін сату орын алады. Милиционерлердің көпшілігі қылмыспен күресудің орнына, олармен бірге ақша табуға жақын тұрған. «Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қолға алған шаралары базарларда шиеленіс туғызғанын», «Милиционерлердің өздерінің қолы таза еместігі, олардың алым жинайтыны туралы сыбыс желдей есіп» кеткені сол кездегі облыс басшысы В.А. Ливенцовтың естелігінде де айтылады [9].

1967 жылғы маусымның 12-сінен 13-іне қараған түнде, сағат 01. 00. шамасында көшеде мас күйінде жатқан жерінен автопарктің жүргізушісі, 1938 жылы туған В.Я. Остроухов айықтырғышқа жеткізіледі. Таңғы сағат 6. 00 шамасында жасалған тексеріс кезінде оның өліп қалғаны анықталады. Мәйітті ашқан облыстық сот-дәрігерлік сарапшы В.И. Нестеров ажал себебі ретінде гипертония сырқатына қатты мастық қосылып, миына қан құйылған деген қорытынды жасайды [10]. Мұндай қорытындыны айықтырғыш қызметкерлерінің түсініктемелері қуаттайды. Арнайы жауап алынған айықтырғыш мекемесінің кезекші инспекторы Қадырқұл Құралбаев мұнда әкелінген Остроховтың өз аяғымен жүріп-тұрғанын, киімдерін өзі шешкенін куәландырған. Түнгі 3-тер шамасында оянған В. Остроухов далаға шығаруды талап еткен. Кезекші фельдшер сөйлескеннен кейін қайта демалған В. Остроуховтың денесі жансыз жатқаны таңғы 5-тер шамасында анықталған [11]. В. Остроуховпен соңғы әңгімелескен фельдшер Г.Р. Жированың да түсініктемесі осы нұсқаны қуаттайды [12]. 14 маусымда Қазақ ССР денсаулық сақтау министрлігі сот-медицина сарапшылары С.М. Сидоров пен О.И. Макарьян жасаған мәйітті қайта сот-медицина зерттеуі Остроуховтың өлімі жабық түрде алынған басми соққысынан болған, соққы қатты затпен марқұмның оң жақ желке-мойын жағынан жасалғанын, тексеріс кезінде гипертониялық ауруға дәлел боларлық көрсеткіштер тіркелмегенін көрсетеді. Алдыңғы медициналық сарапшы В.И. Нестеровтың негізгі диагнозын қуаттаған қайта зерттеу марқұмның гипертониялық ауруы туралы түйінді тек қосымша зерттеулер арқылы жасауға болатынын ескерткен [13]. Осылайша, В. Остроуховтың өлімінің себебі туралы екінші нұсқа пайда болады. Осы нұсқа жергілікті БАҚ бетінда жарияланды [14].

В. Остроуховтың өлімінің себебі саналған екінші нұсқа да негізсіз емес еді. Архив құжаттарында В. Остроухов өліміне кінәлі ретінде

ұсталған Спабек Сыздықовтан 13 маусымда-ақ жауап алынғаны расталады. Остроуховтың мас күйінде жатқанын милицияға хабарлаған С. Сыздықовтың өзі болған [15]. Спабек Сыздықовтың соттағы жауабы бойынша оқиға былай өрбіген. «1967 жылы кешкі ондар шамасында жолдас баламның үйінен қайтып оралып келе жаттым. Өз үйімнің кіреберісіне енген кезімде іштен бір мас еркек шығып келе жатып маған: «Неге айқайлайсың?» – деді. Менің қасымда ешкім болған жоқ. Мен мас кісімен сөз таластырмадым. Қолымды көтеріп, қалжыңдап: «Берілем» – дедім де, ауланың бұрышындағы беседкаға қарай ығыстым. Ол орындықта Колесников Юрий, Девольд В., Бабаханов Б. сияқты 3 бала отырды. Мен мас кісіге таяп келіп, «Пышақты бер!» – дедім... Бірнеше мәрте сұрағаныммен мас кісі пышақты бермеген соң, мен самбо тәсіліне салып, оның қолынан пышағын алып алдым. Ол бірден баспалдақпен жоғары көтеріліп кетті. Мен және қасымдағы балалар оның қайда баратынын білу үшін бірге көтерілдік. Мас кісі алдымен біздің пәтердің қоңырауын басып тұрды. Мен оған таяп келіп, «Кет, бұл жерден!» – дедім. Ол менің сөзіме мән бермеді. Сол кезде мен оны сол жағынан жұдырықпен ұрдым. Ер адам басымен 4-қабатқа апаратын баспалдақ табалдырығына құлады. Мен өз пәтерімнің есігіне қоңырау шалып, «Камал, есікті аш, бұл менмін!» – дедім. Камал есікті ашқанда, мен жаңағы ер адамның қозғалыссыз жатқанын көрдім. Бір аяғының туфлиі шешілген екен, оны кигіздім. Бәріміз оны аяқ-қолынан көтеріп, сыртқа аулаға шығардық. Ер адам қозғалыссыз жатқан соң, мен оған қолдан тыныстандыру жаттығуын жасадым. Содан кейін оны беседкаға апарып жатқыздық. Осы кезде беседкаға менің әкем мен шешем келді. Мен олардың үйге бара беруін сұрадым да, өзім де үйге беттедім. Баспалдақпен көтеріліп келе жатып, коридор жарығынан аяғымның жарақаттанғанын көрдім. Мен айықтырғышқа телефон соғып, мас кісіні алып кетуін сұрамақ болдым. 02 нөміріне соққанымда маған №1 милиция бөлімшесіне соғу керектігін айтты. Мен милиция күзетін шақыруды дұрыс көрдім...» Оқиғалардың ары қарай өрбуі С. Сыздықовтың жеке тұлғасын сипаттайды. Остроуховтың қалтасында конфет, ақшасы бар екенін байқаған ауладағы балалар ақшаны бөліп алуды ұсынғанымен, Сыздықов ақшадан басқа заттарды, Остроуховтың бәкісін милиционерлерге өз қолымен тапсырған. Сот мәжілісінде С. Сыздықов В. Остроуховтың қалтасынан алған 9 сомды өзара бөлісіп алғандарын мойындаған [16].

Спабек Сыздықовтың өзі 1948 жылы Ташкент облысы Жоғары Шыршық ауданының Калинин атындағы колхозында туған, Шымкенттегі Титов атындағы мектептің кешкі бөлімінде 11-сыныбында бітірген.

Спабек Сыздықовты Шымкент көтерілісіне негізгі себеп болғаны туралы нұсқа жан-жақты қуатталды. Кеңестік заңдылық жүйесінің ерекшелігіне сай сот процесінің қоғамдық айыптаушы мәртебесіндегі қатысушысы болған. С. Сыздықовтың сотында қоғамдық айыптаушы ретінде сөз алған КОКП мүшесі, Шымкент қорғасын заводы комсомол комитетінің хатшысы В.И. Борисов алдымен социалистік құрылыс туралы коммунистік рухта кіріспе сөз сөйлеген. Өз сөзінде соңғы он жылда Солтүстік Қазақстан, Сібір және Қиыр Шығыстағы екпінді құрылыстарға комсомолдық жолдамамен жастар барып жатқанын, 600 мыңнан астам жастың бұрын ешкім қоныстанбаған иен жатқан жерлерге табан тірегенін тізіп өткен [17]. Ол: «Қаламыздың жастары мен комсомолдарының еркін білдіре отырып, Спабек Сыздықовты ешбір кінәсі жоқ азамат Остроуховты қасақана өлтіргені, тонағаны бойынша бұл процесте бұл жиіркеніште қылмыстың осы жылдың 13 маусымындағы ауыр зардаптарға соқтырған кейбір санасы төмен жастар мен жасөспірімдер қатысқан жаппай тәртіпсіздіктерге себеп болғанына ашу-ызаға толы наразылығымды білдіргім келеді. Қанекей, зейін қойып қылмыскердің, оның сыбайластарының кім екеніне қарайықшы! Олар кімдер? Өздері қайдан шыққан?» – дейді [18]. Ары қарай: «Біздің алдымызда Спабек Сыздықов отыр. Оның жасы 19-да, мектеп-интернатта 11 сыныбын бітірген соң бір жарым жыл еш жерде жұмыс істемей, оқымай, өзінің масылдық өмір ғұрпын «шешеме шаруашылық бойынша көмектестім» – деп бүркеп келген. Біздің алдымызда өмірінде ешқашан қоғамға пайдалы іспен айналыспаған, айналысуды қаламайтын нағыз арамтамақ тұр.» Ары қарай қоғамдық айыптаушы лирикалық тебіреніспен жасөспірімдердің шектен тыс қатыгездігін сөз қылады да, соттан айыпталушыны барынша қатаң жазалауды сұрайды.

Әрине, партиялық функционердің сөзі өз заманындағы тоталитарлық өктемдіктің табын білдіреді. Спабек Сыздықов тұлғасын сипаттағанда оны көшенің бұзақы жастарының қатарына апарып қосуға ұмтылыс байқалады. Ал шындығында іс құжаттарында айыпталушының әкесі Манап Сыздықов облыстық қаржы бөлімінің қызметкері екені, оның қалыпты жанұяда тәрбиеленгені көрсетілген. Бұдан бөлек, С. Сыздықов шоферлық курста оқыған оқу комбинаты берген анықтамада оның 1966 жылдың 18 қазаны мен 1967 жылдың 9 наурызына дейін осында оқығаны, емтиханды «жақсы» бағаға тапсырғаны көрсетілген [19]. Шымкент қаласының №12 мектебін бітіру аттестатында да, Спабектің мінез-құлқы «өте жақсы» бағаланған [20]. Шымкент облыстық сотының қылмыстық істер сот алқасы «қоғамдық тапсырысты» асыра орындады

десе де болады. Шымкент облыстық соты төрағасының орынбасары И.Р. Батыршаев төрағалық етіп, халық заседательдері Д.Е. Котова және Ж. Азыкенова қатысқан сот құрамы Спабек Сыздықовты ату жазасына кеседі [21]. Жергілікті газетке «Кісі өлтіруші жазаланды (Сот залынан) деген хабарлама жарық көрді [22]. Хабарламада: «Сот үкімі залдағы қатысушылар тарапынан қолдауға ие болды» – делінген. Осылайша, бақытсыз жағдаймен өмірі бүлінген қазақ жігітінің тағдыры тоталитарлық үгіт пен күштеу машинасының табанында жаншылды. С. Сыздықовқа шығарылған үкімге байланысты оның адвокаты Адольф Эммануилович Смолкиннің кассациялық шағымы жас жігіттің тағдырын күйреткен әділетсіздік топанындағы жалғыз арашашы болғанын айту керек. Кассациялық шағым кеңестік үгіт машинасы мен күштеу орындары сомдаған жәбірленуші В. Остроуховтың «бейкүнә құрбан» портретіне бірқатар өзгерістер енгізеді. Шағымда жәбірленуші В. Остроуховтың қолында пышағы бар болғаны, сол қаруымен сотталушы С. Сыздықов соңғы он жыл бойына тұрып жатқан үйіне кіруі, оның пәтеріне кіруге талпынуы, Сыздықовтың оны ұруы, марқұмның қолын арт жағына түсіруін ұрмақ ниеті деп түсініп қалғандығынан болғанын, В. Остроуховтан тоналған заттардың тек 9 сомын ғана балалар алғаны, басқаларын милиция қызметкерлері өздері алып қойғаны тәптіштеліп көрсетілген. В. Остроуховпен оның пышағын алу үшін жағаласа кеткенде С. Сыздықовтың тізесінен жарақат алғаны да назардан тыс қалмаған. Адвокат көрсетілген жағдайлардың С. Сыздықовтың В. Остроуховты өлтіру ниеті болмағанын дәлелдейтініне назар аударып, аталған қылмыс абайсызда кісі өлтіру бабы бойынша жіктелуі керектігін алға тартады. Адвокат сот тәжірибесіндегі осыған ұқсас Самсонниковтың ісіне сілтеме жасаған [23]. Шымкент оқиғасына қатысты қоғамдағы дақпырт біршама саябыр тапқаннан кейін осы жылдың 9 тамызында сотталушы мен адвокатының кассациялық шағымын қараған Қазақ ССР Жоғарғы Соты қылмыстық істер алқасы шағымданушылардың уәждерімен келісіп, С. Сыздықовтан ату жазасын алып тастап, 8 жылға бас еркінен айыруға үкім етеді [24].

12 маусымда болған жағдай Остроухов жұмыс істеген автоколоннаға хабарланады. Ауызекі нұсқа бойынша автопарк парткомының хатшысы мен Остроуховтың жесірі айықтырғышқа келгенде, мәйіттің денесінен ұрып-соғудың іздерін көреді. Олар қатты мастықтан басына қан құйылып өлді деген ресми қорытындымен келіспейді. Қала жүргізушілері арасына бұл хабар лезде тарап, жүргізушілер ақша талап ету барысында милиция ұрып өлтірді деген қорытынды жасайды. Осы күні кешке арнайы шақыртумен Алматыдан жедел ұшып келген сарапшы, профессор

С.М. Сидоров та алдыңғы қорытындымен келісіп, мәйіттің денесінде соққы іздерінің бар екенін айғақтады. Бұл қорытынды қаладағы автопарктердің барлық жүргізушілеріне жетеді. Шымкентте 3 автобаза – жүк автоколоннасы, такси және автобус паркі қатар орналасқан еді. Жүргізушілер милициямен кездесіп, шындыққа көз жеткізбекші болады. Автопарк парткомы мұны ұйымдасқан тәртіппен жүргізуге тырысып, тіпті қалалық парткомға ескертеді. Қалалық партком комсомол дружиналарын жасақтап, қауіпсіздік үшін қалалық милиция ғимаратына солдат жіберуді тапсырады. 13 маусым күні түске қарай қаладағы барлық жүргізушілер көліктерінің басын «Көлдегі» қалалық милицияға қарай бұрады. Олар қолдарына монтировкалар алып, «Көлдегі» қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасының алдына жинала бастайды.

Шымкент көтерілісінің бұдан арғы өрбуін оған қатысушылардың қылмыстық істері бойынша баяндап көрейік. Остроухов жұмыс істеген автобус паркінің директоры 1932 жылы туған Ағабек Әлжанов 13 маусым күні жұмысқа келгенінде хатшысынан айықтырғышта парктің жүргізушісінің қайтыс болғанын естігенін көрсеткен. А. Әлжанов бірден айықтырғышқа барған. Болған жайды айықтырғыш бастығынан естіген ол мәйітханаға барып, ондағы Остроуховтың мәйітін көзімен көріп, оның денесіндегі жарақаттарды байқаған. Қайтадан автопаркке келген А. Әлжанов мекеменің бас инженері бастаған қызметкерлер қаумалап, Остроуховтың өлімінің себебін сұраған. Селиверстев, Ракитин сияқты жүргізушілер наразылықтарын білдірген. А. Әлжанов телефон соққан автотрест бастығы Примаков бірден автопаркке келіп, наразылардың көбейіп келе жатқанын байқаған. Осы мәселемен қалалық пария комитетінің 3-хатшысы Шаляның қабылдауында болған трест, атвопарк басшылары қайтадан автопаркке келіп, партия мүшелерін жеке жинаған. Жиналғандардың ішінде Әзімжан Мамедов жұртшылықтың Остроуховқа қайтадан экспертиза жасауды талап етіп жатқанын айтқан. Жиналғандар алдына келген облыстық партия комитетінің өнеркәсіп жөніндегі хатшысы Попов, облыстық атқару комитеті төрағасының 1-орынбасары Бердалиндер сөйлеген. Ә. Мамедов жиналғандардың талабының орынды екенін айтқан. Автопарк, трест басшыларының автобустарды аулаға кіргізу туралы талаптарын жиналғандар орындаудан бас тартады [25]. Көтеріліс бастаушылардың бірі И.И. Гринтер №1 автопарктің қақпасына құлып салып, жүргізушілердің жұмысқа шығуына кедергі келтірген. Острухов жұмыс істеген Шымкенттегі № 1 автопарктің жүргізушілері Гинтер, Жуков, Саблин, Казарин, Рахматуллаев Шымкент көтерілісінің бастаушылары ретінде танылған. Бұл тізімде Ә. Мамедов та бар. Сот үкімінде Ә. Мамедовтың: «Остроуховты милицияда өлтірген,

біз жұмысқа шықпаймыз» – дегені, басқа да автопарк қызметкерлерін жұмысқа шықпауға үгіттегені көрсетілген. Ә. Мамедов Қаз ССР Қылмыстық кодексінің 65 бабы бойынша 5 жылға бас бостандығынан айрылды. Қаз ССР Жоғары соты қылмыстық істер алқасы бұл үкімді өзгеріссіз қалдырған.

Шымкент оқиғасына қатысты жауапкершілікке тартылғандардың ішінде белгілі бір кәсібі жоқ жеке тұлғалар да бар. Олардың ішінде милиция мотоциклін аударғаны үшін істі болған 1950 жылы туған Асылбек Бөлекбаев жауапкершілкке тартылған. Сот үкімінде А. Бөлекбаевтың В. Смыков, Опущенниковтармен бірге облыстық милиция бөлімінің ғимаратын шабуылдауға қатысқаны баяндалған. Милиция бөлімі ғимаратына шабуыл сағат күндізгі 15. 30-да басталған. Кешкі сағат 19-да көтерілісшілер тергеу изоляторын қоршауға алады. Көтерілісшілердің арасында бұрын істі болған, сотталғандардың көп болып, олар өздеріне жеккөрініштi болған милиция қызметкерлеріне тап берген. Атап айтқанда, А. Бөлекбаев жақтастары Отпущенников, Смыков (бұрын сотталған), Ахмадуллиндерге (бұрын сотталған) өзі танитын милиционерлер Қани Нұсқабаев, Сүлейменовтарды өкшелеп қууды сұрап, оларға тас жаудырған. Көтерілісшілерден бас сауғалап қашқан милиционерлер, іздерінен бораған тастан жарақат алып, тұрғын үйлерді паналауға мәжбүр болады. Аталған милиционерлер түрлі деңгейдегі жарақат алған [26]. 1967 жылдың 16 тамызында А.С. Бөлекбаев, В.А. Смыков, Р. Ахмадуллиндердің әрқайсысын 5 жылдан бас бостандықтарынан айырылып, жазаны кәмелетке толмағандар колониясында өтеуге сот үкімі шықты [27]. Көтерілісшілер тарапынан учаскелік милиция уәкілі Георгиев, инспектор Ерназаров, милиционерлер Есенов пен Сабағатов, көлік қозғалысы қауіпсіздігі инженерлері Ишметов, Қыпшақбаев, жол қатынасын бақылау инспекторы Ахматуллин, милиция қызметкері Жұмановтар соққыға жығылып, бірнеше автомашина, мотоцикл өртелген [28].

Шымкент көтерілісіне қатысушылардың көбіне қылмыстық топ өкілдерінің ықпалында болғанын архив деректері дәлелдейді. Кейбір қатысушылардың ісінде олардың психологиялық ауытқушылықтары анықталғаны көрсетілген. 1947 жылы туған В.А. Водозаворов Шымкент облысы № 3 қоғамдық тәртіп сақтау басқармасының тергеу изоляторына шабуылдауда белсенділік танытқан. Тергеу изоляторына басып кіруге әрекеттенген өрт сөндіру машинасының ішінде болып, изоляторға тас, жанатын май құйылған бөтелке жаудырған. 13 маусымның кешкі сағат 21. 00-де жаппай тәртіпсіздік кезінде қаза болған баланың кегін алу деген ұран пайда болады. Тергеу изоляторын қоршау

түнгі сағат 24.00-де де жалғасқан. Қылмыстық істерде жазылған кейбір түсініктемелерде қылмыстық әлемнің лақап аттары пайдаланылғаны көрінеді. Ю. Коршунов, Суховтардың түсініктемелерінде шелек толы бензинді изолятор ауласындағы көмірге төгіп, өртеген «Бамбула» лақап есімді жігіт сөз болады [29]. Аталған «Бамбула» В.А. Водозаворовтың лақап аты болған. Айыпталушы 1949 жылы туған, фосфор тұздары заводының электроцехының электр слесары А.А. Морозовтың тергеуде берген жауаптарында В.А. Водозаворовтың «Бамбула» лақап атымен танылғанын, өзінің де «Граф», «Леопард» деген лақап аттары болғанын көрсеткен [30]. Бұрыннан Ташкент қалалық психоневрологиялық диспансерінің тіркеуінде болған В.А. Водозаворовқа «интеллекттің айқын төмендеуі мен сирек тырысу талмасы бар эпилепция» диагнозы қойылған. Осы негізде 1967 жылдың 28 желтоқсанында Шымкент облыстық сотының қылмыстық істер алқасы оны жалпы типтегі Сайрам психиатриялық ауруханасына мәжбүрлі түрде емдеуге жіберу туралы қаулы қабылдайды. 1968 жылдың 21 мамырындағы арнайы актімен, мәжбүрлі емдеу аяқталып, амбулаторлық емдеу үшін Шымкент қаласына жіберіледі [31]. Шымкент оқиғаларына тағы бір белсене қатысушы П.А. Ильинков тергеуде өз аты-жөні мен туған жерін дұрыс айта алмайтыны анықталады. Арнайы тағайындалған сот-психиатриялық сараптама нәтижесінде оның да ақыл-есінің кемдігі анықталады. 1967 жылдың 1 желтоқсанындағы Шымкент облыстық соты қылмыстық істер алқасы П.И. Ильинковты мәжбүрлі емдеу үшін Шымкент психиатрлық мекемесіне жібереді [32].

А. Морозовтың көрсетуінше милиция басқармасына басып кірмек болған адамдардың саны 30-40 адам болған және олардың көбі мектеп оқушылары болған. Оның көрсетулерінде, сондай-ақ, «Сорока», «Акрам», «Голубь» лақап есімді қатысушылар аталады [33]. Тергеу изоляторын қоршап тұрғанда Евгений Михайлов атты лақап есімі «Старик» қатысушы жараланады. Жиналғандарға қайдан екені белгісіз, жәшік-жәшік арақ жетеді. А. Морозовтың көрсетуінше, түрменің қақпасына қарсы тұрғанында іште «Ворон» түрме машинасы болған. Е. Михайлов мас күйінде жиналғандарға қарап: «Неғып тұрсыңдар, кеттік түрмеге!» – деп айқайлаған. Ешкім оған қосылмаса да, Михайлов түрмеге қарай беттейді. Ол «Ворон» машинасына жақындап келгенінде машинаның алдыңғы бөлігінде отырған түрме күзетуші әйел оқ атып, Михайловтың оң қолын жаралайды [34]. А. Морозовтың өзі көтеріліс күні сағат 16-шамасында №1 автопарк маңайында жиналғандарды милиция қызметкері Сматлаевке шабуылдауға итермелеген. Жан сауғалаған Сматлаев жүк машинасының үстіне бой тасаламақ болады. Морозов бастаған топ оның

артынан тас жаудырған. Қылмыстық іс материалдары А. Морозовтың барлық жаппай тәртіпсіздік алаңдарында да белсенді болғанын көрсетеді. Түрмеге шабуылдаған кезде ол қолындағы рогаткамен изолятордың сыртқы қоршауының шамдарын атып сөндірген. Сонымен бірге көтерілісшілерге қарсы қару пайдаланып, тойтарыс беріп тұрған изолятор бастығы Васильченконы қарусыздандыру мақсатында рогаткамен қолын көздеп атып, тас оның сол жақ көзіне тиген [35]. Сот үкімімен А.А. Морозов он жыл бас бостандығынан айырылған. Шымкент фосфор тұздары заводы диреткорының орынбасары А.А. Морозов сотталушы А. Морозовтың әкесі екені анықталған соң, сот жеке қаулы шығарып, әкесінің ісін облыстық партия комитетінде қарауды сұрайды. Кассациялық сатыда сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған [36].

Қылмыстық іс материалдары бойынша Қазақ ССР МҚК Шымкент қаласындағы көтерілістің белсенді қатысушылары ретінде 34 адамды тұтқындаған. Тұтқындалғандардың ең үлкені 1924 жылы туған Глазкова Ольга Павловна болса, ең жасы 1950 жылы туған Лаштабов Генадий Васильевич болған [37]. Милиция басқармасына басып кіру кезінде милиция қызметкерлерін ұстау жалғасып жатты. 1932 жылы туған Александр Петрович Кутепов Шымкент қаласындағы облыстық милиция басқармасына басып кіру кезінде милиционерлерді ұрып-соғу орын алған. Кейбір жағдайда милиция қарапайым адамдарды милиционерлермен шатастырған жағдай да болған. Өзінің МҚК-де тергеудегі жауабында А.П. Кутепов Крегер көшесіндегі облыстық милиция басқармасының ауласында көтерілісшілер Олег есімді медицина училищесінің электригін ұстап алғанын, әлгінің өзіне милиционер еместігіне куәлік беруін сұрағанын, алғаш қорқып кетіп үндемегенін, сәлден кейін қатысушылардың бірі пышақ шығарып ұсталған адамға тап бергенде, оның еш уақытта милицияда істемегенін айтып, босатып алғанын баяндайды [38]. А.П. Кутепов, сондай-ақ, Түркістан көшесіндегі қалалық милиция бөлімінің изоляторына шабуыл барысында 1 корей және тағы 3 адам жараланғанын көрсеткен. Крегер көшесіндегі облыстық милиция басқармасы жанындағы сот-медицина сараптамасы ғимаратында көтерілісшілер тобыры 35-жасар қазақ милиционерді жабылып сабаған. Бұған қатысушылардың бірі: «Сендер фашистерге ұқсап адамды неге қорлап жатсыңдар?» – деп ажыратпақ болғанында басқа қатысушылардың құрсауында қалған. Сот сараптамасы ғимаратына жедел жәрдем келіп, Надежда Чивиль бірнеше милиционерге көмек көрсеткен [39].

Көріп отырғанымыздай, Шымкенттегі жаппай бас көтерудің негізгі ұрыс сахналарының бірі Крегер көшесіндегі Шымкент қалалық милиция

бөлімшесінің № 3 тергеу изоляторына басып кіру мақсатында болған. Тергеу тобы түрмені басып алу туралы ұсынысты төрт мәрте сотталған И.И. Ломакин, қаңғыбас П.И. Гатиятуллин және екі бауыры сол түрмеде жатқан В. М. Приничников тастаған деп табады. Изоляторға шабуыл 13 маусым күні сағат 17-ден басталып, 14 маусының 01. 30-минутына дейін жалғасқан. Түрмеге шабуылға белсене араласқандардың ішінде сотталған осы құрамдағы 12 адамның ішіндегі жалғыз әйел П.И. Анпилогова болған. Түрме маңындағы жаппай тәртіпсіздікті естіп, көршілерін үгіттеп, сол араға келген П.И. Анпилогова: «Оңбағандарды ұру керек, менің де ұлым осында отырған» – деп шабуылдаушыларды қолдап тұрған. Тергеу кезінде Анпилогованың ұлы Ваховский екі мәрте сотталғаны анықталған [40]. МҚК тергеушілері осы кезде түрмеде жатқандардан да жауап алған. Изолятордың негізгі корпусының екінші қабатындағы терезесі Крегер көшесіне қарайтын №35 камерада жатқан 1936 жылы туған Нұрпия Қожанөпесова өзінің түрме терезесінен көргендерімен бөліскен. Оның көрсетуінше: «45-50 жастағы, дене тұрқы арық, сарғыш шашты, түсі орыс, маңдайында әжімі көп бір ер адам есімде. Ол жеңі түрілген тор жейде киген. Бұтына сұр шалбар киген. Осы ер адам бөренемен соққылап тескеннен кейін изолятордың қабырғасының кірпіштерін шығарып жатты. Түрме қабырғасын өрт сөндіру машинасымен соғып, ұлкен ойық жасаған кезде ол түрме корпусына қарай жүргісі келді. Сол кезде №16 камерасынан оған: «Олай қарай барма, атады!» – деп айқайлады. Өрт сөндіру машинасы бір мәрте соққан кезде №16 камерадағылар: «Қаттырақ соқ!» – деп дауыстады» [41]. №16 камерадағылардың аса белсенділігі излятордың № 35 камерасында болған куә А.А. Щербининаның жауаптарында да көрсетілген. Оның көрсетуінше, № 16 камарадағылар сырттағы көтерілісшілерге: «Біз ең қатаң режимдегілерміз, бізді құтқарыңдар. Пышақ, қару әкеліңдер, түнге дейін ұстап тұрыңдар! Біз сендерге көмектесеміз», – деп дауыстаған. №16 камерадағылар терезедегі темір торды әлденемен сындыруға әрекеттенгендері естілген. Түнге қарай бір кезде бір майор бастаған әскери машиналар келіп тоқтайды. Жиналғандар олардың көлігін ары-бері аунатпақ болғандарында іштен автоматтарын кезеп, оқ атып, көтерілісшілерді қуып таратады [42]. Тергеу материалдары куә суреттеген адамның С. В. Граматович екенін анықтаған. 1967 жылдың 15 тамызында С. В. Граматович Шымкент облыстық соты қылмыстық істер алқасының үкімімен 8 жылға бас бостандығынан айырылған [43].

Шымкент көтерілісінің белсенді қатысушыларына қатысты тергеу бөлек-бөлек олардың тергеудің назарына іліккен кездерінен бастап жүргізілген. Көтерілісшілердің негізгі құрамы 12 адам Қазақ ССР ҚК-

нің 63 және 65-баптары бойынша айыпталған. Олар: Гринтер И. И. (15 жылға сотталған), Саблин И. А. (15 жыл), Изюмов В. П. (8 жыл), Рахамтуллаев А. Р. (5 жыл), Астафьев А. Ф. (7 жыл), Анпилогова П.И. (10 жыл), Гатиятуллин Р. Г. (15 жыл), Пряничников В. М. (15 жыл), Ломакин А. И. (15 жыл), Корсаков Ю. П. (14 жыл), Белогорцев Г. П. (15 жыл), Отпущенников А. А. (12 жыл) [44]. Бұлардың арасында тәртіпсіздіктердің тұтануына түрткі болған адам ретінде Кеңес Армиясы қатарында қызмет етуден жалтарғаны үшін бұрын сотты болған, № 1 автопарктің жүргізушісі Иван Иосифович Гринтер, бұрын өкімет өкіліне қарсыласқаны үшін сотталған Игорь Александрович Саблин, айықтырғышқа жеткізілуші болған Вячеслав Петрович Изюмов, мас күйінде көлік жүргізгені үшін жүргізушілік құқынан айрылған Асатулла Рустемович Рахматуллаев танылды.

Шымкент көтерілісіне қатысушыларды тергеу тобының қолына түсуіне байланысты топ-тобымен ұсталып, тергеліп сотталып жатты. Жауапкершілікке тартылған келесі бір топқа Остроушко В. И., Воронин А. К. (15 жылға сотталған), Вольхин В. В. (10 жыл), Глазкова О. П. (8 жыл), Лаштабаев Г. А. (3 жыл) жатты [45].

Шымкент көтерілісінің милиция қызметкерлеріне қарсы сипаты туралы халық аузында болып келді. Көтерілістің себеп салдарын саралағанда қатысушылардың қарсылығының түпкі көзі әлеуметтік себептерден туған өкіметке қарсылық болғанын көруге болады. Халықтың милицияға жағымсыз көзқарасы жағдайында болған бір оқиға атышулы көтеріліске себеп болды. Шымкент қаласының орналасуы, бұл қаладағы түрмелердің орналасуы, қалада жазасын өтеу мерзімінің соңында ішкі істер комендатурасы бақылауымен еркін өндірістік кәсіпорында жұмыс істеу үшін босатылған бұрынғы лагер тұтқындарының, қылмыстық кодекстің тұрмыстық баптары бойынша сотталғандардың тым көп болуы қала тұрғындарының басым бөлігінің заңмен емес, «ұғымдармен» өмір сүруіне алып келді. Қала зауыттарына келіп жұмысқа орналасқан ауыл жастары тез арада бұрынғы тұтқындармен араласып, олардың қылмыстық әдептерін бойларына сіңіріп алатын. Қала жастардың бандалық топтары арасында аудандарға бөлінді. Шымкентте осындай топтардың арасында болатын төбелес үйреншікті жағдайға айналды. Әсіресе, Забадам поселкесін барлығы жек көріпті. Ірі наркотрафик орталықтарының бірі болған Шымкент қаласына келетін наша саудагерлері сонда жиналып, адам ұрлау, зорлаумен айналысу фактілері жиі кездесті. Қаладағы химиялық өнеркәсіптердегі есірткі құрамаларының сыртқа емін-еркін сатылуы дендеп кеткен. Архив қорларынан алынған материалда да осы жағдайдың растығын түйіндей түседі. Шымкенттегі милиция

органдары ғимараттарына, түрмеге шабуылдау кезінде кәмелетке толмағандар, 20 мен 30 жас аралығындағы жастардың белсенділігі байқалған. Үлкен жастағы түрме, заң орындарымен таныстығы бар егде адамдар оларға тәлім үйретіп тұрған. Көтерілістің жас қатысушыларының қатарында болған 1949 жылы туған, ұлты өзбек Тагир (Таирмұрат) Атамұратұлы Ташмұратовтың мысалы Шымкентегі жастардың қылмыстық құрылымдармен байланысы етене болғанын көрсетеді. 8-сыныптық білім бар Т. Ташмұратов Шымкенттегі фосфор заводында аппаратшы болып жұмыс істеген. № 1 автопарк маңайына жиналғандардың қатарында болған Т. Ташмұратов жол бақылау инспекторы Ислам Ахматуллинді ұрып-соққандардың бірі ретінде танылған. Т. Ташмұратов И. Ахматуллинге тиесілі автокарандашын алып қойған. Т. Ташмұратовты 14 маусым күні-ақ қамауға алу туралы қаулы шыққан. Бірақ оны қамауға алу одан кейінгі күндері жүзеге асқан сияқты. Осы күні МҚК Т. Ташмұратовтың таныстарымен алысқан хаттарын шығарып алу туралы қаулы қабылдап, Шымкент почтампындағы оның Москвада №75441 әскери бөлімінде борышын өтеп жатқан досы Сергей Квочкинге жазған хатын тәркілейді. Тергеушілер тарапынан С. Квочкинге жазылған хаттың Т. Ташмұратовтың қолымен жазылған-жазылмағанын анықтау үшін арнайы графикалық сараптама тағайындалды. Қаз ССР МҚК сарапшысы В. Г. Соловьев бұл хатты Т. Ташмұратов жазған деген қорытынды жасайды [46]. Екі бет мектеп оқушысы дәптерінің тор көз парағындағы хатты Т. Ташмұратов 15 маусым күні жазған екен. Почтамп мөрінде 16.06.1967 жылы жөнелтілгені көрсетілген. Шымкент көтерілісіне байланысты құжаттардың ішінде бұл хатты айрықша маңызды санауға болады. Өйткені, тергеу, сот материалдары белгілі бір заң нормалары аясында жауап алушының қылмысты дәлелдеу, жауап берушінің барынша жауапкершіліктен жалтару мақсаттары болатын болса, бұл хатты жазған кезде Т. Ташммұратов әлі құқық қорғау органдары тарапынан ұсталмаған. Хаттың бірден жазылып жолдануы хат иесінің Шымкент көтерілісінен кейін қатысушылар ортасындағы белгілі бір эйфориялық көңіл-күйдің болғанын көрсетеді. «Шымкенттен сәлем! Мен бұл хатты өзімнің ең жақын досым Сергей Квочкинге оқуға арнаймын», – деген көтеріңкі көңіл-күймен басталған хатта Т.Ташмұратов алдымен өзінің көптен бері хабарласпай кеткені үшін кешірім сұрайды. Өзінің жеке жағдайын, жұмысын, айлық мөлшерін баяндайды. Хат мәтінінде көше лексикондары пайдаланылады. Ары қарай: «Құрметті досым, мен саған Шымкент қаласында не болғанын жазамын. Тек сен үйіңе хат жазғанында сұрап жатпа, жарай ма? Жағдай былай болды. 13. 06. 67 ж. күні мен жұмысқа бара жаттым

(жұмысым кешкі сағат 4-тен басталатын). Автопарк маңына жетіп қалғам, ал ол жерде не болған десеңші...», – дей келіп, бір шоферді милиция айықтырғышқа алып кеткен оқиғаны баяндайды. Ары қарай хат мәтіні толықтай көше лексиконына көшеді. «Легавыйлар» (милиция қызметкерлері) айықтырғышқа түскен шоферді ұрып өлтіргені, осыған орай шофердің қызметтестері көтеріліске шыққаны айтылады. Өзінің де соларға қосылып, «легавыйларды» ұруға кіріскені, милицияның облыстық бөлімінде олардың бір автокөлік жүргізушісінің өртеп жіберілгені, «легавыйлардың» түрмедегілерді құтқармақ болғандарға қарсы оқ атқаны, өзінің бір милиция қызметкерінің автоқарандашын тартып алғаны, көтерілісшілер милицияға тиесілі «Урал» мотоциклін өртеп жібергені, жалпы саны 3 «Волга» автөкөлігі, 4 «Урал» мотоциклі, 2 «Победа» машинасы өртелгені айтылады. «Легавыйлар бірнеше адамды өлтірді. Өлтірілген, өлімші болып таяқ жеген «легавыйлар» да аз емес. Досым, сен елестетіп көрші, осыдан кейін қалада еш жерде бірде-бір «легавый» көрінбеді.» – деп жазады хатында Т.Ташмұратов. Хатта 13.06.1967 жылы кешкі 19.00-да Ташкент және Шымкент қалаларында белгіленген футбол ойындары өтпей қалғаны айтылған. Қалаға бронды машина толы солдаттар жеткізілгені, көтерілісшілердің оларды беттетпей, тас жаудырып қуғаны баяндалады. Т.Ташмұратовтың хатынан сондай-ақ, кешке қарай өртелген машиналар жиналып қоқысқа әкетілгені, көлге бір милиционер батырылғаны, Ташкент жолында бір милиция қызметкері өлтірілгені туралы мәліметтер бар [47]. Т. Ташмұратовқа қатысты сот кезінде Квочкинге жазған хаты дәлел ретінде ұсынылады. Сотталушы хатты «досының алдында батыр көріну үшін» өз қолымен жазғанын мойындаған. Сот үкімімен Т. Ташмұратов 7 жыл бас бостандығынан айырылған. Кассациялық алқа сотталушының жазасын 3-жылға дейін кеміткен [48]. Шымкент көтерілісі салдарынан мемлекеттік және жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген зиянның жалпы көлемі 262734 сом 62 тиын деп бағаланған [49].

Шымкенттегі ахуал бақылаудан шығып бара жатқаннан кейін 13 маусым кешке қарай КОКП бас хатшысы Л. И. Брежнев обкомның 1-хатшысы В. А. Ливенцовқа телефон арқылы Орталық комитеттің хатшысы А. П. Кириленконың Шымкентке ұшып шыққанын хабарлайды. Ол кезде Шымкент техникалық жарақтануы жағынан үлкен самолеттерді қабылдай алмағандықтан, Мәскеуден шыққан партиялық басшы Ташкентке келіп қонады. 14 маусымда таңертең А. П. Кириленко Қазақстан Компартиясының 1 хатшысы Д. А. Қонаевпен бірге Шымкентке келіп жетеді. Осы күні таңертеңгі 9-ға қарай Шымкентке КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау министрі Н. А. Щелоков те келеді. 13

маусым түнгі 22. 00-де В. А. Ливенцовқа телефон соққан Өзбекстан Компартиясының 1-хатшысы Ш. Рашидов Шымкентке қарай солдаттар орналасқан бронды машиналарды бастап Орта Азия әскери округінің қолбасшысы генерал Салмановтың шыққанын хабарлайды [50].

Шымкент көтерілісін басқаннан кейін айыптыларды тергеп-тексеру кезінде көтеріліс барысында түсірілген фото-суреттер пайдаланылған. Бұл суреттердің түсірілуі туралы ресми түрдегі ақпарат пен шын мәніндегі жай-жапсарында үлкен айырмашылық бар. Шымкент обкомының 1-хатшысы В. А. Ливенцовтың жоғарыда көрсетілген мемуарында: «Тергеу кезінде қаланың мектептерінің бірінің фото түсірумен әуестенетін оқушы қыз үлкен көмек жасады. Ол күні-түні қаланың ең қызып тұрған жерлеріне барып, ешкімге байқатпастан болып жатқан оқиғаны, әсіресе ерекше қызба көтерілісшілердің машиналарды өртегенін, түрме ауласына жанармай құйылған бөтелке лақтырушыларды фотоға түсіре берген. Бұдан кейін қыз бала таспаны айқындап, әкесіне көрсеткен. Әкесі болса суреттердің маңыздылығын түсініп, облыстық МҚК бастығы Ғазизовқа берген, бұл суреттер тергеуде көп көмек көрсетті», – деп жазады [51]. Қылмыстық істер материалдарына тігілген мына бір құжат бұл «бейкүнә фототүсірілімдер» туралы партиялық функционердің әңгімесінің саяси аңыз екенін дәлелдейді. 1967 жылдың 14 маусымында куә ретінде жауап алынған 1939 жылы туған, ұлты қазақ, Шымкент облыстық қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасына қарасты ғылыми-техникалық бөлімнің аға сарапшысы Юсупов Рүстем Сағымбекұлының айтуы бойынша, 13 маусым күні сағат 15.30-дарда қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасы ғылыми-техникалық бөлімнің бастығы милиция майоры Сергеев басқарма бастығының орынбасары Қыпшақбаевтың өзіне және аға сарапшы, милиция лейтенанты Напиловке фотоаппарат алып, қалалық милиция бөлімшесіне барып көтерілісшілерді суретке түсіру бұйрылғанын жеткізген. Милиция қызметкерлері көтерілісшілерді оқиға болып жатқан жерге жақын пәтерлерге үй иелерінің рұқсатымен кіріп, суретке түсірген. Юсупов пен Напылов түрменің маңайындағы биік мұнараларға шығып та суретке түсіріп отырған [52].

Шымкенттегі маусым оқиғасы бұрынғы Одақты дүр сілкіндірген оқиға болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін қатысушыларды заң бойынша қудалаумен қатар, оқиғаға жол берген себептерді іздеп, саяси тұрғыда баға беру партиялық органдар тарапынан қолға алынды. Шымкент көтерілісі басылғаннан кейін мұндай оқиғаның қайталанбауы үшін шаралар легін қабылдау ұсынылды. 18 маусым күні Қазақстан КП ОК 1-хатшысы Д.А. Қонаев пен КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау министрі Н. А. Щелоковқа жолданған Шымкент обкомының

1 хатшысы В. Ливенцов, Облатком төрағасы Ж. Шаймерденов қол қойған екі бірдей құпия хат жолданған. Шымкенттің шынайы келбетін сипаттап, облыс орталығында милицияның арнайы батальонын құру туралы ұсыныс арқау болған 1-ші құпия хатта: «(Қаладағы) халық өзінің құрамы жағынан көпұлтты. Шымкент облысы мен қаласында 20 мың неміс, 7500 грек (олардың 3600 шетелдіктер), 4800 ҚХР-нан қайтып оралғандар мен қашып келгендер, 300 әзірбайжандар, химшил, түріктер бар жалпы саны 41 ұлттың өкілдері тұрады. Қаладағы 2000-нан астам адам капиталистік елдермен хат алысып тұрады» – делінген. Шымкент қаласында 2 мыңнан астам бұрынғы сотталғандар, 4,5 мың адам ішімдікқұмар-наркомандар болған. Хат иелері Шымкентке келіп-кететін қаңғыбастардың көптігін (2000-нан аса), қылмыстың өсу қарқыны жоғары деңгейде екенін уәждеп, қалада 200 адамнан тұратын арнайы милиция батальонын құруды ұсынған. 9 шілде күні Н. Щелоковтан келген жауап хатта бұл өтініштің «бұл мәселелерді шешерде ескерілетіні» айтылған [53]. Екінші құпия хатта Шымкент қаласындағы қатаң режимдегі еңбекпен түзеу колониясын қала аумағынан көшіріп, оның базасында алкоголиктер мен наркомандарды мәжбүрлеп емдеу үшін еңбекпен сауықтыру профилакториясын құру туралы ұсыныс айтылған. Шымкент қаласының орталығындағы тергеу изоляторында 500 адам, №31 қатаң режимдегі еңбекпен түзеу колониясында 800 адам, қала шетіндегі қатаң режимдегі №1 еңбекпен түзеу колониясында 1300 адам ұсталған. Бұған қоса денсаулық сақтау және милиция органдарында 5 мыңнан аса тұрақты алқаштар мен наркомандар, 2 мыңнан астам бұрын сотталғандар есепте тұрған [54]. 1967 жылдың 24 маусымында Қазақстан КП Шымкент обкомының арнайы қаулысы, 27 маусымда Қазақстан КП ОК-нің «Шымкент қаласында жаппай тәртіпсіздіктерге жол берілуі туралы» қаулысы қабылданды. Осы жылдың 20 шілдесінде Қазақстан Компартиясы Шымкент қалалық комитетінің IV пленумы өтті. Пленумда сөз алғандардың ішінде «Шымкентөндірістресті» мекемесі партия ұйымының хатшысы М. В. Русанов 13 маусымдағы жаппай тәртіпсіздіктерден сабақ алу керектігін мәлімдеді [55]. Сабақ алу туралы көбірек айтқан Шымкент қалалық қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасының бастығы Юсупов болды. Маусымдағы оқиғаларды кадр саясатындағы кемшіліктерден көру керектігін айтып өткен ол қалалық милиция сапын 130 партия мүшесімен толықтыру туралы ұсыныстың әлі орындала қоймағанына тоқталды. Милицияның арнайы бөлімдері өз орындарына әкетілгеннен кейін қаланың «жалаңаш» қалатынына назар аударды. Қалада паспорттық түзім күшейтіліп, тексеріс қатаңдағаны айтылды. Шымкент қалалық партия комитетінің

IV пленумы қалалық партия комитетінің 1 хатшысы қызметіне Ж. Б. Тыныбаевты сайлады [56].

Шымкент көтерілісі басталған кезде қаладан қашып, міндеттерін атқарудан жалтарған милиция қызметкерлері көп болды. Обкомның 1- хатшысы В.А. Ливенцов «құқық қорғау органдарының жетекші қызметкерлерінің сол түні қаладан тыс жерлерге жасырынып қалғанын» жасырмаған. Обкомның басшысы Г. А. Ишников сияқты милиционерлердің ауылдардан Шымкентке келген жүргізушілерден пара алып, қыр соңдарынан қалмайтынын атап көрсеткен [57]. Шымкент қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде 13 маусым күні қорқақтық танытқан милиционерлерді партиядан шығару мәселесі қаралды. Шымкент облыстық қоғамдық тәртіпті сақтау бөлімінің социалистік меншікті қорғау бөлімінің бастығы Өмірзақ Атемов милиция ғимаратына көтерілісшілер шабуылдап жатқанда өзіне бағынышты Керімбек Пернебеков екеуі терезеден көрші аула арқылы қашып шығып, балалар паркінде қас қарайғанша паналап отырған. Келесі күні Қатынкөпірдегі туыстарына жылыстап кеткен ол 15 маусым таңертеңге дейін сонда болған. Қызмет міндеттемесі бойынша өзінің бақылауында болған химиялық фармацевтика заводын қорғау бойынша еш әрекет жасамаған. Осы үшін Ө. Ә. Атемов пен К. Т.Пернебековтер партия қатарынан шығарылған. Ө. Ә. Атемовтың кейіннен партия мүшелігіне қайта қабылданған. Оның партиялық билетінде «қорқақтығы мен жауапсыздығы үшін» партия мүшелігінен шығарылғаны көрсетілген [58]. Шымкент қалалық милиция бөлімі қызметкерлерінің 13 маусымдағы іс-әрекеттерін арнайы қараған қалалық партком бюросы бастықтың орынбасары П. Жансейітовке ескерту жариялап, Мұхаметдиновтың құқығын бұзуға байланысты милиционер Мұсаев, медициналық айықтырғыш бастығы Әбдірахманов, фельдшер Гуменных, айықтырғыш қызметкері Әбілдаевқа қатысты шара қолдануды милиция бөлімінің партия комитетіне тапсырды [59].

3 тамыздағы қалалық партком бюросы «милицияның қалалық бөлімінің тәрбие және жедел жұмыстар бойынша елеулі кемшіліктері туралы» мәселені арнайы қарайды. Бюрода сөйлеген Файзиев: «13 маусымнан кейін милиция органдарының беделі біршама түскендіктен, халықтың милиция туралы пікірін оңалту үшін жұмысты жолға қою керек. Оқиғадан кейін шаралар қолға алынып жатыр. 12 адам жұмыстан босатылды.» – деп көрсеткен. Бюро мүшесі Русанов: «13 маусым милицияның қандай кемшіліктері барын ашып көрсетті...кемшіліктердің үлкені милицияның мәдениетсіздігі көрінді. Облыстық басқарма да көп жағдайды жіберіп алған, әскери кесте жасалмаған, тіпті ішінде

саяси жұмыстар жөніндегі орынбасар бар жауапты адамдар қайда бару керектігін білмеді», – деген. Осы бюро мәжілісінде 13 маусым күні «қорқақтық танытып» үйіне кетіп, одан ары Қайнарбұлақ ауылына қашып кеткені үшін қалалық милиция бөлімінің жедел қызметкері А. Ешенқұлов, Сайрамға қашқан А. Т. Сатыбалдиевтер партия қатарынан шығарылды [60].

Шымкентте орын алған жаппай бас көтерулер КСРО елінің, Кеңестік Қазақстанның тамыры тереңге кеткен әлеуметтік дағдарыс көріністерін жалаңаштап көрсетті. Оқиғалардың өрбуі шиеленісті жағдайға құқық қорғау органдарының қылмыс әлемімен жұптасып кетуі, елдегі сыбайлас жемқорлық, партия органдарындағы таққұмарлықтың себеп болғанын аңғартты. Көтерілісшілердің ұйымдасқан қарсылық екпіні құзырлы органдарды абдыратып, милиция қызметкерлерінің қаланы тастап қашуына алып келді. КСРО-дағы ең жоғарғы билік Шымкент оқиғаларынан қатты қауіптеніп, орталықтан құзырлы министр, КОКП Орталық комитетінің хатшысы арнайы келді. Көтерілістің жай-жапсарын зерделеу құқық қорғау органдарының репрессиясы түрінде ғана өрбіді. Қаза болған бейбіт тұрғандар туралы мәліметтер жасырылды. Оқиғаның өзін, зардаптарын да қалың көпшіліктен жасырып-жабу арқылы партиялық органдар, милиция органдары жауапкершіліктен алып кетілді. Қатаң жазалаулар наразылық білдірген қарапайым азаматтарға қарсы жүргізілді. Жазаланғандардың арасында оқиғалар дүрмегіне қосылып жүргендер де болды. Тоталитарлық билік Шымкенттегі көтерілістің шын әлеуметтік, саяси себептерін талдаудың орнына, үстірт өзгерістермен шектелді. Шымкент халқының қылмыстық құрылымдармен ұштасып кетуінің шын себебін құрайтын елдегі лагерьлер тізбесі, жосықсыз миграция талқыланбады. Шымкентте, жалпы Қазақстанда қалыптасқан ішімдікқұмарлық, нашақорлықтың, ұсақ және ірі қылмыстың қатерлі статистикасы партиялық құрылымның жайбарақат реакциясына ұласты.

## Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімі

1 Мартов А. Восстания в стране Советов // Тайны СССР. – 2019. – февраль (№4) . – с. 35.

2 Аубакиров Э. Чимкентский бунТ.1967 г. //Экспресс-К., – 2010. -15 сентябрь (№ 4 (16876); Доброта Л. Жаркое лето 1967-го. [Электронный ресурс] – URL: https://kazpravda. kz/n/zharkoe-leto-1967-go/ (дата обращение: 14. 08. 2022 ж.); Шематов Д. Чимкентски бунт 1967. – [Электронный ресурс] – URL: https://titus. kz/print. php?id=22255 (дата обращение: 14. 08. 2022 г.).

3 Козлов В.А. Неизвестный СССР. Противостояние народа и власти 1953-1985 гг. -Москва: ОЛМА-ПРЕСС, 2006. – 448 с.; Козлов В.А. Массовые беспорядки в СССР при Хрущеве и Брежневе (1953- начало 1985-х гг.). – Москва: РОСПСПЭН, 2009. – 543 с.

4 Козлов В. А. Массовые беспорядки в СССР при Хрущеве и Брежневе (1953- начало 1985-х гг.). – Москва: РОСПСПЭН, 2009. СС. 519-520.

5 Ливенцов В. А. Мое время. – Актобе: ОАО «Полиграфия», 1999. – 382 с.

6 Секретариат ЦК КПСС. Записи и стенограммы заседаний 1965-1967 гг. (Составители: Н. Г. Томилина и др) – Москва: Издательсто «ИстЛит», 2020. С. 304

7 Сонда, 153-бет

8 Ресей Мемлекеттік Қазіргі Заман Архиві (РМҚЗА), 89-қ., 6-т., 29-құжат, 2-п.

9 Ливенцов В.А. Мое время. – Актобе: ОАО «Полиграфия», 1999. С. 208.

10 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 187-бума, 894-іс, 15-п.

11 Сонда, 14-п.

12 Сонда, 20-п.

13 Сонда, 32-34-п.

14 Южный Казахстан, 23. 06. 1967 г., № 123

15 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 187-бума, 894-іс, 4-п.

16 Сонда, 320(а), 321, 321 (а), 322, 322 (а)-п.

17 Сонда, 446-п.

18 Сонда, 347-п.

19 Сонда, 396-п.

20 Сонда, 399-п.

21 Сонда, 352-357 парақтар

22 Южный Казахстан, 12. 07. 1967 г., № 137

23 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 187-бума, 894-іс, 381-386 парақтар

24 Сонда, 400-405 парақтар

25 ТОМА 217 қор, 3-тізбе, 163 бума, 833 іс, 27-32 парақтар

26 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 164-бума, 837-іс, 181-182 парақтар

27 Сонда, 241-п.

28 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 166-бума, 844-іс, 163-п.

29 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 166-бума, 842-іс, 36-п.

30 Сонда, 92-п.

31 Сонда, 182, 185-п.

32 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 170-бума, 855-іс, 210-п.

33 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 166-бума, 842-іс, 94-п.

34 Сонда, 96-п.
35 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 175-бума, 867-іс, 116,117-п.
36 Сонда, 116, 194-п.
37 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 166-бума, 843-іс, 202,203-п.
38 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 166-бума, 844-іс, 38-п.
39 Сонда, 39-п.
40 Сонда, 171-п.
41 Сонда, 152-п.
42 Сонда, 157-п.
43 Сонда, 272-п.
44 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 179-бума, 877-іс, 49-52 парақтар
45 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 178-бума, 875-іс, 384, 385-п.
46 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 189-бума, 900-іс, 54,77,81,82-п.
47 Сонда, 85-п.
48 Сонда, 172, 196(а)-п.
49 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 170-бума, 855-іс, 208-п.
50 Ливенцов В.А. Мое время. – Актобе: ОАО «Полиграфия», 1999. С. 210.
51 Сонда, 213-бет
52 ТОМА 217-қ., 3-тізбе, 177-бума, 872-іс, 50-51-п.
53 ТОҚСТМА 11-қ., 1-т., 5364-іс, 60,61,62-п.
54 Сонда, 64,65-п.
55 ТОҚСТМА 11-қ., 1-т., 3919-іс, 50-п.
56 Сонда, 69, 100-п.
57 Ливенцов В.А. Мое время. – Актобе: ОАО «Полиграфия», 1999. С. 212.
58 ТОҚСТМА 2125-қ., 6-т., 6458-іс, 7-п.
59 ТОҚСТМА 11-қ., 1-т., 3958-іс, 32,33,36,37-п.
60 ТОҚСТМА 11-қ., 1-т., 3959-іс, 9,10,54,56-п.

# ҚОРЫТЫНДЫ

*С.М. Борбасов*

Қазақстан тәуелсіздік алған уақытқа дейін Кеңес Одағындағы кезеңінде болған этносаралық қатынастар тарихы туралы объективті шындық толыққанды айтылмай келді. Кеңестік саяси жүйенің негізгі басқарушы күші болған КОКП елдегі, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан ұлттық өмір шындығын көрсетуге мүдделі болған жоқ. Себебі, қазақ жерінде болып жатқан ұлттық процестер кеңестік, социалистік идеология догмаларымен сиысқан жоқ. Шындығында Кеңестік билік, большевиктер партиясы ұлттық өмірдің табиғи дамуы эволюциясына мүлдем кереғар, оның талаптарын аяққа таптайтын саясат ұстанды. Осындай ұлттық өмір заңдылықтарымен есептеспейтін этносаясат Қазақстан қоғамына күштеп таңылды.

Большевиктер бірінші кезекте қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан эстенсивті мал шаруашылығын, дәстүрлі қол өнері мен сауда жүйесін күйретіп, ұжымдастыру принциптерін енгізді. Дәстүрлі экономикалық жүйе эволюцияның жолмен реформаланған жоқ. Керісінше, оның тас-талқаны шығарылды. Орнына халық білмейтін, бейімделмеген және мүлдем ұйымдастырылмаған социалистік шаруашылық элементтері енгізілді. Қазақ халқын ғасырлар бойы асырап келе жатқан экономикалық жүйе күйретілгенмен, оның орнына келетін ұжымдық, мемлекеттік меншікке негізделген социалистік экономиканың орнауы кешеуілдеді. Экономикадағы хаос, ұлттың өз экономикалық базисінен ажырап қалуы зор трагедияның бастауы болды. 1921-2923 жылдарда, 1931-1933 жылдарда Қазақстан халқының тең жарымынан астамын жалмаған аштық орын алды. Қазақ ұлты осындай ауыр демографиялық соққыны тек КСРО құрамында болған кезде ғана басынан өткерді. Бұл зұлматты оқиғалардың ауыр салдарлары бүгінгі күнге дейін сезіліп отыр. Қазақ этносы өзінің сандық дамуға, өсуге деген қабілетін едәуір нашарлатып алды. Ұлттық экономиканы күйрету шаралары ұлттық өмірдің басқа да салаларын тұмшалаумен, шектеумен ұласты. Осындай жағдайда КСРО-да деформацияланған ұлт саясаты қалыптасты. Ұлттық өмір осы саясаттың принциптеріне күштеп, зорлықпен бағындырылды. Кеңестік жүйеде ұлттық аймақтарға қатысты патшалық Ресейдің империялық, толықтай тәуелді, бодан ету саясаты тіптен күшейіп жалғасты.

Ұлттық шаруашылық өмірдің дағдарысы жасанды шараларды таңудан болды. Халықтың материалдық әл-ауқатының күрт төмендеуі оның кедейленуімен қатар зұлмат аштыққа ұласты дедік. Халық әлеуметтік мәселелердің ұшығуына наразылық білдіріп көптеген көтерілістер жасады. Коммунистік билік наразы халықты аямай басып

жаныштады. Кеңестік билік ірі байларды, одан кейін ұсақ байларды, одан соң орташаларды тәркіледі. Олардан кейін кедейлердің аз ғана мал-мүлкіне қол салды. Тамағы мен киімін алдындағы баққан малымен тауып, өз күнін өзі көріп отырған қазақ аштыққа ұшырап, босып кетті. Өзбекстан, Қырғызстан, Ресейге тамақ үшін босып кетуге мәжбүр болды. Мың-мыңдаған қазақ қырылды. Кеңестік жүйе ұжымдастыру ұранымен жүргізген күштеу реформасына қарсы 1929-1933 жылдар аралығында әлеуметтік қайшылықтар себебінен бұрқ етіп, Қазақстанның барлық аумақтарын қамтыған шаруалар көтерілістеріне ұласты. Қазақ шаруалары Сталин бастаған езуші билікті құлатпайынша дұрыс өмір қалпына келмейді деп есептеді.

Кеңес Одағында жүргізілген индустрияландыру саясатын жүзеге асыру үшін ірі қалалармен, ірі құрылыстарға астық пен ет керек болды. Билік ет пен астықты алудың негізгі аймақтарының бірі ретінде Қазақстанды таңдады. Қазақ шаруаларын асырап отырған мал мен астық зорлықпен тартып алына бастады. Кеңестік большевиктік биліктің мұндай саясатына қарсы Сырдария облысында, Жетісуда, Батыс, Шығыс Қазақстанда халық көтерілістері болып, олар қанды қақтығыстарға ұласты. Кітапта зерттеушілер қазақ халқының кеңестік биліктің жүргізген күштеу реформаларына қарсы көтерілістерінің, наразылықтарының себептерін, жүру барысы мен салдарларын жаңа архив құжаттары мен жаңа деректер негізінде талдап сараптады. Зерттеу қорытындылары, пікірлері Кеңес Одағындағы орталықтанған биліктің Қазақстан жерін ресурстар қоймасы, қазақ халқын «екінші сорттағы» бодан халық деген көзқараста болғандығын нақты тарихи деректермен толық дәлелдейді. Қазақ халқының бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылысының қандай да болмасын формаларын Кремль аяусыз басып жаныштады. Соның салдарынан қазақ халқына перманентті түрде репрессиялық саясат қолданылды.

Кеңес Одағында ресми идеологияда ұрандалған халықтар теңдігі, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы, бұратана халықтардың тілдерінің, мәдениеттерінің дамуы, социалистік демократия, еңбекші халықтың әл-ауқатының жақсаруы туралы халыққа жақсылық әкелетін идеялар мен ұрандар сөз жүзінде қалып қойды. Олардың жалғандығын Қазақстанда XX ғасырдың 50-80-ші жылдарында болған әлеуметтік-этникалық қақтығыстар нақты дәлелдейді. Әлеуметтік қайшылықтардан туған Жетіқарада болған қақтығыстар, 1959 жылғы Теміртаудағы көтеріліс, 1967 жылғы Шымкенттегі әлеуметтік қақтығыстар Қазақстанға жер аударылған, түрлі антисоветтік топтар мүшелерінің, қылмескерлердің араларында орын алған тұрмыстық және этникалық қақтығыстар себептерінен өршіді. Шын мәніндегі полиэтникалық ұлттық құрылымға

айналған Қазақстан «халықтар достығы лабораториясы» деген атқа сай болған жоқ.

Республикада болған этникалық және әлеуметтік қайшылықтар туралы ашық айтылып, олардың себептері талданып, мұндай қайшылықтардың алдын алу шаралары жасалмады. Қоғамды меңдеген ауру жасырылып, шындық ашық айтылған жоқ.

Адамзат болашағының кепілі боламыз, коммунистік құрылыс орнатып, барша халықтарды бақытқа кенелтеміз деген коммунистік партия ұраны жасанды, жалған болып шықты. Адамзат қоғамында бұрын-соңды болмаған «адамдардың жаңа қауымдастығы - кеңес халқын құрудамыз», – деген доктрина ұлттық өмірдің шындықтарына сәйкес келмей құрдымға кетті. Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы этношындық елдегі этносаралық қатынастардың күрделілігін, қайшылықты сипатын дәлелдеді. Қазақ халқының тағдыры кеңестік билік пен большевиктік жүйе күштеп таңған социалистік қоғам орнату эксперименттері кесірінен қыл үстінде тұрды. Социалистік, тоталитарлық жүйеден, коммунистік идеологиядан құтқарған Қазақстанның тәуелсіз мемлекетке айналуы қазақ ұлтының этникалық өрлеуіне жаңа мүмкіндіктер ашты.

Қазіргі кезеңдегі этникалық өмірдегі кейбір күрделі мәселелердің болуы кеңестік жүйенің осы монографияда жан-жақты баяндалған оқиғалардың салдарлары екендігі ақиқат.

## ҚОСЫМША

### № 1
### Обвинительное заключение по делу восставших крестьян село Арал-тюбеТалдыкуганского уезда Жетысуйской губернии с 19 по 20 апреля 1928 года

По делу №41/б из граждан сел. Арал-Тюбе,Талды-Курганского уезда: 1) Попова Михаила Андреевича, 2) Порфирьева Федора Васильевича, 3) Чернова Василия Федоровича, 4) Егорова Павла Петровича, 5) Литвинова Архипа Георгиевича, 6) Первухина Владимира Семеновича, 7) Маслова Терентия Петровича, 8) Ткаченкова Иона Павловича, 9) Егоренкова Михаила Лукича, 10) Сошникова Ефима Петровича, 11) Попова Афанасия Михайловича, 12) Прокудина Ивана Ивановича, 13) Соболева Александра Несторовича, 14) Тюрина Михаила Андреевича, 15) Васильева Григорий Михайловича, 16) Иванова Михаила Васильевича, 17) Калачеву Лукерью Семеновну, 18) Щеглова Андрея Петровича, 19) Егоренкову Надежду Андреевну, 20) Мешанского Карпа Михайловича, 21) Паукова Федора Александровича, 22) Кривцова Дениса Семеновича, 23) Васильеву Елизавету Федоровну, 24) Чемоданову Матрену, 25) Сошникову Елену, 26) Литвинова Михаила Александровича, 27) Лоткову Ксению Васильевну, 28) Иванову Устинью Архиповну, 29) Иванову Аграфену Федоровну, 30) Зеленцова Александра Ильича, 31) Сошникова Игната Петровича, 32) Паукова Александра, 33) Иванова Ивана Васильевна, 34) Чемоданова Афанасия Владимировича, 35) Шестакову Анну Владимировну, 36) Карманову Феодосию Владимировну, 37) Ткаченкову Евгению Яковлевну, 38) Есютину Веру Николаевну, 39) МакароваФрола Андреевича,40) Ананина Петра Никифоровича, 41) Калачева Федора Парменовича, 42) Иванова Семена Васильевича, 43) Боженова Андрея Васильевича и 44) Калган Павла Ильича.

Основанием возникновения дела явилось контрреволюционное выступление кулачества, вылившееся в форму активного сопротивления власти, разгону совета, ячейки ВКП(б), созданию своего временного комитета, комиссии, разграблении заготовленного государством хлеба, с целью срыва плана посевной и хлебозаготовительной кампании. (Телеграмма л. д. 3-15.)

На основании изложенного гр-не сел. Арал-Тюбе Порфирьев Федор, Чернов Василий Федорович, Попов Михаил Анд., Егоренков Михаил Лукьянович, Егоров Павел Петрович, Первухин Владимир Семенович,

Ткаченко Ион Павлович, Сошников Ефим,Попов Афанасий Михайлович, Соболев Александр Нестерович, Тюрин Михаил Андреевич, Сошников Игнат Петрович, Пауков Александр, Иванов Иван Васильевич, Чемоданов Афанасий Владимирович, Литвинов Архип Георгиевич, Ананин Петр Никифорович – 8 мая 1928 года были арестованы, с предъявлением им обвинения по ст. ст. 58/10, 58/11, 59/2 УК.

Гр-не Ткаченко Евгения Яковлевна, Есютина Вера, Макаров Фрол Андреевич, Калачев Федор Парменович, Иванов Семен Васил., Боженов Андрей Васильевич, Калшан Павел Ильич, Шестакова Анна Владимировна, Карманова Феодосия Владимировна, Васильев Григорий Михайлович, Иванов Михаил Васильевич, Калачева Лукерья Семеновна, Щеглов Андрей Петрович, Егоренкова Надежда, Мешанский Карп Михайлович, Пауков Федор Александрович, Кривцов Денис Семенович, Васильева Елизавета, Чемоданова Матрена Петровна, Сошникова Елена, Лоткова Ксения, Иванова Устиния Архиповна, Маслов Терентий Петрович, Иванова Аграфена Федоровна, Зеленцов Александр Ильич, Прокудин Иван Иванович - освобождены под подписку о не выезде из сел. Арал-Тюбе.

В процессе предварительного следствия свидетельскими показаниями и показаниями самих обвиняемых установлено следующее:

Кулацкая реакционно-настроенная верхушка с. Арал-Тюбе в лице Чернова Василия, Порфирьева Федора Вас., Макарова Флора Ивановна Михаила Вас., Ивановой Устиньи Архиповны, Калачевой Лукерьи Семеновны, Кармановой Феодосии, Шестаковой Анны Владимировны, которые будучи экономически ущемленными мероприятиями Соввласти и ком. партии при земреформе 1921-1922 годов и изъятием хлебных излишков, конфискацией имущества за укрытие, в проводимую хлебозаготовительную кампанию повели усиленную агитацию среди бедноты, использования материальную необеспеченность последней для провокационной травли ее) бедноты) против власти, заявляя: «Эта власть и коммунисты к хорошему не приведут, под вашим лозунгом отбирают хлеб и вам выдавать не будуТ.Вы-беднота будете подыхать с голоду, хлеб весь вывезут, он запродан в Алма-Ата».

